Л 2009
19705к

И. СТАЛИН

ШЕЪРМАЛАР

9

БҮКІЛОДАҚТЫҚ КОММУНИСТ
(большевиктер) ПАРТИЯСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША
БАСЫЛЫП ОТЫР

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ИНСТИТУТ МАРКСА—ЭНГЕЛЬСА—ЛЕНИНА
при ЦК ВКП(б)

И.В.СТАЛИН

СОЧИНЕНИЯ

ОГИЗ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
Москва, 1948

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

МАРКС—ЭНГЕЛЬС—ЛЕНИН ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

И.В.СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

★

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
Алматы. 1951

Қазақша аудармасын
ҚК(б)П Орталық Комитетінің
редакциялық комиссиясы қараған
ҚК(б)П Орталық Комитеті ұнатқан

И.В. СТАЛИН

9
ТОМ

ДЕКАБРЬ 1926 – ИЮЛЬ 1927

АЛҒЫСӨЗ

И. В. Сталиннің Шығармаларының тоғызыншы томына 1926 жылғы декабрьден 1927 жылғы июльге дейінгі жазылған шығармалар кіреді.

Бұл дәуірде ССРО жұмысшылары мен шаруалары большевиктік партияның басшылығымен, БК(б)П XIV съезі мен XV конференцияның қаулы-қарарларына сүйеніп, елімізді социалистік жолмен индустрияландыру жолындағы күресті жүргізе берді.

ССРО социалистік шаруашылығының нығаюы империалистік мемлекеттердің Совет Одағына қарсы күресін, ел ішінде капиталистік элементтердің социалистік элементтерге қарсы күресін катты күшейтті.

Совет өкіметіне қарсы «Чемберленнен бастап Троцкийге дейін бірыңғай майдан тәрізді бірдеме жасалады».

Коммунистік Интернационал Аткару Комитетінің кенейтілген VII пленумында жасаған «Тағыда біздің партиядағы социал-демократиялық уклон туралы» деген баяндамасында, баяндама бойынша сөйлеген кор-

тынды сөзінде, Москва губерниялық XV партия конференциясында және Сталин атындағы темір жол мастерскойлары жұмысшыларының жыйналысында сөйлеген сөздерінде, «Кәзіргі тақырыптарға арналған мақалалар» деген мақаласы мен басқа еңбектерінде И. В. Сталин Совет мемлекетінің негізгі бағыттаушы, басшы күші болып табылатын партия туралы марксистік-лениндік ғылымды қорғап, дамыта түседі, троцкистік-зиновьевтік одақтың басшыларының жұмысшы табы мен большевиктік партияның ісіне жат «теорияларын» және олардың БК(б)П мен Коминтерн ішінде жүргізген зыяндаушы әрекеттерін әшкерелейді.

И. В. Сталиннің бұл шығармаларында ССРО-да социалистік индустриализацияның, социализм орнатудын теориясы мен практикасының мәселелері дамытылады; социалистік революцияның ұлттық және интернационалдық міндеттерінің бірлігі мен бөлінбейтіндігі баса көрсетіледі; ССРО-ға жаңадан соғыс шабуылын жасау қаупі күшейіп отырған жағдайларда партияның сыртқы саясат жөнінде ұстайтын бағыты анықталынып, Совет Одағының қорғаныс қабілетін нығайту жөніндегі міндеттер белгіленеді.

«Партияның шаруа мәселесі жөніндегі негізгі үш ұраны туралы», «Жұмысшы-шаруа үкіметі туралы мәселе жөнінде», «Октябрьді дайындау дәуіріндегі пролетариат пен аса кедей шаруалардың диктатурасы деген ұран туралы» деген еңбектерде жұмысшы табы мен шаруалардың одағы туралы, пролетариаттың бұл одақтағы басшылық ролі туралы лениндік ғылым дамытылып, Совет мемлекеті мен Совет үкіметінің таптық мәні айқындалады.

Тоғызыншы томның ішінде Қытай халқының

1925—1927 жылдардағы революциялық-демократиялық және антиимпериалистік қозғалысының қозғауыш күштері мен даму перспективаларына анализ жасауға арналған шығармалар едәуір орын алады. Бұған мына шығармалар жатады: «Қытай революциясының мәселелері», «Сун Ят-сен атындағы университеттің студенттерімен әңгіме», «Қытайдағы революция және Коминтерннің міндеттері», т. б.

И. В. Сталиннің Ксенофонтовқа, Зайцевке, Шинкевичке, Чугуновқа, Цветков пен Алыповқа, Покровскийге жазған хаттары томда бірінші рет жарыяланып отыр.

БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы
Маркс—Энгельс—Ленин Институты

ДЕКАБРЬ 1926 — ИЮЛЬ 1927

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН VII ПЛЕНУМЫ[1]

22 ноябрь - 16 декабрь, 1926 ж.

«Правда» №№ 285, 286, 294, 295, және 296; 9, 10, 19, 21 және 22 декабрь, 1926 ж.

ТАҒЫДА БІЗДІҢ ПАРТИЯДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ УКЛОН ТУРАЛЫ

7 декабрьде жасалған баяндама

I
АЛДЫН АЛА ЕСКЕРТУЛЕР

Жолдастар! Мәселенің мәніне көшуден бұрын алдын ала бірнеше ескертулер жасауға рұхсат етіңіздер.

1. Партияның ішкі дамуындағы қайшылықтар

Бірінші мәселе — біздің партияның ішіндегі күрес туралы, күрес болғанда, кеше ғана басталмаған, әлі тоқталмай отырған күрес туралы мәселе.

Егер партиямыздың большевиктер тобы түрінде өзінің 1903 жылы пайда болған кезінен бергі тарихын алып, оның содан былайғы, біздің уақытымызға дейінгі кезеңдерін қарастырып көретін болсақ, онда партиямыздың тарихы — осы партияның ішіндегі қайшылықтар күресінің тарихы, осы қайшылықтарды жеңудің тарихы және осы қайшылықтарды жеңу негізінде партиямызды бірте-бірте нығайтудың тарихы десек асыра айтқандық болмайды. Орыс адамдары тым сотқар адамдар, айтыса беруді тәуір көреді, алауыздықтар туғыза береді, сондықтан да бұларда партияның дамуы партияның ішкі қайшылықтарын жеңу арқылы жүреді екен деп ойлап қалуға болады. Бұл дұ-

рыс емес, жолдастар. Бұл арада әңгіме сотқарлықта емес. Бұл арада әңгіме партия дамуының барысында, пролетариаттың тап күресінің барысында пайда болатын принциптік алауыздықтардың болып отырғандығында. Бұл арада әңгіме мынада: қайшылықтарды жеңгенде белгілібір принциптер үшін, күрестің белгілібір мақсаттары үшін, көздеген мақсатқа жеткізетін күрестің белгілібір әдістері үшін күресу арқылы ғана жеңуге болады. Ағымдағы саясат мәселелері жөнінде, таза практикалық сыйпаты бар мәселелер жөнінде партия ішіндегі басқаша ойлайтын адамдармен қандай да болсын келісімге келуге болады, келу керек те. Бірақта бұл мәселелер принциптік алауыздықтарға байланысты болатын болса, онда ешбір келісім, ешбір «аралық» бағыт ұстау істі шеше алмайды. Принциптік сыйпаты бар мәселелерде «аралық» бағыт болмайды, болуы мүмкін де емес. Принциптердің бірі болмаса екіншісі партия жұмысының негізіне алынуға тиіс. Принциптік мәселелер жөнінде «аралық» бағыт ұстау деген — жұрттың ақыл-ойын алжастыру «бағыты», алауыздықтарды бүркемелеу «бағыты», партияның идеялық азғындау «бағыты», партияның идеялық мерт болу «бағыты» деген сөз.

Қазірде Батыстағы социал-демократиялық партиялар қалай өмір сүріп, қалай дамып келеді? Оларда партия ішінде қайшылықтар, принциптік алауыздықтар бар ма? Әрине, бар. Олар осы қайшылықтарды әйгілеп ашып отыр ма, бұл қайшылықтарды партия көпшілігінің көз алдында адал түрде, ашықтан-ашық жоюға тырысып отыр ма? Жоқ. Әрине, жоқ. Социал-демократияның практикасы осы қайшылықтар мен алауыздықтарды жасыру, жабу болып табылады. Со-

циал-демократияның практикасы ішкі алауыздықтарды қалай да жасыруға, бүркемелеуге тырысып, өздерінің конференциялары мен съездерін масайраушылық әуеніне төңкерілудің мағнасыз көрінісіне айналдыру болып табылады. Бірақ бұдан жұрттың ақылойын алжастырып, партияны идея жағынан әлсіретуден басқа дәнеңе де шықпайды. Бір кездерде революцияшыл болған, ал кәзір реформистік болып кеткен батыс европалық социал-демократияның азғындау себептерінің бірі міне осында.

Бірақ біз осылай өмір сүріп, осылай дамый алмаймыз жолдастар. Принциптік «аралық» бағыт ұстау саясаты біздің саясат емес. Принциптік «аралық» бағыт ұстау саясаты — дәурені өтіп, азғындап бара жатқан партиялардың саясаты. Мұндай саясат партияны тұк бітірмей шырқайнала беретін және жұмысшылар бұқарасынан қол үзген мағнасыз төрешілдік аппаратқа айналдырмай қоймайды. Бұл жол біздің жүретін жолымыз емес.

Партиямыздың бүкіл өткен кездегі дәуірі: партиямыздың тарихы — партия ішіндегі қайшылықтарды жеңудің тарихы, сол қайшылықтарды жеңу негізінде партиямыздың қатарын үздіксіз нығайтып отырудың тарихы деген қағыйданың сыйпаттамасы болып табылады.

Бірінші дәуірді, «Искра» дәуірін, немесе партиямыздың II съезінің дәуірін алайық; ол кезде тұңғыш рет партиямыздың ішінде большевиктер мен меньшевиктердің арасында алауыздықтар пайда болған еді, ол кезде партиямыздың жоғарғы тобы, ақырында келіп: большевиктік бөлім (Ленин) және меньшевиктік бөлім (Плеханов, Аксельрод, Мартов, Засулич, Пот-

ресов) болып екі бөлімге жарылған еді. Ол кезде Ленин дара қалды. Егер сіздер сол кезде Лениннен қол үзген «таптырмайтын адамдар» туралы қаншама айғай-шу көтерілгенін білген болсаңыздар! Бірақ күрестің практикасы мен партияның тарихы бұл ажырасудың өзінің принциптік негізі болғанын, бұл ажырасу нағыз шын революциялық, нағыз шын марксистік партияның тууы мен дамуы үшін қажетті кезең болып табылғанын көрсетті. Ол кезде күрестің практикасы, біріншіден, мәселе санда емес, сапада екенін, екіншіден, мәселе форма жағындағы бірлікте емес, бірліктің принциптік негізі болуында екенін көрсетті. Тарих Лениннің ісінің дұрыс болғанын, ал «таптырмайтын адамдардың» ісінің теріс болғанын көрсетті. Тарих Ленин мен «таптырмайтын адамдардың» арасындағы осы қайшылықтарды жоймайынша бізде нағыз революциялық партияның болмайтындығын көрсетті.

Келесі дәуірді, 1905 жылғы революция қарсаңының дәуірін алайық; ол кезде большевиктер мен меньшевиктер мүлде басқаша екі түрлі платформасы бар екі лагерь ретінде әлі де болса бір партия ішінде бір-біріне қарама-қарсы тұрған еді, ол кезде большевиктер партияның формалдық жағынан екіге жарылуына таяу тұрған еді, ол кезде большевиктер революциямыздың бағытын қорғап қалу үшін өзінің айрықша съезін (III съезін) шақыруға мәжбүр болған еді. Ол кезде партияның большевиктік бөлегі қалай жеңіп шықты, партия көпшілігінің көңілін қалай өзіне аударды? Ол принциптік алауыздықтарды бүркемеді, меньшевиктерді шеттету арқылы осы алауыздықтарды жою үшін күресті, ол осынысы арқылы жеңіп шығып, партия көпшілігінің көңілін өзіне аударды.

Онсын, мен партиямыздың дамуының үшінші кезеңін, 1905 жылғы революция жеңілгеннен кейінгі дәуірді, 1907 жылғы дәуірді, мысалға алар едім; ол кезде большевиктердің «шақырымпаздар» деп аталатын, Богданов бастаған бір бөлегі большевизмнен қол үзді. Мұның өзі партиямыздың өміріндегі қатерлі дәуір болған еді. Бұл дәуір ескі гвардияның ішіндегі көптеген большевиктер Ленинді және оның партиясын тастап кеткен дәуір еді. Меньшевиктер ол кезде шу көтеріп, большевиктер апат болды деген еді. Бірақ большевизм апат болмады, қайта небәрі біржарым жыл жүргізілген күрестің практикасы Ленин мен оның партиясының большевизм қатарындағы қайшылықтарды жеңу жолында күрес жүргізіп, дұрыс іс істегенін көрсетті. Бұл қайшылықтарды жеңгенде оларды бүркеу арқылы жеңген жоқ, оларды әйгілеп ашу арқылы, партиямыздың игілігі мен пайдасы үшін күрес жүргізу арқылы жеңген еді.

Онан әрі, мен партиямыздың тарихының төртінші дәуірін, 1911—1912 жылдардағы дәуірді, мысалға ала алар едім; ол кезде большевиктер патшалық реакция талқандай жаздаған партияны қалпына келтіріп, жойымпаздарды арадан аластаған еді. Сөйтіп, алдыңғы дәуірлердегі сыяқты, мұнда да большевиктер партияны қалпына келтіріп, нығайтқанда жойымпаздармен екі арадағы принциптік алауыздықтарды бүркеу арқылы емес, оларды әйгілеп ашу және жеңу арқылы қалпына келтіріп, нығайтты.

Мұнан соң, мен партиямыздың дамуындағы бесінші кезеңді, 1917 жылғы Октябрь революциясының алдындағы дәуірді, көрсетер едім; ол кезде большевиктік партияның белгілі басшылары бастаған больше-

виктердің бір бөлегі құбылып, Октябрь көтерілісінен тартыншақтады, оны авантюра деп есептеді. Бұл қайшылықты да большевиктердің алауыздықтарды бүркеу арқылы емес, Октябрь революциясы үшін ашық күрес жүргізу арқылы жеңгені жұртқа мәлім. Күрестің практикасы бұл алауыздықтарды жоймайынша Октябрь революциясын біздің қатерлі жағдайға ұшыратындығымызды көрсетті.

Ақырында, мен партиямыздың ішкі күресінің үлғаюының сонан кейінгі дәуірлерін, Брест бітімі дәуірін, 1921 жылғы дәуірді (кәсіпшілер одағы жөніндегі айтыстардың кезін) және былайғы дәуірлерді көрсетер едім, бұл дәуірлер өздеріңізге мәлім және бұлар туралы мен бұл арада айтып жатпаймын. Өткен дәуірлердегі сияқты, осы дәуірлердің бәрінде де партиямыздың ішкі қайшылықтарды жеңу арқылы өсіп, нығайғаны жұртқа мәлім.

Ал бұдан қандай қортынды шығады?

БК(б)П партияның ішкі қайшылықтарын жеңу арқылы өсіп, нығайған болып шығады.

Партия ішіндегі алауыздықтарды күрес арқылы жою партиямыздың дамуының заңы болатын болып шығады.

Мұның өзі — БК(б)П үшін заң, басқа пролетарлық партиялар үшін заң емес, деушілер болуы мүмкін. Бұл дұрыс емес. Бұл заң белгілібір ірі партиялардың барлығының да даму заңы болып табылады; әңгіме ССРО-ның пролетарлық партиясы туралы болып отыр ма немесе Батыстағы пролетарлық партиялар туралы болып отыр ма, мұның бәрібір. Егер кішкене елдің кішкене партиясында қалай болғанмен де алауыздықтарды жасырып, бұларды бір адамның не-

месе бірнеше адамның беделімен бүркей салуға болатын болса, онда үлкен елдің үлкен партиясында қайшылықтарды жеңу арқылы даму партияның өсуі мен нығаюының соқпай өтпейтін элементі болып табылады. Өткен дәуірде істің барысы осылай болды. Осы кезде де іс осылай кетіп барады.

Менің бұл арада Энгельстің беделіне сүйенгім келеді, ол Маркспен бірігіп Батыстағы пролетарлық партияларға әлденеше он жыл басшылық еткен-ді. Әңгіме өткен ғасырдың сексенінші жылдары туралы болып отыр; ол кезде Германияда социалистерге қарсы ерекше заң[2] жүріп тұрған еді, Маркс пен Энгельс Лондонда эмиграцияда жүрген еді, ал герман социал-демократиясының жұмысын іс жүзінде герман социал-демократиясының шетелдік құпыя органы «Социал-Демократ»[3] басқарып отырған еді. Ол кезде Бернштейн революцияшыл марксист еді (ол әлі реформистер жағына шығып үлгере қоймаған еді), герман социал-демократиясы саясатының нағыз шұғыл мәселелері жөнінде Энгельс онымен қызу хат жазысып тұрған еді. Міне сол кезде ол Бернштейнге былай деп жазған болатын (1882 ж.):

«Үлкен елдің жұмысшы партиясының **бәрі** де тек ішкі күресте ғана, жалпы алғанда диалектикалық даму заңдарына толық сәйкес түрде дамый алатын болу керек. Герман партиясы эйзенахшылдар мен лассальшылдар күресінің арқасында ғана партия бола алды, мұнда тіпті сол тартыстың өзі де маңызды роль атқарды. Өзіне құрал ету үшін Лассальдың әдейі баулып шығарған алаяқтарының тобы өзін ада қылған кезде ғана бірігу мүмкін бола алды, соның өзінде де біздің адамдарымыз осы бірігуге тым асығыстық жасады. Францияда, бакунистік теорияны садақа етсе де, күрестің бакунистік құралдарымен әлі пайдаланып келе жатқан, сонымен қатар қозғалыстың таптық сыйпатын өздерінің айрықша мақсаттарына құрбандық еткілері келетін адамдар да

бірігу мүмкін болғанға дейін алдымен өздерін ада қылуға тиіс. Мұндай жағдайларда бірігу ісін уағыздау нағыз ақымақтық болар еді. Кәзіргі жағдайларда болмай қоймайтын балалық ауруға моральдық уағыздар ем бола алмайды» (қараңыз: **«К. Маркс пен Ф. Энгельстің архивы»**, 1 кітап, 324—325-беттері[4]).

Өйткені, дейді Энгельс басқа бір жерінде (1885 ж.):

«Қайшылықтар ешқашан да ұзақ уақыт бүркеулі қалмайды, олар күрес арқылы шешіледі» (мұны да содан қараңыз, 371-бет).

Партиямыздың ішінде қайшылықтар бар екенін және партиямыздың бұл қайшылықтарды күресіп жеңу арқылы дамыйтынын ең алдымен міне осымен түсіндіру керек.

2. Партия ішіндегі қайшылықтардың шығатын жерлері

Ал бұл қайшылықтар мен алауыздықтар қайдан шығады, олардың шығатын жерлері қайсы?

Меніңше, пролетарлық партиялардың ішіндегі қайшылықтар екі жағдайдан шығып отыр.

Бұл қандай жағдайлар?

Бұл, біріншіден, таптар күресі жағдайында буржуазия мен буржуазиялық идеологияның пролетариатқа және оның партиясына жүргізетін ықпалы, ықпалы болғанда, оған пролетариаттың табансыздау топтары, ал олай болса — пролетарлық партияның табансыздау топтары да — жиі-жиі беріліп кете беретін ықпалы. Пролетариатты қоғамнан мүлде оқшау, қоғамнан тысқары тұрған нәрсе деп есептеуге болмайды. Пролетариат қоғамның бір бөлшегі, оның әралуан жіктерімен толып жатқан арқаулар арқылы байланысқан бөлшегі болып табылады. Ал партия дегеніміз пролетариаттың бір бөлшегі. Сондықтан да

партия буржуазиялық қоғамның әралуан жіктеріне байланысты болудан, олардың ықпалынан аулақ бола алмайды. Буржуазия мен оның идеологиясының пролетариатқа және оның партиясына жүргізетін ықпалы мынадан көрініп отыр: буржуазиялық идеялар, мінез-құлықтар, әдет-ғұрыптар, пыйғылдар пролетариат пен оның партиясына сіңгенде екінің бірінде пролетариаттың қалай да буржуазиялық қоғаммен байланысты белгілібір жіктері арқылы сіңеді.

Бұл, екіншіден, жұмысшы табының әртектілігі, жұмысшы табының ішінде түрлі жіктердің болып отырғандығы. Меніңше, пролетариатты, тап ретінде, үш түрлі жікке бөлуге болар еді.

Бірінші жік бұл — пролетариаттың негізгі бұқарасы, оның ұйтқысы, оның тұрақты бөлімі, бұл «таза қанды» пролетарлар бұқарасы, капиталистер табынан әлдеқашан-ақ қол үзіскен бұқарасы. Пролетариаттың бұл жігі марксизмнің анағұрлым сенімді тірегі болып табылады.

Екінші жік бұл — пролетар емес таптардың ішінен, шаруалардың ішінен, мещандардың қатарынан, интеллигенцияның ішінен күні кеше шыққандар. Бұл басқа таптардан шыққандар, жуырда ғана пролетариатқа келіп қосылғандар, жұмысшы табына өзінің дағдыларын, өзінің әдеттерін, өзінің толқымалылығын, өзінің тұрлаусыздығын жайғандар. Бұл жік әрқыйлы анархистік, жартылай анархистік және «әсіресолшыл» топтардың шығуына неғұрлым қолайлы негіз болып табылады.

Ақырында, үшінші жік бұл — жұмысшы аристократиясы, жұмысшы табының жоғарғы тобы, пролетариаттың неғұрлым қамтамасыз етілген бөлегі, буржуа-

зиямен келісімге келуге үміттенетін, әлемдегі әлділерге бейімделуге көбірек көңілі соғатын, «жұрт қатарына қосылуға» көңілі соғатын бөлегі. Бұл жік әшкере реформистер мен оппортунистердің шығуына неғұрлым қолайлы негіз болып табылады.

Сыртқы көрінісі жағынан айырмашылығы болғанмен де, жұмысшы табының бұл соңғы екі жігі белгілі дәрежеде жалпы бір ортадан таралады; бұл орта жалпы оппортунизм атаулыны нәрлендіреді, нәрлендіргенде, жұмысшы аристократиясының ниеттері дәуірлеп тұрғандықтан әшкере оппортунизмді нәрлендіреді және жұмысшы табының ұсақбуржуазиялық ортадан әлі де болса толық қол үзбеген жартылай мещан жіктерінің ниеттері дәуірлеп тұрғандықтан «солшыл» сөздерді бүркеніш еткен оппортунизмді нәрлендіреді. «Әсіресолшыл» ниеттердің әрдайым әшкере оппортунизм ниетімен бір жерден тоғыса беретіндігіне — бұл фактыға ешбір таңданатыны жоқ. «Әсіресолшыл» оппозиция дегеніміз — оңшыл, меньшевиктік, әшкере оппортунистік оппозицияның астары деп Ленин талай рет айтқан болатын. Мұнысы мүлде дұрыс та. Егер «әсіресолшыл» өзі **күні ертең** революцияның жеңіп шығуын күтетіндіктен ғана революцияны жақтайтын болса, онда, революция кідірсе, күні ертең революция жеңіп шықпаса, оның торығып, революциядан **түңілетіні** ап-айқын нәрсе.

Әрине, тап күресі дамуының әрбір бұрылысы кезінде, күрестің әрбір шиеленісіп, қыйыншылықтардың күшейе түскен кезінде пролетариаттың түрліше жіктерінің көзқарастарындағы, дағдылары мен ниеттеріндегі айырмашылық партия ішіндегі белгілі алауыздықтар түрінде сөзсіз сезілуге тиіс, ал буржуазия **мен**

оның идеологиясының ықпалы бұл алауыздықтарды сөзсіз шиеленістіріп, бұлардың шешілуіне пролетарлық партия ішінде жүргізілетін күрес түрінде жол ашып беруге тиіс.

Партия ішіндегі қайшылықтар мен алауыздықтардың шығатын жері осындай.

Бұл қайшылықтар мен алауыздықтардан қашып құтылуға бола ма? Жоқ, болмайды. Бұл қайшылықтардан қашып құтылуға болады деп ойлау — мұның аты өзіңді өзің алдау деген сөз. Партия ішіндегі қайшылықтарды ұзақ уақыт бүркеу мүмкін емес, бұл қайшылықтар күрес арқылы шешіледі деп Энгельс әділ айтқан еді.

Мұның аты — партия айтыс орнына айналуға тиіс деген сөз емес. Қайта, пролетарлық партия — пролетариаттың жауынгер ұйымы және солай болып қалуға тиіс. Менің мынаны ғана айтқым келеді: егер партия ішіндегі алауыздықтардың принциптік сыйпаты болатын болса, онда бұл алауыздықтарға қолды бір-ақ сілтеуге, оларды көрмегендікке салынуға болмайды. Менің мынаны ғана айтқым келеді: принциптік марксистік бағыт үшін күресу арқылы ғана пролетарлық партияны буржуазияның ықпалынан, әсерінен аман сақтап қалуға болады. Менің мынаны ғана айтқым келеді: партия ішіндегі қайшылықтарды жеңу арқылы ғана партияны оңдауға, нығайтуға болады.

II

БК(б)П ІШІНДЕГІ ОППОЗИЦИЯНЫҢ ӨЗГЕШЕЛІКТЕРІ

Енді алдын ала ескертулерден БК(б)П ішіндегі оппозиция туралы мәселеге көшуге рұхсат етіңіздер.

Ең алдымен, менің партия ішіндегі оппозициямыздың кейбір өзгешеліктерін атап көрсеткім келеді. Менің айтайын деп отырғаным, әзірге шын мәніндегі алауыздықтарды былай қойғанда, оппозицияның көзге түсе кететін сыртқы өзгешеліктері. Меніңше, бұл өзгешеліктерді басты-басты үш өзгешелік деуге болар еді. Бұл өзгешелік, біріншіден, мынау: БК(б)П ішіндегі оппозиция пәлендей «жәй» оппозиция емес, біріккен оппозиция болып табылады. Бұл өзгешелік, екіншіден, мынау: «революциялық» ұрандар көтерген болып, оппозиция өзінің оппортунизмін «солшыл» әсем сөздермен бүркемелеуге тырысады. Бұл өзгешелік, үшіншіден, мынау: өзінің принциптік формасы болмағандықтан оппозиция қайта-қайта: жұрт бізді түсінбеді, оппозицияның басшылары асылына келгенде айтқанын жұрт «түсінбегендердің» фракциясы деп шағым ете береді. (Күлкі.)

Бірінші өзгешелігінен бастайық. Бізде оппозицияның біріккен оппозиция ретінде, ілгеріде партия іске алғысыз етіп мінеген әралуан барлық бағыттардың одағы ретінде бас көтеріп отырғанын, оның үстіне оның әлдеқалай «жәй» ғана бас көтермей, троцкизмнің бастауымен бас көтеріп отырғанын — міне осы фактыны немен түсіндіруге болады?

Мұны мына жағдайлармен түсіндіруге болады.

Біріншіден, мұны мынамен түсіндіруге болады: одақ болып бірігіп алған ағымдардың бәрі де, — троцкистер де, «жаңа оппозиция» да, «демократиялық централизмнің»[5] қалдықтары да, «жұмысшы оппозициясының»[6] қалдықтары да, — осылардың бәрі де не өзінің пайда болған кезінен бастап ленинизмге қарсы күресіп келген, немесе ленинизмге қарсы осы соңғы

кезде күрес жүргізе бастаған азды-көпті оппортунистік ағымдар болып табылады. Бұлардың осы **бәріне ортақ** қасиеті олардың партияға қарсы күресуі үшін одақ болып бірігуін жеңілдететінін айтпаса да болады.

Екіншіден, мұны басымыздан кешіріп отырған дәуірдің бұрылысты дәуір болғандығымен, революциямыздың негізгі мәселелерін кәзіргі бұрылысты дәуірдің қайтадан тіке қойып отырғандығымен түсіндіруге болады, ал революцияның белгілібір мәселелеріне көзқарастары жағынан осы ағымдардың бәрі де біздің партиямызбен бұрында және кәзір де үйлеспей келе жатқандықтан, қортынды дәуір болып отырған кәзіргі дәуір біздің барлық алауыздықтарымызды қорыта келіп, бұл ағымдардың барлығын бір одаққа, партиямыздың негізгі жолына қарсы одаққа бірігуге итермелеуге тиіс болғаны табиғи нәрсе. Бұл жағдай әралуан оппозициялық ағымдардың жалпы бір лагерьге бірігуін жеңілдетпей қоймағандығын айтпаса да болады.

Үшіншіден, мұны мына жағдаймен түсіндіруге болады: бір жағынан, біздің партияның алып күші мен ұйымшылдығы, екінші жағынан, түгелімен барлық оппозициялық ағымдардың әлсіздігі мен бұқарадан қол үзгендігі бұл ағымдардың партияға қарсы жүргізген бытыранды күресін көрер көзге дәнеңе шықпайтын күреске айналдырмай қоймады, сондықтан оппозициялық ағымдар жеке топтардың басын құрастыру арқылы олардың әлсіздігінің есесін толтырып, мұнымен, сырт көрінісі жағынан болса да, оппозицияның үмітін көтеру үшін сөзсіз күш **біріктіру** жолына түсуге тиіс болды.

Ал мына фактыны, оппозициялық одақты нақ троцкизмнің бастап отырғанын немен түсіндіруге болады?

Оны, біріншіден, мынамен түсіндіруге болады: кәзіргі барлық оппортунистік ағымдардың ішінен троцкизм оппортунизмнің біздің партия ішіндегі неғұрлым қалыптасып болған ағымы болып табылады (Коминтерннің V конгресі троцкизмді ұсақбуржуазиялық уклон деп тауып, дұрыс істеді[7]).

Оны, екіншіден, мынамен түсіндіруге болады: біздің партияның ішіндегі оппозициялық одақтың бірдебіреуі өзінің оппортунизмін, нақ троцкизмдей, епті-лікпен, шеберлікпен «солшыл», рррреволюцияшыл сөздер арқылы жасыра білмейді. (Күлкі.)

Мұның өзі партиямыздың тарихында троцкизмнің біздің партияға қарсы оппозициялық ағымдарды бірінші рет бастап отырғаны емес. Мен партиямыздың тарихындағы 1910—1914 жылдары орын алған белгілі оқыйғаны дәлелге алғым келеді; ол кезде Август одағы делінетін одақ түрінде оппозициялық антипартиялық ағымдардың Троцкий бастаған одағы құрылған еді. Менің осы оқыйғаны дәлелге алғым келеді, өйткені ол кәзіргі оппозициялық одақтың әйтеуір алғашқы бір үлгісі болып табылады. Ол кезде Троцкий жойымпаздарды (Потресов, Мартов, т. б.), шақырымпаздарды («перёдшілдерді») және өзінің тобын партияға қарсы біріктірген болатын. Ал кәзір ол оппозициялық одаққа «жұмысшы оппозициясын», «жаңа оппозицияны» және өзінің тобын біріктіруге әрекеттенді.

Ол кезде Лениннің үш жыл бойына Август одағына қарсы күрескені жұртқа мәлім. Ленин сол кез-

де Август одағы қалыптасу қарсаңында ол туралы мі-не былай деп жазған болатын:

«Сондықтан біз **бүтіндей партия атынан** мынаны мәлімдейміз: Троцкий антипартиялық саясат жүргізіп отыр; — ол партияның жария жұмысын бұзып отыр, **авантюра** жолына, партияны жарғыштау жолына түсіп отыр... Осы даусыз ақыйқат жөнінде Троцкийдің лəм демей отырған себебі — оның саясатының **шын** мақсаттарына ақыйқат көлденең келеді. Ал оның шын мақсаттары барған сайын ашылып келеді, тіпті оншама көреген емес партия мүшелері үшін де анық болып келеді. Бұл шын мақсаттар—**Потресовтердің вперёдшілдермен жасамақшы антипартиялық одағы,** Троцкий бұл одақты қолдап, ұйымдастырып жатыр... Әрине, бұл одақ Троцкийдің «қорын» және оның шақыратын антипартиялық конференциясын қолдайды, өйткені Потресов мырзалар да, вперёдшілдер де бұл арадан өздерінің керегін алады: өз фракцияларын ерікті етуге, оларды ізгі етіп көрсетуге, олардың жұмысын бүркемелеуге, мұны жұмысшылардың алдында адвокатша қорғауға мүмкіндік алады:

Міне сондықтан нақ «принциптік негіздердің» тұрғысынан қарағанда біз бұл одақты сөздің дəл мағнасындағы **авантюризм** деп танымай тұра алмаймыз. Потресовты, шақырымпаздарды нағыз марксистер, социал-демократизмнің принциптілігін шынымен қорғаушылар деп айтуға Троцкийдің **батылы жетпейді.** Авантюристің ұстайтын позициясының мәні де оның үздіксіз бұлтарып отыруына тура келетіндігінде... Троцкийдің Потресовтермен, вперёдшілдермен жасаған одағы нақ «принциптік негіздер» тұрғысынан қарағандағы авантюризм болып табылады. **Партиялық-саяси** міндеттердің тұрғысынан да мұны авантюризм деп айтсақ теріс болмайды... Пленумнан кейінгі бір жылдың тәжрибесі іс жүзінде нақ Потресов тобы, нақ вперёдшілдер фракциясы пролетариатқа жүргізілетін осы буржуазиялық ықпалдың бейнесі болып отырғанын көрсетті... Ақырында, 3-шіден, Троцкийдің саясаты **ұйымдастыру** жұмысы жағындағы авантюризм болып табылады, өйткені, өзіміз жоғарыда көрсеткендей, бұл саясат партияның жария жұмысын бұзып отыр және, шетелдік бір топтың атынан (немесе антипартиялық **екі** фракция одағының, голосшылдар мен вперёдшілдер одағының атынан) конференция ұйымдастырып, бұл

саясат турадан-тура партияны жарғыштау жолына түсіп отыр» (қараңыз: XV том, 65, 67—70-беттер).

Троцкий бастаған антипартиялық ағымдардың алғашқы одағы туралы Ленин осылай деген.

Тағыда Троцкий бастап отырған антипартиялық ағымдардың кәзіргі одағы туралы да негізінен алғанда осыны айту керек болады, бірақ мұнан да гөрі қатаңырақ айту керек болады.

Біздің оппозицияның кәзірде біріккен оппозиция түрінде бас көтеріп отырған себебі және «жәй» ғана бас көтеріп қоймай, троцкизмнің бастауымен бас көтеріп отырған себебі міне осыдан.

Оппозицияның бірінші өзгешелігінің жайы осындай.

Екінші өзгешелігіне көшейік. Оппозицияның екінші өзгешелігі — өзінің оппортунистік ісін «солшыл», «революцияшыл» сөздермен бүркемелеуге оның қатты тырысатындығы деп мен жоғарыда айтқанмын. Мен бұл арада біздің оппозицияның практикасында оның «революциялық» сөздері мен оппортунистік істерінің үнемі үйлеспейтіндігін көрсететін фактыларды айтып жатуды мүмкін емес деп есептеймін. Осы бүркеніштің ішкі сырын түсіну үшін БК(б)П-ның XV конференциясында[8] оппозиция туралы қабылданған тезистерді қарап шықса да болады. Партиямыздың тарихынан менің бірнеше мысалдар ғана келтіргім келеді; бұл мысалдар біздің партиядағы оппозициялық ағымдардың бәрі де өзіміз өкіметті қолға алғаннан кейінгі дәуірде партияны, оның саясатын ылғый «солшылдық» сынға алып, өздерінің революциялық емес істерін «революцияшыл» сөздермен бүркемелеп отыруға тырысқанын көрсетеді.

Мәселен, Брест бітімі дәуірінде (1918 ж.) партияға қарсы шыққан «солшыл» коммунистерді алайық. Олардың Брест бітіміне қарсы шығып, партияның саясатын оппортунистік саясат, пролетарлық емес саясат, империалистер жөніндегі ымырашылдық саясат деп тауып, партияны «солшылдық» сынға алғаны жұртқа мәлім. Ал іс жүзінде былай болып шықты: «солшыл» коммунистер Брест бітіміне қарсы шыға отырып, Совет өкіметін ұйымдастыру үшін, нығайту үшін партияның «тыныс» алуына бөгет жасады, сол кезде Брест бітіміне қарсы болған эсерлер мен меньшевиктерге көмектесті, Совет өкіметін оның ең алғашқы ұрық кезінде-ақ тұншықтыруға ұмтылған империализмнің ісін жеңілдетті.

«Жұмысшы оппозициясын» алайық (1921 ж.). Оның да нэп саясатын барынша «талқандап», Ленинніңиндустрияны қалпына келтіру ісін өнеркәсіп үшін шикізат, азық-түлік жетістірудің негізі болатын ауыл шаруашылығын өркендетуден бастау керек деген қағыйдасын «талқандап» «сөгіп», Лениннің бұл қағыйдасын пролетариаттың мүдделерін ұмыту қандық деп, шаруалық уклон деп «сөгіп», партияны «солшылдық» сынға алғаны жұртқа мәлім. Ал іс жүзінде былай болып шықты: нэп саясатын қолданбасақ, өнеркәсіп үшін шикізат, азық-түлік жетістірудің негізін жасаушы ауыл шаруашылығын өркендетпесек бізде ешқандай өнеркәсіп болмаған болар еді, ал пролетариат тап ретінде азғындай берген болар еді. Оның үстіне, осының бәрінен кейін «жұмысшы оппозициясының» қалай қарай бет алғаны — оңға бет алды ма яки солға бет алды ма — белгілі болып отыр.

Ақырында, біздің партиямызды бірнеше жылдан

бері «солшылдық» сынға алып келе жатқан және сонымен бірге, Коминтерн V конгресінің дұрыс айтқанындай, ұсақбуржуазиялық уклон болып отырған троцкизмді алайық. Ұсақбуржуазиялық уклон мен шын революцияшылдықтың арасында қандай ұқсастық болуы мүмкін? «Революциялық» сөздер бұл арада ұсақбуржуазиялық уклонның бүркеніші ғана болатыны айқын емес пе?

Мен бұл арада «солшыл» айқайлары өзін троцкизмнің билеп алғандығының бүркеніші болатын «жаңа оппозиция» туралы айтып та тұрғаным жоқ.

Бұл фактылардың бәрі нені көрсетеді?

Оппортунистік істі «солшыл» сөзбен бүркемелеу партиямыздағы қандай да болсын барлық оппозициялық ағымдардың өкіметті қолға алғаннан кейінгі дәуірдегі ең ерекше белгілерінің бірі болып табылатынын көрсетеді.

Бұл жағдайды немен түсіндіруге болады?

Мұны ССРО пролетариатының революцияшылдығымен түсіндіруге болады, пролетариатымыздың қалың ортасында орын тепкен орасан революциялық дәстүрлермен түсіндіруге болады. Мұны ССРО жұмысшыларының антиреволюциялық, оппортунистік элементтерді тікелей жек көретіндігімен түсіндіруге болады. Мұны мыналармен түсіндіруге болады: біздің жұмысшылар әйгілі оппортунистің сөзіне керек десе құлақ та қоймайды, сондықтан «революциялық» жамылғы сырт көрінісі жағынан болса да өзіне жұмысшылардың назарын аударып, оларды оппозицияға сендіруге тиіс алдау болып табылады. Мәселен, Томас сияқты сатқындарды суға батырып жіберу, оларды құдыққа тастап жіберу қалайша күні бүгінге де-

йін ағылшын жұмысшыларының ойына келмейтінін біздің жұмысшылар түсіне алмай жүр. (Күлкі.) Біздің жұмысшыларды білетін адамның қай қайсысы болса да, Томас сияқты адамдар мен оппортунистердің совет жұмысшылары арасында тіптен күн көре алмайтынын оп-оңай түсінеді. Солай бола тұрса да, ағылшын жұмысшыларының Томас мырзаларды суға батырмақ түгіл, оларды Бас советке[9] тағыда қайта сайлап отырғаны, оларды жәй ғана қайта сайлап қоймай, демонстрация жасау арқылы қайта сайлап отырғаны жұртқа мәлім. Мұндай жұмысшыларға оппортунизмнің революциялық жамылғысының қажеті жоқ екені айқын нәрсе, өйткені олар өз араларына оппортунистерді қабылдаудан былай да тайынбайды.

Ал мұны немен түсіндіруге болады? Мұны ағылшын жұмысшыларында революциялық дәстүрлердің болмағандығымен түсіндіруге болады. Бұлар, бұл революциялық дәстүрлер, енді-енді туып келеді. Бұл революциялық дәстүрлер туып, дамып келеді, сондықтан ағылшын жұмысшыларының революциялық ұрыстарда шынығып келе жатқандығына күмәндануға негіз жоқ. Бірақ әзірге шынығып жеткен жоқ, ағылшын жұмысшылары мен совет жұмысшыларының арасындағы айырмашылық қала бермекші. Міне, біздің партиядағы оппортунистер үшін ССРО жұмысшыларына кейбір «революциялық» сөздерді жамылмай жанасу қауіпті екендігінің фактысын, шынында, осымен түсіндіруге болады.

Оппозициялық одақтың «революциялық» жамылғысының себептері міне осында болып отыр.

Ақырында, оппозицияның үшінші өзгешелігі туралы. Оның бұл өзгешелігі — оппозициялық одақтың

принцип жағынан қалыптаспағандығы, оның принципсіздігі, оның амёба тәрізділігі және осыдан туатын оппозиция басшыларының: жұрт «бізді түсінбеді», біздің айтқанымызды «бұрмалады», өзіміз «айтпаған» сөздерді бізге таңды, т. т. деп үнемі шағым ететіндігі деп мен жоғарыда айтқанмын. Мұның өзі, шынымен-ақ, айтқанын жұрт «түсінбегендердің» фракциясы. Пролетарлық партиялардың тарихы бұл өзгешелікті («бізді түсінбеді!») жалпы оппортунизм атаулының ең дағдылы, ең көп таралған өзгешелігі дейді. 90-шы жылдардың бас кезі мен 900-ші жылдардың аяқ кезінде герман социал-демократиясының қатарындағы әйгілі оппортунистер Бернштейннің, Фольмардың, Ауэрдің және басқаларының дәлме-дәл осылай дегенін де білуге тиіссіздер, жолдастар; бұл кез герман социал-демократиясының революцияшыл кезі еді, әлгі барып тұрған оппортунистердің біздерді «жұрт түсінбеді», біздерді «бұрмалады» деп талай жылдар бойына шағым етіп келген кезі еді. Революцияшыл герман социал-демократтары ол кезде Бернштейннің фракциясын айтқанын жұрт «түсінбегендердің» фракциясы деп атағаны өздеріңізге мәлім. Оппозициялық одақты, сонымен, айтқанын жұрт «түсінбегендер» фракциясының қатарына жатқызуға тура келетіндігін, бұл фактыны, кездейсоқ нәрсе деуге болмайды.

Оппозициялық одақтың ең басты-басты өзгешеліктері осындай.

III

БК(б)П ІШІНДЕГІ АЛАУЫЗДЫҚТАР

Шын мәнісіндегі алауыздықтарға көшейік.

Меніңше, біздегі алауыздықтарды негізгі бірнеше

мәселелердің айналасына қорытуға болар еді. Мен бұл мәселелерге толық тоқталып жатпаймын, өйткені бұған уақыт аз, ал баяндама былай да ұзаңқырап кетіп отыр. Қолдарыңызда БК(б)П мәселелері жөнінде материалдар да бар, рас, бұл материалдардың аудармасының кейбір қате жерлері бар, бірақ негізінен алғанда бұл материалдар партиямыздың ішіндегі алауыздықтар туралы дұрыс мағлұмат береді.

1. Социалистік құрылыс мәселелері

Бірінші мәселе. Бірінші мәселе, бұл — социализмнің бір елде жеңіп шығу мүмкіндігі туралы мәселе, социализмді жеңісті түрде құру мүмкіндігі туралы мәселе. Әрине, бұл арада әңгіме Черногория туралы яки тіпті Болгария туралы болып отырған жоқ, біздің еліміз туралы, ССРО туралы болып отыр. Әңгіме ілгеріде империализм болған, ілгеріде империализм дамыған ел туралы, белгілі мөлшерде ірі өнеркәсібі бар, белгілі мөлшерде пролетариаты бар, пролетариатқа басшылық етуші партиясы бар ел туралы болып отыр. Сонымен, ССРО-да социализмнің жеңіп шығуы мүмкін бе, еліміздің ішкі күштеріне сүйеніп, ССРО пролетариатының қолындағы мүмкіншіліктерге сүйеніп, ССРО-да социализм орнату мүмкін бе?

Ал бұл формуланы нақтылы таптық тілмен айтқанда социализм орнату дегеніміз не? ССРО-да социализм орнату дегеніміз — мұның мәнісі күрес үстінде біздегі, совет еліндегі, буржуазияны жеке өз күштерімізбен жеңу деген сөз. Олай болса, мәселе ССРО пролетариаты дәл өз буржуазиясын, совет буржуазиясын, жеңе ала ма дегенге тіреледі. Сондықтан жұрт: ССРО-да социализм орнату мүмкін бе деген-

де, мұнымен жұрттың: ССРО пролетариаты жеке өз күштерімен ССРО буржуазиясын жеңе ала ма дегісі келеді. Елімізде социализм орнату туралы проблеманы шешерде мәселе осылай, тек қана осылай қойылады.

Партия бұл мәселеге оң жауап береді, өйткені ол мынаған сүйенеді: ССРО пролетариатының, ССРО-дағы пролетарлық диктатураның ССРО буржуазиясын жеке өз күштерімен жеңуге мүмкіндігі бар екеніне сүйенеді.

Егер бұл дұрыс болмаса, еліміздің техника жағынан басқа елдерден артта қалғандығына қарамастан ССРО пролетариаты социалистік қоғам орната алады деуге партияның негізі болмаса, онда партияның бұдан былай өкімет басында қалуға негізі болмас еді, ол қалай болғанда да өкіметті тастап, оппозициялық партияның күйіне көшуге тиіс болар еді.

Өйткені екінің бірі болуға тиіс:

не біз өзіміздің «ұлттық» буржуазиямызды жеңе отырып, социализмді құра аламыз, ақыр аяғында, оны орнатып шығатын боламыз,— ал онда партия өкімет басында болып, бүкіл дүние жүзінде социализмнің жеңіп шығуы үшін еліміздегі социалистік құрылысқа басшылық етуге міндетті;

не біз өз буржуазиямызды жеке өз күштерімізбен жеңе алмайтын боламыз,— ал онда, шеттен, өзге елдердегі жеңімпаз революцияның тарапынан дереу көмек болмағандығын ескере отырып, біз адал ниетпен, ашықтан-ашық өкімет басынан кетіп, алдағы уақытта ССРО-да жаңа революция ұйымдастыруға бағыт түзеуге тиіспіз.

Партия өз табын, бұл арада жұмысшы табын, ал-

дай ала ма? Жоқ, алдай алмайды. Мұндай партияны кескілеп өлтіру керек болар еді. Ал біздің партияның жұмысшы табын алдауға правосы жоқ, дәл сондықтан да, ол: елімізде социализм орнатудың мүмкіндігіне сенбеушілік партиямызды өкімет басынан кетіп, басқарушы партиядан оппозициялық партияның күйіне көшуге душар етеді деп тура айтуға тиіс болды.

Біз пролетариат диктатурасын орнатып, мұнымен социализмге қарай аяқ басудың **саяси** базасын жасадық. Біз социализмнің **экономикалық** базасын, социализм орнату үшін қажет болатын жаңа экономикалық негізді жеке өз күштерімізбен жасай аламыз ба? Социализмнің экономикалық мәні мен экономикалық базасы неде? Оның мәні жер бетінде «жұмақ» орнатып, жұрттың бәрін дәулетке бөлеуде емес пе? Жоқ, онда емес. Мұның өзі социализмнің экономикалық мәнін тоғышарларша, мещандарша ұғынғандық болып табылады. Социализмнің экономикалық базасын жасау дегеннің мәнісі — ауыл шаруашылығын социалистік индустриямен біртұтас шаруашылық етіп байланыстыру, ауыл шаруашылығын социалистік индустрияның басшылығына бағындыру, ауыл шаруашылығы мен индустрияның өнімдерін бір-біріне айырбастау негізінде қала мен деревняның арасындағы қарымқатнастарды жолға қою, таптарды туғызатын, ең алдымен, капиталды туғызатын жолдардың бәрін жабу, жою деген сөз, сөйтіп, ақыр аяғында, өндіріс пен бөлістің мынадай жағдайларын, таптарды жоюға тура, тікелей бастап әкелетін жағдайларын жасау деген сөз.

Өзіміз нэп-ті енгізген кезде, халық шаруашылығының социалистік іргесін қалау мәселесі партия алды-

на барынша қойылған кезде Ленин жолдас бұл жөнінде міне былай деген болатын:

«Салғырттың салықпен алмастырылуы, оның принциптік маңызы: «соғыс» коммунизмінен социализмнің дұрыс негізін қалауға көшу. Салғырт та, салық та болмасын, ірі («социализацияланған») өнеркәсіп өнімдері шаруа өнімдеріне айырбасталынатын болсын, социализмнің экономикалық мәні, оның базасы міне осындай» (қараңыз: XXVI том, 311—312-беттер).

Социализмнің **экономикалық** базасын жасау мәселесін Ленин міне осылай түсінеді.

Бірақ ауыл шаруашылығын социализацияланған индустриямен байланыстыру үшін, бұл үшін, ең алдымен, өнімдерді бөлу органдарының көптеген желісі, әрі тұтыну, әрі ауылшаруашылық, өндіріс кооперациясы органдарының көптеген желісі болу керек. Ленин өзінің «Кооперация туралы» деген кітапшасында төмендегіні айтқанда нақ осы жағдайға сүйенген болатын; ол мұнда былай деген еді:

«Біздің жағдайымызда кооперация екінің бірінде социализммен мүлде сайма-сай келеді» (қараңыз: XXVII том, 396-бет).

Сонымен, еліміз капиталистік қоршау жағдайларында тұрғанда ССРО пролетариаты жеке өз күшімен социализмнің экономикалық базасын жасай ала ма?

Партия бұл сұрауға **жасай алады деп** жауап береді (РК(б)П XIV конференциясының қарарын қараңыз.[10]). Ленин бұл сұрауға жасай алады деп жауап береді (оның «Кооперация туралы» деген кітапшасын карасаңыз да болады). Біздің құрылыс жұмысымыздың бүкіл практикасы бұл сұрауға оң жауап береді, өйткені шаруашылығымыздың социалистік секторының үлесі жылдан жылға өндіріс жағында да, айналыс

жағында да жеке меншікті капитал үлесінің есесінен өсіп келеді, ал жеке меншікті капиталдың ролі оны шаруашылығымыздың социалистік элементтерінің ролімен салыстырғанда жылдан жылға төмендеп барады.

Ал бұл сұрауға оппозиция қалай жауап береді?

Бұл сұрауға оппозиция **теріс** жауап береді.

Сонымен, біздің елде социализмнің жеңіп шығуы мүмкін екен, социализмнің экономикалық базасын жасау мүмкіншілігі қамтамасыз етілді деуге болады екен.

Бұдан: мұндай жеңісті социализмнің толық, түпкілікті жеңуі, социализм орнатып жатқан елді шеттен болатын түрлі қауіптен, империалистік интервенция қаупінен және осыған байланысты капиталистік тәртіптердің жаңғыру қаупінен сақтауға кепіл болатын жеңуі деп атауға болады деген сөз шыға ма? Жоқ, ондай сөз шықпайды. Егер ССРО-да социализм орнату туралы мәселе өзіміздің, **«ұлттық»**, буржуазияны жою мәселесі болатын болса, онда социализмнің түпкілікті жеңіп шығуы жөніндегі мәселе **дүниежүзілік** буржуазияны жою мәселесі болып табылады. Партияның айтатыны: дүниежүзілік буржуазияны бір елдің пролетариаты жеке өз күшімен жеңе алмайды. Партияның айтатыны: социализмнің бір елде түпкілікті жеңіп шығуы үшін дүниежүзілік буржуазияны жеңу керек немесе, ең болмағанда, битарап қалдыру керек. Партияның айтатыны: мұндай міндет бірнеше елдің пролетариатының ғана қолынан келеді. Сондықтан социализмнің белгілібір елде түпкілікті жеңіп шығуы пролетарлық революцияның, ең болмағанда, бірнеше елде жеңуін көрсетеді.

Бұл мәселе партиямыздың ішінде оншама алауыз-

дық тудырып отырған жоқ, сондықтан да мен оған көп тоқталып жатпаймын, мұны білгісі келетін адамдарды осы жуырда Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумының мүшелеріне үлестіріліп берілген партиямыздың Орталық Комитетінің материалдарына сілтеймін.

2. «Тыныс» факторлары

Екінші мәселе. Екінші мәселе ССРО-ның кәзіргі халықаралық жағдайының шарттары жөніндегі, бізде социализмді құру жұмысы басталып, өріс алған «тыныс» дәуірінің шарттары жөніндегі проблемаға қатысты мәселе. Біз ССРО-да социализмді құра аламыз, оны құруға тиістіміз. Бірақ социализмді құру үшін ең алдымен өмір сүру керек. Соғыстан кейін «тыныс» болуы керек, интервенция әрекеті болмауы керек, өмір сүруге, социализмді құруға қажетті халықаралық шарттардың кейбір минимумына қолымыз жетуі керек.

Мынадай сұрау туады: егер интервенция қауіпінің бар екендігі, оның әлі де бола беретіндігі және бұл қауіптің бірсыпыра елдерде пролетарлық революцияның жеңіп шығуы нәтижесінде ғана жойылатындығы дәлелденген болса, онда Советтер Республикасының кәзіргі халықаралық жағдайының тыянағы неде, еліміздің капиталистік елдермен қатнасындағы дамуының кәзіргі «тыныс» дәуірін белгілейтін нәрсе қайсы, қолымыз жеткен, капиталистік дүниенің дереу елеулі интервенция жасау әрекеттеріне мүмкіндік бермей отырған және елімізде социализм орнатуға керекті сыртқы шарттарды туғызып отырған «тыныстың» немесе «тыныс» дәуірінің негізі қайсы?

Кәзіргі «тыныс» дәуірі, ең болмағанда, мынандай негізгі төрт фактыға негізделіп отыр.

Біріншіден, империалистер лагеріндегі қайшылықтарға негізделіп отыр, бұл қайшылықтар бәсеңдемей отыр және Советтер Республикасына қарсы сөз байласуды қыйындатып отыр.

Екіншіден, империализм мен отар елдердің арасындағы қайшылықтарға, отар елдер мен тәуелді елдердегі азаттық қозғалысының ұлғаюына негізделіп отыр.

Үшіншіден, капиталистік елдерде революциялық қозғалыстың ұлғаюына және барлық елдердің пролетарының Советтер Республикасына тілектестігінің арта түсуіне негізделіп отыр. Капиталистік елдердің пролетарлары өз капиталистеріне қарсы тікелей революция жасау арқылы ССРО пролетарларын қолдауға әлі де дәрменсіз. Ал империалистік мемлекеттердің капиталистері «өз» жұмысшыларын ССРО пролетариатына қарсы аттандыруға көптен дәрменсіз болып отыр, өйткені барлық елдердің пролетарларының Советтер Республикасына тілектестігі күннен күнге артып келеді және артпай қоймайды. Ал кәзір жұмысшыларсыз соғысу мүмкін емес.

Төртіншіден, ССРО пролетариатының күші мен қуатына, оның социалистік құрылысының табыстарына, оның Қызыл Армиясының ұйымшылдық күшіне негізделіп отыр.

Осы және осындай шарттардың сәйкес келуі Советтер Республикасының кәзіргі халықаралық жағдайының айрықша белгісі болып табылатын «тыныс» дәуірін береді.

3. Революцияның «ұлттық» және интернационалдық міндеттерінің бірлігі мен бөлінбестігі

Үшінші мәселе. Үшінші мәселе белгілібір елдегі пролетарлық революцияның «ұлттық» және интернационалдық міндеттері туралы проблемаға қатысты мәселе. Партияның негізге алатыны мынау: ССРО пролетариатының «ұлттық» және интернационалдық міндеттері барлық елдердің пролетарларын капитализмнен азат ету жөніндегі ортақ бір міндетке ұласады, біздің елімізде социализмді құру мүдделері барлық елдердің революциялық қозғалысының мүдделерімен түгелдей, толық қосылып, барлық елдерде социалистік революцияның жеңуін көздейтін ортақ бір мұддеге айналады.

Егер барлық елдердің пролетарлары Советтер Республикасына тілектес болмаған болса, оны қолдамаған болса, онда не болар еді? Онда интервенция болар еді, Советтер Республикасы талқандалар еді.

Егер капитал Советтер Республикасын талқандай алған болса, онда не болар еді? Онда барлық капиталистік елдер мен отар елдерде нағыз қара түнек реакция заманы орнаған болар еді, жұмысшы табы мен езілген халықтарды тұншықтыра бастаған болар еді, халықаралық коммунизмнің позициялары жойылған болар еді.

Егер барлық елдердің пролетарларының Советтер Республикасына тілектестігі мен оны қолдауы күшейе түсетін болса, арта түсетін болса, онда не болады? Мұның өзі ССРО-да социализмді құру ісін негізінен жеңілдетеді.

Егер ССРО-да социалистік құрылыстың табыстары арта түсетін болса, онда не болады? Мұның өзі барлық елдердің пролетарларының капиталға қарсы жүргізетін күресінде олардың революциялық позициясын негізінен жақсартады, халықаралық капиталдың пролетариатқа қарсы жүргізетін күресінде капиталдың позициясын әлсіретеді және дүниежүзілік пролетариаттың жоғарғы сатыға көтерілу мүмкіндіктерін арттырады.

Ал бұдан шығатын қортынды: ССРО пролетариатының мүдделері мен міндеттері барлық елдердегі революциялық қозғалыстың мүдделерімен, міндеттерімен бір жерден шығып, тығыз байланысып отырады және, мұның керісінше, барлық елдердің революцияшыл пролетарларының міндеттері ССРО пролетарларының социалистік құрылыс майданындағы міндеттерімен, табыстарымен тығыз байланысып отырады.

Сондықтан белгілібір елдің пролетарларының «ұлттық» міндеттерін интернационалдық міндеттеріне қарама-қарсы қою — мұның аты саясатта үлкен қателік жіберу деген сөз.

Сондықтан ССРО пролетарларының социалистік құрылыс майданындағы күресте барынша тырысып, ынта-жігер көрсетуін «ұлттық тұйықтық» пен «ұлттық шектелушіліктің» белгісі деп көрсету, кейде біздің оппозиционерлердің істеп отырғанындай — мұның аты ақылдан адасқандық немесе балалыққа салынғандық болады.

Сондықтан бір елдің пролетарларының мүдделері мен міндеттерінің бірлігі мен бөлінбейтіндігін барлық елдердің пролетарларының мүдделері мен міндеттеріне балау барлық елдердің пролетарларының револю-

циялық қозғалысының жеңіп шығуының ең дұрыс жолы болып табылады.

Дәл сондықтан да пролетарлық революцияның бір елде жеңіп шығуы өзіндік мақсат болып табылмайды, қайта барлық елдерде революцияның өрістеуі мен жеңіп шығуының құралы және сүйеніші болып табылады.

Сондықтан СССР-да социализм орнату дегеніміз — мұның аты барлық елдердің пролетарларының ортақ ісін істеу деген сөз, мұның аты капиталды жеңу ісін тек СССР-да ғана емес, сонымен қатар барлық капиталистік елдерде де шындау деген сөз, өйткені СССР-дағы революция дүниежүзілік революцияның бір бөлегі, оның бастамасы және оның өрістеуінің базасы болып табылады.

4. Социализм орнату туралы мәселенің тарихы жөнінде

Төртінші мәселе. Төртінші мәселе қаралып отырған мәселенің тарихына қатысты мәселе. Бір елде социализм орнату туралы мәселе біздің партияда тұңғыш рет 1925 жылы көтерілді деп сендірмек болады оппозиция. Қалай болғанда да XV конференцияда Троцкий турадан-тура былай деген: «Бір елде социализм орнату ісін теория жүзінде мойындауды неге талап етеді? Бұл перспектива қайдан пайда болды? Бұл мәселені 1925 жылға дейін неліктен ешкім көтермеді?».

Сонымен, бұл мәселе біздің партияда 1925 жылға дейін көтерілмеген болып шығады. Партия ішінде бұл мәселені тек қана Сталин мен Бухарин көтерген болып шығады және мұны 1925 жылы көтерген болып шығады.

Бұл дұрыс па? Жоқ, дұрыс емес.

Кесіп айтамын, бір елде социалистік шаруашылықты құру туралы мәселені партия ішінде 1915 жылдың өзінде-ақ тұңғыш рет Ленин көтерген болатын. Кесіп айтамын, ол кезде Ленинге ешкім де емес, дәл Троцкий қарсы шыққан болатын. Кесіп айтамын, сол кезден бері қарай, яғни 1915 жылдан бері қарай, бір елде социалистік шаруашылықты құру туралы мәселе біздің баспасөзде және біздің партияда талай рет түсіндіріліп, талқыланып келді.

Фактыларға жүгінейік.

а) 1915 жыл. Большевиктердің Орталық Органында («Социал-Демократта»[11]) Лениннің: «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген мақаласы шықты. Ленин бұл мақалада міне былай дейді:

«Дербес ұран ретінде, дүние жүзі Құрама Штаттары деген ұран алайда оншама дұрыс ұран бола қоймас, өйткені біріншіден, ол ұран социализммен ұласады; өйткені, екіншіден, ол ұран бір елде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы және мұндай елдің қалған басқа елдерге қатынасы туралы теріс пікір туғызар еді

Экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі капитализмнің даусыз заңы. Олай болса, социализмнің әуелі бірнеше капиталистік елде, тіпті бір, жеке алынған, капиталистік елде жеңуі мүмкін. Бұл елдің жеңіп шыққан пролетариаты капиталистерді экспроприациялап, өз елінде социалистік өндіріс ұйымдастырып*, қалған капиталистік дүниеге қарсы тұрар еді, басқа елдердің езілген таптарын өзіне тарта отырып, олардың арасында капиталистерге қарсы көтеріліс туғыза отырып, қажет болған жағдайда қанаушы таптарға, олардың мемлекеттеріне тіпті әскери күшпен қарсы шығар еді»... Өйткені «социалистік республикалар артта қалып қойған мемлекеттермен азды-көпті ұзақ уақыт табан

* Курсив менікі. **И. Ст.**

тіреп күреспейінше, ұлттардың социализмде еркімен бас қосуы мүмкін емес» (қараңыз: XVIII том, 232—233-беттер).

Ал Троцкийдің дәл сол 1915 жылы Троцкий басқарған «Наше Словода»[12] айтқан қарсы пікірі мынау:

««Экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі капитализмнің даусыз заңы». Осыдан келіп «Социал-Демократ» (большевиктердің 1915 жылғы орталық органы, мұнда Лениннің жоғарыда аталған мақаласы басылған болатын. И. Ст.) социализмнің бір елде жеңуі мүмкін, сондықтан әрбір жеке мемлекеттегі пролетариат диктатурасы үшін Европаның Құрама Штаттарын құруды шарт етудің керегі жоқ деген қортындыны шығарды... Ешбір ел өзінің күресінде өзге елдерді «күтпеуі» керек деген сөз — элементарлық пікір, күтушілікке салынатын интернационалдық әрекетсіздік идеясы интернационалдық қатар іс жүргізу идеясының орнын баспауы үшін осы элементарлық пікірді қайта-қайта айтудың пайдасы да, қажеті де бар нәрсе. Біздің бастаған ісіміз өзге елдердегі күреске қозғаушы болады деп толық сене отырып, өзге елдерді күтпей-ақ, біз күресті ұлттық негізде бастап, алға бастыра береміз; ал егер бұл сенгеніміз болмай шықса, онда, мәселен, революцияшыл **Россия кертартпа Европаға төтеп беріп тұра алар еді деу, немесе социалистік Германия капиталистік дүниеде оқшау қамауда отыра алар еді деп үміттенуге болмайды,** тарихтың тәжрибесі де, теориялық пікірлер де мұны сыйпаттап отыр. Әлеуметтік революцияның перспективаларын ұлттық шеңберде қарау — социал-патриотизмнің мәні болып табылатын **нақ ұлттық шектелушіліктің** торына түскендік болар еді»* (Троцкий, «1917», III том, I бөлім, 89—90-беттер).

Көріп отырсыздар, «социалистік өндірісті ұйымдастыру» мәселесін Ленин сонау 1915 жылдың өзінде, Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияның дәл алдында, империалистік соғыс кезінде, бур-

---

* Курсив менікі. И. Ст.

жуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру мәселесі кезекке қойылған кезде, көтерген-ді.

Көріп отырсыздар, ол кезде Ленин жолдасқа басқа ешкім де емес, дәл Троцкий қарсы шыққан-ды; Лениннің мақаласында «социализмнің жеңуі» туралы және «бір елде социалистік өндірісті ұйымдастырудың» мүмкіндігі туралы сөз болып отырғанын Троцкийдің білгені анық.

Көріп отырсыздар, «ұлттық шектелушілік» жөніндегі айыпты сонау 1915 жылы тұңғыш рет Троцкий таққан болатын, оның бержағында бұл айып Сталинге немесе Бухаринге тағылмай, Ленинге тағылған болатын.

Енді «ұлттық шектелушілік» жөніндегі кісінің күлкісін келтіретін айыптауды әлсін-әлсін Зиновьев қоздатып жүр. Бірақ ол мұнысымен өзі Троцкийдің тезисін, Ленин мен оның партиясына қарсы бағытталған тезисін, қайталап, жаңғыртып отырғанын, сірә, түсінбейтін болу керек.

б) 1919 жыл. Лениннің «Пролетариат диктатурасы заманындағы экономика мен саясат» деген мақаласы шығады. Ленин бұл мақаласында міне былай деп жазады:

«Барлық елдердің буржуалары, олардың тіке және жасырын итаршылары (II Интернационалдың «социалистері») қаншама өтірік айтса да, қаншама жала жапса да: **пролетариат диктатурасының негізгі экономикалық проблемасының тұрғысынан қарағанда бізде коммунизмнің капитализмді жеңіп шығуы қамтамасыз етілгені** даусыз болып отыр. Барлық дүние жүзі буржуазиясының большевизмге қарсы құтырып, аласұру себебі, большевиктерге қарсы соғыс жорықтарын, заговорларды, тағы басқаларын ұйымдастыру себебі, — **бізді соғыс күшімен жаныш-**

тай алмайтын болса, — қоғам шаруашылығын қайта құруда біздің сөзсіз жеңіп шығатынымызды ол жақсы түсінеді. Ал бізді буржуазия бұлай жаныштай алмайды»* (қараңыз: XXIV том, 510-бет).

Көріп отырсыздар, Лениннің бұл мақаласында «пролетариат диктатурасының экономикалық проблемасы» туралы, «қоғам шаруашылығын», «коммунизмнің жеңіп шығуы» бағытында «қайта құру» туралы сөз болып отыр. Ал «пролетариат диктатурасының экономикалық проблемасы» дегеніміз және пролетариат диктатурасы тұсында «қоғам шаруашылығын қайта құру» дегеніміз не? Мұның мәнісі бір елде, біздің елімізде, социализм орнату деген сөз, одан басқа ештеңе де емес.

в) 1921 жыл. Лениннің «Азық-түлік салығы туралы»[13] деген кітапшасы шығады. Біз «экономикамыздың социалистік іргесін» қалай аламыз және қалауға тиістіміз (Қараңыз: «Азық-түлік салығы туралы») деген белгілі қағыйда жарыққа шығады.

г) 1922 жыл. Ленин жолдас Москва Советінде сөз сөйлейді, мұнда ол «социализмді біз күнделікті өмір жүзіне асырып келеміз», «нэптің Россиясы социалистік Россияға айналады» деді (қараңыз: XXVII том, 366-бет). Троцкий 1922 жылы «Бітім программасына» жазған өзінің «Соңғысөзінде» бұған қарсы шығады, қарсы шыққанда да, өзінің Ленинмен айтысқа шығып отырғанын тікелей атап көрсетпейді. Осы «Соңғысөзде» Троцкий міне былай дейді:

«Пролетарлық революция ұлт көлемінде жеңіп шыға алмайды деп «Бітім программасында» неше рет айтылған пікір кейбір

---

* Курсив менікі. **И. Ст**

оқушыларымызға, мүмкін, біздің Совет Республикасының бесжылдық тәжрибесі арқылы теріске шығарылған пікір болып көрінер. Бірақ бұлай деп қортынды жасау дәлелсіз болған болар еді. Бір елде, әрі артта қалған елде, жұмысшы мемлекетінің бүкіл дүние жүзіне қарсы төтеп беріп тұра алғандығы, пролетариат күшінің орасан зор екендігін, бұл күштің басқа, ілгері кеткен, мәдениеті күштірек елдерде шынында таңқаларлықтай ғажап істер істеу қолынан келетіндігін көрсетеді. Бірақ біз мемлекет есебінде саяси және соғыс жөнінде өзімізді сақтап қала алсақ та, социалистік қоғам жасауды қолға алғанымыз жоқ, тіпті оған жуықтағанымыз да жоқ. Өзін революциялық мемлекет ретінде сақтап қалу үшін жүргізілген күрес осы дәуірдің ішінде өндіргіш күштерді өте-мөте төмендетіп жіберді; ал социализм сол өндіргіш күштердің өсіп, гүлденуі негізінде ғана мүмкін бола алады. Буржуазиялық мемлекеттермен жүргізілген сауда келіс сөздері, концессиялар, Генуэ конференциясы, тағы басқалары **ұлт-мемлекет көлемінде өз алдына оқшау социалистік құрылыс жүргізудің мүмкін емес екендігіне** айқын дәлел болып табылады... **Россияда социалистік шаруашылықтың шын мәнісінде өркендеуі Европаның басты-басты елдерінде пролетариат жеңгеннен кейін ғана мүмкін бола алады»*** (Троцкий, «1917», III том, I-бөлім, 92—93-беттер).

Троцкий бұл арада «ұлт-мемлекет көлемінде өз алдына оқшау социалистік құрылыс жүргізудің мүмкін емес екіндігі» жөнінде кімге қарсы шығып отыр? Әрине, Сталинге немесе Бухаринге қарсы шығып отырған жоқ қой. Троцкий бұл арада Ленин жолдасқа қарсы шығып отыр, қарсы шыққанда да ол басқа бір мәселе жөнінде қарсы шығып отырған жоқ, негізгі мәселе жөнінде — «ұлт-мемлекет көлемінде социалистік құрылыс жүргізу» мүмкіндігі туралы мәселе жөнінде қарсы шығып отыр.

д) 1923 жыл. Лениннің «Кооперация туралы» де-

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

ген кітапшасы шығады, бұл кітапша оның айтып кеткен саяси өсиеті болып табылады. Бұл кітапшада Ленин міне былай дейді:

«Шынында да, барлық ірі өндіріс құрал-жабдықтары мемлекеттің билігінде болуы, мемлекеттің өкімет билігі пролетариаттың қолында болуы, бұл пролетариаттың сан миллион ұсақ, майда шаруалармен одақ жасауы, шаруаларға осы пролетариат басшылығының қамтамасыз етілуі, т. т. — міне осының бәрі кооперация арқылы, бұрын саудагершіл деп өзіміз жақтырмай келген кооперация арқылы, кәзіргі нэп тұсында да белгілібір жағынан нақ солай жақтырмауға правомыз бар кооперация арқылы, тек осы кооперация арқылы ғана **социалистік қоғамды толық орнатуға қажетті нәрсенің барлығы** емес пе? Бұл әлі социалистік қоғамның орнатылғандығы емес, бірақ бұл соны орнатуға қажетті және **жеткілікті** нәрсенің барлығы»* (қараңыз: XXVII том, 392-бет).

Бұдан анығырақ айту қыйын сыяқты.

Троцкийдің айтуынша, «ұлт-мемлекет көлемінде социалистік құрылыс жүргізу» **мүмкін емес** болып шығады. Ал Ленин: бізде, яғни ССРО пролетариатында, кәзір, пролетариат диктатурасы дәуірінде, «социалистік қоғамды **толық** орнатуға» «қажетті және **жеткілікті нәрсенің барлығы**» бар деп кесіп айтып отыр. Көзқарастарының әбден қарама-қарсы екені көрініп тұр.

Фактылар осындай.

Сонымен, көріп отырсыздар, бір елде социализм орнату туралы мәселе біздің партияда сонау 1915 жылы көтерілген болатын, ол мәселені Лениннің өзі көтерген болатын, Ленинді «ұлттық шектелушілікке» салынды деп айыптап, бұл мәселе жөнінде Ленинмен таласқан басқа ешкім де емес, дәл Троцкий болатын.

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Көріп отырсыздар, содан бері қарай бұл мәселе Ленин жолдас қайтыс болғанға дейін партиямыздың жұмысының күн тәртібінен түскен емес.

Көріп отырсыздар, Троцкий бұл мәселені белгілібір формада, Ленин жолдаспен жасырын, бірақ мүлде ашық айтысқа шығу түрінде әлденеше рет қозғап келді, оның бержағында Троцкий бұл мәселені әрдайым Ленин мен ленинизм рухында түсіндіріп келмеді, Ленин мен ленинизмге қарсы түсіндіріп келді.

Көріп отырсыздар, бір елде социализм орнату туралы мәселені 1925 жылға дейін ешкім көтермеген деп сендірмекші болып, Троцкий **турадан-тура өтірік** айтып отыр.

5. ССРО-да социализм орнату туралы мәселенің кәзіргі кезеңде ерекше зор маңыз алуы

Бесінші мәселе. Бесінші мәселе социализм орнату міндетінің кәзіргі кезеңде аса қажетті болу проблемасына қатысты мәселе. Социализм орнату туралы мәселе неліктен дәл кәзір, дәл осы соңғы кезде ерекше қажетті сыйпат алды? ССРО-да социализм орнату туралы мәселе неліктен, мәселен 1915, 1918, 1919, 1921. 1922, 1923 жылдары әлдеқалай, жеке мақалаларда талқыланып келді де, ал 1924, 1925, 1926 жылдары бұл мәселе біздің партиялық практикамызда ерекше келелі орын алды? Мұны немен түсіндіруге болады?

Мұны, меніңше, мына негізгі үш себеппен түсіндіруге болады.

Біріншіден, мына жағдаймен түсіндіруге болады: соңғы жылдарда басқа елдерде революцияның қарқы-

ны баяулады, «капитализмнің шінара тұрақтауы» дейтін нәрсе пайда болды. Бұдан мынадай сұрақ туады — капитализмнің шінара тұрақтауы біздің елімізде социализм орнату мүмкіндіктерін нашарлатып немесе тіпті жойып жібермей ме? Социализм мен социалистік құрылыстың біздің еліміздегі тағдырларына жұрттың барынша көңіл қоятыны осыдан.

Екіншіден, мұны мына жағдаймен түсіндіруге болады: біз нэпті енгіздік, жекеше капиталға жол бердік және күшті қайта топтап алып, сонан кейін шабуылға шығу үшін біраз кері шегіндік. Бұдан мынадай сұрақ туады — нэпті енгізу біздің елімізде социалистік құрылыс мүмкіндіктерінің нашарлауына себепші болмай ма? Біздің еліміздегі социалистік құрылыстың мүмкіндіктері туралы мәселеге жұрттың тағыда үсті-үстіне көңіл қоя түсетіндігі осыдан.

Үшіншіден, мұны мына жағдаймен түсіндіруге болады: біз азамат соғысында жеңіп шықтық, интервенцияшылдарды қуып тастап, соғыстан «тыныс» алдық, бейбітшілік пен тыныштық дәуірін қамтамасыз еттік, бұл дәуір шаруашылық күйзелісін жою үшін, еліміздің өндіргіш күштерін қалпына келтіру үшін және елімізде жаңа экономиканы жасау жұмысымен шұғылдану үшін қолайлы жағдайлар туғызады. Бұдан мынадай сұрақ туады — шаруашылықты құру жұмысын қай бағытта жүргізу керек, социализм жағына қарай бағыттап жүргізу керек пе әлде басқа бір жаққа бағыттап жүргізу керек пе? Бұдан мынадай сұрақ туады — егер құрылыс жұмысын социализм жағына бағыттап жүргізетін болсақ, онда нэп жағдайларында және капитализмнің шінара тұрактаған кезінде социализм орнатуға бізде мүмкіндік бар деп есептеуге не-

гіз бар ма? Біздің еліміздегі социалистік құрылыстың тағдырлары туралы мәселеге бүкіл партия мен бүкіл жұмысшы табының орасан зор көңіл қоятыны осыдан. Партия мен Совет өкіметі органдарының өнеркәсіп саласында, сауда саласында, егіншілік саласында шаруашылықтың социалистік формаларының үлес салмағын күшейту тұрғысынан карап, әралуан мәліметтерді жылма-жыл есеп-қыйсапқа алып отыратындығы осыдан.

Социализм орнату туралы мәселенің біздің партия үшін, біздің пролетариат үшін, сондай-ақ Коминтерн үшін де, ең қажетті мәселеге айналғанын көрсететін негізгі үш себеп міне осылар.

Оппозицияның ойынша, ССРО-да социализм орнату туралы мәселенің теориялық қана маңызы бар. Бұл дұрыс емес. Бұл қатты адасқандық. Мәселенің бұлай түсіндірілуі оппозицияның біздің партиялық практикадан, біздің шаруашылық құрылысымыздан, біздің кооперативтік құрылысымыздан толық қол үзгендігінен ғана болып отырған нәрсе. Социализм орнату туралы мәселенің кәзіргі кезде, өзіміз шаруашылық күйзелісін жойып, өнеркәсіпті қалпына келтіріп, жаңа техника негізінде бүкіл халық шаруашылығын қайта құру дәуіріне еніп отырған кезде, — осы кезде социализм орнату туралы мәселенің орасан зор практикалық маңызы бар. Шаруашылық құрылысының тұсында істі қалай қарай жүргізу керек, құрылыс жұмысын қай бағытта жүргізу керек, нені құру керек, құрылыс жұмысымыздың болашақтары қандай болуы керек, — бұлардың бәрі де шешуді керек қылатын мәселелер, бұл мәселелерді шешіп алмайынша, адал, зейінді шаруашылық қызметкерлері бір адым да ілге-

рі баса алмайды, егер бұл қызметкерлердің құрылыс ісіне шынымен саналы түрде, ойланып кіріскісі келсе, онда бұл мәселелерді шешіп алулары керек. Біз құрылыс жұмысын жүргізгенде буржуазиялық демократияға жайлы негіз жасау үшін жүргізіп жатырмыз ба, немесе социалистік қоғам орнату үшін жүргізіп жатырмыз ба, — біздің құрылыс жұмысымыздың тамыры кәзір осында жатыр. Кәзір, нэп жағдайларында, капитализм шінара тұрақтап отырған кезде, социалистік шаруашылықты құруға бізде мүмкіндік бар ма, — біздің партия және совет жұмысының ең маңызды мәселелерінің бірі кәзір осы болып отыр.

Ленин бұл сұрауға **оң** жауап берді («Кооперация туралы» деген кітапшаны қарасаңыз да болады). Партия бұл сұрауға **оң** жауап берді (РК(б)П XIV конференциясының қарарын қараңыз). Ал оппозиция ше? Мен жоғарыда айтқанмын, оппозиция бұл сұрауға **теріс** жауап береді. Мен БК(б)П XV конференциясында жасаған баяндамамның өзінде-ақ мынаны айтқан болатынмын, кәзір осы арада да қайталап айтуға мәжбүр болып отырмын: оппозициялық одақтың басшысы Троцкий осы жуырда ғана, 1926 жылдың сентябрінде, оппозиционерлерге арнаған өзінің әйгілі үндеуінде «бір елде социализм орнату теориясын» мен «ұлттық шектелушілікті теория жүзінде ақтағандық» деп есептеймін деген болатын (Сталиннің БК(б)П XV конференциясында жасаған баяндамасын қараңыз[14]).

Троцкийдің осы цитатасын (1926 ж.) оның 1915 жылы жазған мақаласымен салыстырып көріңіз, ол осы мақаласында, бір елде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы мәселе жөнінде Ленинмен айтысқа шыға отырып, Ленин жолдастың және лениншілдердің

«ұлттық шектелушілігі» туралы тұңғыш рет мәселе қойған болатын, — сонда сіз, бір елде социализм орнату туралы мәселеде Троцкийдің баяғы сол өзінің социал-демократиялық бекерлеу позициясында тұрып қалғанын түсінетін боласыз.

Дәл сондықтан да партия: троцкизмді біздің партиядағы социал-демократиялық уклон болып табылады деп кесіп айтып отыр.

6. Революцияның перспективалары туралы

Алтыншы мәселе. Алтыншы мәселе пролетарлық революцияның перспективалары туралы проблемаға қатысты мәселе. Партияның XV конференциясында сөйлеген сөзінде Троцкий былай деген болатын: «Ленин: біз 20 жыл ішінде социализмді ешбір орната алмаймыз, шаруалы еліміз артта қалып отырғанда 30 жыл ішінде де орната алмаймыз. Ең кемінде 30—50 жыл болуы керек деп есептеген».

Бұл арада, жолдастар, мынаны айтуға тиіспін: Троцкий ойынан шығарып алып жүрген бұл перспективаның Ленин жолдастың ССРО-дағы революция туралы көрсеткен перспективасымен ешбір қатысы жоқ. Бірнеше минут өткеннен кейін өзінің сөзінде бұл перспективамен Троцкийдің өзі алыса бастайды. Бірақ бұл оның өз ісі. Ал мен мынаны айтуға тиіспін: Троцкий ойынан шығарып алып жүрген бұл перспективаға, одан шығатын қортындыларға Ленин де, партия да жауап бере алмайды. Мына факты, бұл перспективаны ойынан шығарып алып, Троцкийдің содан кейін өзінің сөзінде өзінің төл шығармасымен алыса бастағандығы, — бұл факты Троцкийдің біржолата шата-

сып, өзін күлкілі жағдайға қойғандығын ғана көрсетеді.

Ленин: 30 немесе 50 жыл ішінде «біз социализмді ешбір орната алмаймыз» деп әсте айтқан емес. Шындығына келгенде Ленин былай деген болатын:

«Шаруалармен 10—20 жылдай дұрыс қарым-қатнас орнатсақ (өсіп келе жатқан пролетарлық революциялар ұзақ уақытқа созылған күннің өзінде де) жержүзілік көлемде жеңуіміз қамтамасыз етілген болады, олай болмаған күнде 20—40 жылдай ақгвардиялық террордың азабын көретін боламыз» (қараңыз: XXVI том, 313-бет).

Лениннің бұл қағыйдасынан: біз «20—30 немесе 50 жыл ішінде социализмді ешбір орната алмаймыз» деген қортынды жасауға бола ма? Жоқ, болмайды. Бұл қағыйдадан мынадай қортындыларды ғана жасауға болады:

а) шаруалармен дұрыс қарым-қатнас болғанда біз 10—20 жылда жеңіске (яғни социализмнің жеңуіне) жетеміз;

б) бұл жеңіс тек қана ССРО-дағы жеңіс болып қоймайды, сонымен қатар «жержүзілік көлемдегі» жеңіс болады;

в) егер біз осы мерзімнің ішінде жеңіп шыға алмасақ, онда мұның өзі біздің жанышталғандығымыздың, сөйтіп пролетариат диктатурасы режимінің орнына ақгвардиялық террор режимі орнағандығының белгісі болады, бұл террордың 20—40 жылдай созылуы мүмкін.

Әрине, Лениннің бұл қағыйдасымен және одан шығатын қортындылармен келісуге де немесе келіспеуге де болады. Бірақ Троцкий бұрмалап отырғандай оны бұрмалауға болмайды.

Ал «жержүзілік көлемде» жеңу дегеніміз не? Мұның аты, мұндай жеңіс социализмнің бір елде жеңуімен теңбе-тең нәрсе деген сөз бе? Жоқ, олай деген сөз емес. Ленин өзінің шығармаларында социализмнің бір елде жеңуін «жержүзілік көлемдегі» жеңуінен мейлінше айырып көрсетеді. «Жержүзілік көлемде» жеңу туралы айтқанда, Лениннің былай дегісі келеді: социализмнің біздің елдегі табыстарының, социалистік құрылыстың біздің елде жеңуінің орасан зор халықаралық маңызы бар екендігі сонша—ол (жеңіс) біздің елімізбен шектелмей, қайта барлық капиталистік елдерде социализмге қарай бет алған күшті қозғалыс туғызуға тиіс, оның бержағында, егер ол жеңіс басқа елдерде пролетарлық революцияның жеңуімен уақыт жағынан бір кезге тура келмейтін болса, онда ол жеңістің өзі қалай болғанмен де басқа елдердің пролетарларының дүниежүзілік революцияның жеңуіне қарай бет алған күшті қозғалысын туғызуға тиіс, дегісі келеді.

Егер революцияның жеңу перспективасын айтатын болсақ, онда Ленинше революцияның перспективасы міне осындай, бізде партия ішінде, шынында да, осы туралы сөз болып отыр.

Бұл перспективаны 30—50 жыл дейтін Троцкийдің перспективасымен шатастыру — мұның аты Ленинге жала жабу деген сөз.

7. Іс жүзінде мәселе қалай қойылып отыр

Жетінші мәселе. Солай дейік, дейді бізге оппозиция, бірақ, сайып келгенде, кіммен одақтас болған жақсы — дүниежүзілік пролетариатпен одақтас болған

жақсы ма әлде еліміздің шаруаларымен одақтас болған жақсы ма, кімді ұнату керек — дүниежүзілік пролетариатты ма әлде ССР Одағының шаруаларын ба? Оның бержағында істің жайы былай суреттеліп отыр: ССР Одағының пролетариаты бар да, оның алдында тұрған екі одақтас бар сыяқты — өз буржуазиясын дереу төнкеріп тастауға дайын тұрған, бірақ бұл үшін біздің ұнатып рыйзалық білдіруімізді күтіп отырған дүниежүзілік пролетариат бар және ССР Одағының пролетариатына жәрдем беруге дайын тұрған, бірақ ССР Одағы пролетариатының бұл жәрдемді қабылдауына кәміл сенбей отырған біздің шаруалар бар деседі. Жолдастар, мұның өзі мәселені балаша қойғандық. Меселені бұлайша қоюдың өзі еліміздегі революцияның барысымен де, дүниежүзілік капитализм мен социализм арасындағы күрес майданындағы күштердің арасалмағымен де ешбір үйлеспейді. Ағаттық болса ғапу етіңіздер, тек институткалар ғана мәселені осылай қоя алады. Амал не, істің жайы кейбір оппозиционерлердің суреттеп жүргеніндей емес, оның бержағында бір күмәнсіз нәрсе, егер бұл тек бізге ғана байланысты болса, біз бірінші жағының да, екінші жағының да жәрдемін бар ықласымызбен қабылдар едік. Жоқ, шын өмірде мәселе бұлай қойылып отырған жоқ.

Мәселе міне былай қойылып отыр: дүниежүзілік, революциялық қозғалыстың қарқыны баяулап қалды, Батыста социализм әлі де жеңген жоқ, ал ССР Одағының пролетариаты өкімет басында отыр, оны жылдан жылға нығайтып, шаруалардың негізгі бұқарасын өзінің төңірегіне топтастырып отыр, социалистік құрылыс майданында кәзірдің өзінде елеулі табыстарға жетті және барлық елдердің пролетарларымен, езіл-

ген халықтарымен достық қатнастарын ойдағыдай нығайтып отыр, — **сондықтан** ССРО пролетариаты өз буржуазиясын жеңе алады және, капиталистік қоршауға қарамастан, елімізде жеңімпаз социализм құрылысын жүргізе береді дегенді бекер деуге дәлел бар ма?

Әрине, егер оппозициялық одақша қыялдарға сүйенбей, социализм мен капитализм арасындағы күрес майданындағы күштердің нақтылы арасалмағына сүйеніп айтатын болсақ, мәселе міне осылай қойылып отыр.

Партия бұл мәселеге былай деп жауап береді: ССРО пролетариаты осындай жағдайларда өзінің «ұлттық» буржуазиясын жеңе алады және социалистік шаруашылықты ойдағыдай ұйымдастыра алады.

Ал оппозиция былай дейді:

«Европа пролетариатының турадан-тура **мемлекеттік*** жәрдемі болмаса, Россияның жұмысшы табы өкіметті қолында ұстап тұра алмайды және өзінің уақытша үстемдігін ұзаққа созылатын социалистік диктатураға айналдыра алмайды» (қараңыз: Троцкий, «Біздің революция», 278-бет).

Ал Троцкийдің осы цитатасының мағнасы қандай және «Европа пролетариатының **мемлекеттік** жәрдемі» дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі — Батыстағы пролетариат **алдын ала** жеңбесе, Батыстағы пролетариат **алдын ала** өкіметті басып алмаса, ССРО пролетариаты өз буржуазиясын жеңе алмайтыны және социализм орната алмайтыны былай тұрсын, тіпті өкіметті қолында ұстап тұра алмайды да деген сөз.

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Мәселе міне осылай қойылып отыр және біздегі алауыздықтардың тамыры міне осында.

Троцкийдің осы позициясының меньшевик Отто Бауэрдің позициясынан қандай айырмашылығы бар? Амал не, ешқандай айырмашылығы жоқ.

8. Жеңу мүмкіндіктері туралы

Сегізінші мәселе. Солай дейік, дейді оппозиция, бірақ жеңу мүмкіндіктері кімде көп — ССРО пролетариатында көп пе әлде дүниежүзілік пролетариатта көп пе?

«30—50 жыл ішінде европалық капитализм шіри береді, ал пролетариат революция жасауға қабілетсіз болып шығады деуге бола ма? — дейді Троцкий БК(б)П XV конференциясында сөйлеген сөзінде. — Мен былай деп сұраймын: Европа пролетариатына нұқсан келтіретін қыйсынсыз дүлей пессимизмнің алғышарты деп атамай, басқаша атауға болмайтын осы алғышартты менің қабылдайтын не жөнім бар?... Мен былай деп кесіп айтамын: Европа пролетариатының өкіметті алуынан гөрі біздің шаруалармен бірге социализм орнатуымыз оңай деп ойлауға менің ешқандай теориялық немесе саяси дәлелдерім жоқ» (Троцкийдің БК(б)П XV конференциясында сөйлеген сөзін қараңыз).

Біріншіден, «30—50 жыл ішінде» Европада тоқыраушылық болады деген жорамалды сөзсіз аластап тастау керек. Батыстың капиталистік елдеріндегі пролетарлық революцияның осы перспективасына, партиямыздың перспективасына ешбір үйлеспейтін перспективаға сүйен деп Троцкийді ешкім де міндеттеген емес. Троцкий осы ойдан шығарылған перспективаға өзін өзі матап отыр, сондықтан мұндай әрекеттің нәтижелеріне өзі жауапты болуға тиіс. Менің ойымша,

егер Батыстағы пролетарлық революцияның нақты перспективасын еске алсақ, бұл мерзім, ең болмағанда, екі есе қысқартылуға тиіс.

Екіншіден, Троцкий ССРО пролетариатының кәзірде саясат жүзінде талқандалған, халық шаруашылығының басқарушылық орындарынан ығыстырылып тасталған, пролетариат диктатурасы мен шаруашылығымыздың социалистік формаларының тегеуіріне шыдамай экономика жағынан шегінуге мәжбүр болған өзінің, «ұлттық» буржуазиясын жеңу мүмкіндіктерінен гөрі Батыс пролетариатының кәзір өкімет басында тұрған дүниежүзілік буржуазияны жеңу мүмкіндіктері анағұрлым көп деп сөзсіз ұйғарып отыр.

Меніңше, бұлай деп мәселе қою дұрыс емес. Меніңше, мәселені осылайша қоямын деп, Троцкий өзін өзі ұстап беріп отыр 1917 жылғы октябрьде меньшевиктер де нақ осыны айтпап па еді, олар техникасы онша дамымаған және пролетариатының саны аз Россияның пролетарларынан гөрі Батыстың пролетарларында буржуазияны құлатып, өкіметті басып алу мүмкіндіктері анағұрлым көп деп, әр үйдің төбесінен айқай салмап па еді? Меньшевиктердің ділмәрсінгеніне қарамастан, 1917 жылғы октябрьде өкіметті қолға алу, буржуазияны құлату мүмкіндіктері Англияның, Францияның немесе Германияның пролетарларынан гөрі Россияның пролетарларында көп болып шыққандығы факт емес пе? Бүкіл дүние жүзіндегі революциялық күрестің практикасы мәселені Троцкийше қоюға болмайтынын көрсетіп те, дәлелдеп те берген жоқ па?

Тез жеңу мүмкіндіктерінің кімде көп екені туралы мәселе бір елдің пролетариатын басқа елдің пролетарларына немесе біздің елдің шаруаларын басқа елдер-

дің пролетариатына қарсы қою арқылы шешілмейді. Мұндай қарсы қоюшылықтың өзі салыстыру жөніндегі баланың ойыншығы болып табылады. Тез жеңу мүмкіндіктері кімде көп деген мәселе нақты халықаралық жағдай арқылы, капитализм мен социализм арасындағы күрес майданындағы күштердің нақты арасалмағы арқылы шешіледі. Біз экономикамыздың социалистік іргетасын қалап үлгіргенімізше Батыс пролетарларының өз буржуазиясын жеңіп, өкіметті басып алуы әбден ықтимал. Бұл әсте болмайтын нәрсе емес. Бірақ тағыда бір ықтимал нәрсе — Батыстағы пролетарлар өз буржуазиясын құлатқаннан бұрын ССРО пролетариаты экономикамыздың социалистік іргетасын қалауы мүмкін. Бұл да болмайтын нәрсе емес.

Тез жеңу мүмкіндіктері туралы мәселенің шешілуі капитализм мен социализм арасындағы күрес майданындағы нақты жағдайға, тек соған ғана байланысты.

9. Практикалық-саяси алауыздықтар

Біздегі алауыздықтардың негіздері осындай.

Сыртқы саясат пен ішкі саясат саласында да, таза партиялық салада да практикалық-саяси алауыздықтар осы негіздерден туып отыр. **Тоғызыншы мәселенің** түйіні осы алауыздықтар болып табылады.

а) Партия, капитализмнің шінара тұрақтау фактысына сүйене отырып, былай деп есептейді: біз революция аралық дәуірді бастан кешіріп отырмыз, біз капиталистік елдерде революцияға қарай қадам басып барамыз, сондықтан компартиялардың негізгі міндеті — бұқараға апаратын жол салу, бұқарамен байла-

ныcты нығайту, пролетариаттың бұқаралық ұйымдарын меңгеру, сөйтіп жұмысшылардың қалың бұқарасын болашақ жалынды революциялық тартыстарға әзірлеу болып табылады.

Ал оппозиция, біздің революцияның ішкі күштеріне сенбестен және, революциямызды құртып жібере алатын факт деп капитализмнің шінара тұрақтауынан қорқып, капитализмнің шінара тұрақтау (фактысын бекерге шығаруға болады деп есептейді (немесе есептеп келді), ағылшын ереуілін[15] капитализм тұрақтауының аяқталу белгісі деп есептейді (немесе есептеп келді), ал тұрақтаудың өзі қалай дегенмен факт болып шыққан кезде, оппозиция онда фактылардың өз соры деп отыр, демек, фактылардан аттап өтуге болады екен, оның бержағында біртұтас майдан тактикасын қайта қарау туралы, Батыстағы кәсіпшілік қозғалысынан қол үзу туралы даурықпалы ұрандарды, т. т. бетке ұстауға болады екен.

Ал фактылармен, өмірдің объективтік беталысымен санаспау дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі — ғылымның жолынан тайып кетіп, бақсы-балгердің жолына түсу деген сөз.

Оппозициялық одақтың саясатындағы авантюризмі осыдан.

б) Партия, индустриализация социалистік құрылыстың негізгі жолы болып табылады, ал социалистік индустрияның негізгі рыногі еліміздің ішкі рыногі болып табылады деген пікірге сүйене отырып, былай деп есептейді: индустриализация (жұмысшылар туралы айтпағанның өзінде) шаруалардың негізгі бұқарасының материалдық хал-жайын үздіксіз жақсарту негізінде дамуға тиіс, индустрия мен шаруа шаруашылы-

ғы арасындағы, пролетариат пен шаруалар арасындағы байланыс және бұл байланыста пролетариаттың басшылығы, Ленин айтқандай, «Совет өкіметінің тұтас тұлғасы»[16], құрылысымыздың жеңу шарты болып табылады, сондықтан біздің жалпы саясатымыз, жеке алғанда салық саясаты мен баға саясаты, осы байланыстың мүдделерін қамтыйтындай болып жүргізілуге тиіс.

Ал оппозиция шаруаларды социализм құрылысы ісіне тарту мүмкіндігіне сенбейді және, анығында, индустриялизацияны шаруалардың негізгі бұқарасаның есесіне жүргізуге болады деп ойлайды, сондықтан индустриализацияның капиталистік әдістерінің жолына, шаруаларға «отар» ретінде, пролетарлық мемлекеттің «қанайтын» объектісі ретінде карау жолына бой ұрып отыр, сөйтіп, тек кана индустрияның шаруа шаруашылығымен байланысын бұзатын, кедейлер мен орташаның экономикалық хал-жайын нашарлататын және индустриализацияның орнықты негіздерін қыйрататын индустриализация шараларын ұсынып отыр (шаруаларға салық қысымын күшейту, өнеркәсіп товарларының сату бағасын арттыру, т. т.).

Пролетариат пен шаруалар арасындағы одақ идеясына және бұл одақта пролетариат гегемониясы болсын деген идеяға оппозицияның теріс көзқараста, — социал-демократиялық көзқараста болуы осыдан.

в) Біз мына пікірге сүйенеміз: партия, коммунистік партия, пролетариат диктатурасының негізгі құралы болып табылады, бір партияның басшылығы, өз басшылығын басқа партиялармен бөліспейтін және бөлісе алмайтын партияның басшылығы негізгі шарт болып табылады, бұл шарт болмайынша пролетариаттың

азды-көпті берік және дамыған диктатурасы мүмкін емес. Сондықтан біз партиямыздың ішінде фракциялардың өмір сүруіне жол берілмеуі керек деп есептейміз, өйткені өзінен өзі айқын партияның ішінде ұйымдасқан фракциялардың болуы біртұтас партияны қаз-қатар ұйымдарға бөлшектейді, елімізде жаңа партияның немесе жаңа партиялардың ұрықтары мен ұяларын туғызады, демек, пролетариат диктатурасын ыдыратады.

Ал оппозиция, бұл қағыйдаларға ашық қарсы болмаса да, өзінің практикалық жұмысында партияның бірлігін әлсірету қажеттігіне, партия ішінде фракциялар бостандығының қажеттігіне, демек, — жаңа партия үшін элементтер құрастыру қажеттігіне сүйенеді.

Оппозициялық одақтың практикалық жұмысында жікшілдік саясат жүргізілуі осыдан.

Партиядағы «режим» туралы оппозицияның байбалам салуы осыдан; ал мұның өзі шындығында еліміздегі пролетар емес элементтердің пролетариат диктатурасы режиміне қарсы наразылықтарының көрінісі болып табылады.

Екі партия туралы мәселенің тууы осыдан.

Оппозициямен біздің алауыздықтардың жалпы жыйынтығы міне осындай, жолдастар.

IV
ОППОЗИЦИЯНЫҢ ӘРЕКЕТІ

Енді бұл алауыздықтар практикалық жұмыста қалай көрінгені туралы мәселеге көшейік.

Сонымен, өзінің практикалық жұмысында, партияға қарсы өз күресінде біздің оппозиция іс жүзінде қалай көрінді?

Өздеріңізге мәлім, оппозиция тек біздің партияда ғана емес, сонымен қатар Коминтерннің басқа секцияларында да, Германияда, Францияда, т. т. әрекет жасады. Сондықтан мәселені былайша қою керек: оппозицияның және оның БК(б)П ішіндегі, сондайақ Коминтерннің басқа да секцияларының ішіндегі жақтастарының практикалық жұмысы іс жүзінде қалай көрінді?

а) **Оппозицияның және оның жолын қуғандардың БК(б)П ішіндегі практикалық жұмысы.** Оппозиция **өз** «жұмысын» партияға ең ауыр айыптар тағудан бастады. Оппозиция: партия «оппортунизмнің жолына түсіп барады» дегенді айтты. Оппозиция: партияның саясаты «революцияның таптық жолына қайшы келеді» деді. Оппозиция: партия азғындап барады, термидорға қарай беталып барады деді. Оппозиция: біздің мемлекет «тіпті де пролетарлық мемлекет емес» дегенді айтты. Осының бәрі не ашық декларациялар мен оппозиция өкілдерінің сөздерінде айтылды (Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының 1926 жылғы июль пленумы), не өз жақтастары таратқан, оппозицияның құпыя документтерінде айтылды.

Ал, партияға қарсы осы ауыр айыптарды таққанда, оппозиция осы арқылы партия ішінде қатарлас жаңа ұялар ұйымдастыру үшін, партияның қатарлас жаңа орталық орнын ұйымдастыру үшін, жаңа партия жасау үшін жағдай әзірледі. Оппозиция жақтастарының бірі Оссовский мырза өз мақалаларында тіке былай деді: кәзіргі партия, біздің партия, капиталистердің мүдделерін қорғайды, сондықтан жаңа партия ұйымдастыру қажет, «таза пролетарлық партия» ұйым-

дастыру қажет, бұл партия кәзіргі партиямен қатар өмір сүріп, әрекет жасауға тиіс деді.

Оппозиция Оссовскийдің позициясы үшін біз жауап бермейміз дер. Бірақ бұлай деу дұрыс емес. Оппозиция Оссовский мырзаның «қайраткерлігі» үшін түгел, толық жауапты. Өздеріңізге белгілі, Оссовский өзін ашықтан-ашық оппозицияның жақтастарына жатқызып келді, ал оппозиция бұған бір рет те қарсы болып көрген емес. Сонсын, бір белгілі нәрсе, Орталық Комитеттің июль пленумында Троцкий Молотов жолдаска қарсы шығып Оссовскийді қорғады. Акырында, тағыда бір белгілі нәрсе, партияның Оссовскийге қарсы бір пікірде болуына қарамастан, оппозиция Орталық Комитетте Оссовскийдің партиядан шығарылуына қарсы дауыс берді. Осының бәрі Оссовскийдің «қайраткерлігі» үшін моральдық жауапкершілікті оппозицияның өз мойнына алғанын көрсетеді.

Қортынды: БК(б)П ішіндегі оппозицияның практикалық жұмысы Оссовскийдің позициясынан, оның елімізде, БК(б)П-мен қатар және соған қарсы жаңа партия құру қажет деген позициясынан көрінді.

Басқаша болуы мүмкін емес те еді. Өйткені екінің бірі:

не оппозиция, партияға осы ауыр айыптарды тақканда, өзі бұл айыптардың елеулілігіне сенген жоқ, бұларды тек қыр көрсету үшін ғана тақты, — онда оппозиция жұмысшы табын адастырған болып **шыға**ды, ал мұның өзі қылмысты нәрсе;

не оппозиция өз айыптауларының елеулілігіне сенді және әлі де сеніп келеді, — онда оппозиция партияның басшы кадрларын талқандауға, жаңа партия

күруға беталуы керек еді, шынында солай беталды да.

БК(б)П-ға қарсы өзінің практикалық жұмысында 1926 жылғы октябрьде біздің оппозицияның бет-әлпеті осындай болды.

б) **Оппозицияның герман компартиясындағы жақтастарының практикалық жұмысы.** Біздің оппозицияның партияға таққан айыптарына сүйене отырып, Германиядағы Корш мырза бастаған «әсіресолшылдар» өздерінің «келесі» қортындыларын жасап, ойындағыларын айтып салды. Өздеріңізге белгілі, Корш, Германиядағы «әсіресолшылдардың» осы идеологі біздегі социалистік өнеркәсіпті «таза капиталистік өнеркәсіп» болып табылады дейді. Тағыда бір белгілі нәрсе, Корш біздің партияны «кулакшылданған» партия деп, ал Коминтернді — «оппортунистік» ұйым деп атайды. Онан соң, бір белгілі нәрсе, осыған байланысты Корш ССР Одағындағы кәзіргі өкіметке қарсы «жаңа революция» қажет деп уағыздайды.

Оппозиция Корштің позициясы үшін біз жауап бермейміз дер. Бірақ бұлай деу дұрыс емес. Оппозиция Корш мырзаның «қайраткерлігі» үшін түгел, толық жауапты. Корштің айтып отырғаны партияға тағылған белгілі айыптар түрінде біздің оппозиция басшыларының өз жақтастарына ұсынып жүрген алғышарттарынан шыққан табиғи қортынды болып табылады. Өйткені егер партия оппортунизмнің жолына түсіп бара жатқан болса, егер оның саясаты революцияның таптық жолынан ауа жайылып кетіп отырған болса, егер оның өзі азғындап, термидорға бара жатқан болса, ал біздің мемлекет «тіпті де пролетарлық мемлекет емес» болса, онда бұдан шығатын бір ғана

қортынды — «кулакшылданған» өкіметке қарсы жаңа революция жасау болмақ. Оның үстіне, бір белгілі нәрсе, Германиядағы «әсіресолшылдар», оның ішінде веддингшілдер[17] де, Корштің партиядан шығарылуына қарсы дауыс берді, сөйтіп Корштің контрреволюциялық насихаты үшін моральдық жауапкершілікті өз мойындарына алды. Ал «әсіресолшылдардың» БК(б)П ішіндегі оппозицияны жақтайтынын кім білмейді?

в) **Оппозицияның Франциядағы жақтастарының практикалық жұмысы.** Оппозицияның Франциядағы жақтастары туралы да дәл осыны айту керек. Менің айтып тұрғаным Франциядағы белгілі журналда қызмет етуші Суварин мен оның тобы. Партияға таққан өз айыптарында біздің оппозиция ұсынған алғышарттарға сүйене отырып, Суварин мынадай қортындыға келеді: партиялық бюрократия, партиядағы басшылар тобы революцияның негізгі жауы болып табылады дейді. Сувариннің айтуынша, «аман қалудың» жолы тек мынада ғана болмақ: партия құрамы мен өкімет құрамындағы басшылар тобына қарсы жаңа революция жасау керек, ең алдымен, БК(б)П Орталық Комитетінің Секретариатына карсы жаңа революция жасау керек дейді. Анау, Германиядағылар — ССР Одағындағы кәзіргі өкіметке қарсы «жаңа революция» керек дейді. Мынау, Франциядағылар — Орталық Комитеттің Секретариатына қарсы «жаңа революция» керек дейді. Ал осы жаңа революцияны қалай ұйымдастыру керек? Жаңа революцияның мақсаттарына ыңғайланған ерекше партия болмайынша мұны ұйымдастыруға бола ма? Әрине, болмайды. Жаңа партияны құру туралы мәселе осыдан туып отыр.

Оппозиция Сувариннің жазғандары үшін біз жауап

бермейміз дер. Бірақ бұлай деу дұрыс емес. Біріншіден, белгілі нәрсе, Суварин және оның тобы оппозицияның, әсіресе оның троцкистік бөлегінің жақтастары болып табылады. Екіншіден, белгілі нәрсе, тіпті таяуда ғана оппозиция Суварин мырзаны Франция компартиясы орталық органының редакциясына орналастыру жөнінде жоба жасаған болатын. Рас, бұл жобаның сәті түспеді. Бірақ бұл біздің оппозицияның кінәсі емес, соры.

Сонымен былай болып шығады: оппозиция өзінің практикалық жұмысында, егер оппозицияны оның өзін өзі суреттеген түрінде емес, бізде, ССР Одағында болсын, Франция мен Германияда болсын жұмыс үстінде көрініп отырған түрінде алатын болсақ, — сонымен, деймін мен, оппозиция өзінің практикалық жұмысында партиямыздың кәзіргі кадрларын талқандап, жаңа партия құру туралы мәселеге тікелей жақындап келді.

V

ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫНЫҢ ЖАУЛАРЫ ОППОЗИЦИЯНЫ НЕ ҮШІН МАҚТАП ОТЫР

Социал-демократтар мен кадеттер оппозицияны нё үшін мақтап отыр?

Немесе басқаша айтқанда — оппозиция кімнің ниетін білдіреді?

Сіздер, бәлкім, байқаған боларсыздар, соңғы кезде «орыс мәселесі» дейтін мәселе Батыстағы социал-демократиялық баспасөз бен буржуазиялық баспасөздің күнделікті мәселесі болды. Бұл кездейсоқ нәрсе ме? Әрине, кездейсоқ нәрсе емес. ССР Одағында со-

циализмнің өсуі және Батыста коммунистік қозғалыстың өріс алуы буржуазияның арасында және жұмыстың табындағы оның агенттері — социал-демократиялық басшылардың арасында зор дүрбелең туғызбай қоймады. Революция мен контрреволюцияның арасындағы шектің бір жағындағылар енді ССР Одағындағы пролетарлық партия жөнінде өршелене өшпенділік көрсетсе, екінші жағындағылар жолдастық достық білдіріп отыр. «Орыс мәселесінің» халықаралық улы маңызы кәзір факт болып табылады; коммунизм жаулары енді бұл фактымен санаспай тұра алмайды.

«Орыс мәселесінің» төңірегінде екі майдан: Советтер Республикасы дұшпандарының майданы мен оның жан аямас достарының майданы құрылды. Советтер Республикасы дұшпандарының көздейтіні не? Олар пролетариат диктатурасымен күресу үшін халықтың қалың бұқарасы ішінде идеялық және моральдық алғышарттар жасауды көздейді. Советтер Республикасы достарының көздейтіні не? Олар Советтер Республикасын қолдау үшін, қорғау үшін пролетариаттың қалың топтарының арасында идеялық және моральдық алғышарттар жасау мақсатын көздейді.

Социал-демократтар мен орыстың буржуазиялық эмиграциясындағы кадеттер біздің оппозицияны не үшін мақтайды екен, енді соны қарап көрейік.

Мәселен, Германиядағы социал-демократияның белгілі басшысы Пауль Леви былай дейді:

«Біз мынадай пікірде болдық: жұмысшылардың ерекше мүдделері, сайып келгенде социализм мүдделері шаруашылық меншіктің болуымен қайшы келеді, жұмысшылар мен шаруалар мүдделерінің бірлігі тек бұлдыр нәрсе болып табылады, сондықтан орыс революциясының келешекте дамуы бұл қайшылықты шие-

леністіріп, неғұрлым айқындата түседі. Мүдделер бірлігі деген идеяны біз коалиция жөніндегі өзгерген идея деп есептейміз. Егер тегінде марксизмде ең болмағанда зәредей жүйелілік болатын болса, егер тарих диалектика жолымен дамыйтын болса, онда бұл қайшылық коалиция идеясын оның Германияда әлдеқашан талқандалғанындай талқандауға тиісті еді... ССР Одағындағы оқыйғаларға бір шеттен, Батыс Европадан көз салып отырған біздер үшін айқын нәрсе: **біздің көзқарасымыз оппозицияның көзқарасымен үйлеседі**... Белгілі бір факт — Россияда дербес, антикапиталистік қозғалыс тап күресі ұранымен қайтадан басталып отыр» («Лейпцигер Фольксцейтунг», 30 июль, 1926 ж.).

Мұнда, осы цитатада, жұмысшылар мен шаруалар мүдделерінің «бірлігі» жөніндегі мәселеде алжасушылық бар екені — айқын нәрсе. Ал Пауль Левидің біздің оппозицияны оның жұмысшылар мен шаруалар блогі идеясына қарсы, жұмысшылар мен шаруалардың одағы идеясына қарсы күрескені үшін мақтап отырғаны — бұл да күмәніз нәрсе.

ССР Одағында капитализмді қайта орнатуды көксейтін «орыс» социал-демократиясының басшысы, «орыс» меньшевиктерінің басшысы әйгілі Дан біздің оппозиция туралы былай дейді:

«Қәзіргі құрылыс жөніндегі, социал-демократияның сынын сөзбе-сөз дерлік қайталайтын өз сыны арқылы большевиктік оппозиция ақыл-сананы әзірлеп... социал-демократияның тиімді платформасын қабылдатқалы жүр».

Ал сонсын:

«Оппозиция тек жұмысшы бұқарасының арасында ғана емес, коммунист жұмысшылардың арасында да мынадай идеялар мен ниеттердің ұрықтарын өсіруде: егер баптап күтсе, бұл ұрықтар оп-оңай социал-демократиялық жемістер бере алады» («Социалистический Вестник» № 17—18).

Айқын шығар деймін.

Ал Милюковтың контрреволюцияшыл буржуазиялық партиясының орталық органы «Последние Новости»[18] біздің оппозиция туралы былай деп жазды:

«Бүгін оппозиция диктатураны әлсіретіп отыр, оппозицияның әрбір жаңа баспасы барған сайын «қорқынышты» сөздерді айтуда, оппозицияның өзі үстем системаға барған сайын қатты тегеурін көрсету жағына эволюция жасауда, сондықтан оппозицияны саяси наразы халықтың қалың бұқарасының жаршысы ретінде алғыспен қабыл алу үшін осының өзі әзірінше жеткілікті» («Последние Новости» № 1990).

Ал сонсын:

«Совет өкіметіне байқаусыз жылжып баратын, оны өзінің қармауларымен жан-жақтан қармап алатын, сөйтіп жойылғанын байқап үлгіргенше оны жойып жіберетін адам кәзір Совет өкіметінің ең қорқынышты жауы болып табылады. Біз әлі де бастан кешіріп болмаған әзірлік дәуірінде сөзсіз, өте керекті дәл осы рольді советтік оппозиция атқарып отыр» («Последние Новости» № 1983, быйылғы 27 август).

Менің ойымша, бұл арада түсіндіріп жатудың қажеті жоқ.

Ондаған, жүздеген осындай цитаталар келтіруге мүмкіндік бола тұрса да, уақыттың аздығынан мен тек осы цитаталармен ғана тынамын.

Социал-демократтар мен кадеттер біздің оппозицияны міне осы үшін мақтап отыр.

Бұл кездейсоқ нәрсе ме? Жоқ, кездейсоқ нәрсе емес.

Бұдан көрінетін нәрсе — оппозиция еліміздің пролетариатының ниеттерін көрсетпейді, пролетариат емес элементтердің, пролетариат диктатурасына наразы, пролетариат диктатурасына өшіккен және оның ыды-

рауын, оның құлауын тықыршып күтіп отырған элементтердің ниеттерін білдіреді.

Сонымен, біздің оппозицияның фракциялық күресінің логикасы іс жүзінде мынаған әкеліп соқты: біздің оппозицияның майданы шынында пролетариат диктатурасы дұшпандары мен жауларының майданымен қосылып кетті.

Оппозиция мұны қалады ма? Бәлкім, мұны қаламаған болу керек. Бірақ бұл арада істің тетігі оппозицияның нені қалағанына байланысты емес, істің тетігі оның фракциялық жұмысы шынында неге апарып соғатынына байланысты болып отыр. Фракциялық күрестің логикасы белгілібір адамдардың тілектерінен гөрі күштірек. Дәл сондықтан да істің жайы былай болып шықты: оппозицияның майданы іс жүзінде пролетариат диктатурасы дұшпандары мен жауларының майданымен қосылып кетті.

Ленин бізге коммунистердің негізгі міндеті — пролетариат диктатурасын қорғап, нығайтуда деп үйреткен еді. Ал істің беталысы былай болды: оппозиция фракцияшылдық саясат жүргізгендіктен пролетариат диктатурасы дұшпандарының лагерінде болып шықты.

Міне сондықтан біз оппозиция ленинизмнен теория жүзінде ғана емес, практика жүзінде де қол үзді деймiз.

Басқаша болуы мүмкін де емес еді. Капитализм мен социализм арасындағы күрес майданындағы күштердің арасалмағы сондай, жұмысшы табының қатарында екі саясаттың бірі ғана: не коммунизмнің саясаты, не социал-демократизмнің саясаты бола алады. БК(б)П-ға қарсы күресті күшейткенде оппозицияның үшінші позицияда болуға әрекеттенуі сөзсіз мынамен

оптынуға тиісті еді: фракциялық күрестің беталысы оппозицияны ленинизм дұшпандарының лагеріне лақтырып тастады.

Жоғарыда келтірілген фактыларға қарағанда, істің жайы нақ осылай болып шықты.

Социал-демократтар мен кадеттер оппозицияны міне осы үшін мақтап отыр.

VI

ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ЖЕҢІЛУІ

Мен жоғарыда оппозиция партияға қарсы өзінің күресінде партияға ең ауыр айыптар таққанын айттым. Мен өзінің практикалық жұмысында оппозиция партияны жікке бөліп, жаңа партия құру туралы мәселенің дәл табалдырығына таянғандығын айттым. Бұдан туатын сұрақ — оппозиция осы жікшілдік позициясында қаншалық ұзақ бекініп тұра алды? Фактылардың көрсетуінше, оппозиция бұл позицияда небәрі бірнеше ай ғана бекініп тұра алды. Фактылардың көрсетуінше, быйылғы октябрьдің бас кезінде оппозиция өзінің жеңілгенін мойындап, шегінуге мәжбүр болып шықты.

Оппозицияның шегінген себебі не?

Менің ойымша, оппозицияның шегінген себептері мыналар.

Біріншіден, оның себебі — ССР Одағында оппозицияның өз саяси армиясы болған жоқ. Жаңа партия құрудың өзі қызығарлық міндет болуы өте ықтимал. Бірақ айтыстан кейін партияны құраралық ешкім жоқ болып шыққан кезде, бірден-бір жол шегіну екені айқын болды.

Екіншіден, оның себебі — фракциялық күрестің барысында бізде, ССР Одағында болсын, шетелдерде болсын, оппозицияға әралуан лас элементтер келіп қыстырылды, ал Социал-демократтар мен кадеттер оны барынша мақтай бастады, өз сүйістері арқылы жұмысшылар алдында оппозицияның абройын төгіп, масқаралады. Оппозицияға бірін таңдау ғана қалды: не жаулардың осы мақтаулары мен сүйістерін, лайықты сый деп, қабыл алуы керек еді, не оппозицияға келіп қыстырылған лас құйыршықтардың өзінен өзі қалып қоюы үшін, шегіну жағына кілт бет бұру керек еді, кейін шегінген және өзінің шегінгенін мойындаған оппозиция екінші жолды өзіне бірден-бір қолайлы жол деп тапты.

Үшіншіден, оның себебі — ССР Одағындағы жағдай оппозицияның күткенінен гөрі жақсы болып шықты, ал партиялық бұкара күрестің бас кезінде оппозицияның ойлағанынан гөрі саналы, ұйымшыл болып шықты. Әрине, егер елімізде дағдарыс болған болса, егер жұмысшылардың наразылығы өсе түскен болса, егер партияның ұйымшылдығы кем болған болса, — онда оппозиция басқа жолмен жүрген болар еді және шегінуге бел байламас еді. Ал фактылар бұл салада да оппозицияның есебі іске аспай қалғанын көрсетіп берді.

Оппозицияның жеңілуі осыдан.

Оның шегінуі осыдан.

Оппозицияның жеңілуінде үш кезең болды.

Бірінші кезең — оппозицияның 1926 жылғы 16 октябрьдегі «мәлімдемесі». Оппозиция бұл документте фракциялар бостандығы жөніндегі теория мен практикадан және күрестің фракциялық әдістерінен бас-

тартып, бұл саладағы өз қателерін ашық, айқын мойындады. Бірақ оппозиция тек бұдан ғана бастартып қойған жоқ. Ол өз «мәлімдемесінде» «жұмысшы оппозициясынан» және әртүрлі Корштер мен Суварин-дер сыяқтылардан безетінін айтты, сондықтан осы арқылы оппозиция таяуда өзін осы ағымдармен жақындастырып жүрген өзінің идеялық позицияларынан да бастартты.

Екінші кезең — оппозицияның таяуда партияға таққан айыптарынан факт жүзінде бастартуы. Мойындайтын, мойындаған соң, атап көрсететін нәрсе — оппозиция БК(б)П XV конференциясында партияға карсы өз айыптауларын қайталауға батпады. Егер Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының июль пленумы протоколдарын БК(б)П XV конференциясының протоколдарымен салыстырсақ, онда XV конференцияда оппортунизм, термидорлық, революцияның таптық жолынан ауа жайылғандық деген, т. с. ескі айыптаулардан із де қалмағанын атап өтпеуге болмайды. Егер, сонымен қабат, бірсыпыра делегаттардың ескі айыптаулар туралы оппозицияға сұрақ қойғанын, ал оппозицияның бұл жөнінде жұмған аузын ашпағанын еске алсақ, онда оппозицияның партияға қарсы өзінің ескі айыптауларынан іс жүзінде бастартқанын мойындамауға болмайды.

Бұл жағдайды оппозицияның өзінің бірқатар идеялық позицияларынан факт жүзінде бастартқандығы деп бағалауға бола ма? Болады да, керек те. Мұның өзі жеңіліске ұшыраған оппозицияның жауынгерлік туын әдейі бүктегендігі болып табылады. Басқаша болуы мүмкін де емес еді. Айыптар таққанда оппози-

ция жаңа партия құрамыз деп есеп жасаған еді. Бірақ бұл есептері былай қалғаннан кейін — таққан айыптары да, ең болмағанда уақытша, былай қалуға тиісті болды.

Үшінші кезең — БК(б)П XV конференциясында оппозицияның толық оқшау қалдырылуы болды. Көрсетіп өту керек, оппозиция XV конференцияда **бірде-бір** дауыс алмады, сөйтіп, толық оқшау қалдырылды. Быйыл сентябрьдің аяқ кезінде, жорыққа аттанғанда, партияға қарсы ашық жорыққа аттанғанда, оппозицияның көтерген айқай-шуын еске түсіріңіз де, осы даурықпалы айқайды мына фактымен — XV конференцияда оппозицияның, былайша айтқанда, жападан жалғыз қалғандығымен салыстырыңыз, сонда сіз оппозицияның бұдан «жақсы» жеңілуін тілеуге болмайтынын түсінесіз.

Оппозицияның партияға қарсы өз айыптауларынан іс жүзінде бастартқандығын, делегаттардың талап еткеніне қарамастан XV конференцияда бұл айыптарды қайталауға батпағанын бекер деуге бола ма?

Жоқ, болмайды, өйткені мұның өзі факт.

Оппозицияның бұл жолға түскен себебі не, оның өз туын бүктеген себебі не?

Себебі — оппозицияның идеялық туын жаю дегеннің мәнісі қалайда, сөзсіз, екі партия жөніндегі теория болып шығады, қайдағыбір Кацтерді, Корштерді, Масловтарды, Сувариндерді және басқа лас элементтерді жандандырғандық болады, еліміздегі антипролетарлық күштерді өршіткендік болады, социал-демократия мен орыс эмиграциясындағы либерал буржуалардың мақтаулар айтып, сүйгендігі болады.

Оппозицияның идеялық туы оппозицияны өлтіреді, — мәселе міне осында, жолдастар.

Сондықтан, біржола шіріп кетпеу үшін, оппозиция шегінуге және өз туын лақтырып тастауға мәжбүр болды.

Оппозициялық одақтың жеңілу негізі осында.

VII

БК(б)П XV КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ МАҒНАСЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Мен аяқтаймын, жолдастар. Мен БК(б)П XV конференциясының мағнасы мен мазмұны жөніндегі қортындылар туралы тек бірнеше ғана сөз айтпақшымын.

Бірінші қортынды — конференция XIV съезден кейінгі партия ішіндегі күрестің қортындысын жасады, партияның оппозицияны қыйратқан жеңісін баянды етті және, оппозицияны оқшау қалдырып өткен дәуірде біздің партия жөнінде оппозицияның қолданған фракциялық былығына тыйым салды.

Екінші қортынды — конференция күрылысымыздың социалистік перспективасы негізінде, партиямыздағы барлық оппозициялық ағымдарға қарсы, партиямыздағы барлық уклондарға қарсы, социалистік күрылыстың жеңуі жолындағы күрес идеясының негізінде біздің партияны бұрын болып көрмеген дәрежеде нық біріктірді.

Партиямыздағы кәзіргі ең келелі мәселе — елімізде социализм орнату мәселесі. Бізге, біздің шаруашылық күрылысымызға, біздің күрылыс майданындағы табыстарымызға бүкіл дүние жүзі көз салып отыр деген Лениннің пікірі өте дұрыс еді. Ал осы майданда

табыстарға жету үшін пролетариат диктатурасының негізгі құралы — біздің партия осы іске дайын болуы қажет, осы міндеттің маңыздылығын ұғынуы қажет және елімізде социалистік құрылыстың жеңуінің тұтқасы бола білуі керек. XV конференцияның мағнасы мен маңызы — оның өзі біздің партияны елімізде социалистік құрылыстың жеңетіні жәніндегі идеямен қаруландыру ісін жүзеге асырып, баянды етті.

Үшінші қортынды — конференция біздің партиядағы барлық, әралуан идеялық ауытқуларға үзілді-кесілді соққы берді, сөйтіп БК(б)П ішінде ленинизмнің толық салтанат құруын оңайлатты.

Егер Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумы БК(б)П XV конференциясының қарарларын ұнатып, біздің партияның оппозиция жөніндегі саясатын дұрыс деп табатын болса, ал мен бұл жөнінде ешбір күмәнданбаймын, онда мұның өзі төртінші қортындыға келтіреді — XV конференция бүкіл Коминтернде, барлық елдер мен халықтардың революцияшыл пролетариатының қатарында ленинизмнің салтанат құруы үшін қажетті кейбір өте маңызды жағдайлар әзірледі деген қортындыға келтіреді. (Ду қол шапалақтау Бүкіл пленум овация жасайды).

ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

13 декабрь

I
ЖЕКЕ ПІКІРЛЕР

1. Бізге өтіріктер мен өсектер емес, фактылар керек

Жолдастар! Мәселенің мазмұнына көшуден бұрын, оппозицияның мәлімдемелеріне, не фактыларды бұрмалап отырған, не өтірік-өсек болып табылатын мәлімдемелеріне кейбір фактылы түзетулер жасауыма рұхсат етіңіздер.

1) Бірінші мәселе — Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумында оппозицияның бой көрсетуі туралы мәселе. Оппозиция былай деді: оның бой көрсетуге бел байлаған себебі — БК(б)П Орталық Комитеті оппозицияның бой көрсетуі оппозицияның 1926 жылғы 16 октябрьдегі «мәлімдемесін» бұзуы мүмкін деп тікелей нұсқау берген жоқ, ал егер Орталық Комитет бой көрсетуге тыйым салған болса, онда оппозиция басшылары бой көрсетуге бел байламаған болар еді деді.

Онан соң, оппозиция былай деді: осында, кеңейтілген пленумда шығып сөйлегенде, оппозиция күресті шиеленістірмеу үшін барлық шараны қолданады, ол тек жәй «түсініктер» берумен тынады, партияға қарсы шабуыл жасау, құдай сақтасын, оның ойында да жоқ,

партияға кандай да болса айыптар тағу және оның қарарларына шағым ету ниеті, құдай сақтасын, оппозицияда ешбір болған жоқ деді.

Мұның бәрі дұрыс емес, жолдастар. Мұның өзі шындыққа мүлде үйлеспейді. Мұның өзі оппозицияның екіжүзділігі. Фактылардан көрінген нәрсе, әсіресе Каменевтің сөзінен көрінген нәрсе, кеңейтілген пленумда оппозиция басшыларының сөйлеген сөздері «түсініктер» емес, партияға қарсы шабуыл жасағандық, партияға тиісушілік болды.

Партияны оңшылдық уклон жөнінде айыптау туралы ашық мәселе қоюдың мәнісі не? Мұның мәнісі партияға карсы шабуыл жасағандық, мұның мәнісі партияға карсы әрекет істегендік.

БК(б)П Орталық Комитеті өзінің қаулысында оппозицияның бой көрсетуі күресті шиеленістіреді, фракциялық күреске қозғау салады деп көрсеткен жоқ па? Я, көрсеткен болатын. Мұның өзі БК(б)П Орталық Комитетінің оппозицияға жасаған ескертуі еді. Орталық Комитет бұдан әрі бара алды ма? Жоқ, бара алмады. Неге? Неге десеңіз, Орталық Комитет сөйлеуге тыйым салған жоқ. Партияның қарары жөнінде жоғарғы орынға шағым беруге партияның әрбір мүшесінің правосы бар. Орталық Комитет партия мүшесінің осы правосымен санаспай тұра алған жоқ. Олай болса, БК(б)П Орталық Комитеті күрестің қайтадан шиеленісуіне, фракциялық күрестің қайтадан күшеюіне тыйым салу үшін қолдан келген нәрсенің бәрін істеді.

Оппозиция басшылары, және де олар Орталық Комитеттің мүшелері, өздерінің бой көрсетуі өз партиясының қарарларына қарсы шағымға, партияға қар-

сы әрекетке, партияға тиісушілікке айналмай қоймайтынын білуге тиісті еді.

Сонымен, оппозицияның бой көрсетуі, әсіресе Каменевтің бой көрсетуі, ал мұның өзі оның жеке басының бой көрсетуі емес, бүкіл оппозициялық одақтың бой көрсетуі болды, өйткені оның жазба түрде оқыған сөзіне Троцкий, Каменев және Зиновьев қол қойған, — Каменевтің міне осы бой көрсетуі оппозициялық одақтың 1926 жылғы 16 октябрьдегі «мәлімдемеден» өтіп, күрестің фракциялық әдістерінен оппозиция бастартқан кезден өтіп оппозицияның өмір сүруінің жаңа дәуіріне қарай, партияға қарсы күрестің фракциялық әдістеріне оппозиция қайтадан оралған кезге қарай дамуындағы бетбұрыс кезеңі болып табылады.

Бұдан шығатын қортынды: оппозиция, күрестің фракциялық әдістеріне қайта оралып, 1926 жылғы 16 октябрьдегі өз «мәлімдемесін» бұзды.

Осылай деп жазып қояйық, жолдастар. Екі жүзділікке салынбау керек. Каменевтің мысықты мысық деп атау керек дегені дұрыс. (Дауыстар: «Дұрыс!» «Ал шошқаны шошқа деп атау керек».)

2) Троцкий өз сөзінде «Сталин февраль революциясынан кейін қате тактиканы уағыздады, ал Ленин мұны каутскийшілдік уклон деп бағалаған болатын» деді.

Бұл дұрыс емес, жолдастар. Бұл — өсек. Сталин ешқандай каутскийшілдік уклонды «уағыздаған» емес. Айдаудан қайтып келгеннен кейін менде кейбір қобалжулық болғанын мен жасырған емеспін және бұл туралы «Октябрь жолында» деген өз кітапшамда өзім жазғанмын. Бірақ өткінші сыяқты қобалжулық біздің

қайсымызда болмады дейсіз. Ал 1917 жылғы Ленинніқ позициясы мен оның апрель тезистерін[19] алатын болсақ, — бұл арада әңгіме нақ осы туралы болып отыр, — мен ол кезде Лениннің тезистеріне қарсы күрескен Каменевке және оның тобына қарсы Ленин жолдаспен бірге болдым, мұны партия әбден жақсы біледі. Партиямыздың 1917 жылғы Апрель конференциясының протоколдарымен таныс адамдар менің Ленинмен бірге болып, Каменевтің оппозициясына қарсы күрескенімді білмеуі мүмкін емес.

Мұндағы фокустың мәнісі, Троцкий мені Каменевпен шатастырып алған. (Күлкі. Қол шапалақтау.)

Ол кезде Каменев Ленинге қарсы, оның тезистеріне карсы, партияның көпшілігіне қарсы оппозицияда болып, қорғампаздықпен шектесетін көзқарасты дамытты. Ол кезде Каменевтің «Правдада», мәселен, март айында, қорғампаздық сыйпатта мақалалар жазғаны рас, ал мен бұл мақалалар үшін, әрине, ешбір жауапты бола алмаймын.

Троцкийдің қырсығы — бұл арада ол Сталинді Каменевпен шатастырып алған.

Ал ол кезде, 1917 жылғы Апрель конференциясының кезінде, партия Каменевтің тобына карсы күрес жүргізген кезде Троцкий қайда болды, ол қай партияны мекен етті — солшыл меньшевиктік партияны ма әлде оңшыл меньшевиктік партияны ма, және де ол кезде оның солшыл Циммервальдтің[20] катарында болмаған себебі не, — бұл туралы Троцкий бізге айтып берсінші, тым болмаса баспасөз бетінде айтсын. Бірақ ол кезде біздің партияда оның өзі болған жоқ, — бұл фактыны Троцкийдің ұмытпауы керек еді.

3) Троцкий өзінің сөзінде «ұлт мәселесінде Сталин өте ірі қате жасады» деді. Қандай жағдайларда жасалған, қандай қате екенін Троцкий айтқан да жоқ.

Бұл дұрыс емес, жолдастар. Бұл — өсек. Ұлт мәселесі жөнінде менің партиямен немесе Ленинмен ешқандай келіспеушілігім болған емес. Сірә, бұл арада Троцкийдің айтқаны мынадай бір болмашы оқыйға болуы керек: партиямыздың XII съезі алдында Ленин жолдас маған: таяуда Францияда сауда өкілі болған Мдивани сыяқты грузиннің жартылай ұлтшылдары, жартылай коммунистері жөнінде сіз тым қатал ұйымдастыру саясатын жүргізіп отырсыз, оларды «қудалап» жүрсіз деген болатын. Алайда онан кейінгі фактылар мынаны көрсетті: «уклонистер» деп аталатындар, Мдивани сыяқты адамдар іс жүзінде, партиямыздың Орталық Комитеті секретарьларының бірі менен көрген каталдықтан да анағұрлым артық қатал қарауға лайықты адамдар болып шықты. Онан кейінгі жағдайлар «уклонистердің» ең әйгілі оппортунизмның шіруге айналған фракциясы екенін көрсетті. Олай емес деп Троцкий дәлелдеп көрсінші. Ленин бұл фактыларды білген жоқ-ты және білуі мүмкін де емес еді, өйткені ол науқастанып, төсекте жатқан болатын, сондықтан оқыйғаларды қадағалап отыруға мүмкіндігі болған жоқ. Бірақ Сталиннің принциптік позициясына осы болмашы оқыйғаның қандай қатысы болмақ? Троцкий, анығында, бұл арада мені мен партия арасында әлденендей «алауыздықтар» болған-ды деп өсекшілдікке салынып отыр. Бірақ Орталық Комитет түгелінен, оның ішінде Троцкий де, Сталиннің ұлт мәселесі жөніндегі тезистеріне бірауыздан дауыс бергені факт емес пе? Осы дауыс берудің өзі Мдива-

ни жайында болған оқыйғадан кейін, партиямыздың XII съезі алдында болған факт емес пе? XII съезде ұлт мәселесі жөніндегі баяндамашы басқа ешкім де емес, дәл Сталиннің болғаны факт емес пе? Мұнда ұлт мәселесі жөніндегі «алауыздықтар» қайсы және осы болмашы оқыйғаны ауызға алу Троцкийге, тегінде, не үшін керек болды екен?

4) Каменев өз сөзінде партиямыздың XIV съезі «сол жаққа оқ атып», яғни оппозицияға қарсы оқ атып қате жіберді дегенді айтты. Демек, партия партияның революциялық ұйтқысына қарсы күресіп келіпті және әлі де күресіп отыр екен. Демек, біздің оппозиция оңшыл емес, солшыл екен.

Мұның бәрі бос сөз, жолдастар. Мұның өзі біздің оппозиционерлердің таратып жүрген өсегі. XIV съезд революцияшыл көпшілікке қарсы оқ атуды ойлаған жоқ және оқ атуы мүмкін де емес еді. Шынында съезд оңшылдарға қарсы, «солшылдық» тон жамылғанымен, оңшыл оппозиция болып табылатын біздің оппозиционерлерге қарсы оқ атты. Әрине, оппозиция өзін өзі «революцияшыл солшыл» деп есептеуге бейім тұрады. Ал партиямыздың XIV съезі, керісінше, былай деп анықтады: оппозиция тек «солшылдық» желсөзбен бүркеніп отыр, ал шындығында оның өзі оппортунистік оппозиция болып табылады деді. Жұмысшы табын алжастыру үшін оңшыл оппозицияның көбінесе «солшылдық» тон жамылатынын біз білеміз. «Жұмысшы оппозициясы» да өзін барша жұрттан солшыл деп есептейтін, алайда оның өзі барша жұрттан оңшыл болып шықты. Қазіргі оппозиция да өзін барша жұрттан солшыл деп есептейді, алайда қазіргі оппозицияның практикасы мен бүкіл жұмысы мынаны дәлелдеп

отыр: оның өзі «жұмысшы оппозициясы» мен троцкизмнен бастап «жаңа оппозиция» мен әлгі қайдағы-бір Сувариндерге дейінгі барлық оңшыл оппортунистік ағымдардың бас қосатын орталығы, ошағы болып табылады.

Каменев «солшылдар» мен «оңшылдар» жөнінде «кішкене» алақолдылық жасады.

5) Каменев Лениннің шығармаларынан біз экономикамыздың социалистік іргетасын әлі де қалап болған жоқпыз деген цитатаны келтірді де, былай деді: экономикамыздың социалистік іргетасын қалап болдық дегенді айтып партия қателесіп отыр деді.

Бұл бос сөз, жолдастар. Бұл — Каменевтің ұсақ өсегі. Экономикамыздың социалистік іргетасын қалап болдық деп партия ешқашанда айтқан емес. Кәзіргі талас біз экономикамыздың социалистік іргетасын қалап болдық па, жоқ па, әсте ол туралы болып отырған жоқ. Кәзіргі талас мұнда емес. Экономикамыздың социалистік іргетасын біз өз күшімізбен қалап бітіре **аламыз ба** әлде бітіре **алмаймыз ба,** талас тек осы туралы болып отыр. Партияның пікірінше, экономикамыздың социалистік іргетасын қалап болу үшін бізде мүмкіндіктер бар. Ал оппозиция мұны мойындамай отыр, осы арқылы жеңілімпаздық пен капитулянттік жолына түсіп кетіп отыр. Айтыс енді осы туралы болып отыр. Каменев, өз позициясының тұрлаусыздығын сезіп, бұл мәселеден жалтарып кетуге тырысады. Бірақ оған бұлай етудің сәті түспейді.

Сөйтіп Каменев тағыда бір «кішкене» алақолдылық жасады.

6) Троцкий өз сөзінде: «1917 жылғы мартта — апрельде Лениннің саясатын күн бұрын болжап айтқан-

мын» деді. Демек, сонымен, Ленин жолдастың Апрель тезистерін Троцкий күн бұрын «болжап айтқан» болып шығады. Демек, Ленин жолдастың өзінің Апрель тезистерінде 1917 жылы апрельде — майда қорғаған саясатына Троцкий 1917 жылы февраль — март айларында-ақ өздігінен келген болып шығады.

Жолдастар, мұның өзі — ақмақтық және әдепсіз мактаншақтық екенін айтуыма рұхсат етіңіздер. Лениннен бұрын Троцкий «болжап айтқан» — мұның өзі кісі күлерлік көрініс. Мұндай реттерде шаруалар әдетте: «Шыбынды шыңмен салыстырған» деп өте тауып айтады. (Күлкі.) Лениннен бұрын Троцкий «болжап айтқан»... Троцкий ілгері шығып, мұны баспасөз бетінде дәлелдеп көрсінші. Оның тым болмаса бір рет осылай етіп көрмеген себебі не? Лениннен бұрын Троцкий «болжап айтқан»... Ал онда Ленин жолдастың Россиядағы майданда нақ көрінген кезінен бастап, 1917 жылғы апрельде, Троцкийдің позициясынан іргені аулақ салуды қажет деп тапқан себебі не? «Болжамай қалушының» «болжап айтушыдан» іргені аулақ салу керек деп тапқан себебі не? 1917 жылғы апрельде Лениннің: «патшасыз жұмысшылар үкіметі болсын» деген Троцкийдің негізгі формуласына ешбір қосылмаймын деп әлде неше рет айтқаны факт емес пе? Лениннің сол кезде-ақ: шаруа қозғалысынан, аграрлық революциядан аттап өтуге әрекеттенетін Троцкийге ешбір қосылмаймын деп әлденеше рет айтқаны факт емес пе?

Бұл арада «болжап айтқандық» қайсы?

Қортынды: бізге өтіріктер мен өсектер емес, фактылар керек, ал оппозиция өтіріктер мен өсектерді өршітуді мақұл көріп отыр.

2. Пролетариат диктатурасының жаулары оппозицияны не үшін мақтап отыр

Мен өз баяндамамда пролетариат диктатурасының жаулары, орыс эмиграциясындағы меньшевиктер мен кадеттер оппозицияны мақтап отыр дедім. Жаулар оппозицияны мақтағанда партияның бірлігін әлсірететін, демек, пролетариат диктатурасын әлсіретететін жұмысы үшін мақтап отыр дедім. Мен пролетариат диктатурасының жаулары оппозицияны дәл осы үшін, оппозицияның өз жұмысы арқылы еліміздегі антипролетарлық күштерді өршітетіні үшін, біздің партияны әлсіретуге, пролетарлық диктатураны әлсіретуге тырысатыны үшін, сөйтіп пролетариат диктатурасы жауларының ісін жеңілдететіні үшін мақтап отырғанын көрсететін бірқатар цитаталар келтірдім.

Бұған жауап ретінде Каменов (және де Зиновьев) әуелі Батыстағы капиталистік баспасөзді мысал етті, олар, бақсақ, біздің партияны, және де Сталинді мақтайтын көрінеді; онан соң біздің елдегі буржуазиялық мамандардың өкілі, сменовехшіл[21] Устряловты мысал етті; ол біздің партияның позициясын қостайтын көрінеді.

Капиталистерді алатын болсақ, біздің партия жөнінде оларда үлкен алауыздықтар бар. Мәселен, таяуда американ баспасөзі, ірі концессиялар алуға мүмкіндік береді десіп, Сталинді мақтады. Ал енді, бақсақ, Сталинді барынша жамандап, бәлағаттап отыр, олардың айтуынша, ол, Сталин, оларды «алдапты». Бір кездері буржуазиялық баспасөзде Сталин жөнінде карикатура басылды, мұнда ол қолына суы бар шелек алып, революцияның өртін сөндіріп тұр. Ал одан

соң бұл карикатураны теріске шығаратын екінші карикатура басылды, мұнда да Сталин қолына шелек ұстап тұр, бірақ шелектің ішіндегі су емес, керосин екен және, бақсақ, Сталин революцияның өртін сөндірмей, өршітіп тұр. (Қол шапалақтау, күлкі.)

Көріп отырсыздар, біздің партия жөнінде де, сондай-ақ Сталин жөнінде де оларда, капиталистерде, үлкен алауыздықтар бар.

Устрялов туралы мәселеге көшейік. Устрялов деген кім? Устрялов — буржуазиялық мамандардың және жалпы жаңа буржуазияның өкілі. Ол — пролетариаттың тап жауы. Бұл даусыз нәрсе. Бірақ жаулар әртүрлі болады. Совет өкіметімен келісімге келмейтін және оны қайткен күнде де құлатуды көздейтін тап жаулары бар. Қалай дегенмен де, Совет өкіметімен келісімге келетін тап жаулары да бар. Пролетариат диктатурасын құлату үшін жағдайлар әзірлеуге тырысатын жаулар бар. Олар — меньшевиктер, эсерлер, кадеттер және басқалар. Бірақ Совет өкіметімен ынтымақтасатын және совет өкіметін құлату мақсатын көздеушілерге қарсы күресетін жаулар да бар; бұлар диктатура аз-аздап әлсірей береді, азғындай береді, сөйтіп онан соң жаңа буржуазияның мүдделеріне бейімделіп кетеді деп үміттенеді. Устрялов жаулардың осы соңғы категориясына қосылады.

Каменев Устряловты не үшін мысалға алды? Мүмкін ол біздің партия азғындап кетті, ал Устрялов Сталинді, немесе жалпы біздің партияны нақ сол себепті мақтап отыр деп көрсету үшін мысалға алған болар? Сірә, бұлай ету үшін болмауы керек, өйткені Каменев мұны тіке айтуға батпады. Олай болса, Каменев Устряловты не үшін мысалға алды? Анығында,

«азғындау» жөнінде ишарат білдіру үшін мысалға алды.

Бірақ Каменев нақ осы Устряловтың өзі Лениндің онан да қатты мақтағанын айтуды ұмытып кетті. Устряловтың Лениндің мақтап жазған мақалалары бүкіл партиямызға белгілі. Мұның мәнісі қалай? Бәлкім, Ленин жолдас нэпті енгізгенде, ол «азғындаған» болар немесе «азғындай» бастаған шығар? «Азғындау» жөнінде мұндай жорамал жасаудың өзі барып тұрған сорақылық екенін түсіну үшін мәселені осылай қоюдың өзі-ақ жетіп жатыр.

Сонымен: Устрялов Ленин мен біздің партияны не үшін мақтап отыр, ал меньшевиктер мен кадеттер оппозицияны не үшін мақтап отыр, — ең алдымен шешілуге тиісті мәселе және Каменев қағаберісте қалдыруға барынша әрекеттеніп баққан мәселе міне осы.

Оппозицияны меньшевиктер мен кадеттердің мақтап отырған себебі — оппозиция партиямыздың бірлігін бұзады, пролетариат диктатурасын әлсіретеді, сөйтіп Совет өкіметін құлату жөнінде меньшевиктер мен кадеттердің жұмысын жеңілдетеді. Цитаталар осыны дәлелдеп отыр. Ал Устряловтың біздің партияны мақтап отырған себебі — Совет өкіметі нэпке жол берді, жеке меншікті капиталға жол берді, буржуазиялық мамандарға жол берді, өйткені пролетариат осы мамандардың көмегі мен тәжрибесін керек етіп отыр.

Меньшевиктер мен кадеттердің оппозицияны мақтап отырған себебі — оппозиция өзінің фракциялық жұмысы арқылы пролетариат диктатурасын құлату үшін олардың жағдайлар әзірлеуіне көмектеседі. Ал Устряловтар, диктатураны құлата алмайтынын біліп, Совет өкіметін құлату жөніндегі мақсаттан безіп отыр,

пролетариат диктатурасының маңынан бір мүйіс алуға тырысып отыр, оған жағынуға тырысып отыр, сөйтіп — нэпті енгізгені үшін және белгілі шарттармен жаңа буржуазияға жол бергені үшін партияны мақтап отыр; осы жаңа буржуазия Совет өкіметін өзінің таптық мақсаттары үшін пайдаланбақ болады, ал Совет өкіметінің өзі оны пролетариат диктатурасының мақсаттары үшін пайдаланады.

Еліміздегі пролетариаттың түрлі-түрлі тап жауларының арасындағы айырмашылық міне осында.

Меньшевиктер мен кадеттердің оппозицияны, ал Устрялов мырзалардың біздің партияны мақтап отыруының тамыры міне осында.

Мен Лениннің осы мәселе жөніндегі көзқарасына сіздердің назарларыңызды аудармақшымын.

«Біздің Совет республикасында, — дейді Ленин, — әлеуметтік құрылыс екі таптың: жұмысшылар мен шаруалардың ынтымағына негізделген; кәзір осы ынтымаққа келуге «нэпмандарға» да, яғни буржуазияға белгілі шарттармен жол беріліп отыр» (Ленин, XXVII том, 405-бет).

Жаңа буржуазияның кейбір шартты ынтымаққа келуіне міне осылай жол берілгені үшін, әрине, белгілі шарттармен және Совет өкіметінің бақылауымен жол берілгені үшін, — дәл сол үшін Устрялов біздің партияны мақтап отыр, осы рұхсаттан айрылмауға және Совет өкіметін буржуазияның мақсаттары үшін пайдалануға үміттеніп отыр. Ал біздің есебіміз, партияның есебі басқаша: біз жаңа буржуазияның өкілдерін, олардың тәжрибесін, олардың білімдерін пайдаланбақпыз, сөйтіп олардың бір бөлегін советтендіріп ассимиляцияламақпыз, ал советтендіруге келмейтін екінші бөлегін лақтырып тастамақпыз.

Лениннің жаңа буржуазияны және меньшевиктер мен кадеттерді айыра көрсеткені, алғашқысына жол беріп, пайдалану керек, ал соңғыларын қамауға алып отыру керек дегені факт емес пе?

Бұл жөнінде Ленин жолдас өзінің «Азық-түлік салығында» былай деп жазды:

«Буржуазиялық мамандардан, оның ішінде саудагерлерден де, капиталистсымақ кооператорлардан да, капиталистерден де коммунистердің «үйренуінен» қорықпау керек. Форма жағынан алғанда олардан басқаша үйрену керек, ал істің асылы жағынан алғанда әскери мамандардан қалай үйреніп, ғылым алған болсақ, олардан да солай үйрену керек. «Ғылымның» нәтижелерін тек практикалық тәжрибе арқылы ғана тексеріп отыру керек: қасындағы буржуазиялық мамандардың істегенінен жақсы істе, егіншілікті өркендету ісін, өнеркәсіпті өркендету ісін, егіншіліктің өнеркәсіппен жасайтын товар айналысын дамыту ісін олай да, былай да қамтамасыз ете біл. «Ғылым үшін» ақы төлеуге сараңдық істеме: ғылым үшін қымбат төлегенге қынжылуға болмайды, тек білімің әжетке жараса болғаны» (**Ленин**, XXVI том, 352-бет).

Жаңа буржуазия мен буржуазиялық мамандар туралы Ленин осылай деген болатын; ал Устрялов осылардың өкілі болып табылады.

Ал меньшевиктер мен эсерлер туралы Ленин былай деді:

«Ал іс жүзінде кронштадтық-партиясыздарша әсем киімге бөленген меньшевиктер мен эсерлердің дәл өздері болып табылатын «партиясыздарды» түрмеде мұқият ұстау керек немесе таза демократияның барлық игіліктерін еркін пайдалануы үшін, Черновпен, Милюковпен, грузин меньшевиктерімен еркін пікір алысуы үшін Берлиндегі Мартовқа жөнелту керек» (қараңыз: бұл да сонда, 352-бет).

Ленин осылай деген болатын.

Мүмкін, оппозиция Лениннің пікіріне қосылмайтын шығар? Онда ол мұны тіке айтсын.

Бізде меньшевиктер мен кадеттердің қамауға алынатын себебі, ал жаңа буржуазияға белгілі шарттармен және белгілі тежеулер салып жол беретін себебіміз, жол бергенде, оған қарсы экономикалық шаралар арқылы күресе отырып және оны бірден бірге жеңе отырып, сонымен қатар оның тәжрибесін, білімдерін шаруашылық құрылысымызға пайдалану үшін жол беретін себебіміз міне осы.

Демек, сонымен, біздің партияны Устрялов сыяқты кейбір тап жауларының мақтап отырған себебі — біз нэпті енгізіп, кәзіргі совет құрылысымен буржуазияның шартты және тежеулі келісімге келуіне жол бердік, оның бержағында біз осы буржуазияның білімдері мен тәжрибесін өз құрылысымыз үшін пайдалану мақсатын көздеп отырмыз, бұл мақсатты біз ойдағыдай жүзеге асырып та келеміз. Ал оппозицияны меньшевиктер мен кадеттер сыяқты тап жауларының мақтап отырған себебі — оппозицияның жұмысы партиямыздың бірлігін бұзады, пролетариат диктатурасын әлсіретеді, сөйтіп меньшевиктер мен кадеттердің диктатураны құлату жөніндегі жұмысын жеңілдетеді.

Бірінші түрдегі мақтау мен екінші түрдегі мақтаудың арасында мейлінше зор айырма бар екенін оппозиция, ақырында, түсінер деп сенемін.

3. Қатенің де қатесі бар

Оппозиция осында Орталық Комитеттің жеке мүшелерінің кейбір қателері туралы айтты. Жеке қателер, әрине, болып отырды. Мүлде «қатесіз» адамдар бізде жоқ. Ондай адамдар болмайды да. Бірақ әртүрлі қателер болады. Қателердің авторлары өздерінің

қателерін қостай бермейді, сондықтан платформалар, ағымдар, фракциялар тумайтын қателер болады. Мұндай қателер тез ұмытылып кетеді. Басқаша қателер де болады; бұларды қателердің авторлары қостауын қоймайды, сондықтан бұлардан фракциялар, платформалар және партия ішіндегі күрес туады. Мұндай қателер тез ұмытыла қоймайды.

Қателердің осы екі категориясын қатаң ажырата білу керек.

Мәселен, Троцкий мені сыртқы сауда монополиясы жөнінде бір кездері қате жіберді дейді. Онысы рас. Дайындаушы органдарымыз ретке салынбай жатқан кезде шетке астық шығару үшін порттардың бірін уақытша ашу жөнінде мен шынында да ұсыныс жасаған едім. Бірақ мен өз қатемді онан әрі қостаған жоқпын және Ленинмен пікір алысқаннан кейін бұл қатені дереу түзеткенмін. Кейін Орталық Комитет түзеткен, кейін Троцкийдің өзі қостауын қойған оның қателерін санай берсем, ондап, жүздеп табылады. Егер мен Троцкийдің Орталық Комитетте жұмыс істеген кезінде жіберген барлық қателерін, бірақ қостауын қойған және ұмытылған қателерін, аса елеулісін де, азырақ елеулісін де, онша елеулі емесін де санауға кіріссем, — онда бұл жөнінде менің бірнеше реферат оқуыма тура келер еді. Бірақ менің ойымша, саяси күресте, саяси айтыста мұндай қателер туралы емес, кейін платформаларға айналып кетіп, партия ішінде күрес туғызған қателер туралы әңгіме ету керек еді.

Бірақ Троцкий мен Каменев оппозициялық ағымдарға айналмаған және тез ұмытылған нақ осындай қателер туралы мәселе қозғады. Сөйтіп оппозиция

нақ осы мәселелерді қозғады, сондықтан кезінде оппозиция басшылары жіберген кейбір осындай қателер туралы менің де осы арада айтып өтуіме рұхсат етіңіздер. Мүмкін бұл оларға сабақ болар және әлдеқашан ұмытылған қателерге ендігі жолы жармасуға әрекеттенбес.

Бір кездері Троцкий партиямыздың Орталық Комитетінде: Совет өкіметі қыл үстінде тұр, «көкектің азан шақырар күні бітті», сөйтіп Совет өкіметінің бірнеше апта демесек те, бірнеше ай ғана өмір сүруі қалды деген болатын. Бұл 1921 жылы айтылды. Мұның өзі Троцкийдің қауіпті пікірлерін көрсететін ең қауіпті қате еді. Ал Орталық Комитет бұл үшін Троцкийді келемеж етті, ал Троцкий өз қатесін қостауын қойды, сондықтан бұл қате ұмытылған болатын.

Бір кездері — бұл 1922 жылы еді — Троцкий кредит алу үшін мемлекеттік мүлікті, оның ішінде негізгі капиталды да жеке меншікті капиталистерге закладқа өткізуіне біздің өнеркәсіп орындары мен трестерге рұхсат ету керек деп ұсыныс жасаған болатын. (Ярославский жолдас: «Бұл — капитуляция жолы ғой».) Бәлкім, солай болар. Қайткен күнде де мұның өзі біздің кәсіпорындарымызда денационализациялаудың алғышарты болған болар еді. Бірақ Орталық Комитет бұл жоспарды қабылдамай тастады, Троцкий күресіп бақты, бірақ кейін өз қатесін қостауын қойды, сондықтан кәзір бұл ұмытылған-ды.

Бір кездері — бұл 1922 жылы еді — Троцкий біздің өнеркәсіпті қатал шоғырландыру жөнінде ұсыныс жасаған болатын; осындай есаландық шоғырландыру ісін жүргізгенде біздің жұмысшы табының үштен бірге жуығы фабрикалар мен заводтардың сыртында сөз-

сіз қалып қойған болар еді. Троцкийдің бұл ұсынысы схоластикалық, есаландық және саяси қауіпті ұсыныс болғандықтан Орталық Комитет мұны қабылдамай тастады. Келешекте қалайда осы жолға түсуге тура келеді деп Троцкий Орталық Комитетке бірнеше рет айтты. Алайда біз бұл жолға түскен жоқпыз. (О р ы н н а н д а у ы с: «Онда Путилов заводын жабуға тура келер еді».) Я, істің сынайы осылай болатын. Бірақ кейінгі кезде Троцкий өз қатесін қостауын қойды, сондықтан бұл қате ұмытылған болатын.

Т. т. және т. с.

Немесе Троцкийдің достарын — Зиновьев пен Каменевті алайық; бұлар Бухарин бір жолы — «байыңдар» деген еді деп жиі қайталауды ұнатады, сөйтіп осы «байыңдар» деген сөздің айналасында асыр салады.

Бұл 1922 жыл еді, ол кезде бізде Уркарттың концессиясы туралы, сол концессияның аса кіріптарлық шарттары туралы мәселе талқыланып жатқан болатын. Сонда ше? Каменев пен Зиновьев Уркарттың концессиясының шарттарын қабылдау керек деп ұсыныс жасағаны және, оның үстіне, өз ұсынысын қорғағаны факт емес пе? Алайда Орталық Комитет Уркарт концессиясын қабылдамай тастады, ал Зиновьев пен Каменев онан әрі өз қатесін қорғаған жоқ, сондықтан бұл қате ұмытылған болатын.

Немесе, мәселен, Каменевтің қателерінен тағыда бір фактыны алайық; бұл туралы менің айтқым келмеп еді, бірақ Каменев маған мұны лажсыз айтқызғалы отыр, өйткені Каменев Бухариннің қатесі туралы, Бухариннің өзі әлдеқашан түзеткен, әлдеқашан жойған қатесі туралы ескертуін қоймай кісіні жа-

лықтырып болды. Мен Каменевтің Сибирьде айдауда жүрген кезінде, февраль революциясынан кейін оның басынан кешкен бір оқыйға туралы айтып тұрмын; сол кезде Каменев Сибирьдегі атақты купецтермен бірге конституционалист Михаил Романовқа, патшаның тақтан түсерінде «таққа отыру правосын» тапсырған кәдімгі Михаил Романовқа құттықтау телеграмма жіберуге қатысқан болатын (айқайлар: «Масқара!»). Әрине, мұның өзі барып тұрған сорақы қате еді, сондықтан 1917 жылғы Апрель конференциясы кезінде Каменев біздің партиядан қатты соққы жеді. Бірақ Каменев өз қатесін мойындаған, сондықтан бұл қате ұмытылған болатын.

Осы сыяқты қателерді еске сала берудің керегі бар ма? Әрине, керегі жоқ, өйткені бұл қателер ұмытылған, әлдеқашан жойылған. Ендеше Троцкий мен Каменев осы сыяқты қателерді өздерінің партиялық оппоненттерінің беттеріне неге баса береді? Олар осы арқылы оппозиция басшыларының толып жатқан қателерін еске салуға бізді мәжбүр ететіні айқын емес пе? Оппозицияны тым болмаса орынсыз жабысудан, өсек айтудан бездіру үшін біз осылай етуге мәжбүр болып та отырмыз.

Бірақ басқаша қателер де болады, осы қателердің авторлары қорғайтын және кейін фракциялық платформалар туып кететін қателер болады. Ал бұлар мүлде басқа түрдегі қателер. Партияның міндеті — осындай қателердің бетін ашып, бұларды жою. Өйткені мұндай қателерді жоюдың өзі партияда марксизм принциптерін баянды етудің, партияда бірлік сақтаудың, фракциялықты жоюдың және мұндай қателерді

қайталаудан қауіпсіз болудың бірден-бір амалы болып табылады.

Мәселен, Троцкийдің Брест бітімі кезіндегі қатесін алайық; мұның өзі партияға қарсы тұтас платформаға айналып кетті. Мұндай қателерге қарсы ашық, батыл күресу керек пе? Я, керек.

Немесе Троцкийдің кәсіпшілер одақтары жөніндегі айтыс кезінде жасаған қатесін алайық; ал мұның өзі (бұл қате) біздің партияда бүкілроссиялық айтыс туғызды.

Немесе, мәселен, Зиновьев пен Каменевтің октябрьдегі қатесін алайық; мұның өзі 1917 жылы Октябрьдегі көтеріліс алдында партия ішінде дағдарыс туғызды.

Немесе, мәселен, оппозициялық одақтың кәзіргі қателерін алайық; бұл қателер фракциялық платформаға және партияға қарсы күреске айналып кетті.

Т. т. және т. с.

Мұндай қателерге қарсы ашық, батыл күресу керек пе? Я, керек.

Партиядағы алауыздықтар туралы әңгіме болып отырған кезде, мұндай қателерді ауызға алмай өтуге бола ма? Әлбетте, болмайды.

4. Пролетариат диктатурасы Зиновьевше қандай

Зиновьев өз сөзінде Сталин «Ленинизм мәселелері жөнінде» деген белгілі мақаласында пролетариат диктатурасы деген ұғымды теріс түсіндірген деді.

Бұл бос сөз, жолдастар. Зиновьев бұл арада ауру бастың сақыйнасын сау басқа теліп отыр. Шындығында пролетариат диктатурасы жөніндегі лениндік

ұғымды Зиновьевтің бұрмалап отырғандығы туралы ғана әңгіме етуге болады.

Пролетариат диктатурасы жөнінде Зиновьевте екі жорамал бар, бұлардың бірде-бірін марксистік жорамал деп атауға болмайды және бұлар біріне бірі бүтіндей қайшы келеді.

Бірінші жорамал. Пролетариат диктатурасы системасында партия жетекші күш болып табылады деген дұрыс қағыйдаға сүйене отырып, Зиновьев **пролетариат диктатурасы дегеніміз партия диктатурасы болып табылады** деп мүлде теріс қортындыға келеді. Осы арқылы Зиновьев партия диктатурасын пролетариат диктатурасымен бірдей деп санайды.

Ал партия диктатурасын пролетариат диктатурасымен бірдей деп санаудың мәнісі не?

Мұның мәнісі, біріншіден, — тап пен партияның арасына, бүтін мен осы бүтіннің бөлшегінің арасына бірдейлік белгісін қою деген сөз, ал мұның өзі мағнасыз, ешнәрсеге үйлеспейтін нәрсе болып шығады. Ленин ешқашан да партияны таппен бірдей деп санаған емес және бірдей деп санауы мүмкін де емес еді. Партия мен тап арасында пролетариаттың бірсыпыра бипартиялық бұқаралық ұйымдары бар, ал бұл ұйымдардың сыртында пролетарлар табының бүкіл бұкарасы бар. Осы бипартиялық бұқаралық ұйымдардың, әсіресе бүкіл жұмысшы табы бұқарасының ролі мен салмағын елемей, партияның өзі пролетариаттың бипартиялық бұқаралық ұйымдарының және жалпы бүкіл пролетариат бұкарасының орнына жүре алады деп ойлау — партияны бұкарадан айырғандық болады, партияны бюрократтандыру ісін ақырғы шегіне жеткізгендік болады, партияны мінсіз күшке айналдыр-

ғандық болады, партияда «нечаевшілдікті»[22], «аракчеевшілдікті»[23] өршіткендік болады.

Пролетариат диктатурасы жөніндегі мұндай «теорияға» Лениннің ешбір қатысы жоқ екенін айтып жатудың қажеті де жоқ.

Мұның мәнісі, екіншіден, — партия диктатурасын нақ Ленин жолдастың түсінгеніндей келелі мағнасында емес, жұмысшы табының партияға **басшылық** етуі мағнасында емес, «диктатура» деген сөздің дәл мағнасында, яғни партияның жұмысшы табына басшылық етуі орнына **зорлық** етуі мағнасында түсінгендік болады. Өйткені сөздің дәл мағнасында алғанда диктатура дегеніміз не? Диктатура дегеніміз, осы сөздің дәл мағнасында алғанда, зорлыққа сүйенетін өкімет болып табылады, өйткені, егер диктатураны осы сөздің дәл мағнасында алатын болсақ, зорлық элементтерінсіз диктатура болмайды. Партия өз табы жөнінде, жұмысшы табының көпшілігі жөнінде зорлыққа сүйенетін өкімет бола ала ма? Әлбетте, бола алмайды. Әйтпесе мұның өзі буржуазия жөніндегі диктатура емес, жұмысшы табы жөніндегі диктатура болар еді.

Партия дегеніміз — өз табының ұстазы, басшысы, көсемі, бірақ жұмысшы табының көпшілігі жөнінде зорлыққа сүйенетін өкімет емес. Әйтпесе жұмысшы табының қатарындағы пролетарлық партияның негізгі жұмыс әдісі болып табылатын ұғындыру әдісі туралы айтып жатудың қажеті де болмас еді. Әйтпесе партия өз саясатының дұрыстығына пролетариаттың қалың бұқарасының көзін жеткізуге тиіс, тек осы міндетті орындағанда ғана партия өзін пролетариатты ұрысқа бастауға қабілетті нағыз бұқаралық партия деп есептей алады деп айтып жатудың қажеті де болмас еді.

Әйтпесе партияның ұғындыру әдісінің орнына пролетариатқа бұйрық беру, күш көрсету әдісін қолдануына тура келер еді, ал мұның өзі мағнасыз нәрсе және пролетариат диктатурасы жөніндегі марксистік ұғыммен мүлде үйлеспейтін нәрсе.

Партия диктатурасын (басшылығын) пролетариат диктатурасымен бірдей деп санау туралы Зиновьевтің «теориясы» міне осындай мағнасыздыққа әкеліп соғады.

Бұл «теорияға» Лениннің ешбір қатысы жоқ екенін айтып жатудың қажеті де жоқ.

Мен «Ленинизм мәселелері жөнінде» деген өз мақаламда Зиновьевке қарсы шыққанда нақ осы мағнасыздыққа қарсы болдым.

Бұл мақала партиямыздың басшы жолдастарының толық рыйзалық білдіріп, ұнатуы бойынша жазылып, баспаға берілгенін айта кетсем, бәлкім артық болмас.

Зиновьевтің түсінуінше пролетариат диктатурасы жөніндегі бірінші жорамалдың жайы осындай.

Ал **екінші жорамал** мынау. Егер бірінші жорамал ленинизмді бір бағытта бұрмалағандық болса, ал екінші жорамал мүлде басқа бағытта, бірінші бағытқа қарама-қарсы бағытта бұрмалағандық болып табылады. Мұның, осы екінші жорамалдың, мәнісі мынада: Зиновьев пролетариат диктатурасын бір таптың емес, пролетарлар табының емес, **екі** таптың, жұмысшылар мен шаруалардың басшылығы деп біледі.

Зиновьев бұл жөнінде былай дейді:

«Қазір мемлекет тіршілігін басқару ісі, оның тұтқасы, бағыты **екі таптың** — жұмысшы табы мен шаруалардың қолында» (Г. Зиновьев. «Жұмысшы-шаруа одағы және Қызыл армия». «Прибой» баспасы. Л., 1925 ж., 4-бет).

Қәзір бізде пролетариат диктатурасы бар екенін бекер деуге бола ма? Жоқ, болмайды. Біздің елдегі пролетариат диктатурасының мәнісі қандай? Зиновьевтің пікірінше, оның мәнісі, бақсақ, мынадай екен: біздің елде мемлекет тіршілігін екі тап басқарады екен. Мұның өзі пролетариат диктатурасы жөніндегі марксистік ұғыммен үйлесе ме? Әлбетте, үйлеспейді.

Ленин пролетариат диктатурасы дегеніміз бір таптың, пролетарлар табының үстемдігі болып табылады дейді. Пролетариат пен шаруалар одағы жағдайларында пролетариаттың осы **жеке өктемдігінің** мәнісі мынадай: бұл одақтағы жетекші күш пролетариат, оның партиясы болып табылады, сондықтан партия мемлекет тіршілігіне басшылық ету ісін басқа күшпен немесе басқа партиямен бөліспейді және бөлісе де алмайды. Осының бәрі кәнігі және даусыз нәрсе екендігі сондай, бұл кәнігі нәрселерді түсіндіріп жатудың қажеті бола қоймас. Ал Зиновьевтің ойынша, пролетариат диктатурасы екі таптың басшылығы болып табылады екен. Онда мұндай диктатураны пролетариат диктатурасы демей, пролетариат пен шаруалардың диктатурасы деп атаса болмай ма? Сөйтіп, пролетариат диктатурасын Зиновьевше түсінетін болсақ, бізде «мемлекет тіршілігінің тұтқасын» ұстап тұрған екі тапқа сәйкес екі партияның басшылық етуі керек болатыны айқын емес пе? Зиновьевтің осы «теориясы» мен пролетариат диктатурасы жөніндегі марксистік ұғымның арасында қандай ұқсастық бола қоймақ?

Бұл «теорияға» Лениннің ешбір қатысы жоқ екенін айтып жатудың қажеті де жоқ.

Қортынды: әңгіме зиновьевтік «теориянын» бірінші жорамалы туралы бола ма немесе екінші жорамалы

гуралы бола ма, оның бәрібір, әйтеуір Зиновьев пролетариат диктатурасы туралы лениндік ғылымды көрер көзге бұрмалап отыр.

5. Троцкийдің сәуегейлік сөздері.

Онан соң, мен, шындығында жұртты адастыру мақсатын көздеген Троцкийдің кейбір екіүшті мәлімдемелеріне тоқталып өтпекшімін. Мен небәрі бірнеше факт келтірмекшімін.

Бір факт. Троцкий өткен кездегі өзінің меньшевиктігіне калай қарайды деген сұраққа Троцкий біраз маңғазданып былай деп жауап қайырды:

«Менің большевиктік партияға кірген фактымның өзі-ақ... осы фактының өзі-ақ мені сол кезге дейін большевизмнен шеттетіп келген нәрселердің бәрін менің партияның табалдырығында қалдырып кеткендігім дәлелдейді».

Троцкийді «большевизмнен шеттетіп келген нәрселердің бәрін партияның табалдырығында қалдырып кету» дегеннің мәнісі не? Реммеленің бұған жауап ретінде: «Мұндай нәрселерді партияның табалдырығында калайша қалдырып кетуге болады» деп сөз тастағаны дұрыс еді. Шынында да, мұндай қоқыстарды партияның табалдырығында калайша қалдырып кете қойды екен? (Күлкі.) Бұл сұраққа Троцкийден ешбір жауап болған жоқ.

Онан соң, Троцкийдің меньшевиктік саркыншактарын партияның табалдырығында калдыруының мәнісі не? Бұл нәрселерді партияның табалдырығында калдырғанда партиядағы болашақ ұрыстарға арнап қор есебінде қалдырды ма әлде тіке алып отқа жақты ма? Түріне қарағанда, Троцкий бұл нәрселерді партияның табалдырығында қор есебінде қалдырған

сыяқты. Өйткені, олай болмайтын болса, Троцкийдің партиямен үздіксіз алауыздықта болып келе жатқанын, бұл алауыздықтары оның өзі партияға кірген соң біраз уақыт өткеннен кейін басталып, осы кезге дейін тыйылмай келе жатқанын не деп білу керек?

Өздеріңіз ойлап қараңыздар. 1918 жыл, — Троцкий Брест бітімі туралы мәселе жөнінде партиямен алауыздықта болды және партия ішінде күрес жүргізді. 1920—21 жылдар, — Троцкий кәсіпшілер қозғалысы жөнінде партиямен алауыздықта болды және бүкілроссиялық айтыс туғызды. 1923 жыл, — Троцкий партия құрылысы мен шаруашылық саясатының негізгі мәселелері жөнінде партиямен алауыздықта болды және партия ішінде айтыс туғызды. 1924 жыл, — Троцкий Октябрь революциясын бағалау туралы және партияның басшылығы туралы мәселе жөнінде партиямен алауыздықта болды және партия ішінде айтыс туғызды. 1925—26-жылдар, — Троцкий және оның оппозициялық одағы революциямыз бен кәзіргі саясатымыздың негізгі мәселелері жөнінде партиямен алауыздықта болды.

Бұл алауыздықтар «өзін большевизмнен шеттетіп келген нәрселердің бәрін партияның табалдырығында қалдырып кеткен» адам үшін тым көп емес пе?

Троцкийдің партиямен осылай үздіксіз алауыздықта болуын табиғи құбылыс демей, «кездейсоқ кез болған жағдай» деуге бола ма?

Олай деуге бола қоймас.

Ендеше Троцкийдің осы тым екіұшті мәлімдемесі қандай мақсат көздеп отыр?

Менің ойымша, тек бір ғана мақсат көздеп отыр: тыңдаушылардың көздерін бояп, оларды адастырмақ.

Екінші факт. Өздеріңізге мәлім, партиямыздың идеологиясы тұрғысынан алып қарағанда, революциямыздың перспективалары тұрғысынан алып қарағанда, Троцкийдің перманенттік революция «теориясы» туралы мәселенің маңызы кем емес. Өздеріңізге мәлім, бұл «теория» революциямыздың қозғаушы күштері туралы мәселе жөнінде ленинизм теориясымен бәсекелесуге талпынып отырды және әлі де талпынып келеді. Сондықтан да кәзір, 1926 жылы Троцкийдің өзінің перманенттік революция «теориясына» қалай қарайтыны туралы оған әлденеше рет сұрақ берілгені әбден түсінікті. Ал Троцкий Коминтерн пленумында сөйлеген өз сөзінде қандай жауап берді? Тым екіұшты жауап берді. Ол былай деді: перманенттік революция «теориясының» кейбір «кемістіктері» бар, бұл «теорияның» кейбір жақтары біздің революциялық практикада расталған жоқ деді. Демек, егер бұл «теорияның» кейбір жақтарында «кемістік» болса, онда бұл теорияның «кемістігі» жоқ және күшінде қалуға тиісті басқа жақтары да бар болып шығады. Ал перманенттік революция «теориясының» кейбір жақтарын бұл «теорияның» екінші бір жақтарынан қалай ажырату керек? Перманенттік революция «теориясы» көзқарастардың тұтас системасы емес пе? Перманенттік революция «теориясын», айталық, екі бұрышы шіріп кеткен, ал басқа екі бұрышы аман-сау қалған жәшік сияқты зат деп қарауға бола ма? Ал онан соң, бұл арада Троцкийдің айтып отырғаны дәл **қандай** «кемістіктер» екенін және перманенттік революция «теориясының» дәл **қандай** жақтарын теріс деп есептейтінін көрсетпестен, жалпы «кемістіктер» туралы жәй ғана, ешбір міндет

жүктемейтін мәлімдеме жасаумен қанағаттануға бола ма? Троцкий перманенттік революция «теориясының» кейбір «кемістіктері» туралы әңгіме етіп отыр», бірақ оның айтып отырғаны дәл қандай «кемістіктер» және ол осы «теорияның» дәл қай жақтарын теріс деп есептейді, — мұның бәрі туралы ол бір ауыз да сөз айтқан жоқ. Сондықтан Троцкийдің бұл мәселе жөніндегі мәлімдемесін мәселеден жалтарғандық, «кемістіктер» жөніндегі екіүшті сөзбен, Троцкийге ешбір міндет жүктемейтін сөзбен құтылуға әрекеттенгендік деп білу керек.

Троцкий бұл ретте баяғының кейбір айлакер сәуегейлері сияқты айла жасады; сол сәуегейлер өздерінен жөн сұраған жұртқа: «Өзеннен әрі өткенде қалың әскер қыйрайды» деген сияқты екіүшті жауап айтып құтылады екен. **Қай** өзеннен өткенде, **кімнің** әскері қыйрайды, — мұны қалай түсінсең, солай түсін. (Күлкі.)

6. Зиновьев Маркстен, Энгельстен, Лениннен цитаталар келтіруші мектеп шәкірті ретінде

Онан соң, мен Зиновьевтің марксизм классиктерінен цитаталар келтіру жөніндегі ерекше әдеті туралы бірнеше сөз айтпақшымын. Зиновьевтің осы әдетінің бір өзгешелігі — ол барлық дәуірлер мен кезеңдерді шатастырып жібереді, олардың бәрін бір жерге үйеді, Маркс пен Энгельстің жеке қағыйдалары мен формулаларын өмір шындығымен нақты байланысты күйінен айырып, үзіп алады, оларды көнетоз догмаларға айналдырып жібереді, сөйтіп, Маркс пен Энгельстің

«Марксизм догма емес, іске басшылық» деген негізгі талабын бұзады.

Бірнеше факт мынау.

1) Бірінші факт. Зиновьев өз сөзінде Маркстің «Франциядағы тап күресі» (1848—1850 жылдар) деген кітапшасынан белгілі цитатаны келтірді; мұнда «жұмысшы табының міндеті (социализмнің жеңуі туралы айтылып отыр. **И. Ст.**) ұлттық шектердің көлемінде орындала алмайды»[24] делінген.

Онан соң, Зиновьев Маркстің Энгельске жазған хатынан (1858 ж.) мынадай цитата келтірді:

«Біз үшін қыйын мәселе мынау: континентте революция сөзсіз болады және дереу социалистік сыйпат алады. Буржуазиялық қоғамның өлшеусіз кең көлемде әлі де болса өрлеп бара жатуы себепті революцияның өзі осы кішкене мүйісте сөзсіз жаныштalып калмай ма?»* (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс, «Хаттар», 74—75-беттер[25]).

Зиновьев Маркстен өткен ғасырдың 40—50-нші жылдардың арасында жазылған осы цитаталарды келтіреді де, мынадай қортынды жасайды: осы аркылы жеке елдерде социализмнің жеңуі туралы мәселе **капитализмнің барлық замандары мен дәуірлерінде** болмайды деп шешілді дейді.

Маркстің пікірін, оның көзқарасын, жеке елдерде социализмнің жеңуі туралы мәселедегі оның негізгі бағытын Зиновьев түсінді деуге бола ма? Жоқ, олай деуге болмайды. Керісінше, осы цитаталардан көрініп отыр, Зиновьев Марксті мүлде түсінбеген, Маркстің негізгі көзқарасын бұрмалаған.

Маркстің цитаталарынан капитализм дамуының барлық жағдайларында жеке елдерде социализм-

* Курсив менікі. **И. Ст.**

нің жеңуі мүмкін емес деген ұғым туа ма? Жоқ, тумайды. Маркстің сөздерінен туатын ұғым тек қана мынау: **егер** «буржуазиялық қоғам қыймылы әлі де **өрлеп** бара жатқан» болса, тек сонда ғана жеке елдерде социализмнің жеңуі мүмкін болмайды. Ал егер бүкіл буржуазиялық қоғам қыймылы, өмір талқысы бойынша, өз бағытын өзгертіп, **төмендей** бастайтын болса, **онда** қалай ету керек? Маркстің сөздерінен туатын ұғым — **мұндай** жағдайларда жеке елдерде социализмнің жеңуі мүмкін емес деуге дәлел қалмайды.

Маркстің цитаталары монополистік капитализмнен бұрынғы дәуірде, бүкіл капитализм жоғары өрлеп дамыған кезде, бүкіл капитализмнің өсуімен қабат капиталистік жолмен өркендеген Англия сыяқты елдің шіру процесі басталмаған кезде, дамудың әркелкілік заңы капитализмді ыдырату ісінде кейінгі кездегідей, монополистік капитализм дәуіріндегідей, империализм дәуіріндегідей әлі де зор фактор бола қоймаған кезде және олай болуы мүмкін емес кезде жазылған цитаталар екенін Зиновьев ұмытып отыр. Монополистік капитализмнен бұрынғы дәуір үшін Маркстің: жеке елдерде жұмысшы табының негізгі міндетінің орындалуы мүмкін емес деген сөздері — өте дұрыс. Мен БК(б)П XV конференциясында жасаған баяндамамның өзінде-ақ ескі заман үшін, монополистік капитализмнен бұрынғы дәуір үшін жеке елдерде социализмнің жеңуі туралы мәселе шешілмейді деп ұйғарылған еді, және осылай ұйғару өте дұрыс та еді дедім. Ал енді ше, капитализмнің кәзіргі дәуірінде, монополиядан бұрынғы капитализм империалистік капитализмге айналып өскен кезде, — енді бүкіл капитализм жоғары өрлеп дамуда деуге бола ма? Жоқ, олай

деуге болмайды. Империализмнің экономикалық мәні жөнінде Лениннің жасаған анализы империализм дәуірінде бүкіл буржуазиялық қоғамның төмендеп бара жатқанын көрсетеді. Монополистік капитализм, империалистік капитализм **өлуші** капитализм болып табылады деген Лениннің пікірі өте дұрыс. Бұл жөнінде Ленин былай дейді:

«Империализмнің **өлуші** капитализм, социализмге **өтуші** капитализм болатын себебі не екені түсінікті: капитализмнің **ішінен** өсіп шыққан монополия **кәзірдің өзінде** капитализмнің өліп бара жатуы, оның социализмге өте бастауы болып табылады. Империализмнің еңбекті орасан көлемде **ортақтастыруы** (апологеттер—буржуазияшыл экономистер мұны «сабақтасу» деп атайды) бұл да әлгінің дәл өзі болады» (қараңыз: **Ленин**, XIX том, 302-бет).

Түгелінен алғанда жоғары өрлеп дамып бара жатқан, монополиядан бұрынғы капитализм — бір басқа. Ал империалистік капитализм — екі басқа; өйткені бұл кезде дүние капиталистік топтар арасында бөлініп қойған, бұл кезде капитализмнің секірмелі дамуы бөлініп қойылған дүниені соғыс қақтығыстары арқылы қайтадан бөліске салуды талап етеді, бұл кезде империалистік топтар арасында осы негізде туатын жанжалдар мен соғыстар капитализмнің дүниежүзілік майданын әлсіретеді, оны оңай бұзылатын етеді, сөйтіп жеке елдерде бұл майданды бұзуға жағдай жасайды. Анада, монополиядан бұрынғы капитализмнің тұсында, жеке елдерде социализмнің жеңуі мүмкін емес еді. Мұнда, империализм дәуірінде, өлуші капитализм дәуірінде жеке елдерде социализмнің жеңуі енді мүмкін болып отыр.

Гәп міне осында, жолдастар, ал Зиновьев міне осыны түсінгісі келмей отыр.

Көріп отырсыздар, Зиновьев Маркстен цитата кел-

тіргенде Маркстің **көзқарасынан** ауа жайылып кеткен, және Маркстің жеке цитаталарына жармаса түсетін мектеп шәкіртінше цитата келтіріп отыр, ал оның өзі бұл цитаталарды марксисше емес, социал-демократша қолданады.

Маркстен цитата келтіру жөніндегі ревизионистік әдеттің мәнісі не? Маркстен цитата келтіру жөніндегі ревизионистік әдеттің мәнісі — Маркстің **көзқарасының** орнына Маркстің жеке қағыйдаларынан, белгілі-бір заманның нақтылы жағдайларына байланыссыз алынған қағыйдаларынан келтірілген **цитаталар** қолданылып отыр.

Маркстен цитата келтіру жөніндегі зиновьевтік әдеттің мәнісі не? Маркстен цитата келтіру жөніндегі зиновьевтік әдеттің мәнісі — Маркстің **көзқарасының** орнына Маркстің әрпі, **цитаталары,** XIX ғасырдың елуінші жылдарындағы даму жағдайларына нақтылы байланысты күйінен үзіп алынған және догмаға айналдырылған цитаталары колданылып отыр.

Менің ойымша, бұл арада түсіндіріп жатудың қажеті жоқ.

2) Екінші факт. Зиновьев «Коммунизм принциптері»[26] (1847 ж.) деген еңбектен Энгельстің жұмысшы революциясының «қандайда болсын бір елде болуы мүмкін емес» деген сөздерін келтіріп, Энгельстің бұл сөздерін менің БК(б)П XV конференциясында, Энгельс ұсынған он екі талаптың оннан тоғызын біз ССР Одағында кәзірде жүзеге асырдық деген сөзіммен салыстырады да, бұдан мынадай екі қортынды жасайды: біріншіден, жеке елдерде социализмнің жеңуі мүмкін емес дейді, екіншіден, мені ССР Одағындағы кәзіргі жағдайларды өз сөзінде әсірелеп көрсетіп отыр дейді.

Энгельстің цитаталарын алатын болсақ, онда мынаны айту керек: Зиновьев Маркс жөнінде қандай қате жіберген болса, осы арада цитаталарды түсіндіргенде нақ сондай қате жіберіп отыр. Әлбетте, монополиядан бұрынғы капитализм дәуірінде, бүкіл буржуазиялық қоғамның жоғары өрлеп дамыған дәуірінде Энгельс жеке елдерде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы мәселе шешілмейтін мәселе деген пікірге келуге тиісті болды. Капитализмнің ескі дәуіріне сәйкес айтылған Энгельстің осы қағыйдасын капитализмнің жаңа дәуіріне, империалистік капитализмнің дәуіріне қалай болса солай қолдану, — мұның өзі әріпке бола, монополиядан бұрынғы капитализм дәуіріндегі дамудың нақтылы жағдайларына байланыссыз алынған жеке цитатаға бола Энгельс пен Маркстің көзқарасын бұрмалағандық болады. Мен БК(б)П XV конференциясында жасаған баяндамамда Энгельстің формуласы кезінде бірден-бір дұрыс формула еді деген болатынмын. Бірақ өткен ғасырдың 40-ншы жылдарындағы дәуірді, өлуші капитализм туралы әңгіме етуге болмайтын кездегі дәуірді капитализмнің дамуындағы кәзіргі дәуірмен, империализм дәуірімен, бүкіл капитализм өлуші капитализмге айналған кездегі дәуірмен қатар қоюға болмайтынын түсіну керек қой. Ол кезде мүмкін емес деп есептелген нәрсенің кәзір, капитализмнің жаңа жағдайларында, мүмкін де, қажет те нәрсе болып отырғанын түсіну қыйын ба?

Көріп отырсыздар, Зиновьев бұл арада Маркс жөнінде де, сондай-ақ Энгельс жөнінде де марксизм классиктерінен цитата келтірудегі өзінің ревизионистік әдетінен айныған жоқ.

Ал Зиновьевтің екінші қортындысын алатын болсақ, ол Энгельстің жұмысшы революциясы жөніндегі 12 талабын немесе белгілеген шарасын көрер көзге бұрмалады. Зиновьевтің айтуынша, Энгельс өзінің 12 талабында таптарды жоюға дейін, товарлы өндірісті жоюға дейін, демек, мемлекетті жоюға дейін қамтып социализмнің кең программасын жасап беріпті-мыс. Бұлай деу мүлде теріс. Мұның өзі — Энгельстің пікірін толық бұрмалағандық. Энгельстің 12 талабында таптарды жою туралы да, товарлы шаруашылықты жою туралы да, мемлекеттің жойылуы туралы да, жеке меншіктің барлық, әралуан формаларын жою туралы да бірде-бір сөз жоқ. Қайта, Энгельстің 12 талабы «демократияның» өмір сүруіне (Энгельс ол кезде «демократия» деп пролетариат диктатурасын айтқан) таптардың болуын және товарлы шаруашылықтың болуына сәйкес айтылған Энгельс тіке былай дейді: менің 12 талабымда «жеке меншікке» тікелей «қол сұғу» міндеті (бірақ оны толық жою міндеті емес) және «пролетариаттың өмір сүруін қамтамасыз ету» міндеті (бірақ пролетариатты тап ретінде жою міндеті емес) ескерілген. Энгельстің сөздері мынау:

«Қайткен күнде де, іске асырылатын пролетариат революциясы тек кәзіргі қоғамды бірте-бірте өзгерте алады және осыдан кейін ғана, бұған қажетті толып жатқан өндіріс құрал-жабдықтары жасалған кезде барып, жеке меншіктілікті жояды... Ең алдымен, бұл революция демократиялық құрылыс орнатады және осы арқылы, тіке немесе жанамалы түрде, пролетариаттың саяси үстемдігін орнатады... Егер жеке меншіктілікке тікелей қол сұғатын және пролетариаттың өмір сүруін қамтамасыз ететін* күрделі шараларды іске асырудың құралы ретінде демократияны де-

---

* Барлық жерде де курсив менікі. **И. Ст.**

реу пайдаланбаса, мұның өзі пролетариат үшін мүлде пайдасыз болған болар еді. Қазіргі жағдайлардан сөзсіз туып отырған осы басты-басты шаралар асылында мынадай».

Бұдан кейін белгілі 12 талап немесе шаралар айтылады (қараңыз: **Энгельс**, «Коммунизм принциптері»).

Сонымен, көріп отырсыздар, Энгельс таптарды, мемлекетті, товарлы өндірісті, т. т. жоюмен бірге социализм орнатудың кең программасы туралы айтып отырған жоқ, социалистік революцияның **бірінші адымдары** туралы, жеке меншікке тікелей қол сұғу үшін, жұмысшы табының өмір сүруін қамтамасыз ету үшін және пролетариаттың саяси үстемдігін нығайту үшін қажетті **бірінші шаралары** туралы айтып отыр.

Қортынды біреу: Зиновьев Энгельстің 12 талабын социализмнің кең программасы ретінде сыйпаттап, Энгельстің пікірін бұрмалап отыр.

Мен БК(б)П XV конференциясында сөйленген қортынды сөзімде не дедім? Мен Энгельстің социалистік революцияның бірінші адымдары болып табылатын талаптары немесе шараларының $^{9}/_{10}$ біздің ССР Одағында кәзірдің өзінде жүзеге асырылды дедім.

Бұдан бізде социализм кәзірдің өзінде жүзеге асырылды деген ұғым туа ма?

Әлбетте, тумайды.

Демек, цитата келтіру жөніндегі өз әдетінен айнымайтын Зиновьев менің БК(б)П XV конференциясында айтқан пікірім жөнінде «кішкене» алақолдылық жасаған.

Маркс пен Энгельстен цитата келтіру жөніндегі Зиновьевтің ерекше әдеті оны міне осындай халге жеткізіп отыр.

Цитата келтіру жөніндегі Зиновьевтің әдеті социал-демократтардың басында болған бір өте күлкілі «оқыйғаны» менің есіме түсіреді; мұны Стокгольмде шведтің бір революцияшыл синдикалисі айтып берген болатын. Әңгіме 1906 жылы, партиямыздың Стокгольмдегі съезі кезінде болды. Осы швед жолдас Маркс пен Энгельстен цитата келтіргіш кейбір социал-демократтардың әріп-құмарлық әдетін өте қызықты етіп айтып берді, ал біз, съезд делегаттары, оның әңгімесін тыңдап, шек-сілеміз қатқанша күлдік. Бұл «оқыйғаның» мазмұны мынадай. Әңгіме Қырымда флот пен жаяуәскердің көтерілісі кезінде болады. Флот пен жаяуәскердің өкілдері социал-демократтарға келіп былай дейді: сіздер соңғы жылдарда бізді патша өкіметіне қарсы көтеріліске үндеп шақырған едіңіздер, сіздердің үндеулеріңіздің дұрыс екеніне біздің көзіміз жетті, біз, матростар мен жаяуәскерлер, көтеріліс жасауға келісіп, енді сіздерден ақыл сұрай келіп отырмыз дейді. Социал-демократтар сасқалақтап: дербес конференция шақырмайынша біз көтеріліс туралы мәселені шеше алмаймыз деп жауап беріпті. Сонда матростар: кідіруге болмайды, іс кәзірдің өзінде әзірленіп отыр, ал егер біз социал-демократтардан тіке жауап алмайтын болсақ, ал социал-демократтар көтерілісті басқаруға кіріспейтін болса, іс сәтсіздікке ұшырауы мүмкін деп түсіндіреді. Матростар мен солдаттар директива күтпекші болып кетеді, ал социал-демократтар мәселені талқылау үшін конференция шақырады. «Капиталдың» бірінші томын алыпты, «Капиталдың» екінші томын алыпты, ақырында, «Капиталдың» үшінші томын алыпты. Қырым жөнінде, Севастополь жөнінде, Қырымдағы көтеріліс жөнінде

нүскаулар іздейді. Бірақ «Капиталдың» үш томынан Севастополь туралы да, Қырым туралы да, матростар мен солдаттардың көтерілісі туралы да ешбір, тіпті ешбір нүсқау таба алмайды. (Күлкі.) Маркс пен Энгельстің басқа шығармаларын аударыстырып, нүсқаулар іздейді, — бәрібір ешқандай нүсқау табылмапты. (Күлкі.) Енді қайтпек? Ал матростар мен солдаттар келіп, жауап күтіп отырады. Сонда ше? Сонда социал-демократтар мүндай жағдайда матростар мен солдаттарға қандай да болсын нүсқау беруге дәрменсізбіз деп мойындатты. «Флот пен жаяуәскердің көтерілісі осылай сәтсіздікке үшырапты», — деп швед жолдас өз әңгімесін аяқтады. (Күлкі.)

Күмән жоқ, бүл әңгімеде көп асыра айтқандық бар. Бірақ тағыда бір күмәнсіз нәрсе — бүл әңгіме Маркс пен Энгельстен цитата келтіру жөніндегі зиновьевтік негізгі дертті өте дәл көрсетіп отыр.

3) Үшінші факт. Әңгіме Лениннің шығармаларынан келтірілген цитаталар туралы болып отыр. Лениннің шығармаларынан толып жатқан цитаталарды жүлып алып, тыңдаушыларды «таңдандыру» үшін Зиновьевтің істемеген әрекеті қалған жоқ. Зиновьев, сірә, цитата неғүрлым көп болса, соғүрлым жақсы деп ойлайтын көрінеді, онан соң цитаталар не туралы айтатынын және бүлардың мәнісі қандай екенін ол онша ескермейді. Ал оның бержағында, осы цитаталарды байыптап оқып қараса, Зиновьевтің Ленин шығармаларының оппозициялық одақтың кәзіргі капитулянттық позициясын тым болмаса ишаратпен болса да жақтайтын бірде-бір цитата келтіре алмағанын түсіну қыйын емес. Айта кету керек, диктатураның «экономикалық проблемасын» жүзеге асыру ісін, осы

проблеманы жүзеге асыру ісінде ССРО пролетариатының жеңуін қамтамасыз етілген нәрсе деп есептеу қажет деген Лениннің негізгі цитаталарының бірін Зиновьев неліктен болса да келтірген жоқ.

Зиновьев Лениннің «Кооперация туралы» деген кітапшасынан біздің ССР Одағында толық социалистік қоғам орнату үшін қажетті және жеткілікті нәрсенің бәрі де бар деп көрсететін цитатаны келтірді. Бірақ бұл цитатаның мәнісі қандай және кімнің пайдасына келтіріліп отыр: оппозициялық одақтың пайдасына келтіріліп отыр ма әлде БК(б)П-ның пайдасына келтіріліп отыр ма, — бұл туралы тым болмаса ишараттап мәлесеө қоюға Зиновьев тіпті титтей де әрекет жасаған жоқ.

Зиновьев біздің елде социалистік құрылыстың жеңуі мүмкін емес деп дәлелдеуге тырысты, бірақ ол осы пікірін дәлелдеу үшін Лениннің шығармаларынан Зиновьевтің пікірін астан-кестен ететін цитаталар келтірді.

Мәселен, осындай цитаталардың бірі мынау:

«Мен бұдан бұрын да талай рет айтқанмын: алдыңғы қатарлы елдермен салыстырғанда орыстардың ұлы пролетарлық революцияны **бастауы** оңайлау болды, бірақ олардың мұны **ілгері бастыруы және, социалистік қоғамды толық ұйымдастыру** мағынасында алғанда, мұны толық жеңіске жеткізуі **қыйындау** болады»* (қараңыз: **Ленин,** XXIV том, 250-бет).

Бұл цитата оппозициялық одақтың пайдасына емес, партияның пайдасына сөйлейтінін Зиновьев тіпті ойлаған да жоқ, өйткені бұл цитатада ССР Одағында

---

* **Курсив менікі. И. Ст.**

социализм орнатудың мүмкін еместігі туралы айтылып отырған жоқ, осы орнатудың қыйындықтары туралы айтылып отыр, ал оның бержағында ССР Одағында социализм орнату мүмкіндігі бұл цитатада өзінен өзі түсінікті нәрсе деп танылып отыр. Батысевропалық капиталистік елдерге қарағанда ССР Одағында революцияны бастау оңайлау болады, бірақ социализм орнату қыйындау болады деп партия әрдайым айтып келген болатын. Бұдан бұл фактыны мойындаудың өзі ССР Одағында социализм орнату мүмкіндігін мойындамаумен бірдей деген ұғым туа ма? Әрине, тумайды. Қайта, бұл фактыдан тек қана мынадай қортынды туады: қыйындықтарға қарамастан, ССР Одағында социализм орнату ісі әбден мүмкін де, қажет те нәрсе.

Мынадай сұрақ туады: мұндай цитаталар Зиновьевке не үшін керек болды екен?

Сірә, толып жатқан цитатамен тыңдаушыны «таңдандырып», тұнық суды ылайлау үшін керек болған көрінеді. (Күлкі.)

Бірақ Зиновьевтің өз мақсатына жетпегені, оның марксизм классиктерінен цитата келтіру жөніндегі тым өрескел әдеті оның өзін сөзсіз отырғызып кеткені енді айқын шығар деп ойлаймын.

7. Ревизионизм Зиновьевше қандай

Ақырында «ревизионизм» деген ұғымды Зиновьевтің қалай түсінетіні туралы бірнеше сөз. Зиновьевтің ойынша Маркстің немесе Энгельстің ескі формулаларын немесе жеке қағыйдаларын жақсартудың анықтаудың қандайы болса да, әсіресе олардың орнына жаңа жағдайларға сәйкес келетін басқа формулалар

қабылдаудың өзі ревизионизм болып шығады екен. Айтыңызшы, оның себебі не? Марксизм дегеніміз ғылым емес пе, ал ғылымның өзі, жаңа тәжрибемен байый отырып, ескі формулаларды жақсарта отырып дамымай ма? Оның себебі, бақсақ, «ревизия» деген-нің мәнісі «қайта қарау» деген сөз екен, ал осы формулаларды біраз қайта қарамайынша ескі формулаларды жақсарту және анықтау мүмкін емес екен, демек, ескі формулаларды анықтап, жақсартудың қандайы болса да, марксизмді жаңа тәжрибемен, жаңа формулалармен байытудың қандайы болса да ревизионизм болады екен. Мұның бәрі, әрине, кісі күлерлік нәрсе. Бірақ Зиновьев өзін өзі кісі күлерлік халге ұшыратып отырған болса және сонымен қабат ревизионизмге қарсы күресуші адам болып көрінгісі келіп отырса, оған не істерсін.

Мәселен, Сталин бір елде социализмнің жеңуі туралы дәл өзінің формуласын (1924 ж.) ленинизмнің нұсқаулары мен негізгі бағытына толық сәйкес өзгертіп, анықтауға праволы ма еді? Зиновьевтің ойынша, праволы емес екен. Неге? Неге десеңіз, ескі формуланы өзгертіп, анықтаудың қандайы болса да осы формуланы қайта қарағандық болады-мыс, ал қайта қарау дегеннің мәнісі немісше ревизия деген сөз екен. Ендеше Сталиннің ревизионизмге салынып отырғаны айқын емес пе?

Демек, сонымен, біз ревизионизм жөнінде зиновьевтік жаңа өлшеуішті көріп отырмыз, ал мұның өзі ревизионизм жөнінде айыпталу қаупімен қорқыту арқылы марксистік пікірді толық бөгеп тастағандық болады.

Егер, мәселен, Маркс өткен ғасырдың ортасында

капитализмнің жоғары өрлеп дамуы кезінде ұлттық шеңберде социализмнің жеңуі мүмкін емес деген болса, ал Ленин XX ғасырдың 15-жылында капитализмнің дамуы төмендей түскен кезде, өлуші капитализм тұсында мұндай жеңіске жетуге болады деді, — демек, Маркс жөнінде Ленин ревизионизмге салынған болып шығады.

Егер, мәселен, Маркс өткен ғасырдың ортасында «Европа континентіндегі әрбір елдің немесе тіпті Англиядан тыс бүкіл Европа континентінің экономикалық қатнастарындағы» социалистік «төңкеріс — тек бір стакан су ішіндегі дауыл ғана болмақ»[27] деген болса, ал Энгельс тап күресінің жаңа тәжрибесін ескере отырып, кейін бұл қағыйданы өзгертті, сөйтіп социалистік революцияны «француз бастайды, неміс аяқтайды» дегенді айтты, — демек, Маркс жөнінде Энгельс ревизионизмге салынған болып шығады.

Егер Энгельс социалистік революцияны француз бастайды, неміс аяқтайды деген болса, ал Ленин, ССР Одағында революция жеңісінің тәжрибесін ескере отырып, бұл формуланы өзгертті де, мұның орнына басқа формула қабылдады, сөйтіп социалистік революцияны орыс бастады, неміс, француз, ағылшын аяқтайды дегенді айтты, — демек, Энгельс жөнінде, әсіресе Маркс жөнінде Ленин ревизионизмге салынған болып шығады.

Мәселен, Лениннің бұл жөніндегі сөздері мынау:

«Социализмнің негізін салушы ұлы адамдар Маркс пен Энгельс бірнеше ондаған жылдар бойы жұмысшы қозғалысының дамуын және дүниежүзілік социалистік революцияның өсуін бақылай отырып, капитализмнен социализмге өту ісі ұзақ толғатуды, пролетариат диктатурасының ұзақ дәуірде болуын, ескіліктің

бәрін күйретуді, капитализмнің барлық формаларын аяусыз жоюды, барлық елдердегі жұмысшылардың ынтымақтасуын, олардың ақырына дейінгі жеңісті қамтамасыз ету үшін өздерінің барлық күш-жігерін біріктіруін керек ететіндігін айқын көрді. Сондықтан олар мынаны айтты: XIX ғасырдың аяғында істің жайы былай болады — «француз бастайды, неміс аяқтайды», — француздың бастайтын себебі — революцияның ондаған жылдары ішінде ол өзін революциялық қыймылда жан аямас өнегеші етіп баулыды, осы өнеге оны социалистік революцияның авангарды етіп шығарды.

Біз енді халықаралық социализм күштерінің жәй-жағдайы кәзір басқаша екенін көріп отырмыз. Біз былай дейміз: қозғалыс қанаушы елдердің, оңай тонауға мүмкіндігі бар және өз жұмысшыларының жоғарғы топтарын сатып ала алатын қанаушы елдердің санатына қосылмайтын елдерде қозғалыс оңай басталады... **істің жайы Маркс пен Энгельс күткеннен басқаша болып шықты***, олар бізге, орыстың еңбекшілері мен қаналушы таптарына, халықаралық социалистік революцияның авангарды деген ардақты рольды тапсырды, сөйтіп кәзір біз орыс революциясының дамуы қаншалық қарыштап ілгері басатынын айқын көріп отырмыз; орыс бастады — неміс, француз, ағылшын аяқтайды, сөйтіп социализм жеңеді» (қараңыз: **Ленин**, XXII том, 218-бет).

Көріп отырсыздар, Ленин бұл арада Энгельс пен Маркстің пікірін тіке «қайта қарағаң», сөйтіп Зиновьевтің ойынша «ревизионизмге» салынып кеткен.

Егер, мәселен, Энгельс пен Маркс Париж Коммунасын пролетариат диктатурасы деп белгілеген болса,— өздеріңіз білесіздер, оған екі партия басшылық етті, бірақ олардың бірде-бірі марксистік партия емес еді, — ал Ленин, империализм жағдайларындағы таптар күресінің жаңа тәжрибесін ескере отырып, кейін былай деді: пролетариаттың азды-көпті дамыған диктатурасын бір партия, марксизм партиясы басшылық еткенде ғана жүзеге асыруға болады деді, — демек,

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Маркс пен Энгельс жөнінде Ленин көрнеу «ревизионизмге» салынған болып шығады.

Егер Ленин империалистік соғыстың алдындағы дәуірде федерация мемлекет құрылысының ыңғайсыз типі деген болса, ал 1917 жылы, пролетариат күресінің жаңа тәжрибесін ескере отырып, бұл формуланы өзгертті, қайта қарады, федерация социализмге өтердегі мемлекет құрылысының қолайлы типі болып табылады дегенді айтты, — демек, Ленин өзі жөнінде және ленинизм жөнінде «ревизионизмге» салынған болып шығады.

Т. т. және т. с.

Сөйтіп, Зиновьевше былай болып шығады: марксизм жаңа тәжрибемен баюға тиісті емес екен, марксизмнің белгілібір классиктерінің жеке қағыйдалары мен формулаларын жақсартудың қандайы болса да ревизионизм болады екен.

Марксизм дегеніміз не? Марксизм дегеніміз ғылым. Егер марксизм пролетариат тап күресінің тәжрибесімен байымайтын болса, егер ол осы тәжрибені **марксизмнің тұрғысынан,** марксистік методтың **талабы бойынша** жүзеге асырмайтын болса, марксизм сау қалып, ғылым ретінде дамый ала ма? Әлбетте, дамый алмайды.

Осыдан кейінгі жерде марксизмнің жаңа тәжрибені есепке ала отырып, марксизм көзқарасын **сақтай отырып,** оның методын сақтай отырып, ескі формулаларды жақсартып, байытуды керек ететіні айқын емес пе, ал Зиновьев мүлде басқаша әрекет істеп отыр, марксизмнің әрпін сақтап, марксизм көзқарасының орнына, оның методының орнына марксизмнің жеке қағыйдаларының әрпін қабылдап отыр.

Шын марксизм мен марксизмнің негізгі жолының орнына марксизмнің жеке формулаларының әрпін және жеке қағыйдаларынан келтірілген цитаталарды қабылдаушылықтың арасында қандай ұқсастық болмақ?

Мұның өзі марксизм емес, марксизм жөніндегі карикатура екендігіне күмәнануға бола ма?

Маркс пен Энгельс: «Біздің ғылымымыз догма емес, іске басшылық» дегенде, нақ Зиновьев сыяқты «марксистерді» ескеріп айтқан болатын.

Зиновьевтің қырсығы — ол Маркс пен Энгельстің осы сөздерінің мағнасы мен маңызын түсінбей отыр.

II

ЖЕКЕ КАПИТАЛИСТІК ЕЛДЕРДЕ СОЦИАЛИЗМНІҢ ЖЕҢУІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Мен оппозицияның жеке қателері туралы және оппозиция басшыларының сөздерінде байқалған факт жүзіндегі теріс пікірлер туралы айттым. Мен бұл мәселені қортынды сөзімнің бірінші бөлімінде жеке ескертулер түрінде толық талдап өтуге тырыстым. Енді тіке істің мазмұнына көшуіме рұхсат етіңіздер.

1. Империализм дәуірінде жеке елдердегі пролетарлық революциялардың алғышарттары

Бірінші мәселе — империализм дәуірінде жеке капиталистік елдерде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы мәселе. Көріп отырсыздар, әңгіме әлденендей бір ел туралы болып отырған жоқ, әңгіме азды-көпті дамыған барлық империалистік елдер туралы болып отыр.

Жеке капиталистік елдерде социализмнің жеңуі туралы мәселеде оппозицияның негізгі қатесі қайсы?

Оппозицияның негізгі қатесі — оның өзі империализмнен бұрынғы капитализм мен империалистік капитализмнің арасындағы бүкіл айырмашылықты түсінбей отыр немесе түсінгісі келмей отыр, оның өзі империализмнің экономикалық мәнін түсінбей, капитализмнің әралуан екі фазасын — империализмнен бұрынғы фазасы мен империалистік фазасын өзара шатастырып отыр.

Оппозицияның осы қатесінен оның мынадай екінші қатесі туып отыр: оның өзі империализм дәуіріндегі дамудың әркелкілік заңының мағнасы мен маңызын түсінбей отыр, жымдасуға беталған бағытты осы заңға қарсы қойып отыр, сөйтіп, әсіреимпериализм жөніндегі каутскийшілдік позицияға түсіп кетіп отыр.

Осы екі қатеден оппозицияның үшінші қатесі, мынадай қатесі туады: оның өзі империализмнен бұрынғы капитализмнің негізінде жасалған формулалар мен қағыйдаларды империалистік капитализмге қалай болса солай қолданып отыр, сондықтан жеке капиталистік елдерде социализмнің жеңу мүмкіндігін бекерге шығарғалы отыр.

Екі ауыз сөзбен айтқанда, ескі, монополиядан бұрынғы, капитализм мен жаңа, монополистік капитализмнің арасындағы айырмашылық неде?

Бұл айырмашылық мынада: капитализм еркін бәсеке арқылы дамудың орнына капиталистердің орасан монополистік одақтары арқылы дамый бастады, ескі, «мәдениетті», «прогрестік» капиталдың орнын финанстық капитал, «шіруші» капитал басты, капиталдың «бейбіт» ұлғайып, «бос» жерлерге жайылуы орнына

секірмелі дамуы, бөлініп қойылған дүниені капиталистік топтар арасындағы әскери қақтығыстар жолымен қайта бөлу арқылы дамуы басталды, сөйтіп, түгел алғанда жоғары өрлеп дамыған ескі капитализмнің орнын өлуші капитализм, түгел алғанда дамуы төмендеп бара жатқан капитализм басты.

Бұл жөнінде Ленин былай дейді:

«Капитализмнің алдыңғы, «бейбіт» заманының орнына кәзіргі, империалистік заманның орнауының себебі не екенін еске түсірейік: оның себебі — еркін бәсеке капиталистердің монополистік одақтарына орнын берді, және де оның себебі — бүкіл жер дүниесі (жер жүзі? **И. Ст.**) бөлініп қойылған. Әлбетте, осы екі фактының (және фактордың) екеуінің де нағыз дүниежүзілік маңызы бар: капитал отарларын тоқтаусыз көбейтіп, Африкада және т. с. бос жатқан жерлерді басып алуға шамасы келіп тұрғанда, еркін сауда мен бейбіт бәсеке мүмкін де, қажетте нәрсе еді, оның бержағында капиталдың шоғырлануы әлі де нашар еді, ал монополистік кәсіпорындар, яғни өнеркәсіптің бүкіл белгілібір тарауында үстемдік етерлік орасан зор кәсіпорындар әлі де жоқ еді. Мұндай монополистік кәсіпорындардың туып, өсуі... бұрынғы еркін бәсекені **мүмкін емес** нәрсе етеді, оны тірегінен айырады, ал жер жүзін бөліске салу ісі бейбіт жолмен ұлғаюдан қарулы күреске, отарлар мен ықпал жүргізу салаларын қайта бөлу жолындағы қарулы күреске көшуге **мәжбүр етеді»** (қараңыз: XVIII том, 254-бет).

Ал онан кейін:

«**Біртегіс эволюция жасап келе жатқан*** және жаңа елдерге бірте-бірте ірге жайып келе жатқан капитализмнің біршама жайбарақат мәдени, бейбіт жағдайында бұрынғыша тұрып қалуға **болмайды,** өйткені басқа заман туды. Финанстық капитал белгілібір елді ұлы державалардың қатарынан **ығыстырып шығарғалы** отыр және ығыстырып шығарады да, оның отарларын, ықпал жүргізу салаларын тартып алады» (қараңыз: XVIII том, 256—257-беттер).

---

* **Курсив менікі. И. Ст.**

Бұдан Ленин империалистік капитализмнің сыйпаты туралы мынадай негізгі қортынды жасайды:

«Империализмнің **өлуші** капитализм, социализмге **өтуші** капитализм болатын себебі не екені түсінікті: капитализмнің **ішінен** өсіп шыққан монополия **кәзірдің өзінде** капитализмнің өліп бара жатуы, оның социализмге өте бастауы болып табылады. Империализмнің еңбекті орасан көлемде **ортақтастыруы** (апологеттер—буржуазияшыл экономистер мұны «сабақтасу» деп атайды) бұл да әлгінің дәл өзі болады» (қараңыз: XIX том, 302-бет).

Біздің оппозицияның қырсығы сол — оның өзі империализмнен бұрынғы капитализм мен империалистік капитализмнің арасындағы осы айырмашылықтың мейлінше маңызды екенін түсінбей отыр.

Сөйтіп, кәзіргі капитализм, империалистік капитализм — өлуші капитализм екендігі жөніндегі фактыны мойындау біздің партия позициясының тірек пункті болып табылады.

Амал не, бұдан капитализм кәзірдің өзінде өлді деген ұғым әлі де туа қоймайды. Бірақ бұдан, күмән жоқ, мынадай ұғым туады: бүкіл капитализм көркеюге емес, өлуге бет алып барады, бүкіл капитализм жоғары өрлеп дамып отырған жоқ, төмен түсе дамып отыр.

Осы жалпы мәселеден империализм дәуіріндегі дамудың әркелкілігі туралы мәселе туады.

Империализм дәуіріндегі дамудың әркелкілігі туралы айтқанда, лениншілдер әдетте не туралы әңгіме етеді?

Әралуан капиталистік елдердің даму дәрежесінде үлкен айырма бар екені туралы, өзінің дамуы жағы-

нан бір елдердің екінші бір елдерден артта қалып қоятыны туралы, бұл айырмашылықтың өзі барған сайын үлкейе түсетіндігі туралы әңгіме ете ме?

Жоқ, бұл туралы әңгіме етпейді. Империализм тұсындағы дамудың әркелкілігін капиталистік елдердің даму дәрежесіндегі айырмашылықпен шатастырудың өзі — тоғышарлыққа салынғандық болады. БК(б)П XV конференциясында дамудың әркелкілігі туралы мәселені әралуан капиталистік елдердің шаруашылық жағдайы дәрежесіндегі айырмашылық туралы мәселемен шатастырған оппозиция нақ осындай тоғышарлыққа салынды. Нақ осы шатақ пікірге сүйене отырып, оппозиция сол кезде: бұрын дамудың әркелкілігі империализм тұсындағыдан көп еді деген мүлде теріс қортындыға келді. Дәл сондықтан да XV конференциясында Троцкий «XIX ғасырда бұл әркелкілік XX ғасырдағыдан **көп** болды» дегенді айтты (БК(б)П XV конференциясында Троцкийдің сөйлеген сөзін қараңыз). Ол кезде Зиновьев те дәл осыны айтты, ол былай деді: «империалистік заман басталғанға дейін капиталистік дамудың әркелкілігі аз болды деу дұрыс емес» (БК(б)П XV конференциясында Зиновьевтің сөйлеген сөзін қараңыз).

Рас, кәзір, XV конференциядағы айтыстан кейін майданды өзгертуді керек деп тауып, Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумында сөйлеген сөздерінде мүлде қарама-қарсы пікір айтты немесе өздерінің осы қатесін тіпті ауызға алмай өтуге тырысты. Мәселен, кеңейтілген пленумда сөйлеген сөзінде Троцкийдің айтқаны мынау: «Даму қарқынын алатын болсақ, империализм осы әркелкілікті **шексіз шиеленістіріп жіберді»**, — деді ол. Ал Зиновьевті алатын бол-

сақ, ол Коминтерн Атқару Комитетінің пленумында сөйлеген сөзінде бұл мәселені тіпті ауызға алмай өтуді мақұл көрді, бірақ ол, империализм дәуірінде әркелкілік заңының күші нығая ма әлде әлсірей ме, таластың өзі нақ осы туралы болып отырғанын білмей қалған жоқ. Ал мұның өзі тек қана мынаны көрсетеді: айтыс оппозицияға бірер нәрсе үйретті және бұл айтыс оппозиция үшін пайдасыз болған жоқ.

Сонымен: империализм дәуіріндегі капиталистік елдердің дамуының әркелкілігі туралы мәселені әралуан капиталистік елдердің шаруашылық жағдайы дәрежесіндегі айырмашылық туралы мәселемен шатастыруға болмайды.

Капиталистік елдердің даму дәрежесіндегі айырмашылықтың кемуі және бұл елдердің жымдасуының дамуы империализм тұсындағы дамудың әркелкілік заңының күшін әлсіретеді деуге бола ма? Жоқ, бұлай деуге болмайды. Даму дәрежесіндегі бұл айырмашылық арта ма әлде кеми ме? Күмән жоқ, кемиді. Теңдесу өсе ме әлде төмендей ме? Сөз жоқ, өседі. Теңдесудің өсуі империализм тұсындағы дамудың әркелкілігіне қайшы келмей ме? Жоқ, қайшы келмейді. Керісінше, теңдесу дегеніміз империализм тұсындағы дамудың әркелкілік күшінің нығаюына мүмкіндік туғызатын тетік пен негіз болып табылады. Империализмнің экономикалық мәнін түсінбейтін, тек біздің оппозиционерлер сыяқты адамдар ғана теңдесуді империализм тұсындағы дамудың әркелкілік заңына қарсы қоя алады. Артта қалған елдер өз дамуын шапшаңдатып, озат елдермен теңдеседі, дәл сондықтан да бір елдерді екінші елдердің басып озуы жолындағы күрес шиеленісе түседі, дәл сондықтан да бір елдердің екінші елдерді

басып озып, оларды рыноктерден ығыстырып шығаруына мүмкіндік жасалады, сөйтіп осы арқылы соғыс қақтығыстары үшін, капитализмнің дүниежүзілік майданын әлсірету үшін, әралуан капиталистік елдер пролетарларының осы майданды бұзуы үшін жағдайлар туады. Кімде-кім осы оп-оңай шындықты түсінбеген болса, ондай адам монополистік капитализмнің экономикалық мәні туралы мәселе жөнінде тұк түсінбеген болып шығады.

Сонымен: теңдесу дегеніміз империализм дәуіріндегі дамудың әркелкілігін күшейту шарттарының бірі болып табылады.

Империализм тұсындағы даму әркелкілігінің мәні сі — бір елдер екінші елдерді қуып жетіп, оларды дағдылы жолмен, былайша айтқанда, эволюциялық жолмен, секірмелі қарқынға түспей-ақ, соғыс апаттарына кезікпей-ақ, бөлініп қойылған дүниені қайта бөліске салмай-ақ, шаруашылық жағынан басып озады деген сөз деуге бола ма? Жоқ, бұлай деуге болмайды. Мұндай әркелкілік монополиядан бұрынғы капитализм дәуірінде де болған, мұны Маркс те білген және бұл туралы «Россияда капитализмнің дамуы»[28] деген өз кітабында Ленин де жазған. Ол кезде капитализм азды-көпті бір тегіс дамып отырды, азды-көпті эволюциялық жолмен дамып отырды, сондықтан бір елдер екінші елдерді басып озғанда ұзақ уақыт өткеннен кейін барып, секірмелі қарқынға түспей-ақ, дүниежүзілік көлемде соғыс қақтығыстарын сөзсіз керек етпей-ақ басып озып отырды. Қазір мұндай әркелкілік туралы әңгіме болып отырған жоқ.

Ендеше империализм тұсындағы капиталистік елдердің дамуының әркелкілік заңы дегеніміз не?

Империализм дәуіріндегі дамудың әркелкілік заңы дегенімз мынау: бір елдер екінші елдерге қарағанда секірмелі түрде дамыйды, бір елдер екінші елдерді дүниежүзілік рыноктен тез ығыстырып тастайды, **бөлініп қойылған дүние** соғыс қақтығыстары арқылы және соғыс апаттары арқылы ауық-ауық қайта бөліске салынады, империализм лагеріндегі дау-жанжал ұлғайып, шиеленісе түседі, дүниежүзілік капитализмнің майданы әлсірейді, жеке елдердегі пролетариаттың бұл майданды бұзуына мүмкіндік туады, жеке елдерде социализмнің жеңуіне мүмкіндік туады.

Империализм тұсындағы дамудың әркелкілік заңының негізгі элементтері қайсы?

Біріншіден, оның негізгі элементі мына факт: дүние жүзі империалистік таптар арасында әлдеқашан бөлініп қойылған, енді дүние жүзінде «бос жатқан», иеленбеген жерлер жоқ, сондықтан жаңа рыноктер мен шикізат қорларын алу үшін, ұлғаю үшін, — бұл жерді басқалардан күшпен тартып алу керек.

Екіншіден, оның негізгі элементі мынау: техниканың орасан дамуы және капиталистік елдердің даму дәрежесіндегі күшейе түскен теңдесушілік бір елдерді екінші елдердің секірмелі түрде басып озуына, қуаты кемдеу, бірақ тез дамып келе жатқан елдердің қуаты молдау елдерді ығыстырып шығаруына мүмкіндік туғызып, бұл істі оңайлатты.

Үшіншіден, оның негізгі элементі мынау: жеке империалистік топтар арасында ықпал жүргізу салаларын бұрынғы бөлістің өзі дүниежүзілік рыноктегі күштердің жаңа арасалмағына әрдайым қыйғаш келіп отырады, сондықтан ықпал салаларын бұрынғы бөліс пен күштердің жаңа арасалмағы арасында «тепе-теңдік»

орнату үшін империалистік соғыстар арқылы дүние жүзін ауық-ауық қайта бөліске салып отыру қажет болады.

Империализм дәуіріндегі дамудың әркелкілігі күшейіп, шиеленісіп отыратындығы осыдан.

Империализм лагеріндегі дау-жанжалдың бейбіт жолмен шешілуі мүмкін болмайтындығы осыдан.

Осы дау-жанжалдың бейбіт жолмен тынуы мүмкін деп уағыздайтын Каутскийдің әсіреимпериализм жөніндегі теориясының қыйсынсыз болатындығы осыдан.

Ал бұдан шығатын қортынды — империализм дәуіріндегі дамудың әркелкілігінің күшейіп, шиеленісу фактысын мойындамайтын оппозиция әсіреимпериализмнің позициясына түсіп кетіп отыр.

Империализм дәуіріндегі дамудың әркелкілігінің ерекше өзгешеліктері міне осындай.

Империалистік топтар арасында дүние жүзін бөлісу ісі қашан аяқталды?

Лениннің айтуынша, дүние жүзін бөлісу ісі XX ғасырдың бас кезінде аяқталды.

Бөлініп болған дүниені қайта бөлу туралы мәселе іс жүзінде бірінші рет қашан алға қойылды?

Бүкіл дүниежүзілік бірінші империалистік соғыс дәуірінде алға қойылды.

Ал бұдан шығатын қортынды — **империализм тұсындағы** дамудың әркелкілік заңы тек XX ғасырдың бас кезінде ғана ашылып дәлелденуі мүмкін еді.

БК(б)П XV конференциясында жасаған баяндамамда мен империализм тұсындағы дамудың әркелкілік заңын Ленин жолдас ашып, дәлелдеді деп, нақ осы туралы айтқан болатынмын.

Бүкіл дүниежүзілік империалистік соғыс бөлініп

қойылған дүниені қайта бөлісу жөніндегі бірінші әрекет болды. Бұл әрекеттің нәтижесінде капитализмнің сорына Россияда революция жеңіп шықты және отар елдер мен тәуелді елдерде империализмнің негіздері әлсіреді.

Қайта бөлісу жөніндегі бірінші әрекеттің соңынан екінші әрекет жасалуға тиіс екенін, кәзірде империалистер лагерінде бұған дайындық жұмысы жүргізіліп отырғанын айтып жатудың қажеті де жоқ.

Екінші әрекет дүниежүзілік капитализмге бірінші әрекеттен гөрі әлдеқайда қымбатқа түсетіні жөнінде күмәндануға бола қоймас.

Империализм жағдайларындағы әркелкілік заңы тұрғысынан алып қарағанда дүниежүзілік капитализм дамуының перспективалары осындай.

Көріп отырсыздар, бұл перспективалар империализм дәуірінде жеке капиталистік елдерде социализмнің жеңуіне турадан-тура, тікелей мүмкіндік туғызады.

Өздеріңізге мәлім, Ленин жеке елдерде социализмнің жеңу мүмкіндігін капиталистік елдердің дамуының әркелкілік заңынан турадан-тура, тікелей шығарып айтты. Лениннің бұлай етуі өте дұрыс еді. Өйткені империализм тұсындағы дамудың әркелкілік заңы барлық, әралуан социал-демократтардың жеке капиталистік елдерде социализмнің жеңуі мүмкін емес деп «теориялық» жаттығулар жасауы үшін керекті негіз атаулыны жояды.

1915 жылы жазылған, өзінің программалық мақаласында Ленин бұл жөнінде былай дейді:

«Экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі — капитализмнің даусыз заңы. **Олай болса***, социализмнің әуелі бірнеше

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

капиталистік елде, тіпті бір, жеке алынған, капиталистік елде жеңуі мүмкін» (қараңыз: XVIII том, 232-бет).

Қортындылар:

а) Оппозицияның негізгі қатесі — оның өзі капитализмнің екі фазасының арасындағы айырмашылықты көрмей отыр немесе бұл айырмашылықты атап көрсетуден қашып отыр. Ал оның бұдан қашатын себебі не? Қашатын себебі — бұл айырмашылық империализм дәуіріндегі дамудың әркелкілік заңына апарады.

б) Оппозицияның екінші қатесі — оның өзі империализм тұсындағы капиталистік елдердің дамуының әркелкілік заңының шешуші маңызын түсінбей отыр немесе бағаламай отыр. Ал оның мұны бағаламайтын себебі не? Бағаламайтын себебі — капиталистік елдердің дамуының әркелкілік заңын дұрыс бағалаудың өзі жекө елдерде социализмнің жеңуі мүмкін деген қортындыға келтіреді.

в) Бұдан оппозицияның үшінші қатесі туады; бұл қате империализм тұсында жеке капиталистік елдерде социализмнің жеңуі мүмкін екенін мойындамаушылық.

Кімде-кім жеке елдерде социализмнің жеңу мүмкіндігін мойындамайтын болса, ондай адам империализм тұсындағы дамудың әркелкілік заңының маңызын ауызға алмауға мәжбүр болады, ал кімде-кім әркелкілік заңының маңызын ауызға алмайтын болса, ондай адам империализмнен бұрынғы капитализм мен империалистік капитализмнің арасындағы айырмашылықты бүркемей қоймайды.

Капиталистік елдердегі пролетарлық революция

лардың алғышарттары туралы мәселенің жайы осылай.

Бұл мәселенің практикалық маңызы қандай?

Практика тұрғысынан алып қарағанда біздің алдымызда тұрған екі жол бар.

Бір жол — жеке елдердің пролетарларын болашақ жалынды революцияға әзірленуге, оқыйғалардың барысын мұқият қадағалап, қолайлы жағдайлар туғанда капиталдың майданын дербес өздері бұзып, өкіметті қолға алу үшін, сөйтіп дүниежүзілік капитализмнің негіздерін әлсірету үшін дайын болуға шақыратын біздің партияның жолы.

Екінші жол — капиталистік майданды дербес өздері бұзудың қажеттігі жөнінде күмән туғызатын және жеке елдердің пролетарларын «жаппай қыймыл» кезеңін күтіңдер деп шақыратын біздің оппозицияның жолы.

Егер біздің партияның жолы өздерінің буржуазиясына жасалатын революциялық қысымды күшейтуге және жеке елдердегі пролетарлардың ынта-жігерін арттыруға бастайтын жол болса, ал біздің оппозицияның жолы енжарлықпен күтіп отыру жолы және өз буржуазиясына қарсы күресуші, жеке елдердегі пролетарлардың ынта-жігерін бөгеу жолы болып табылады.

Бірінші жол жеке елдердегі пролетарлардың белсенділігін күшейту жолы болып табылады.

Екінші жол пролетариаттың революциялық жігерін әлсірету жолы, енжарлық пен күтіп отыру жолы болып табылады.

Біздің кәзіргі таласымызға тікелей қатысы бар мы-

надай айқын сөздерді жазған Лениннің пікірі мың мәртебе дұрыс еді:

«Революция барлық елдерде басталмай тұрып, өкіметті қолға алмау керек еді деп сендірмек болатын, өздерін өте ақылдымыз деп санайтын, айта берсең өздерін социалистерміз деп атайтын ақылгөйлердің, әрине, бар екенін мен жақсы білемін. Осылай деуімен олар революциядан өздерінің іргесін аулақ салатындығын және буржуазия жағына шығатындығын сезбейді. Еңбекшілер табы халықаралық көлемде революция жасағанға дейін күте тұру керек деу — мұның аты бәрінің де күткен қалыпта қатып қалуы керек деген сөз болады. Мұның өзі — мағнасыз нәрсе» (қараңыз: XXIII том, 9-бет).

Лениннің бұл сөздерін ұмытуға болмайды.

2. Зиновьев Лениннің пікірін қалай «өңдеп отыр»

Мен жеке капиталистік елдердегі пролетарлық революциялардың алғышарттары туралы айттым. Мен енді Лениннің пролетарлық революциялардың алғышарттары туралы және жеке капиталистік елдерде социализмнің жеңуі туралы негізгі мақаласын Зиновьевтің қалай бұрмалап отырғаны немесе қалай «өңдеп отырғаны» жайында бірнеше сөз айтпақшымын. Мен бұл арада Лениннің 1915 жылы жазған және біздің жарыссөздеріміз кезінде бірнеше рет цитата келтірілген, «Европа Құрама Штаттарының ұраны туралы» деген белгілі мақаласын айтып тұрмын. Зиновьев мені бұл мақаладан цитатаны толық келтірмеді деп кінәлады; онан соң ол осы мақаланы өзінше түсіндіруге тырысты, ал мұны жеке елдерде социализмнің жеңуі туралы мәселе жөніндегі Лениннің көзқарастарын, оның

негізгі бағытын толық бұрмалағандық демей, басқаша атауға болмайды. Осы цитатаны толық келтіруге рұхсат етіңіздер; ал өткен жолы уақыттың аздығынан мен қалдырып кеткен жолдарды курсивпен көрсетуге тырысамын. Ол цитата мынау:

«Экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі — капитализмнің даусыз заңы. Олай болса, социализмнің әуелі бірнеше капиталистік елде, тіпті бір, жеке алынған, капиталистік елде жеңуі мүмкін. Бұл елдің жеңіп шыққан пролетариаты капиталистерді экспроприациялап, өз елінде социалистік өндіріс ұйымдастырып, қалған капиталистік дүниеге қарсы тұрар еді, басқа елдердің езілген таптарын өзіне тарта отырып, олардың арасында капиталистерге қарсы көтеріліс туғыза отырып, қажет болған жағдайда қанаушы таптарға, олардың мемлекеттеріне тіпті әскери күшпен қарсы шығар еді. Буржуазияны құлата отырып, пролетариат жеңіп шығатын қоғамның саяси формасы демократиялық республика болады, бұл республика әлі де социализмге көшпеген мемлекеттерге қарсы күресте белгілібір ұлттың немесе белгілібір ұлттардың пролетариатының күштерін барған сайын централизациялай береді. Езілген таптың, пролетариаттың диктатурасы болмайынша, таптарды жою мүмкін емес. Социалистік республикалар артта қалып қойған мемлекеттермен азды-көпті ұзақ уақыт табан тіреп күреспейінше, ұлттардың социализмде еркімен бас қосуы мүмкін емес» (қараңыз: XVIII том, 232—233-беттер).

Осы цитатаны келтіре отырып, Зиновьев екі ескерту жасайды: біріншісі — демократиялық республика туралы және екіншісі — социалистік өндірісті ұйымдастыру туралы.

Әуелі бірінші ескертуі туралы әңгіме етейік. Зиновьев, егер Ленин бұл арада демократиялық республика туралы айтып отырған болса, онда әңгіме, ең мықтағанда, пролетариаттың өкіметті қолға алуы туралы болуы мүмкін деп ойлайды, оның бержағында

Зиновьев ұялмай-қызармай: Ленин бұл арада, сірә, буржуазиялық республика туралы әңгіме етіп отырған болуы керек деп өте бұлдыр, бірақ өжет ишарат білдірді. Бұлай деуі дұрыс па? Әрине, дұрыс емес. Зиновьевтің онша адалдыққа жатпайтын осы ишаратын бекерге шығару үшін цитатаның соңғы жолдарын оқып шығудың өзі-ақ жеткілікті, мұнда «социалистік республикалардың артта қалған мемлекеттермен күресуі» туралы айтылған. Әлбетте, демократиялық республика туралы әңгіме еткенде Лениннің айтқаны буржуазиялық республика емес, социалистік республика болатын.

1915 жылы Ленин Совет өкіметі пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы болатынын әлі де білмейтін еді. Жеке Советтер патша өкіметін құлатқан дәуірде революциялық өкіметтің бастамасы болатынын Ленин 1905 жылдың өзінде-ақ білген-ді. Пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы ретінде, мемлекеттік көлемде біріккен Совет өкіметін Ленин ол кезде әлі де білмейтін. Пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы болып табылатын Советтер Республикасын Ленин тек 1917 жылда ғана ашып, өтпелі қоғамның саяси ұйымының осы жаңа формасы туралы мәселені 1917 жылы жазда, әсіресе өзінің «Мемлекет және революция»[29] деген кітабында, толық талдап шешті Лениннің цитатада Совет республикасы туралы айтпай демократиялық республика туралы айтып отырған себебі, анығында, осы; ал оның демократиялық республика деп социалистік республиканы түсінгені цитатадан айқын көрінеді. Маркс пен Энгельс өз заманында қалай еткен болса, бұл арада Ленин де солай етті; ал Марк

пен Энгельс Париж Коммунасына дейін капитализмнен социализмге өтуші қоғамның саяси ұйымының формасы деп жалпы республиканы есептеген болатын, ал Париж Коммунасынан кейін олар осы терминді анықтап, бұл республика Париж коммунасы кейіптес республика болуға тиіс деп көрсетті. Мен айтпасам да белгілі, егер Ленин өз цитатасында буржуазиялық-демократиялық республиканы ескерген болса, онда «пролетариат диктатурасы» туралы, «капиталистерді экспроприациялау» туралы, т. т. туралы әңгіме етудің керегі де болмас еді.

Көріп отырсыздар, Зиновьевтің Ленин пікірін «өңдеу» жөніндегі әрекетін сәті түскен әрекет деуге болмайды.

Зиновьевтің екінші ескертуіне келейік. Зиновьевтің сендіруінше, Ленин жолдастың «социалистік өндірісті ұйымдастыру» туралы сөйлемін жалпы есі бүтін адамдардың түсінетіні сияқты түсінбей, әйтеуір басқаша түсіну керек екен, атап айтқанда Ленин бұл арада социалистік өндірісті ұйымдастыруға **кірісу** жөнінде ғана әңгіме еткен деп түсіну керек. Неліктен, бұлай деуге дәлел қайсы, — мұны Зиновьев тіпті түсіндірген жоқ. Айтуыма рұхсат етіңіздер, Зиновьев бұл арада Лениннің пікірін «өңдеу» жөнінде тағыда бір әрекет жасап отыр. Цитатада «бұл елдің жеңіп шыққан пролетариаты капиталистерді экспроприациялап, өз елінде социалистік өндіріс **ұйымдастырып,** қалған капиталистік дүниеге қарсы тұрар еді» — деп тіке айтылған. Мұнда «ұйымдастыра отырып» делінген емес, **«ұйымдастырып»** делінген. Бұл арада айырма бар екенін дәлелдеп жатудың қажеті бар ма? Егер Ленин социалистік өндірісті ұйымдастыруға **кірісу** жөнінде ғана айт-

қан болса, онда ол — «ұйымдастырып» демей, «ұйымдастыра отырып» дер еді деп дәлелдеп жатудың қажеті бар ма? Олай болса, Ленин тек социалистік өндірісті ұйымдастыруға кірісу жөнінде ғана емес, сонымен қатар социалистік өндірісті ұйымдастыру мүмкіндігі, жеке елдерде социалистік өндірісті орнату мүмкіндігі жөнінде де айтқан.

Көріп отырсыздар, Зиновьевтің Ленин пікірін «өңдеу» жөніндегі осы екінші әрекетін де өте-мөте сәтсіз әрекет деп есептеу керек.

Зиновьев Лениннің пікірін «өңдеу» жөніндегі өз әрекеттерін «социализмді шортан әмірі бойынша екі аптаның немесе екі айдың ішінде орната салуға болмайды» деген сыяқты мысқыл сөздермен бүркеуге тырысады. Бұл мысқыл сөздер Зиновьевке «өрескел ойын үстінде тәуір шырай білдіру» үшін керек болып отырғой деп қорқамын. Социализмді екі аптаның ішінде, екі айдың ішінде немесе екі жылдың ішінде орнатпақшы болып жүрген адамдарды Зиновьев қайдан тапты екен? Егер ондай адамдар жаратылыста бар болатын болса, Зиновьев оларды неге атап көрсетпейді? Оларды атап көрсетпеген себебі — жаратылыста ондай адамдар жоқ. Жалған мысқылдар Зиновьевке Лениннің және ленинизмнің пікірлерін «өңдеу» жөніндегі өз «жұмысын» бүркеу үшін керек болды.

Сонымен:

а) империализм тұсындағы дамудың әркелкілік заңына сүйене отырып, Ленин «Европа Құрама Штаттарының ұраны туралы» өзінің негізгі мақаласында жеке капиталистік елдерде социализмнің жеңуі мүмкін деген қортындыға келді;

б) Ленин жеке елдерде социализмнің жеңуі деп

пролетариаттың өкіметті басып алуын, капиталистерді экспроприациялап, социалистік өндірісті ұйымдастыру ісін айтып отыр, оның бержағында бұл міндеттердің бәрі өзіндік мақсат емес, басқа, капиталистік дүниеге қарсы тұрудың және барлық елдердің капитализмге қарсы күресуші пролетарларына көмек көрсетудің құралы болып табылады;

в) Зиновьев ленинизмнің осы қағыйдаларын күзеуге және Лениннің пікірлерін оппозициялық одақтың кәзіргі жартылай меньшевиктік позициясына лайықтап «өңдеуге» әрекеттенді. Бірақ бұл әрекет жарамсыз амалдармен жасалған әрекет болып шықты.

Менің ойымша, бұдан әрі түсіндіріп жатудың қажеті жоқ.

III

ССР ОДАҒЫНДА СОЦИАЛИЗМ ҚҰРЫЛЫСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Жолдастар, енді ССР Одағында, біздің елде, социализм орнату туралы мәселеге көшуіме рұхсат етіңіздер.

1. Оппозицияның «маневрлері» және Ленин партиясының «ұлтшылдық-реформизмі»

Троцкий өз сөзінде Сталиннің ең ірі қатесі бір елде, біздің елде, социализм орнату мүмкіндігі туралы теория болып табылады дегенді айтты. Демек, сонымен, Лениннің біздің елде социализм орнату мүмкіндігі жөніндегі теориясы тұрáлы әңгіме болып отырған жоқ екен, Сталиннің ешкімге белгісіз, әлде нендей бір «тео-

риясы» туралы әңгіме болып отыр екен. Мен мұны былайша түсінемін: Троцкий Лениннің теориясына қарсы күрес жүргізуді мақсат еткен, бірақ Ленинге қарсы ашық күрес жүргізу — қауіпті іс, сондықтан оның өзі бұл күресті Сталиннің «теориясына» қарсы күресу сылтауымен жүргізуге ұйғарды. Троцкий осы арқылы ленинизмге қарсы өз күресін оңайлатқысы келеді. Сталиннің «теориясы» жөніндегі сынымен бұл күресті бүркегісі келеді. Істің жайы дәл осылай екенін, бұл арада Сталиннің ешбір қатысы жоқ екенін, Сталиннің ешқандай «теориясы» туралы әңгіме болуы мүмкін де емес екенін, теорияға әлденендей жаңалық енгіздім деп Сталиннің ешқашанда айтпағанын, тек қана, Троцкийдің ревизиялау әрекетіне қарамастан, біздің партия ішінде ленинизмнің толық жеңіп шығуын жеңілдетуді көздегенімді, — осыны мен төменде көрсетуге тырысамын. Ал әзірше ескерте кететініміз, Сталиннің «теориясы» жөніндегі Троцкийдің айтқаны — маневр, айлакерлік, сұжүректікпен айтылған, сәтсіз айлакерлік болып табылады; осы айлакерлігі арқылы ол жеке елдерде социализмнің жеңуі жөніндегі лениндік теорияға қарсы өз күресін, 1915 жылдан бастап жүргізіліп келе жатқан және осы күнге дейін тыйылмай отырған күресін бүркемек болып отыр. Троцкийдің бұл тәсілі адал айтыстың белгісі бола ма, — мұны жолдастардың өздері-ақ айтсын.

Партиямыздың біздің елде социализм орнату мүмкіндігі туралы мәселе жөніндегі қарарларының тірек пункті Ленин жолдастың белгілі программалық еңбектері болып табылады. Лениннің бұл еңбектерінде былай делінген: империализм жағдайларында жеке елдерде

социализмнің жеңуі мүмкін, пролетариат диктатурасының жеңуі осы диктатураның экономикалық проблемасын шешу ісінде қамтамасыз етілген, сондықтан бізде, ССРО пролетарларында, толық социалистік қоғам орнату үшін қажетті және жеткілікті нәрсенің бәрі де бар.

Мен жаңа ғана Лениннің белгілі мақаласынан цитата келтірдім; мұнда ол жеке елдерде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы бірінші рет мәселе қойды; сондықтан мен ол цитатаны бұл жерде қайталап жатпаймын. Бұл мақала 1915 жылы жазылған. Бұл мақалада былай делінген: жеке елдерде социализмнің жеңуі, пролетариаттың өкіметті қолға алуы, капиталистерді экспроприациялау және социалистік өндірісті ұйымдастыру — мүмкін нәрселер. Өздеріңізге белгілі, Троцкий сол кезде-ақ, 1915 жылдың өзінде-ақ, баспасөз бетінде Лениннің осы мақаласына қарсы шықты, бір елде социализм орнату жөніндегі лениндік теорияны «ұлттық тұйықтық» теориясы деп атады.

Айтыңызшы, бұл арада Сталин «теориясының» қандай қатысы бар?

Мен, онан соң, өз баяндамамда Лениннің «Пролетариат диктатурасы заманындағы экономика мен саясат» деген белгілі шығармасынан цитата келтірдім; мұнда пролетариат диктатурасының экономикалық проблемасын жүзеге асыру мағнасында алғанда ССРО пролетариатының жеңуі қамтамасыз етілген деп есептеу керек деп тіке және анық айтылған. Бұл шығарма 1919 жылы жазылған. Бұл цитата мынау:

«Барлық елдердің буржуалары, олардың тіке және жасырын итаршылары (II Интернационалдың «социалистері») қаншама өтірік айтса да, қаншама жала жапса да: **пролетариат диктатурасының негізгі экономикалық проблемасының тұрғысынан қарағанда**

бізде коммунизмнің капитализмді жеңіп шығуы қамтамасыз етілгені даусыз болып отыр. Барлық дүние жүзі буржуазиясының большевизмге қарсы күтырып, аласұру себебі, большевиктерге қарсы соғыс жорықтарын, заговорларды, тағы басқаларын ұйымдастыру себебі, — бізді **соғыс күшімен жаныштай алмайтын болса, — қоғам шаруашылығын қайта құруда біздің сөзсіз жеңіп шығатынымызды** ол жақсы түсінеді. **Ал бізді буржуазия бұлай жаныштай алмайды»*** (Қараңыз: XXIV том, 510-бет).

Көріп отырсыздар, Ленин бұл арада қоғам шаруашылығын қайта құру ісінде, пролетариат диктатурасының экономикалық проблемасын шешу ісінде СССР пролетариатының жеңуі мүмкін деп тіке айтып отыр.

Өздеріңізге белгілі, Троцкий және бүкіл оппозиция осы цитатада көрсетілген негізгі қағыйдаларға қосылмайды.

Айтыңызшы, ендеше бұл арада Сталин «теориясының» қандай қатысы бар?

Мен, ақырында, Лениннің белгілі кітапшасынан, 1923 жылы жазылған «Кооперация туралы» деген кітапшасынан цитата келтірдім. Бұл цитатада былай делінген:

«Шынында да, барлық ірі өндіріс құрал-жабдықтары мемлекеттің билігінде болуы, мемлекеттің өкімет билігі пролетариаттың қолында болуы, бұл пролетариаттың сан миллион ұсақ, майда шаруалармен одақ жасауы, шаруаларға осы пролетариат басшылығының қамтамасыз етілуі, т. т. — міне осының бәрі кооперация арқылы, бұрын саудагершіл деп өзіміз жақтырмай келген кооперация арқылы, кәзіргі нэп тұсында да белгілібір жағынан нақ солай жақтырмауға правомыз бар кооперация арқылы, тек осы кооперация арқылы ғана **социалистік қоғамды толық орнатуға қажетті нәрсенің** барлығы емес пе? Бұл әлі социалистік қоғамның орнатылғандығы емес, бірақ бұл соны орнатуға қажетті және **жеткілікті** нәрсенің барлығы»* (қараңыз: XXVII том, 392-бет).

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Көріп отырсыздар, бұл цитата біздің елде социализм орнату мүмкіндігі жөнінде ешбір күмән қалдырмайды.

Көріп отырсыздар, бұл цитатада елімізде социалистік шаруашылық орнатудың басты факторлары: пролетарлық өкімет, пролетарлық өкіметтің қолындағы ірі өндіріс, пролетариат пен шаруалардың одағы, бұл одақта пролетариаттың басшылығы, кооперация аталып өткен.

Троцкий таяуда, БК(б)П XV конференциясында, осы цитатаға Лениннің шығармаларынан алынған екінші бір цитатаны қарсы қоюға әрекеттенді, ал мұнда «Коммунизм дегеніміз — Совет өкіметі, оның үстіне бүкіл елімізді электрлендіру деген сөз» делінген (қараңыз: XXVI том, 46-бет). Бірақ бұл цитаталарды бірбіріне қарсы қоюдың өзі — Лениннің «Кооперация туралы» деген кітапшасының негізгі мағнасын бұрмалағандық болады. Электрлендіру дегеніміз ірі өндірістің негізгі бір бөлегі емес пе және пролетарлық өкіметтің қолында жыйнақталған ірі өндіріс болмайынша оның біздің елде болуы тегінде мүмкін бе? Лениннің «Кооперация туралы» деген кітапшада, социализм құрылысы факторларының бірі ретіндегі ірі өндіріс жөнінде айтқан сөздерінің ішінде электрлендіру де бар екені айқын емес пе?

Өздеріңізге белгілі, оппозиция Лениннің «Кооперация туралы» деген кітапшасынан алынған осы цитатадағы негізгі қағыйдаларға қарсы азды-көпті әйгілі күрес, көбінесе астыртын күрес жүргізіп келеді.

Айтыңызшы, ендеше бұл арада Сталин «теориясының» қандай қатысы бар?

Біздің елдегі социализм құрылысы туралы мәселе жөнінде ленинизмнің негізгі қағыйдалары осындай.

Партия былай деп кесіп айтады: ленинизмнің осы қағыйдаларына Троцкий мен оппозициялық одақтың: «ұлттық-мемлекеттік шеңберде социализм құрылысы мүмкін емес», «бір елде социализм орнату теориясы **ұлттық тұйықтықты теория жүзінде ақтағандық** болып табылады», «Европа пролетариатының тікелей мемлекеттік жәрдемі болмаса, Россияның жұмысшы табы **өкіметті қолында ұстап тұра алмайды»** (Троцкий) деген белгілі қағыйдалары бүтіндей қайшы келеді.

Партия былай деп кесіп айтады: оппозициялық одақтың бұл қағыйдалары біздің партиядағы социал-демократиялық уклонның көрінісі болып табылады.

Партия былай деп кесіп айтады: Троцкийдің «Европа пролетариатының тікелей мемлекеттік жәрдемі» жөніндегі формуласы Ленинизмнен толық кол үзгендіктің формуласы болып табылады. Өйткені еліміздегі социализм құрылысын «Европа пролетариатының тікелей мемлекеттік жәрдеміне» байланысты етіп кою деген не сөз? Егер Европа пролетариаты таяу уақыттың ішінде өкіметті қолға ала алмайтын болса, қалай ету керек? Біздің революцияның белгісіз уақыттың ішінде Батыста революцияның жеңуін күтіп бекер боска шарқ ұруына бола ма? Еліміздегі буржуазия Батыста революция жеңгенше күтіп отыруға көнеді, сөйтіп шаруашылығымыздың социалистік элементтеріне қарсы өз жұмысынан, өз күресінен бастартады деп сенуге бола ма? Троцкийдің осы формуласынан шаруашылығымыздың капиталистік элементтеріне өз позицияларынды беріп кою перспективасы, онан соң, Батыста жеңімпаз

революция кешігетіндей болса, партиямыздың өкімет басынан кету перспективасы тумай ма?

Біздің көріп отырғанымыз тіпті әртүрлі екі жол екендігі, оның бірі партия мен ленинизмнің жолы екендігі, ал екіншісі — оппозиция мен Троцкийдің жолы екендігі айқын емес пе?

Мен өз баяндамамда Троцкийден былай деп сұрадым және әлі де сұраймын: жеке елдерде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы Лениннің теориясын 1915 жылы Троцкийдің «ұлттық тұйықтық» теориясы деп бағалағаны рас емес пе? Бірақ мен жауап ала алған жоқпын. Неге? Үн қатпаушылық шынымен айтыстағы ерліктің белгісі болғаны ма?

Мен, онан соң, Троцкийден былай деп сұрадым және әлі де сұраймын: социализм құрылысы теориясына қарсы оның «ұлттық тұйықтық» жөніндегі өз айыптауын тіпті таяуда ғана, 1926 жылғы сентябрьде, оппозицияға арналған өзінің белгілі документінде қайталағаны рас емес пе? Бірақ мен бұл жолы да жауап ала алмадым. Неге? Оның себебі — үн қатпаушылық бұл да Троцкийдің өзінше бір «маневрі» болғандығынан емес пе екен?

Осының бәрі нені көрсетеді?

Мұның көрсететіні — еліміздегі социализм құрылысы туралы негізгі мәселеде Троцкий ленинизммен күресетін өзінің ескі позицияларында қалып отыр.

Мұның көрсететіні — Троцкий, ленинизмге тіке қарсы шығуға ерлігі жетпестен, өзінің осы күресін Сталиннің жоқ «теориясын» сынаумен бүркегелі отыр.

Екінші бір «маневршіге», Каменевке келейік. Сірә, Троцкийден үйренсе керек, ол да маневр жасай бастады. Бірақ оның маневрі Троцкийдің маневрінен гөрі

тұрпайылау болып шықты. Егер Троцкий бір ғана Сталинді айыптауға әрекеттенген болса, Каменев шіміріқпестен бүкіл партияны айыптап, ол, яғни партия, «халықаралық революциялық перспективаның орнына ұлтшылдық-реформистік перспективаны қолданып отыр» деді. Білемісіз: біздің партия, бақсақ, халықаралық революциялық перспективаның орнына ұлтшылдық-реформистік перспективаны қолданып отыр екен. Ал біздің партия Ленин партиясы болып табылады, ол социализм құрылысы туралы мәселе жөніндегі өз қарарларында түгелдей және толығынан Лениннің белгілі қағыйдаларына сүйенеді, демек, социализм құрылысы жөніндегі лениндік теория ұлтшыл-реформизмнің теориясы болып шығады. Ленин — «ұлтшыл-реформист» екен, — Каменев бізді міне осындай ақмақтықпен сыйлап отыр.

Еліміздегі социализм құрылысы туралы мәселе жөнінде біздің партияның қандай да болсын қарарлары бар ма? Я, бар, және тіпті ап-анық қарарлары бар. Партия бұл қарарларды қашан қабылдады? Бұл қарарлар 1925 жылғы апрельде партиямыздың XIV конференциясында қабылданды. Менің айтып тұрғаным XIV конференцияның Коминтерн Атқару Комитетінің жұмысы туралы және еліміздегі социалистік құрылыс туралы белгілі қарары. Бұл қарар лениндік қарар ма? Я, лениндік қарар, өйткені XIV конференцияда осы қарарды **жақтап** баяндама жасаған Зиновьев сияқты және сол конференцияда председательдік етіп, осы қарар **үшін** дауыс берген Каменев сияқты қанық адамдар бұл жөнінде кепілдікке жүре алады.

Олай болса, Каменев пен Зиновьев партияның қайшылықтарын, XIV конференцияның еліміздегі социа-

лизм құрылысы туралы мәселе жөніндегі қарарынан ауа жайылып кеткенін неге атап көрсетпеді, өздеріңізге белгілі, мұның өзі (қарар) бірауыздан қабылданған еді ғой?

Ойлап қарасаңыз, бұдан оңай не болсын: еліміздегі социализм құрылысы туралы мәселе жөнінде партияның арнаулы қарары бар, Каменев пен Зиновьев осыны жақтап дауыс берген болатын, ал енді олардың екеуі де партияны ұлтшыл-реформизм жөнінде айыптап отыр, — ендеше олар еліміздегі социализм құрылысы туралы баяндайтын және, анығында, басынан аяғына дейін лениндік қарар болып табылатын, XIV конференция қарары сияқты маңызды партиялық документті неге дәлел етпеді?

Сіздер байқадыңыздар ма, жалпы алғанда оппозиция, әсіресе Каменев, ыстық боткаға жуымайтын мысықтай (күлкі) XIV конференцияның қарарынан бойын аулақ салып отырды ғой? Зиновьевтің баяндамасы бойынша қабылданған және Каменевтің белсене қатысуымен өткізілген XIV конференция қарарынан олардың мұншалық қорқатын себебі не? Каменев пен Зиновьев бұл қарарды тіпті жанамалап болса да ауызға алудан неге қорқады? Ал осы қарар еліміздегі социализм құрылысы туралы баяндамай ма? Социализм құрылысы туралы мәселе біздің айтысымыздағы негізгі талас мәселе емес пе?

Ендеше мұның мәнісі қалай?

Мұның мәнісі — 1925 жылы XIV конференцияның қарарын жақтаған Каменев пен Зиновьев кейін бұл қарардан безді, демек, ленинизмнен безді, сөйтіп троцкизмнің жағына өтіп кетті, ал енді олар, әшкереленіп

қалармыз деп қауіптеніп, бұл қарарды тым болмаса жанамалап ауызға алудан да қорқып отыр.

Бұл қарар не туралы айтады?

Бұл қарардан алынған цитата мынау:

«Жалпы бір елде социализмнің жеңуі (**түпкілікті жеңу мағынасында емес**) **сөзсіз мүмкін***.

Ал онан кейін:

«...Бір-біріне тікелей қарама-қарсы қоғамдық екі системаның болуы капиталистік блокаданың, экономикалық қысымның басқа формаларының, қарулы интервенцияның, реставрацияның үздіксіз қаупін туғызып отырады. Олай болса, **социализмнің түпкілікті жеңіп шығуының** бірден-бір кепілдігі, яғни реставрация болмауының кепілдігі бірқатар елдерде жеңімпаз социалистік революцияның жасалуы болып табылады. Бұдан техникалық-экономикалық жағынан неғұрлым ілгері дамыған елдердің **«мемлекеттік жәрдемінсіз»** (Троцкий) **Россия сияқты артта қалған елде толық социалистік қоғам орнату мүмкін емес деген қортынды әсте тумайды***. «Россияда социалистік шаруашылықтың шын мәнісінде өркендеуі Европаның басты-басты елдерінде пролетариат жеңгеннен кейін ғана мүмкін бола алады» (Троцкий, 1922 ж.) деген пікір, — кәзіргі дәуірде ССРО пролетариатын фаталистік енжарлыққа душар ететін пікір, — перманенттік революция жөніндегі троцкистік теорияның айырғысыз бір бөлегі болып табылады. Мұндай «теорияларға» қарсы Ленин жолдас былай деп жазды: «Батысевропалық социал-демократияның дамып келе жатқан кезінде олардың жаттап алған дәлелі ұшы-қыйыры жоқ шаблонды дәлел болып табылады; бұл дәлел бойынша: біз социализм орнататындай дәрежеге жеткеніміз жоқ, бұлардың ішінде түрлі «ғалым» мырзалардың айтуынша, бізде социализм үшін объективтік экономикалық алғышарттар жоқ сияқты» (Суханов туралы мақала)». (РК(б)П XIV конференциясының «Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумына байланысты Коминтерн мен РК(б)П міндеттері туралы» қарары[30]).

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Көріп отырсыздар, XIV конференцияның қарары ленинизмнің елімізде социализм орнату мүмкіндігі туралы мәселедегі негізгі қағыйдаларын дәл баяндайтын қарар болып табылады.

Көріп отырсыздар, қарарда троцкизм ленинизмге қарама-қарсы нәрсе ретінде бағаланады, ал қарардың бірқатар тезистері троцкизмнің негіздерін тікелей теріске шығарады.

Көріп отырсыздар, елімізде социалистік қоғам орнату мәселесі жөнінде кәзір қайта қозған таластар қарарда толық көрсетілген.

Өздеріңіз білесіздер, менің баяндамам осы қарардың жетекші қағыйдаларына сәйкес құрылған болатын.

Сіздердің естеріңізде болар, мен өз баяндамамда XIV конференцияның қарарын әдейі ауызға алып, Каменев пен Зиновьевті осы қарарды бұзғандығы үшін, осы қарардан айнып кеткендігі үшін айыптадым.

Ал Каменев пен Зиновьев бұл айыптан өздерін арашалап алуға неге әрекеттенбеді?

Мұның сыры неде?

Мұның сыры мынада: Каменев пен Зиновьев бұл қарардан әлдеқашан-ақ безген, безгеннен кейін, — троцкизмнің жағына өтіп кеткен.

Өйткені екінің бірі:

не XIV конференцияның қарары лениндік қарар емес, — онда осы қарарды жақтап дауыс берген Каменев пен Зиновьев лениншілдер болған жоқ;

не бұл қарар лениндік қарар болып табылады, — онда осы қарардан қол үзген Каменев пен Зиновьев лениншілдер болудан қалды.

Осында кейбір шешендер (оның ішінде, сірә, Ризе де болуы керек): троцкизмге Каменев пен Зиновьев

өткен жоқ, қайта, керісінше, Зиновьев пен Каменевке Троцкий өтті десті. Мұның бәрі бос сөз, жолдастар. Каменев пен Зиновьевтің XIV конференцияның қарарынан айнып кету фактысы дәл Каменев пен Зиновьевтің троцкизмнің жағына өтіп кеткенін көрсететін айқын дәлел болып табылады.

Сонымен:

ССР Одағындағы социализм құрылысы туралы мәселеде лениндік жолдан, РК(б)П XIV конференциясының қарарында көрсетілген жолдан тайып кеткен кім?

Әлбетте, Каменев пен Зиновьев.

«Халықаралық революциялық перспективаның орнына» троцкизмді қабылдаған кім?

Әлбетте, Каменев пен Зиновьев.

Егер кәзір Каменев біздің партияның «ұлтшылдық-реформизмі» туралы даурығып, айқай салып отырған болса, оның себебі мынау: ол осы арқылы жолдастардың назарын өзінің азғындауынан басқа жаққа аударып, ауру бастың сақыйнасын сау басқа телігелі отыр.

Міне сондықтан да біздің партияның «ұлтшылдық-реформизмі» жөніндегі Каменевтің «маневрі» — өзінің XIV конференция қарарынан айнып кеткенін, өзінің ленинизмнен айнып кеткенін, өзінің троцкизм жағына өткенін біздің партияның «ұлтшылдық-реформизмі» туралы айқаймен бүркеуді көздейтін айлакерлік, сорақы және тұрпайы айлакерлік болып табылады.

2. Біз ССР Одағында социализмнің экономикалық базасын орнатып жатырмыз және орната аламыз

Мен өз баяндамамда бізде социализмнің **саяси** базасы кәзірдің өзінде жасалды — бұл пролетариат диктатурасы дегенді айттым. Мен социализмнің **экономи-**

калық базасы әлі де жөнді жасала қойған жоқ, оны әлі де жасау керек дедім. Мен, онан соң, сондықтан мәселе былайша қойылып отыр: біз елімізде социализмнің экономикалық базасын өз күшімізбен орната аламыз ба? дедім. Мен, ақырында, егер бұл мәселені таптық тілге аударатын болсақ, онда мәселе мына түрде қойылады: біз өзіміздегі, советтік буржуазияны өз күшімізбен жеңе аламыз ба? дедім.

Өз сөзінде Троцкийдің айтуынша мен ССРО буржуазиясын жеңу туралы әңгіме еткенде, оны саясат жүзінде жеңу мәселесін көздеппін. Әрине, бұл дұрыс емес. Бұл — Троцкийдің фракцияшылдық желігі. Менің баяндамамнан көрініп отырған нәрсе — ССРО буржуазиясын жеңу туралы әңгіме еткенде, мен оны экономика жүзінде жеңу мәселесін көздедім, өйткені саясат жүзінде ол әлдеқашан жеңілген.

ССРО буржуазиясын экономика жүзінде жеңу дегеннің мәнісі не? Немесе басқаша айтқанда: ССР Одағында социализмнің экономикалық базасын жасау дегеннің мәнісі не?

«Социализмнің экономикалық базасын жасау дегеннің мәнісі — ауыл шаруашылығын социалистік индустриямен біртұтас шаруалық етіп байланыстыру, ауыл шаруашылығын социалистік индустрияның басшылығына бағындыру, ауыл шаруашылығы мен индустрияның өнімдерін бір-біріне айырбастау негізінде қала мен деревняның арасындағы қарым-қатнастарды жолға қою, таптарды туғызатын, ең алдымен, капиталды туғызатын жолдардың бәрін жабу, жою деген сөз, сөйтіп, ақыр аяғында, өндіріс пен бөлістің мынадай жағдайларын, таптарды жоюға тура, тікелей бастап әкелетін жағдайларын жасау деген сөз» (Коммунистік Интернационал Аткару Комитетінің кеңейтілген VII пленумында Сталиннің жасаған баяндамасын қараңыз*).

---

* Осы томның 25—26-беттерін қараңыз.

ССР Одағындағы социализмнің экономикалық базасының мәнін мен өз баяндамамда міне осылай анықтағанмын.

Бұл анықтама — социализмнің «экономикалық мәні», «экономикалық базасы» жөнінде «Азық-түлік салығы туралы»[31] деген кітапшасының белгілі желісінде Ленин берген анықтаманың дәл баяны болып табылады.

Бұл анықтама дұрыс па және біз елімізде социализмнің экономикалық базасын орнату мүмкіндігіне сене аламыз ба, — біздегі алауыздықтардың негізгі мәселесі кәзір міне осында болып отыр.

Троцкий бұл мәселені тіпті қозғаған да жоқ. Ол, сірә, үндемеген мақұл деп есептесе керек, бұл мәселеге ешбір сокпай өтті.

Ал біздің социализмнің экономикалық базасын орнатып жатқанымыз және орната алатынымыз тіпті мынадан-ақ көрінеді:

а) біздің социализацияланған өндірісіміз — ірі және біріккен өндіріс болып табылады, ал еліміздегі национализацияланбаған өндіріс — ұсақ және бытыраңқы өндіріс болып табылады, онан соң өздеріңізге белгілі, ірі өндірістің, оның үстіне біріккен өндірістің ұсақ өндірістен артықшылығы даусыз факт болып отыр;

б) біздің социализацияланған өндірісіміз кәзірдің өзінде ұсақ өндіріске, — каланың ұсақ өндірісі ме, немесе селоның ұсақ өндірісі ме, оның бәрібір, — басшылық етіп, оны өзіне бағындыра бастап отыр;

в) шаруашылығымыздың социалистік элементтерінің капиталистік элементтерге карсы күрес майданында біріншілер күш жағынан екіншілерден сөзсіз басым

болып отыр және, өндіріс саласында да, айналыс саласында да шаруашылығымыздың капиталистік элементтерін жеңе отырып, бірден бірге ілгері басып келеді.

Шаруашылығымыздың социалистік элементтерінің капиталистік элементтерді жеңуіне себепкер болатын басқа факторлар туралы мен енді айтып та отырғаным жоқ.

Шаруашылығымыздың капиталистік элементтерін жеңу процесі бұдан былай да жүргізіле бермейді деп ұйғаруға қандай дәлелдер бар?

Троцкий өз сөзінде былай деді:

«Сталиннің айтуынша, біз социализм құрылысын жүргізіп отырмыз, яғни таптар мен мемлекетті жоюды көздеп отырмыз, яғни өзіміздегі буржуазияны жеңбекшіміз. Я, жолдастар, бірақ мемлекетке сыртқы жауларға қарсы жұмсайтын армия керек қой» (цитатаны стенограмма бойынша келтіріп отырмын. **И. Ст.**)

Бұл не деген сөз? Бұл цитатаның мағнасы қандай? Бұл цитатадан тек бір ғана қортынды жасауға болады: социализмнің экономикалық базасын орнату дегеніміз таптар мен мемлекетті жою болып табылады және социалистік отанымызды қорғау үшін армия бізге қалай дегенмен керек болады, ал мемлекетсіз армияның болуы мүмкін емес (Троцкий осылай ойлайды),— сондықтан, социалистік отанымызды қарулы күшпен қорғау қажеттігі жоғалатын кезге дейін социализмнің экономикалық базасын орната алмайды екенбіз.

Жолдастар, мұның өзі барлық ұғымдарды араластырып жібергендік болады. Не мұнда мемлекет деп социалистік қоғамның қарулы қорғанының жәй аппараты ғана ұғынылып отыр, онда мұның өзі қыйсын-

сыз нәрсе, өйткені мемлекет дегеніміз, ең алдымен, бір таптың басқа таптарға қарсы жұмсалатын құралы болып табылады, оның бержағында, өзінен өзі түсінікті, таптар болмайтын болса, мемлекеттің болуы да мүмкін емес. Не мұнда мемлекет болмайынша социалистік қоғамның қорғану армиясының болуы мүмкін емес деген пікір айтылып отыр, онда мұның өзі тағыда қыйсынсыз нәрсе, өйткені теория жүзінде, таптары жоқ, мемлекеті жоқ, бірақ өзінің тапсыз қоғамын сыртқы жаулардан қорғайтын қарулы халқы бар қоғамның болуы мүмкін деуге әбден болады. Адамзаттың тарихында таптары жоқ, мемлекеті жоқ қоғамдардың болғаны жөнінде, бірақ олардың сыртқы жаулардан қалайда қорғанып отырғаны жөнінде социологиядан көптеген мысалдар келтіруге болады. Болашақ тапсыз қоғам туралы да осыны айту керек; мұндай қоғамда, таптар мен мемлекет жоқ болғанымен, сыртқы жаулардан қорғануға қажетті социалистік милицияның болуы мүмкін. Мен бізде істің жайы осындай күйге жетуі неғайбыл нәрсе деп есептеймін, өйткені ешбір күмәнданууға жатпайтын нәрсе — еліміздегі социалистік құрылыстың табыстары, әсіресе социализмнің жеңуі және таптардың жойылуы,— бұлар дүниежүзілік-тарихи маңызы бар фактылар, бұл фактылар капиталистік елдердегі пролетарлардың социализмге деген жігерін барынша тасытпай қоймайды, бұл фактылар басқа елдерде революциялық дүмпулер туғызбай қоймайды. Бірақ теория жүзінде, таптары мен мемлекеті жоқ болса да социалистік милициясы өмір сүре алатын қоғамның болуы мүмкін деуге әбден болады.

Айтпақшы, бұл мәселе партиямыздың программа-

сында белгілі дәрежеде көрсетілген. Онда былай делінген:

«Пролетарлық диктатураның құралы ретіндегі Қызыл Армияда қажеттігінше ашық таптық сыйпат болуға тиіс, яғни ол кілең пролетариаттан және шаруалардың пролетариатқа жақын жартылай пролетарлық топтарынан құралуға тиіс. **Тек қана таптардың жойылуына байланысты мұндай таптық армия бүкіл халықтық социалистік милицияға айналады»*** (БК(б)П программасын қараңыз[32]).

Троцкий, сірә, біздің программаның осы пунктін ұмытып кетсе керек.

Троцкий өз сөзінде біздің халық шаруашылығымыздың дүниежүзілік капиталистік шаруашылыққа тәуелді екенін айта келіп, «біз оқшау соғыс коммунизмінен өтіп дүниежүзілік шаруашылықпен **астарласуға** неғұрлым тез беталып барамыз» деп сендірмек болды.

Демек, сонымен, капиталистік элементтері мен социалистік элементтері күресіп отырған біздің халық шаруашылығымыз дүниежүзілік **капиталистік** шаруашылықпен **астарласады** екен. Мен дүниежүзілік **капиталистік** шаруашылық деп отырмын, өйткені кәзіргі кезеңде бұдан басқа дүниежүзілік шаруашылық жаратылыста жоқ.

Бұл дұрыс емес, жолдастар. Бұл — мағнасыздық. Бұл — Троцкийдің фракцияшылдық желігі.

Біздің халық шаруашылығымыздың дүниежүзілік капиталистік шаруашылыққа тәуелділік жері бар екенін ешкім де бекер демейді. Мұны ешкім бекер деген емес және бекер демейді де, сол сияқты әрбір елдің

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

және әрбір халық шаруашылығының, оның ішінде американ халық шаруашылығының да, халықаралық капиталистік шаруашылыққа тәуелділік жері бар екенін де ешкім бекер демейді. Бірақ бұл тәуелділік екіжақты нәрсе. Тек біздің шаруашылық қана капиталистік елдерге тәуелді емес, сонымен қатар капиталистік елдер де біздің шаруашылығымызға, біздің мұнайымызға, біздің астығымызға, біздің ағашымызға, ақырында, біздің ұланбайтақ рыногімізге тәуелді. Біз, айталық, «Стандарт Ойлдан» кредит алып отырамыз. Герман капиталистерінен кредит алып отырамыз. Бірақ алғанда әдемі көркіміз үшін алмаймыз, алатын себебіміз — капиталистік елдер біздің мұнайымызға, біздің астығымызға, жабдық өткізу үшін біздің рыногімізге мұқтаж болып отыр. Мынаны ұмытуға болмайды: біздің ел — дүниенің алтыдан бір бөлегі, товар өткізу үшін орасан зор рынок, сондықтан капиталистік елдер біздегі рынокпен белгілібір байланыста болмайынша күн көре алмайды. Осының бәрі капиталистік елдердің біздің шаруашылыққа тәуелділігі болып табылады. Бұл арада тәуелділік екіжақты болып отыр.

Бұдан біздің халық шаруашылығының капиталистік елдерге тәуелділігі елімізде социалистік шаруашылық орнату мүмкіндігін жоққа шығарады деген ұғым туа ма? Әрине, тумайды. Социалистік шаруашылықты мүлде тұйық және айналадағы халық шаруашылықтарына мүлде тәуелсіз шаруашылық деп білудің өзі — ақмақтықты жақтағандық болады. Социалистік шаруашылықтың мүлде ешқандай экспорты мен импорты болмайды, ол өз елінде жоқ өнімдерді шеттен әкелмейді және осыған байланысты өз өнімдерін

шетке шығармайды деуге бола ма? Жоқ, бұлай деуге болмайды. Ал экспорт пен импорт дегеніміз не? Бұл — бір елдердің екінші елдерге тәуелділігінің белгісі. Бұл — экономикалық жағынан өзара тәуелділіктің белгісі.

Біздің заманымыздағы капиталистік елдер туралы да осыны айту керек. Сіз экспорты мен импорты жоқ бірде-бір елді кездестіре алмайсыз. Дүние жүзіндегі барлық елдердің ішіндегі ең бай ел Американы алайық. Кәзіргі капиталистік мемлекеттерді, айталық, Англияны немесе Американы, мүлде тәуелсіз елдер деуге бола ма? Жоқ, бұлай деуге болмайды. Неге? Неге десеңіз — олар экспорт пен импортқа тәуелді, олар басқа елдердегі шикізатқа тәуелді (мәселен, Америка каучукке және басқа шикізат нәрселеріне тәуелді), олар өз жабдығын және басқа даяр товарларын өткізетін рыноктерге тәуелді.

Бұдан, егер мүлде тәуелсіз елдер жоқ болатын болса, онда жеке халық шаруашылықтарының дербестігі жоққа шығады деген ұғым туа ма? Жоқ, тумайды. Басқа елдер біздің халық шаруашылығымызға каншалық тәуелді болса, біздің ел де басқа елдерге соншалық тәуелді, бірақ бұдан біздің ел, осы арқылы, өз дербестігінен айрылды немесе айрылады, ол өз дербестігін қорғап қала алмайды, ол халықаралық капиталистік шаруашылықтың тегершігіне айналып кетеді деген ұғым туа қоймайды. Бір елдердің екінші елдерге тәуелділігі мен бұл елдердің экономикалық дербестігі арасындағы айырманы ажырата білу керек. Жеке шаруашылық тұлғалардың мүлде тәуелсіздігін мойындамаудың өзі бұлардың экономикалық дербесті-

гін мойындамаушылық бола қоймайды және олай болуы мүмкін де емес.

Ал Троцкий тек біздің халық шаруашылығымыздың тәуелділігі туралы ғана айтып отырған жоқ. Ол осы тәуелділікті біздің шаруашылықтың дүниежүзілік капиталистік шаруашылықпен астарласуына айналдырып отыр. Ал біздің халық шаруашылығымыздың дүние жүзілік капиталистік шаруашылықпен астарласуы дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі оны дүниежүзілік капитализмнің шылауына айналдыру деген сөз. Бірақ біздің ел дүниежүзілік капитализмнің шылауы болып отыр ма? Әрине, олай емес! Бұл — ақмақтық, жолдастар! Бұл — оңбағандық.

Егер бұл рас болса, өзіміздің социалистік өнеркәсібімізді, өзіміздің сыртқы сауда монополиямызды, өзіміздің национализацияланған транспортымызды, өзіміздің национализацияланған кредитімізді, өзіміздің шаруашылық жөніндегі жоспарлы басшылығымызды қорғап қаларлық ешбір мүмкіндігіміз болмас еді.

Егер бұл рас болса, біз кәзірдің өзінде социалистік өнеркәсібіміздің кәдімгі капиталистік өнеркәсіпке айналып азғындауы жолында тұрған болар едік.

Егер бұл рас болса, біз шаруашылығымыздың социалистік элементтерінің капиталистік элементтерге қарсы күресі майданындағы табыстарға жетпеген болар едік.

Троцкий өз сөзінде «шындығында біз үнемі дүниежүзілік шаруашылықтың **бақылауында** боламыз» деді.

Демек, сонымен, біздің халық шаруашылығымыз дүниежүзілік капиталистік шаруашылықтың бақылауымен дамыйды екен, өйткені кәзір капиталистік ша-

руашылықтан басқа дүниежүзілік шаруашылық жаратылыста жоқ.

Бұл дұрыс па? Жоқ, дұрыс емес. Бұл — капиталистік жалмауыздардың ешқашанда жүзеге аспайтын қиялы.

Дүниежүзілік капиталистік шаруашылықтың бақылауы деген не? Капиталистердің айтып жүрген бақылауы бос сөз емес. Капиталистердің айтып жүрген бақылауы — нақтылы нәрсе.

Капиталистік бақылау дегеннің мәнісі, бұл, ең алдымен, финанстық бақылау деген сөз. Ал біздің банктеріміз национализациялаған жоқ па және бұл банктер европалық капиталистік банктердің басшылығымен жұмыс істеп отыр ма? Финанстық бақылау дегеннің мәнісі — біздің елде ірі капиталистік банктердің бөлімдерін ашу деген сөз, мұның мәнісі «қызының» банктері деп аталатын банктер құру деген сөз. Бірақ бізде осындай банктер бар ма? Әрине, жоқ! Жоқ екені былай тұрсын, Совет өкіметі өмір сүріп отырғанда бұлар ешқашан да болмайды да.

Капиталистік бақылау дегеннің мәнісі — біздің өнеркәсіпті бақылауға алу, біздің социалистік өнеркәсібімізді денационализациялау, біздің транспортымызды денационализациялау деген сөз. Ал біздің социалистік өнеркәсібіміз национализацияланған емес пе және оның өзі нақ национализацияланған өнеркәсіп ретінде өсіп отырған жоқ па? Национализацияланған кәсіпорындардың бірін болса да денационализациялағалы отырған адам бар ма? Троцкийдің әлгі бір Концессиялық комитетінде қандай жорамалдар бар екенін мен, әрине, білмеймін. (Күлкі.) Бірақ Совет

өкіметі өмір сүріп отырғанда біздің елде денационализаторларға күн көру жоқ,— бұл жөнінде құмәнданбауларыңызға болады.

Капиталистік бақылау дегеннің мәнісі — біздің рынокті билеп-төстеу правосы деген сөз, мұның мәнісі — сыртқы сауда монополиясын жою деген сөз. Батыстың капиталистері, сыртқы сауда монополиясының сауытын талқандауға тырысып, талай рет маңдайларымен дуалды соққанын мен білемін. Өздеріңізге белгілі, сыртқы сауда монополиясы — біздің социалистік жас өнеркәсіптің қалқаны мен қорғаны болып табылады. Ал капиталистер сыртқы сауда монополиясын жою ісінде табысқа жете алды ма? Совет өкіметі өмір сүріп отырғанда сыртқы сауда монополиясы ешнәрсеге қарамастан, өмір сүріп, жасай беретінін түсіну қыйын ба.

Ақырында, капиталистік бақылау дегеннің мәнісі — саяси бақылау деген сөз, еліміздің саяси дербестігін жою деген сөз, еліміздің заңдарын халықаралық капиталистік шаруашылық мүдделері мен тілектеріне бейімдеу деген сөз. Ал біздің ел саяси дербес ел емес пе? Біздегі заңдар еліміздің пролетариаты мен еңбекшілер бұқарасының мүдделерін көздейтін заңдар емес пе? Еліміздің саяси дербестігі жоғалғанын көрсететін фактыларды, тым болмаса бір фактыны келтіре алатын адам бар ма? Келтіріп көрсінші.

Әрине, егер әлденендей негізсіз бақылау туралы бос мылжыңға салынбай, нағыз бақылау туралы айту керек болса, капиталистер бақылау дегенді міне осылай түсінеді.

Егер әңгіме осындай нағыз капиталистік бақылау туралы болып отырған болса,— ал әңгіме тек осын-

дай бақылау туралы ғана болуы мүмкін, өйткені тек нашар әдебиетшілер ғана негізсіз бақылау туралы мылжың сөзге салына алады,— онда мен мынаны айтуға тиіспін: мұндай бақылау бізде жоқ және біздің пролетариат өмір сүріп отырғанда, бізде Совет өкіметі барда мұндай бақылау ешқашан болмайды да. (Қол шапалақтау.)

Троцкий өз сөзінде былай деді:

«Әңгіме дүниежүзілік капиталистік шаруашылықтың қоршауында оқшау социалистік мемлекет орнату туралы болып отыр. Бұлай етудің өзі осы оқшау мемлекеттің өндіргіш күштері капитализмнің өндіргіш күштерінен жоғары болған күнде ғана мүмкін болады, өйткені өндіргіш күштері ескі шаруашылық системаның өндіргіш күштерінен анағұрлым қуатты болып шыққан мемлекет қана, жаңа қоғамдық форма ғана бір жыл немесе он жыл уақыттың ішінде емес, жарты ғасыр, **тіпті бір ғасыр** уақыттың ішінде нығая алады» (Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумында Троцкийдің сөйлеген сөзінің стенограммасын қараңыз).

Демек, сонымен, өндіргіш күштерінің дамуы жағынан алып қарағанда, шаруашылықтың социалистік системасы шаруашылықтың капиталистік системасынан өзінің артықшылығын іс жүзінде дәлелдеуі үшін елу жылдай немесе тіпті жүз жылдай уақыт керек болады екен.

Бұл дұрыс емес, жолдастар. Бұл — барлық ұғымдар мен перспективаларды араластырып жібергендік болады.

Шаруашылықтың феодалдық системасы шаруашылықтың құлдық системасынан өзінің артықшылығын дәлелдеуі үшін, бұған, шамада, екі жүз жылдай, бәлкім онан да кем уақыт кетті. Басқаша болуы мүмкін

де емес еді, өйткені ол кезде даму қарқыны сұмдық баяу еді, ал өндіріс техникасы тым жабайы еді.

Шаруашылықтың буржуазиялық системасы шаруашылықтың феодалдық системасынан өзінің артықшылығын дәлелдеуі үшін бұған шамада жүз жылдай немесе онан да кем уақыт кетті. Шаруашылықтың буржуазиялық системасы феодалдық қоғамның ішінде болған кезінде-ақ шаруашылықтың феодалдық системасынан өзінің жоғары екенін, анағұрлым жоғары екенін көрсетті. Мерзімдеріндегі айырмашылықтың себебі — шаруашылықтың буржуазиялық системасының даму қарқыны анағұрлым шапшаң болды және техникасы анағұрлым жетік болды.

Одан бері техника адам айтқысыз табыстарға жетті, ал даму қарқыны тіпті асқынып кетті. Айтыңызшы, шаруашылықтың капиталистік системасынан өзінің артықшылығын дәлелдеуі үшін шаруашылықтың социалистік системасына шамада жүз жылдай уақыт керек болады деп ұйғаруға Троцкийдің қандай дәлелі бар?

Біздің өндірісті басқарып отырған арамтамақтар емес, өндірушілердің өздері екендігі,— осы фактының өзі шаруашылықты қарыштатып ілгері бастыру үшін және шаруашылықтың капиталистік системасынан өзінің артықшылығын ең қысқа мерзімнің ішінде дәлелдеу үшін шаруашылықтың социалистік системасында барлық мүмкіндіктер болатынын көрсететін аса зор фактор емес пе?

Социалистік шаруашылықтың нық біріккен шоғырланған шаруашылық екендігі, социалистік шаруашылықтың жоспарлы жолмен жүргізілетіндігі,— осы фактының өзі біршама қысқа мерзімнің ішінде шаруа-

шылықтың капиталистік системасынан, ішкі қайшылықтар кері кетіріп, дағдарыстар жегідей жеп отырған системадан өзінің артықшылығын дәлелдеу үшін социалистік шаруашылықта барлық мүмкіндіктер болатынын көрсететін факт емес пе?

Осыдан кейінгі жерде бұл арада елу жыл, жүз жыл уақытқа қарай сілтеудің өзі шаруашылықтың капиталистік системасының құдіреттілігінен үрейленген мещанның соқыр сенімінде болу деген сөз екені айқын емес пе? (Дауыстар: «Дұрыс!».)

Ал қортындылар қандай? Мұндағы қортынды екеу.

Біріншіден. Еліміздегі социализм құрылысы туралы мәселе жөнінде қарсы пікірлер айтқанда Троцкий айтыстың ескі базасынан жаңа базасына көшті. Бұрын оппозиция ішкі қайшылықтар жөнінде, пролетариат пен шаруалар арасындағы қайшылықтар жөнінде қарсы пікір айтатын, бұл қайшылықтарды жойылмас қайшылықтар деп есептейтін. Енді Троцкий сыртқы қайшылықтарды, біздің халық шаруашылығымыз бен дүниежүзілік капиталистік шаруашылықтың арасындағы қайшылықтарды атап көрсетіп отыр, бұл қайшылықтарды жойылмас қайшылықтар деп есептеп отыр. Егер бұрын Троцкий еліміздегі социалистік құрылыс үшін кедергі болып отырған нәрсе пролетариат пен шаруалар арасындағы қайшылықтар деп есептеген болса, ал енді ол майданды өзгертіп, партия позициясын сынаудың басқа базасына шегініп отыр және социалистік құрылыс үшін кедергі болатын нәрсе шаруашылықтың біздегі системасы мен дүниежүзілік капиталистік шаруашылықтың арасындағы қайшылықтар дегенді айтып отыр. Осы арқылы ол оппозицияның ескі дәлелдерінің қыйсынсыз екенін мойындады.

Екіншіден. Бірақ Троцкийдің шегінуі түкпірге қарай, батпаққа қарай шегінгендік болып табылады. Троцкий шындығында Сухановқа қарай шегінді, ашықтан-ашық, тіке шегінді. Шындығында Троцкийдің «жаңа» дәлелдерінің мәнісі не? Бұлардың мәнісі мынадай: өзіміздің экономикалық мешеулігіміздің салдарынан біз социализмнің дәрежесіне жеткен жоқ екен біз, социалистік шаруашылықты ұйымдастыру үшін бізде объективтік алғышарттар жоқ екен, сондықтан біздің халық шаруашылығымыз дүниежүзілік капиталистік шаруашылықтың шылауына, дүниежүзілік капитализмнің бақылауындағы шаруашылық тұлғаға айналады екен және айналуға тиіс те екен.

Ал мұның өзі «сухановшылдық» болып табылады, әйгілі және ешбір бүркеніші жоқ «сухановшылдық» болып табылады.

Оппозиция меньшевик Сухановқа қарай ауып кетті, еліміздегі жеңімпаз социалистік құрылыстың мүмкіндігін тікелей жоққа шығаратын оның позициясына қарай ауып кетті.

3. Біз дүниежүзілік пролетариатпен одақтаса отырып, социализм орнатып жатырмыз

Біздің шаруалармен одақтаса отырып, социализм орнатып жатқанымызды біздің оппозиция тура бекерге шығаруға, байқауымша, батпайтын сияқты. Біз дүниежүзілік пролетариатпен одақтаса отырып, социализм орнатып жатырмыз ба,— бұл жөнінде оппозиция шәк келтіруге әрекеттеніп отыр. Тіпті кейбір оппозиционерлер біздің партия бұл одақтың маңызын бағаламай отыр деп соғады. Ал олардың бірі, Каменев, пар-

тияны ұлтшылдық-реформизмге салынды деп, халықаралық революциялық перспективаның орнына ұлтшылдық-реформистік перспективаны қабылдады деп айыптауға дейін барды.

Жолдастар, мұның өзі ақымақтық. Шексіз ақымақтық. Тек ақылы ауысқандар ғана социализм құрылысы ісінде еліміздің пролетарларының барлық басқа елдердің пролетарларымен жасаған одағының аса зор маңызы бар екенін бекер дей алады. Тек ақылы ауысқандар ғана біздің партияны барлық елдердің пролетарларының одағын бағаламады деп айыптай алады. Тек дүниежүзілік пролетариатпен одақтасу арқылы ғана біздің елде социализм орнатуға болады.

Бар мәселе — бұл одақтың мәнісін түсіне білуде болып отыр.

1917 жылғы октябрьде ССРО пролетарлары өкіметті қолға алды,— ал мұның өзі барлық елдердің пролетарларына берілген жәрдем болды, мұның өзі солармен жасасқан одақ болды.

1918 жылы Германия пролетарлары революция жасады,— ал мұның өзі барлық елдердің пролетарларына, әсіресе ССРО пролетарларына берілген жәрдем болды, мұның өзі ССРО пролетариатымен жасалған одақ болды.

Батыс Европа пролетарлары ССР Одағына жасалған интервенция ісін кері кетіріп отырды, контрреволюцияшыл генералдар үшін қару-жарақ тасымады, қыймыл комитеттерін ұйымдастырып, өз капиталистерінің тылын әлсіретіп отырды,— ал мұның өзі ССРО пролетарларына берілген жәрдем болды, мұның өзі батысевропалық пролетарлардың ССРО пролетарларымен жасасқан одағы болды. Капиталистік елдердің

пролетарларының тарапынан мұндай тілектестік және осы көмек көрсетілмеген болса, біз азамат соғысында ұтып шыға алмаған болар едік.

Капиталистік елдердің пролетары бізге бірсыпыра делегацияларын жіберіп, біздің құрылысымызды бақылап отырды, онан соң біздің құрылысымыздың табыстары туралы бүкіл жұмысшы Европаға хабар таратып отырды,— ал мұның өзі ССРО пролетарларына берілген жәрдем болып табылады, мұның өзі ССРО пролетарларына көрсетілген ұлы көмек болып табылады, мұның өзі ССРО пролетарларымен жасалған одақ және біздің елге бағытталған ықтимал интервенцияға қарсы ауыздық болып табылады. Мұндай көмек пен мұндай ауыздық болмаса, біз кәзір «тыныс» алмаған болар едік, ал «тыныс» алмаған болсақ, еліміздегі социализм құрылысы жөніндегі келелі жұмыс жүргізілмеген болар еді.

ССРО пролетарлары өз диктатурасын нығайтып отыр, шаруашылық бүліншілігін жойып отыр, құрылыс жұмысын үдетіп, социализм құрылысы ісінде табыстарға жетіп отыр,— ал мұның өзі барлық елдердің пролетарларына, олардың капитализмге қарсы күресіне, олардың өкімет жолындағы күресіне берілген ұлы жәрдем болып табылады, өйткені Совет республикасының өмір сүруі, оның табандылығы, оның социалистік құрылыс майданындағы табыстары — дүниежүзілік революцияның ұлы факторы, барлық елдердің капитализмге қарсы күресуші пролетарларын жігерлендіретін фактор болып табылады. Совет республикасы жойылса, барлық капиталистік елдердегі барып тұрған қара ниет, барып тұрған жауыз реак-

ция өршіген болар еді, бұл жөнінде күмәнануға бола қоймас.

Біздің революцияның күштілігі және капиталистік елдердегі революциялық қозғалыстың күштілігі барлық елдердің пролетарларының осы өзара көмегінде және осы одағында болып отыр.

ССРО пролетарларының дүниежүзілік пролетариатпен жасаған одағының әралуан формалары осындай.

Оппозицияның қатесі — оның өзі одақтың осы формаларын түсінбей отыр немесе мойыңдамай отыр. Оппозицияның қырсығы — оның өзі одақтың бір ғана формасын, ССРО пролетарларына Батыс Европа пролетарларының тарапынан берілетін «тікелей мемлекеттік жәрдем» формасын, яғни, амал не, әзірінше қолданылмай отырған формасын мойындайды, оның бержағында оппозиция ССР Одағындағы социалистік құрылыстың тағдырын келешектегі осы жәрдемге тікелей байланысты етіп қойып отыр.

Оппозицияның ойынша, жәрдемнің тек осындай формасын мойындаған күнде ғана партияның «халықаралық революциялық перспективасын» сақтап қалуға болады екен. Бірақ мен жоғарыда айттым, дүниежүзілік революция кешеуілдейтін болса, мұндай позиция тек біздің шаруашылығымыздың капиталистік элементтеріне үздіксіз кеңшіліктер беруімізге, сөйтіп ақыр соңында,— капитулянттыққа, жеңілімпаздыққа апарып соғуы ғана мүмкін дедім.

Демек, сонымен, дүниежүзілік пролетариатпен жасалатын одақтың бірден-бір формасы ретінде оппозиция ұсынып отырған, Европа пролетариатының «тікелей мемлекеттік жәрдемі», дүниежүзілік революция

кешеуілдеген күнде, капитулянттықты бүркейтін бүркеніш болады.

Каменев айтып отырған «халықаралық революциялық перспектива» — капитулянттықтың бүркеніші,— баксақ, Каменевтің ісі осыған ұрындырғалы отыр екен.

Сондықтан біздің партияны ұлтшылдық-реформизм жөнінде батыл айыптап отырған Каменевтің батылдығына тек қана тануға тура келеді.

Сыпайылап айтқанда — революцияшылдығымен де, интернационалистігімен де бізде ешқашанда көзге түспеген Каменевке мұндай батылдық қайдан пайда болды?

Бізде ылғый меньшевиктер арасында большевик болып отырған, большевиктер арасында меньшевик болып отырған Каменевке мұндай батылдық қайдан келді. (Күлкі.)

Кезінде Ленин әбден орынды түрде Октябрь революциясының «штрейкбрехері» деп атаған Каменев бұл батылдықты қайдан тапты екен?

ССРО пролетариаты интернационалдық пролетариат па, жоқ па, Каменев осыны білмекші екен. Мен мынаны айтуға тиіспін: ССРО пролетариаты Октябрь революциясы «штрейкбрехерінің» аттестациясын керек етпейді.

ССРО пролетариатының қаншалық интернационалист екенін білгілеріңіз келе ме? Онда ағылшын жұмысшыларынан сұраңыздар, герман жұмысшыларынан сұраңыздар (ду қол шапалақтау), қытай жұмысшыларынан сұраңыздар,— олар сіздерге ССРО пролетариатының интернационалистігі туралы айтып береді.

4. Азғындау туралы мәселе

Сонымен, оппозицияның біздің елде социализм құрылысының жеңу мүмкіндігін тікелей жоққа шығару тұрғысында екендігін дәлелденген нәрсе деп есептеуге болады.

Ал социализм құрылысының жеңу мүмкіндігін жоққа шығарудың өзі партия азғындайды деген жорамалға әкеліп соғады, ал азғындау жорамалы, өз ретінше, өкіметтен кетуге себепкер болып, басқа партия құру туралы мәселе туғызады.

Троцкий бұл мәселеге елеулі мән бере алмайтын адамсынып көрінді. Бұл — көз бояушылық.

Мынау жөнінде ешбір күмән болмасқа тиіс: егер біз социализм орната алмайтын болсақ, ал басқа елдердегі революция кешеуілдеп отырған болса, ал біздің халық шаруашылығымыздың дүниежүзілік капиталистік шаруашылықпен «астарласуы» қандай өссе, біздегі капитал да солай өсіп отырған болса,— онда, **оппозицияның пікірінше,** тек екі жол ғана қалады:

а) не өкімет басында қалып, буржуазиялық демократияның саясатын жүргізу керек, буржуазиялық үкіметке қатысу керек, демек, «мильеранизмді» іске асыру керек;

б) не азғындамау үшін өкіметтен кету керек, сөйтіп ресми партиямен қатар жаңа партия құру керек; тегінде, біздің оппозицияның көздеп келгені және шындығында әлі де көздеп отырғаны міне осы.

Қос партия теориясы, немесе жаңа партия теориясы — социализм құрылысының жеңу мүмкіндігін жоққа шығарудың тікелей нәтижесі, азғындау перспективасының тікелей нәтижесі болып табылады.

Екі жолдың екеуі де капитулянттыққа, жеңілімпаздыққа әкеліп соғады.

Азамат соғысы дәуірінде мәселе қалай қойылған еді? Мәселе былайша қойылған болатын: егер біз армияны ұйымдастыра алмайтын болсақ және жауларға тойтарыс бере алмайтын болсақ, онда пролетариат диктатурасы құлайды, сөйтіп біз өкіметтен айрыламыз делінген еді. Ол кезде соғыс бірінші кезекте болатын.

Ал кәзір, азамат соғысы аяқталып, бірінші кезекте шаруашылық құрылыс міндеттері тұрған кезде, мәселе қалай қойылып отыр? Кәзір мәселе былайша қойылып отыр: егер біз социалистік шаруашылықты ұйымдастыра алмайтын болсақ, онда пролетариат диктатурасы, буржуазияға барған сайын елеулі кеңшіліктер жасай отырып, азғындап кетуге, сөйтіп буржуазиялық демократияның соңынан салпақтап ілесуге тиісті болады.

Пролетариат диктатурасы азғындап отырғанда коммунистер буржуазиялық саясатты жүргізуге келісе ала ма?

Жоқ, келісе алмайды, келісуге тиіс те емес.

Сондықтан мынадай жол ұсынылып отыр: өкіметтен кетіп, жаңа партия құру керек, сөйтіп қайта орнайтын капитализмге жол беру керек делініп отыр.

Капитулянттік — оппозициялық одақтың кәзіргі позициясының табиғи нәтижесі,— қортынды осындай.

IV

ОППОЗИЦИЯ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ БІРЛІГІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Соңғы мәселеге, оппозициялық одақ туралы және партиямыздың бірлігі туралы мәселеге көшейін.

Оппозициялық одақ қалай құрылды?

Партияның пікірінше, оппозициялық одақ «жаңа оппозицияның», Каменев пен Зиновьевтің троцкизм жағына өтуі арқылы құрылды.

Зиновьев пен Каменев мұны мойындамайды, Троцкийге біз барған жоқпыз, қайта Троцкий бізге келді деп жақауратады олар.

Фактыларға көз жіберейік.

Мен еліміздегі социализм құрылысы туралы мәселе жөнінде XIV конференцияның алған қарарын айттым. Мен Каменев пен Зиновьев бұл қарардан айнып кетті, өйткені бұл қарарды Троцкий қабылдамайды және қабылдай алмайды да, сондықтан олар айығанда Троцкиймен жақындасу үшін, троцкизмнің жағына өту үшін айныды дедім. Бұл рас па, жоқ па? Я, рас. Каменев пен Зиновьев бұл пікірге қарсы белгілібір дәлел келтіруге әрекеттенді ме? Жоқ, әрекеттенбеді. Олар бұл мәселеден үндемей аттап өтті.

Онан соң, бізде партиямыздың XIII конференциясының қарары бар, бұл қарар троцкизмді ұсақбуржуазиялық уклон деп біледі және ленинизмге ревизия жасау деп біледі[35]. Өздерінізге белгілі, бұл қарарды Коминтерннің V конгресі бекіткен болатын. Мен өз баяндамамда Каменев пен Зиновьев бұл қарардан айнып кетті, өздерінің арнаулы мәлімдемелерінде троцкизмнің 1923 жылы партияға қарсы жүргізген күресін қостады дегенді айттым. Бұл рас па, жоқ па? Я, рас. Зиновьев пен Каменев бұл пікірге қарсы белгілібір дәлел келтіруге әрекеттенді ме? Жоқ, әрекеттенбеді. Олар үндемей тынды.

Тағыда фактылар келтірейін. Каменев 1925 жылы троцкизм туралы былай деп жазған болатын:

«Троцкий жолдас біздің партияның ішінде ұсақбуржуазиялық стихияның бой көрсететін арнасы болып отыр. Оның қыймылдарының бүкіл сыйпаты, оның өткен кездегі бүкіл тарихы істің жайы осылай екенін көрсетеді. Партияға қарсы өзінің күресінде ол кәзірдің өзінде еліміздегі партияға қарсы бағытталған барлық нәрсенің бейнесі болып отыр»... «Біз большевизмге жат осы ғылымның жұқпалы дертінен оның өзі арқа сүйейтін партия топтарын, атап айтқанда — жастарымызды, партияның тағдырын өз қолдарына алатын болашақ адамдарымызды аман сақтау үшін барлық шараны қолдануға тиіспіз. Сондықтан Троцкий жолдастың позициялары дұрыс емес, **троцкизм мен ленинизмнің бірін таңдау керек, бұларды бір-бірімен үйлестіруге болмайды*** деп әралуан түсінік жұмыстарын жүргізу ісі, — мұның өзі партиямыздың кезекті міндеті болуға тиіс» (қараңыз: Каменев, «Партия және троцкизм», «Ленинизм үшін» деген жыйнақ, 84—86-беттер).

Кәзір осы сөздерді қайталауға Каменевтің батылы жетер ме екен? Егер ол осы сөздерді қайталауға дайын болса, оның кәзір Троцкиймен одақтас болып отырған себебі не? Егер бұл сөздерді қайталауға оның батылы бармайтын болса, онда Каменевтің өзінің ескі позицияларынан кеткендігі, сөйтіп троцкизмнің жағына өткендігі айқын емес пе?

Зиновьев 1925 жылы троцкизм туралы былай деп жазған болатын:

«Троцкий жолдастың соңғы бой көрсетуі («Октябрь сабақтары») ленинизмнің негіздерін ревизиялауға немесе тіпті тіке жойып жіберуге ашық әрекеттенгендіктен басқа түк те емес*. Ең қысқа уақыттың ішінде-ақ мұның өзі біздің бүкіл партияға және бүкіл Интернационалға белгілі болады» (қараңыз: Зиновьев, «Большевизм бе әлде троцкизм бе», «Ленинизм үшін» деген жыйнақ, 120-бет).

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Зиновьевтің осы цитатасын Каменевтің: «біздің Троцкиймен бір болатын себебіміз — ол ленинизмнің негізгі идеяларын ревизияламайды» деген сөзімен салыстырыңыз, — сонда сіз Каменев пен Зиновьевтің мейлінше азғындап кеткенін түсінесіз.

Зиновьев нақ сол 1925 жылы Троцкий туралы былай деп жазған-ды:

«Қазір 1925 жылғы РКП-ның мәнісі не деген мәселе шешілгелі отыр. 1903 жыл бұл мәселе уставтың бірінші параграфы жөніндегі көзқарас бойынша шешілген болатын, ал 1925 жылы — Троцкий жөніндегі, троцкизм жөніндегі көзқарас бойынша шешіледі. Кімде-кім троцкизм большевиктер партиясындағы «заңды сарын» бола алады дейтін болса, ондай адамның өзі большевик болудан қалады. **Кімде-кім қазір партияны Троцкиймен одақтаса отырып, большевизмге ашықтан ашық қарсы шығып отырған троцкизммен ынтымақтаса отырып құрамыз десе, ондай адам ленинизмнің негіздерінен шегінген болып шығады***. Троцкизм — өткен кезең екенін, қазір лениндік партияны құрғанда тек троцкизмге қарсы күреуға ғана болатынын түсіну керек» («Правда», 5 февраль, 1925 ж.).

Қазір осы сөздерді қайталауға Зиновьевтің батылы жетер ме екен? Егер ол қайталауға дайын болса, қазір оның троцкизммен одақтас болып отырған себебі не? Егер ол осы сөздерді қайталай алмайтын болса, онда Зиновьевтің ленинизмнен тайып кеткендігі, сөйтіп троцкизмге өткендігі айқын емес пе?

Осы фактылардың бәрі нені көрсетеді?

Бұлардың көрсететіні — оппозициялық одақ Каменев пен Зиновьевтің троцкизм жағына өтуі арқылы құрылды.

Оппозициялық одақтың платформасы қандай?

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Оппозициялық одақтың платформасы — біздің партиядағы социал-демократиялық уклонның платформасы, оңшылдық уклонның платформасы, партияға қарсы, оның бірлігіне қарсы, оның беделіне қарсы күрес ұйымдастыру үшін барлық, әралуан оппортунистік ағымдарды жыйнау платформасы болып табылады. Каменев біздің партиядағы оңшылдық уклон туралы айтқанда, Орталық Комитет жағына иек нұсқап отыр. Бірақ мұның өзі — айлакерлік, партияға қарсы даурықпалы айыптар тағу арқылы оппозициялық одақтың оппортунизмін бүркеуді көздейтін сорақы, жалған айлакерлік болып табылады. Шындығында біздің партиядағы оңшылдық уклонның көрінісі оппозициялық одақ болып отыр. Біз оппозицияға баға бергенде оның сөздеріне қарай емес, істеріне қарай баға береміз. Ал оппозицияның істері оның өзі Оссовский мен «жұмысшы оппозициясынан» бастап Суварин мен Масловқа дейінгі, Корш пен Рут Фишерге дейінгі барлық, әралуан оппортунистік элементтердің жыйнақ пункті мен ошағы болып отырғанын көрсетеді. Фракциялықты қайта орнату, біздің партияда фракциялар бостандығы болсын деген теорияны қайта қоздыру, партиядағы барлық оппортунист элементтердің басын қосу, партияның бірлігіне қарсы күресу, оның басшы кадрларына қарсы күресу, жаңа партияны құру үшін күресу, — егер Каменевтің сөзіне қарап баға беретін болсақ, оппозиция кәзір міне осыған беталып отыр. Бұл жөнінде Каменевтің сөзі оппозицияның 1926 жылғы октябрьдегі «мәлімдемесінен» оппозицияның жікшілдік жолын қайта жүргізу жағына қарай бет бұру кезеңі болып табылады.

Партияның бірлігі тұрғысынан қарағанда оппозициялық одақ дегеніміз не?

Оппозициялық одақ дегеніміз — партиямыздың ішіндегі жаңа партияның ұрығы. Оппозицияның өз орталық комитеті болғандығы, өзінің қатарлас жергілікті комитеттері болғандығы факт емес пе? Оппозиция 1926 жылғы 16 октябрьдегі өз «мәлімдемесінде» фракцияшылдықтан бездік деп сендірген болатын. Бірақ Каменевтің сөзі оппозицияның фракциялық күреске қайта оралғанын көрсетіп отырған жоқ па? Ол кәзірдің өзінде оппозицияның орталық ұйымы мен жергілікті қатарлас ұйымдарын қайта құрған жоқ деуге кепілдік бар ма? Оппозицияның өз кассасына арнап дербес мүшелік жарна жыйнағандығы факт емес пе? Оның өзі осы жікшілдік жолға қайта түспеді деуге кепілдік бар ма?

Оппозициялық одақ жаңа партияның ұрығы болып табылады, мұның өзі партиямыздың бірлігін бұзады.

Біздің міндет — осы одақты талқандап, жоюда болып отыр. (Ду қолшапалақтау).

Жолдастар, басқа елдерде империализм үстемдік етіп отырған кезде, бір ел, тек бір ел ғана, капиталдың майданын бұза алған кезде, — мұндай жағдайларда пролетариат диктатурасы партияда бірлік болмайынша, қарулы темір тәртіп, болмайынша бір минут те өмір сүре алмайды. Егер біз пролетариат диктатурасын сақтаймыз десек, егер біз социализм орнатамыз десек, партияның бірлігін бұзу жөніндегі әрекеттерді, жаңа партия құру жөніндегі әрекеттерді түп тамырымен күртуға тиіспіз.

Сондықтан біздің міндет — оппозициялық одақты жойып, партиямыздың бірлігін нығайтуда болып отыр.

V
ҚОРТЫНДЫ

Мен аяқтаймын, жолдастар.

Егер жарыссөздердің жыйынтығын жасайтын болсақ, онда ешқандай күмән туғызбайтын жалпы бір қортындыға келуге болады, атап айтқанда — оппозиция біздің пролетариаттың күшіне сенбейді, елімізде социализм құрылысының жеңу мүмкіндігіне сенбейді деген партиямыздың XIV съезінің пікірі дұрыс болып шықты деп қортынды жасауға болады.

Жолдастардың көңілге тоқыған жалпы пікірі, олардың сөзсіз жасаған жалпы қортындысы міне осы.

Сонымен, алдарыңызда тұрған екі күш бар. Бір жағынан — ССРО пролетариатын іркілмей алға бастап келе жатқан, социализм орнатып жатқан және барлық елдердің пролетарларын күреске шақырып отырған біздің партия. Екінші жағынан — аяқтарын сарысу шалған, белі шойырылған, басының сақыйнасы ұстаған қаудыраған шалдай біздің партияның соңынан сүйретіліп келе жатқан оппозиция, — айналаға саруайым таратып, біздің ССР Одағында социализм орнатудың әсте сәті түспейді, оларда, буржуаларда, бүкіл істің жайы жақсы, ал бізде, пролетарларда, бүкіл істің жайы нашар деген мылжыңмен төңіректі уландырып отырған оппозиция.

Жолдастар, алдарыңызда тұрған екі күш міне осындай.

Сіздер осы екеуінің бірін таңдауға тиіссіздер. (Күлкі.)

Сіздердің дұрыс таңдай білетіндеріңізге мен күмәнданбаймын. (Қол шапалақтау.)

Оппозиция өзінің фракциялық соқырлығына салы

нып біздің революцияны ешбір дербес күші жоқ нәрсе деп қарайды, Батыста әлі де жеңбеген болашақ революцияның тегін қосымшасы сияқты нәрсе деп қарайды.

Ленин жолдас біздің революцияға, Советтер Республикасына бұлайша қараған емес. Ленин жолдас Советтер Республикасын барлық елдердің пролетарларына жол көрсететін шамшырақ деп есептеді.

Бұл туралы Ленин жолдас былай деген болатын:

«Совет республикасының өнегесі олардың (яғни барлық елдердегі пролетарлардың. **И. Ст.**) көз алдында ұзақ уақыт болмақ. Біздің Советтердің социалистік республикасы халықаралық социализмнің шамшырағы ретінде және барлық еңбекшілер бұқарасының өнегесі ретінде нық орнығып тұрмақ. Ана жақта — төбелес, соғыс, қантөгіс, миллиондаған адамдардың құрбандыққа шалынуы, капиталдың қанауы, мұнда—нағыз бейбітшілік саясаты және Советтердің социалистік республикасы» (қараңыз: XXII том, 218-бет.

Осы шамшырақтың төңірегінде екі майдан құрылды: пролетариат диктатурасы жауларының, осы шамшырақты әлсіретуге, шайқалтуға, сөндіруге тырысатын жаулардың майданы және пролетариат диктатурасы достарының, осы шамшырақты қолдауға және оның жалынын өршітуге тырысатын достардың майданы құрылды.

Біздің міндет — дүниежүзілік революцияның жеңуі үшін осы шамшырақты қолдап, оның өмірін баянды етуде болып отыр.

Жолдастар! Сіздер осы шамшырақтың лаулап жанып, езілгендер мен құл етілгендердің бәріне жол көрсетіп тұруы үшін барлық шараны қолданасыздар, мен бұған ешбір күмәнданбаймын.

Сіздер осы шамшырақтың жалыны пролетариат жауларының үрейін ұшыра мейлінше өріс алуы үшін барлық шараны қолданасыздар, мен бұған ешбір күмәнданбаймын.

Сіздер барлық елдердің пролетарларының қуанышына осындай шамшырақтардың дүниенің барлық атраптарында маздап жануы үшін барлық шараны қолданасыздар, мен бұған ешбір күмәнданбаймын. (*Ұзаққа созылған қол шапалақтау көпке дейін басылмайды. Барлық делегаттар орындарынан тұрып, «Интернационал» айтады. Үш қайтара «ура».*)

КСЕНОФОНТОВҚА ХАТ

Сіздің хатыңыз бен мақаланыздың жобасын оқыдым. Кешігіп жауап беріп отырғаным үшін ғапу өтінемін.

Менің ескертулерім мынадай:

1) Мен Сіздің өзіңізді «Ленин мен Сталиннің шәкіртімін» деп атауыңызға қарсымын. Менде шәкірт жоқ. Өзіңізді Лениннің шәкіртімін деп атаңыз, Шацкиннің сынауына қарамастан, Сіздің бұған правоңыз бар. Бірақ Сіздің өзіңізді Лениннің шәкіртінің шәкіртімін деп атауға дәлеліңіз жоқ. Бұл дұрыс болмайды. Бұл артық.

2) Мен Сіздің 1926 жылдың аяқ шенінде Шацкинмен айтысқанда менің 1924 жылы июль ішінде сіздің өзіңізге арнап жазған хатымды дәлел еткеніңізге қарсымын. Мұның үстіне, **ленинизмнің анықтамасы туралы** талқыланып отырған мәселені мен 1924 жылы март ішінде, «Ленин және ленинизм туралы»[34] кітапша жарыққа шықпастан бұрын тұжырымдаған болатынмын. Менің хатымнан үзінді алып, дәлелге келтіруіңіз Шацкинмен айтыста Сізге тұк пайда бер-

мейтінін айтпай-ақ қойғанымның өзінде, оның өзі істі шатастырады және көңілді басқа салаға аудартады, ал мені баспа сөз бетінде Сіз үшін қолайсыз мәлімдеме жасауға мәжбүр етуі мүмкін (менің мұны істегім келмеп еді).

3) Мен жалпы алғанда Шацкиндікі дұрыс, Сіздікі дұрыс емес деп санаймын. Мен Сіздің стратегия туралы жаңа кітапшаңызды қарап шығуға мүмкіндігім болмағанына өкінемін. Толып жатқан өте өрескел қателері мен теріс тұжырымдары бар мұндай асығыс және салақ жазылған еңбекті бастырудан мен Сізді қалайда тоқтатқан болар едім.

4) Бұл, әрине, Шацкиндікі барлық жағынан бірдей дұрыс деген сөз емес. Шацкиннің басты қателерін көрсетейін.

Шацкин, мәселен, мақаласының бір жерінде жұмысшы табының міндеттерін ұлттық шектерде орындау мүмкін еместігі туралы Маркстің формуласын социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі туралы Ленинінің формуласымен бірдей дерлік деуге болады дейді; мұнысы қате. Бұл формулалардың айырмашылығын көрсетіп, оның тарихи түп-тамырларын ашудың орнына Шацкин өте маңызды мәселені көмескілеп, түк мәні жоқ ескертуді дәлел етеді. Бірақ дәлел айту — мәселені шешкендік болмайды.

Лениннің пролетариат диктатурасы туралы (бір таптың үстемдігі ретіндегі диктатура туралы және пролетариаттың мемлекеттік басшылық етуі жағдайындағы пролетариат пен пролетарлық емес таптардың еңбекші топтарының **одағының айрықша формасы** ретіндегі диктатура туралы) екі формуласын Шацкиннің өзі байқамай бірін-біріне **қарама-қарсы қоюы** д

дұрыс емес. Шаруалардың өкіметке бірлесіп қатнасуы идеясын, диктатура тұсында екі таптың арасында өкіметті бөлісу идеясын Шацкиннің теріс деп табуы дұрыс. Бірақ оның осы екі формуланы бірін-біріне қарама-қарсы қоюы дұрыс емес, өйткені бұларды қарама-қарсы қою деген сөз — бұлардың мәнін түсінбеу деген сөз.

Маған Шацкиннің мақалаларының дөрекі-өркөкректік сарыны да ұнамайды: оның өзі кішіпейіл болуға үгіттейді де, іс жүзінде барынша өркөкректік істейді.

5) Баспасөз бетінде айтысқа шықпаңыз деп кеңес беремін, өйткені Сіздікі дұрыс емес, ал Шацкиндікі жалпы алғанда дұрыс. Бәрінен гөрі ленинизмді байсалды түрде зейін қойып үйренуге күш жұмсаған жақсы. Мұның үстіне, ленинизм жөнінде асығыстықпен кітапшалар жаза салу әдетімен біржолата қоштасуға кеңес беремін. Ол жарамайды.

30 декабрь, 1926 ж.

Бірінші рет басылып отыр

МОСКВА ГУБЕРНИЯЛЫҚ XV ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[35]

14 январь, 1927 ж.

Жолдастар! Мен сөйлемекші емес едім. Сөйлемекші емес едім, өйткені конференцияда айтылуға керекті нәрсенің бәрін басқа жолдастар айтып шықты, бұл арада жаңа ештеме айта алмайсыз, ал айтылғанды қайталаудың қажеті шамалы. Солай бола тұрса да, бірқатар делегациялардың талап етуі себепті, менің бірнеше сөз айтуыма тура келеді.

Іске елді басқару тұрғысынан, біздің бүкіл құрылыс жұмысымызға басшылық ету тұрғысынан қарағанда, біздің еліміздің жағдайындағы басты және сыйпатты нәрсе не?

Басты және сыйпатты нәрсе мынау: партия дұрыс саясатты таба білді, — партияның негізгі жолы дұрыс болып шықты, оның басшылық нұсқаулары өмірге бейім болып шықты.

Ленин айтады:

Шаруалар жөнінде он — жыйырма жыл дұрыс саясат жүргізсек біздің жеңуіміз қамтамасыз етіледі, дейді.

Мұның мәнісі не? Мұның мәнісі — кәзіргі тарихи

кезеңде пролетариат пен шаруалардың арасындағы өзара қатнас туралы мәселе біз үшін басты мәселе болып табылады деген сөз. Сонымен біздің практикамыз, біздің жұмысымыз, партияның жұмысы партияның бұл мәселені дұрыс шешудің жолын таба білгендігін көрсетеді.

Бұл негізгі мәселеде партияның саясаты дұрыс болуы үшін не керек?

Мұның үшін, біріншіден, партияның саясаты жұмысшы табы мен шаруалардың арасында ұштасушылықты, одақты қамтамасыз етіп отыратын болуы керек.

Мұның үшін, екіншіден, партияның саясаты осы одақтың ішінде, осы ұштасушылықтың ішінде пролетариаттың басшылығын қамтамасыз етіп отыратын болуы керек.

Ұштасушылықты қамтамасыз ету үшін жалпы алғанда біздің финанс саясатымыз, атап айтқанда біздің салық саясатымыз еңбекшілер бұқарасының мүдделеріне сай келетін болуы керек, нарық саясаты бізде дұрыс болуы керек, ол жұмысшы табы мен шаруалардың мүдделеріне дәлме-дәл болуы керек, кооператив қоғамдары қалада да, әсіресе деревняда да, үздіксіз, күн-күн сайын ұйымдастырылып жататын болуы керек.

Менің ойымша, бұл жағынан біз дұрыс жолда тұрмыз. Бұлай болмаған күнде бізде аса асқынған жағдайлар болған болар еді.

Бізде бұл салада қыйыншылықтар жоқ деп айтпаймын. Қыйыншылықтар бар, олар өте елеулі де. Бірақ біз ол қыйыншылықтарды жоюдамыз. Саясаты-

мыздың жалпы алғанда дұрыс болғандығынан біз бұл қыйыншылықтарды жойып жатырмыз.

Ал шаруаларға пролетариаттың басшылығын қамтамасыз ету үшін не керек? Мұның үшін елді индустрияландыру керек. Мұның үшін біздің социалистік индустриямыз өсіп, нығайып отыратын болуы керек. Мұның үшін біздің өсіп отырған социалистік индустриямыз ауылшаруашылығын ілгері бастап отыратын болуы керек.

Ленин айтады: әрбір жаңа завод, әрбір жаңа фабрика деревняға басшылық ету жағынан жұмысшы табының позицияларын соншалықты нығайтады — тіпті ешқандай ұсақ буржуазиялық стихия бізге қорқынышты болмайды, дейді. Мұны ол 1921 жылы айтты. Одан бері бес жыл өтті. Бұл дәуірдің ішінде бізде индустрия өсті, жаңа заводтар мен фабрикалар пайда болды. Сонымен былай болып шығады: әрбір жаңа фабрика, әрбір жаңа завод пролетариаттың қарамағындағы жаңа қамал болып табылады, оның өзі пролетариаттың миллиондаған шаруалар бұқарасына басшылық етіп отыруын қамтамасыз етеді.

Көріп отырсыздар, бұл салада да партия дұрыс саясат таба білді.

Мен бізде бұл салада қыйыншылықтар жоқ деп айтпаймын. Қыйыншылықтар, әрине, бар, бірақ біз ол қыйыншылықтардан қорықпаймыз, ол қыйыншылықтарды жоюдамыз, өйткені саясат бізде негізінен дұрыс.

Советтер өкіметі дүниө жүзінде өмір сүріп отырған үкіметтердің ішіндегі ең берік өкімет деседі. Бұл рас. Ал мұның себебі не? Мұның себебі — Совет өкіметі саясатының бірден-бір дұрыс саясат екендігі.

Бірақ біздің жолымызда кездесетін барлық және әртүрлі қыйыншылықтарды жеңіп отыру үшін саясаттың бір ғана дұрыс болуы жеткілікті ме?

Жоқ, жеткіліксіз.

Мұның үшін, ең кем дегенде, тағы екі шарт керек.

Бірінші шарт. Партия белгілеген дұрыс саясат шынымен тұрмыста орындалатын болуы керек, шынымен толық және бүтіндей жүзеге асырылатын болуы керек.

Дұрыс саясаттың болуы, әрине, бірінші іс. Бірақ егерде бұл саясат тұрмыста орындалмаса, тұрмыста орындау кезінде ол практикада бұрмаланатын болса, мұндай саясаттан не мән шығады? Саясат дұрыс болып, бірақ ол орындалмайтын немесе орындалып жатса да дұрыс орындалмайтын жағдайлар өмірде болады. Мұндай жағдайлар бізде кәзір аз емес. XI съезде жасаған ақырғы баяндамасында[36] Ленин мына сөздерді айтқанда нақ сондай жағдайларды еске алып айтты:

Саясат бізде дұрыс, бірақ бұл жеткіліксіз, сондықтан әңгіме кәзір адамдарды дұрыс іріктеп алу ісін жолға қоюда және істің орындалуын тексеруде болып отыр.

Адамдарды іріктеп алу және істің орындалуын тексеру Лениннің ақырғы баяндамасында барынша көңіл аударған мәселесі болып табылады. Менің ойымша, Лениннің бұл нұсқауын біз құрылыс жұмысымыздың барлық дәуірінде көз алдымызда ұстауға тиістіміз. Құрылысқа басшылық ету үшін, мұның үшін дұрыс директивалар болуы жеткіліксіз, — мұның үшін тағы мынау керек: біздің советтік, шаруашылық, кооперативтік және басқа да әртүрлі құрылыс жұмысы-

мыздың басшылық орындарына осы директивалардың мағнасы мен маңызын түсінетін, осы директиваларды адал ниет, шын ықласпен орындау қолынан келетін, осы директиваларды орындауды құр ресми нәрсе емес, абырой әперетін іс, партия мен пролетариаттың алдындағы ең жоғары борышымды атқару ісі деп санайтын адамдарды қою керек.

Лениннің: адамдарды дұрыс іріктеп алу және істің орындалуын тексеру деген ұранын міне осылай түсіну керек.

Ал оның бержағында бізде кейде осыған тура қарама-қарсы бірдемелер болып жатады. Былайынша қарағанда, партия мен Совет өкіметінің жоғарғы органдарының нұсқауларын қабылдайтын сияқты болады, ал іс жүзіне келгенде бұларды жылы жауып қоя салады да, мүлдем басқа саясатты жүргізе береді. Кейде кейбір шаруашылық, кооперативтік және басқа аппараттардың басшылары партияның дұрыс нұсқауларын жылы жауып қоя салып, ескі сүр жолменен шірене басып жүре беретіні факт емес пе? Егерде, мәселен, партия мен Совет өкіметінің орталық органдары біздің саясатымыздың кезектегі міндеті — бөлшектеп сату бағасын арзандату болып табылады деп ұйғарса, ал бірқатар кооператив қызметкерлері мен жалпы сауда қызметкерлері бұл ұйғарындыға немқұрайды қарағанды артық көріп, оны елең қылмаса, — мұны не деп атауға болады? Жұмысшылар мен шаруалардың ұштасуының тағдыры, одағының тағдыры, Совет өкіметінің тағдыры дұрыс саясатты адал ниетпен орындауға байланысты болып отырғанда, бұл осы саясатқа кесел келтіру емей немене?

Ленин: бізде бағыт дұрыс, бірақ машина өзінің жүретін жағына жүрмей келе жатыр, дегенде нақ осындай жағдайларды еске алған болатын.

Ал, дұрыс бағыт пен машинаның арасындағы бұл сәйкессіздікті немен түсіндіруге болады? Бұл машинаның құрамы, бұл аппараттың құрамы сапа жағынан жақсы бола бермейтіндігімен ғана түсіндіруге болады.

Мінеки сондықтан қызметкерлерді дұрыс іріктеп алу және істің орындалуын тексеру кәзір партия мен Совет өкіметінің кезектегі міндеттерінің бірі болып табылады.

Мінеки сондықтан біздің құрылыс жұмысымыздың негізгі қызметкерлері партия мен Совет өкіметінің саясатын адал ниетпен орындау тұрғысынан іріктеліп, алынуын партия қатты қадағалап отыруға тиіс.

Екінші шарт. Бірақ мұнымен, әрине, іс бітпейді. Мұның үстіне, бұқараға партия басшылығының сапасын арттыру керек, сөйтіп жұмысшылардың, сонымен қатар шаруалардың да қалың бұқарасын біздің бүкіл құрылыс жұмысымызға тарту ісін оңайлату керек. Пролетариаттың басшылығын қамтамасыз ету, әрине, бірінші жұмыс. Бірақ пролетариат өзінің басшылық ету еркін партия арқылы жүзеге асырып отырады. Жаман партия басқарып отырса, құрылысқа басшылық ету мүмкін емес. Пролетариат басшылық ете алатын болуы үшін оның партиясы бұқараның жоғарғы басшысы болу жөніндегі міндетінің дәрежесінде болуы керек. Ал мұның үшін не керек? Мұның үшін партияның басшылығы формалды, қағаз жүзіндегі басшылық болмай, нағыз басшылық болуы керек.

Мұның үшін партияның басшылығы барынша икемді болуы керек.

Жұмысшы табының қалың бұқарасын іске жұмылдырмайынша біздің құрылысымыз майданында біз жеңіске жете алмаймыз, деседі. Бұл әбден дұрыс. Ал бұл не деген сөз? Бұл — қалың бұқара біздің құрылыс жұмысымызды жүргізуге білек сыбанып кірісетін болуы үшін бұл бұқараға дұрыс, икемді, алды-артты ойлап басшылық ету керек деген сөз. Ал бұқараға кім басшылық етуге тиіс? Бұқараға партия басшылық етуге тиіс. Бірақ партия жұмысшылар мен шаруалардың арасында соңғы жылдардың ішінде болған өзгерістерді есепке алмаса, ол бұқараға басшылық ете алмайды. Кәзір енді ескіше, тек қана бұйрықтар мен нұсқаулар беру жолымен басшылық етуге болмайды. Ондай басшылық етудің заманы өтті. Қәзір жәй формалды басшылықтың тек реніш тудыруы ғана мүмкін. Себебі не? Себебі — жұмысшы табының белсенділігі артты, жұмысшы табының тілегі өсті, біздің жұмысымыздың кемшіліктеріне жұмысшылардың сезімталдығы күшейді және жұмысшылар талапты анағұрлым қатты қоятын болды.

Бұл жақсы ма? Әрине, жақсы. Біз әрқашан осыған жетуге тырыстық. Ал бұдан шығатын қортынды мынау: жұмысшы табына басшылық ету ісі анағұрлым күрделі іс болып барады да, басшылықтың өзі анағұрлым икемді сыйпатқа келуі керек. Бұрын біреудің аяғын басып кетсең де дәнеме етпеуші еді. Ал кәзір ол болмайды, жолдастар! Қәзір ең елеусіз ұсақтүйектің өзіне барынша көңіл аудару керек болады, өйткені жұмысшылардың тұрмысы нақ осындай ұсақтүйектерден құралады.

Шаруалар жайында да осыны айту керек. Кәзіргі шаруа бұдан екі-үш жыл бұрынғы шаруа емес. Ол да анағұрлым зейін қойғыш, саналы болып алды. Ол басшы деп аталатындардың мақалаларын оқыйды, сол мақалаларды талқылайды, басшылардың әрқайсысын егжей-тегжейіне дейін талдайды және бұлар жөнінде өз пікірін қорытып отырады. Сіздер шаруаны бізге кейде кейбір ақылдылардың суреттейтіндей ақымақ екен деп ойламаңыздар. Жоқ, жолдастар, шаруа қаладағы ақылдылардың көбінен ақылдырақ. Сондықтан ол өзіне, көбірек зер салып қарауды тілейді. Жұмысшылар жөнінде қандай болса, мұнда да сондай — қүр қарарлармен ғана тынуға болмайды. Жұмысшылар жөнінде қандай болса, мұнда да сондай — партия мен Совет өкіметінің нұсқауларын түсіндіріп отыру керек, партияның не тілейтінін және елді қалай қарай бастап келе жатқанын адамдар ұғатын болуы үшін асықпай, құнттап түсіндіріп отыру керек. Бүгін түсінбеген екен — ертең түсіндіруге тырысып бағыңыздар. Ертең түсінбеген екен — оның арғы күні түсіндіруге тырысып бағыңыздар. Мұнсыз кәзір ешқандай басшылық болмайды және болуы мүмкін де емес.

Бұл, әрине, басшылық етуді тоқтату керек деген сөз емес. Жоқ, олай деген сөз емес. Егерде партия басшылық етуін тоқтатса, егерде ол басшылық етуін қойып кетсе, бұқара партияны кәдірлей алмайды. Бұқараға басшылық етілуін бұқараның өзі тілейді, сондықтан бұқара берік басшылықты іздейді. Бірақ бұқара формалды, қағаз жүзіндегі басшылықтың емес, бұқараға түсінікті, нағыз басшылықтың болуын тілейді. Нақ осының үшін де партия мен Совет өкіметінің

мақсаттары мен міндеттерін, директивалары мен нұсқауларын қажымай-талмай түсіндіріп отыру керек. Басшылық етуді тоқтатуға болмайды, нақ сол сыяқты басшылық етуді бәсеңдетуге де болмайды. Қайта басшылық күшейтілуге тиіс. Ал, басшылықты күшейту үшін басшылықтың өзі өте икемді болуы керек те партия бұқараның тілектеріне барынша құлақ қоятын болып қаруланулы керек.

Мен аяқтаймын, жолдастар. Біздің саясатымыз дұрыс, сондықтан біздің күштілігіміз осында. Ал біздің саясатымыз құр желге кетпейтін болуы үшін кем дегенде екі шарт керек. Біріншіден, қызметкерлерді дұрыс іріктеп алу керек және партияның директивалары орындалуын тексеріп отыру керек. Екіншіден, бұқараға басшылық етуде икемділік керек және бұқараның тілектеріне барынша құлақ қойып отыру керек, тағыда, үсті-үстіне құлақ қойып отыру керек. (Ұзақ, катты қол шапалақтау және бүкіл залдың овациясы, жұрттың бәрі орындарынан тұрып, «Интернационалды» айтады.)

«Правда» № 13,
16 январь, 1927 ж.

ЗАЙЦЕВ ЖОЛДАСҚА ХАТ

Жиров жолдастың мақаласы жөнінде жауапты кеш жазып отырмын, бірақ ештен кеш жақсы-ғой.

Капиталистік елдердің дамуының біркелкі еместігі туралы Жиров жолдастың мақаласын «Большевикте» басып шығаруға мен мынадай дәлелдермен карсы болдым.

1) Меніңше, мақала шәкірттің мақаласы. Автор тақырыпты меңгеріп ала алмаған, сондықтан мәселенің күрделі екендігі жайында түсінігі жоқ болса керек. Адамдардың тәжрибе алып сонымен шебер әдебиетші болуы үшін мұндай мақалаларды дағдылануына болатын мектеп журналдарында әсемдеп басуға болады. Ал «Большевик» — жетекші журнал, одан теория мен саясаттың негізгі мәселелері жөнінде жетекші нұскаулар беру талап етіледі, сондықтан Жиров жолдастың мақаласын «Большевикте» басып шығару деген сөз біріншіден, окушыларды шатастыру, екіншіден, жетекші журнал болып табылатын «Большевиктің» беделін түсіру деген сөз.

2) Капиталистік елдердің дамуының біркелкі емес-

тігі заңының **саяси** жағын оның **экономикалық** жағымен бірқатарға қойып, Жиров жолдас көрнеу қателеседі. Осы екі жағының екеуі біркелкі еместік заңының мазмұны болып табылатындығы, әрине, рас. Бірақ, егерде БК(б)П ішіндегі оппозициямен кәзіргі таластарымызды еске алатын болсақ, саяси біркелкі еместік біз үшін кәзір аса маңызды мәселе емес екеніне ешбір күмән жоқ. Кәзіргі кезеңде дүниежүзілік дамудың тұрғысынан қарағанда саяси біркелкі еместіктің бадырайып білінетін белгісін неден көруге болады? Мынадан көруге болады: техника және мәдениет жағынан неғұрлым өркендеген елдерде артта қалған өкімет, яғни буржуазиялық өкімет өмір сүріп отырған болса, бізде алдыңғы қатарлы өкімет, пролетариаттың өкіметі, Советтер өкіметі бар. Осындай саяси біркелкі еместіктің мүмкіндігін немесе барлығын оппозиция бекер дей ме? Жоқ, бекер демейді. Қайта ол пролетариаттың бір елде өкіметті қолға алуын әбден мүмкін деп санайды.

Олай болса, біздің алауыздықтарымыздың негізі бұл салада емес.

Алауыздықтар капиталистік елдердің коршауында-ғы бір елде Совет өкіметі бар тұрғанда буржуазияны **экономикалық** жағынан жеңуге бола ма, яғни социализм орнатуға бола ма деген мәселеден басталады. Олай болса, алауыздықтардың негізі экономикалық салада жатыр. Мінеки сондықтан біз капиталистік елдердің дамуының біркелкі еместігі заңының экономикалық жағын айрықша көрсетеміз. Жиров жолдастың қатесі мынада: ол оппозициямен біздің жүргізіп жатқан таластарымыздың осы ерекшелігін байқамаған және дамудың біркелкі еместігі заңының экономика-

лық жағын айрықша көрсетушілікті бұл заңның саяси жағын танымаушылық деп білген.

Қысқасы, Жиров жолдас оппозициямен біздің жүргізіп жатқан таластарымыздың сөлін аңғармай қалған.

Біркелкі еместік заңының экономикалық жағы өзінен өзі дүниежүзілік капиталистік шаруашылықтың дамуы саласындағы барлық және әртүрлі апаттардың, соның ішінде саяси апаттардың да түп негізі болып табылатындығын мен айтпай-ақ қояйын.

3) Жиров жолдас империализмге дейінгі капитализм мен империалистік капитализмнің арасындағы айырмашылықтың өте терең жатқанын көрмейді. Оныңша біркелкі еместік заңы дүниежүзілік капитализм дамуының жәй «сәйкессіздігі мен жымдаспаушылығына» айналады. Ал егерде бұл осылай болса, өсу жолымен дамып бара жатқан капитализм мен өліп бара жатқан, өшу жолымен жүріп бара жатқан капитализмнің арасындағы айырмашылық қайдан шықты? Бірте-бірте эволюцияланушы капитализм мен іріп-шіру, аттап-секіру, апатқа ұшырау ретімен жүріп бара жатқан капитализмнің арасындағы айырмашылық қайдан шықты? Социализмнің жеке елдерде жеңуі бұрын неге мүмкін емес еді, ал кәзір неге мүмкін болды? Финанс капиталының үстемдігі, техниканың орасан өркендеуі, нивелировкаға бейімделу бағыты, дүние жүзін ықпал жүргізу салаларына бөлу, капиталистік елдердің апатқа ұшырауымен, бөлініп қойған дүние жүзін дүркін-дүркін қайта бөлуімен, жеке елдерде социализмнің жеңуін мүмкін етуімен қоса секірмелі түрде дамуы сыяқты фактылардан аулақ кетуге бола ма?

Бұл ретте Жиров жолдастың позициясының біздің оппозицияның позициясынан өзгешелігі неде және, асылында, ол оппозициямен қандай негізге сүйеніп таласады?

Қоғамдық дамудың **барлық** кезеңдеріне қатнасы бар социологиялық заңдардан өзгеше, **капитализм** дамуы заңдарының өзгеріп отыра алатынын және өзгеріп отыруға тиіс екенін Жиров жолдас, сірә, түсінбейтін болса керек. Біркелкі еместік заңы империализмге дейінгі капитализм тұсында белгілібір түрде болды және оның осыған лайық нәтижелері болды, ал империалистік капитализм тұсында бұл заң басқа түрге келеді және осы себепті оның нәтижелері де басқаша болады. Мінеки сондықтан капиталистік елдердің ескі капитализм тұсындағы біркелкі еместіктен өзгеше, империализм тұсындағы дамуының біркелкі еместігі туралы айтуға болады және айту керек те. Капиталистік дамудың әртүрлі сатыларында капитализм заңдарының қалай өзгеріп отырғандығы туралы, өздерінің қыймылында бұл заңдардың өзгеріп отыратын жағдайларға байланысты қалай тежеліп немесе күшейіп отырғандығы туралы мәселе, — ерекше теориялық маңызы бар мәселе, бұл жайында бәрінен бұрын біркелкі еместік заңы туралы арнаулы мақала жазушы адам ойлануға тиіс еді. Жиров жолдастың бишаралығы (кінәсі емес) мәселенің осы жағын оның мүлдем көрмейтінінде.

4) Жиров жолдастың мақаласында айтылатын басқа мәселелерді, мысалы, «дүниежүзілік капиталистік системаның субъективтігінің жоқтығы», тағысын тағылар туралы мәселе сыяқты, меніңше, Жиров жолдастың өзі үшін айқын емес мәселелерді мен қоз-

ғамаймын. Мен Жиров жолдастың ерекше және таңқаларлық бірдеме айтуға аузы қышып-ақ тұрады-ау деймін.

5) Жиров жолдастың мақаласына редакциядан берілмекші ескертудің жобасына келетін болсақ, менің ойымша, «Большевик» сияқты жауапты журналда мұндай редакциялық ескертулер берілуге тиіс емес. Редакцияның «автордың кейбір қағыйдаларына қосылмаймыз» деп мәлімдеп, бұл қағыйдалардың мәні неде екенін айтпауы, — мәселеден қашқалақтап, оқушыны аң-таң қалдыру деген сөз болады. Менің ойымша, «Большевик» мұндай ескертулер беруге тиіс емес.

Коммунистік сәлеммен ***И. Сталин***

28 январь, 1927 ж.

Бірінші рет басылып отыр

ЛЕНА ЖҮМЫСШЫЛАРЫНА

Бүдан 15 жыл бүрын апрельде Лена жүмысшыларын ату — патша самодержавиесінің ең қанқүйлы зүлымдықтарының бірі болды. Женген пролетариат сонау қыйыр тайгада патшаның оқтарынан опат болған жолдастардың қаһармандық күресін ұмытқан жоқ. Өткен жолға көз жіберіп, Совет Одағының жүмысшылары былай деп айта алады: бодайболықтардың жүмысшы қанының бір тамшысы да боскә кеткен жоқ, өйткені пролетариаттың жаулары саза йын тартты, ал пролетариат жауларды женіп шықты.

Кәзір, патшалық және капиталистік езушілікте қүтылған сіздер арамтамақтарды байыту үшін емес дүние жүзіндегі бірінші, **өздеріңіздің** жүмысшы мемлекетіңізді нығайту үшін Витимнің жағасында алты өндіруге мүмкіндік алып отырсыздар.

Жүмысшы табының женуі жолындағы күресте қа**за** тапқандардың абыройы асып, даңқы арта берсін

Қымбатты жолдастар, ерлік күресте қаза тапқа

жолдастарды еске түсіретін бұл күнде сіздерді күттықтай отырып, біздің елімізде социализмнің толық жеңуі жолындағы бұдан былайғы күресті сіздер берік және үздіксіз жүргізе бересіздер деп сенім білдіруге рұхсат етіңіздер.

И. Сталин

22 февраль, 1927 ж.

«Ленский Шахтер» газеті
(Бодайбо қаласы) № 87,
17 апрель, 1927 ж.

СТАЛИНГРАДТЫҢ «БОРЬБА» ГАЗЕТІНЕ ҚҮТТЫҚТАУ

Қымбатты жолдастар?

«Борьба»[37] газетінің революциялық қызметте 10 жыл істеген жауынгерлік жұмысы Сталинград жұмысшыларының мақтан етуіне болатын даңқты мереке болып табылады.

Краснов пен Деникин генералдарға қарсы күрес, контрреволюционерлер мен батыс интервенционистерін қуып шығу, шаруашылық күйзелісті жою, жаңа тұрмыстың бейбіт құрылысының майданындағы табыстар, — мінеки Сталинград пролетариатының соңғы 10 жыл ішіндегі өмірінің басты оқыйғалары осылар. Бүкіл осы дәуірдің ішінде «Борьба» еңбекшілердің жолына жарық сәуле төгіп, социализм үшін күресушілердің алдыңғы сапында болды.

«Борьбаға» жалынды сәлем! Оның жаңа табыстарға жетуін тілеймін!

И. Сталин

22 февраль, 1927 ж.

«Борьба» газеті (Сталинград)
№ 122, 31 май, 1927 ж.

ОКТЯБРЬ ЖОЛЫНЫҢ СТАЛИН АТЫНДАҒЫ ТЕМІР ЖОЛ МАСТЕРСКОЙЛАРЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЖЫЙНАЛЫСЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

1 март, 1927 ж.

(Қысқаша баяндау)

Жолдастар! Дағдыда шешендердің ерінбей-жалықпай сөйлей беруіне, — тыңдаушылардың да ерінбей-жалықпай тыңдай беруіне «болады». Мен бұл жолы біраз өзгеше істейміз-ғой деп ойлаймын. Мен кейбір жолдастардың записка арқылы берген сұрауларына жауап қайтарумен тынамын. Менің ойымша, осылай істесек көңілдірек болады. Егер рыйза болсаңыздар, мен іске кірісемін.

Бұл сұраулардың көпшілігі бір мәселеге келіп тіреледі: бізде быйылғы жылы, быйылғы жылдың көктемінде немесе күзінде соғыс бола ма? деген сұрау.

Менің жауабым: быйылғы жылдың көктемінде де, күзінде де бізде соғыс болмайды.

Быйылғы жылы бізде соғыс болмайды, мұның себебі — жалпы империалистік соғыстар болу қаупінің жоқтығынан емес. Жоқ, соғыс қаупі бар. Быйылғы жылы соғыс болмайды, өйткені біздің жауларымыз соғысқа әзір емес, өйткені біздің жауларымыз соғыстың нәтижелерінен басқа жұрттың бәрінен де көбірек

қоркады, өйткені Батыс жұмысшыларының ССРОмен соғысқысы келмейді, ал жұмысшыларсыз соғысуға болмайды, өйткені, ақырында, біз бейбітшілік саясатын берік және бұлжытпай жүргізіп отырмыз, ал бұл жағдай біздің еліміздегі соғысуды қыйындатады.

Батыстағы ұлы және кіші державалармен біздің қатнастарымыздың саласынан фактылар келтіріп осы қағыйдаларды дәлелдеп, Сталин жолдас ССРО-ның Шығыстағы саясаты туралы мәселеге көшеді.

Шығыстың тәуелді және отар халықтары жөнінде біздің жүргізіп отырған достық саясатымыз біздің тарапымыздан оларға кейбір жеңілдіктер беруге апарып соғуы мүмкін, олай болса, бізді кейбір шығындарға ұшыратуы мүмкін деседі бізге. Бұл, әрине, дұрыс. Бірақ принциптік тұрғыдан ғана емес, сыртқы саясат жөніндегі шығындар тұрғысынан да басқа саясаттың қандайы болса да біз үшін қолайлы болмас еді. Бұл арада біз принциптік жағынан достық саясаттан басқа саясат жүргізе алмаймыз, бұл империализмнің бұғауын бұзып, соның негізінде күш-қуатқа ие болған Совет өкіметінің жаратылысының өзінен туады. Сондықтан мен бұл жайында көп айтып жатпаймын.

Істі сыртқы саясаттың шығындары тұрғысынан қарайық. Шығыста біздің мемлекетіміздің Қытаймен, Ауғаныстанмен, Персиямен, Түркиямен шекарасы бірнеше мың шақырымға созылатыны мәлім. Бұл шекараларда кәзір біздің өте шағын мөлшерде әскерлеріміз бар, бұл әскерлер шекара мемлекеттерінің халқымен достық қатнаста, сонымен шекараларды қорғау ісінде осындай зор үнем жасауға мүмкіндігіміз болып

отыр, мұның себебі — біз ол мемлекеттермен достық саясат жүргізіп отырмыз.

Ал айталық, біздің бұл елдермен қатнасымыз достық қатнас емес, орыс самодержавиесінің дәуірінде болғандай жаулық қатнас екен, делік. Онда біз бұл шекараларда басынан аяғына дейін қаруланған бірнеше армияны және Қыйыр Шығыста бірсыпыра соғыс кемелерін ұстауға мәжбүр болар едік, кейбір империалистік мемлекеттер кәзір осылай істеп те отыр. Ал бұл шекараларда бірнеше армия мен тиісті флот ұстау не деген сөз? Мұның мәнісі бұл армиялар мен флотқа жыл сайын жүз миллиондаған сом халық ақшасын жұмсау деген сөз. Бұл да шығыс саясаты болар еді. Бірақ бұл мүмкін болған барлық саясаттың ішіндегі ең қолайсыз, ең шығынды және ең қауіпті саясат болар еді. Міне сондықтан менің ойымша, біздің Шығыстағы саясатымыз, Шығыста жүргізуге мүмкін болған барлық саясаттың ішінде принциптік жағынан ең дұрысы, саяси нәтижесі тұрғысынан ең сенімдісі және ең үнемдісі болып табылады.

Мен мұндай саясаттың Шығыста отар және тәуелді елдер жөнінде ғана емес, Жапония жөнінде де бізге берік бейбітшілікті қамтамасыз етіп отырғанын айтпай-ақ қояйын.

Депутаттарға наказ беру жөнінде жарыссөзде сөйлеген бірқатар шешендерден кейін Сталин жолдас жыйналыс мүшелерінің бірсыпыра жаңа запискаларына тағыда жауап беріп сөйледі.

Жолдастар! Жолдастардың жаңа запискаларына жауап беруге рұхсат етіңіздер. Бұл запискаларда екі мәселе: ағылшын-совет дипломатиялық қатнастарының үзілу мүмкіндігі туралы мәселе мен біздің ша-

руашылық құрылысымыздың негізгі табыстары туралы мәселе айтылады.

Англия 1921 жылғы сауда шартын бұза ма? Ол ССРОмен дипломатиялық қатнастарын үзе ме?

Әрине, Англияның тарапынан қарым-қатнасты үзушілік ғажап нәрсе емес. Бірақ менің ойымша, тап олай бола қоймас. Олай бола қоймайтын себебі — қатнасты үзу Англияға зыяннан басқа ештеме бермейді. Мен мынаны айтпай-ақ қояйын, ССРО жүргізіп отырған бейбітшілік саясат тұсында, қатнасты үзу үшін жауаптылық ағылшын үкіметі кәзір міндетіне аларлықтай барлық мүмкін болған ауыр жауаптылықтардың ішіндегі ең ауыр жауаптылық болар еді...

Шаруашылық құрылыс ісінде біздің негізгі табысымыз қандай?

Бізге құрылысымыздың кемшіліктерін айтады. Бұл кемшіліктер әлі жойылған жоқ, деседі. Мұның бәрі дұрыс, жолдастар. Бізде заводтар мен фабрикаларда да, біздің басқару аппаратымызда да кемшіліктер көп. Біздің өз міндетімізге алған осындай зор жұмыстың тұсында бұл кемшіліктер болмаған болса, ол таңқаларлық нәрсе болар еді. Бірақ әңгіме бұл кемшіліктерде емес. Әңгіме кәзір біздің елімізді индустрияландыру ісін біздің тек өз күшімізбен жолға қоя білгенімізде болып отыр.

Біздің елімізді индустрияландыру дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі — аграрлы елді өнеркәсіпті елге айналдыру деген сөз. Мұның мәнісі — біздің индустриямызды жаңа техникалық негізде жолға қойып, өркендету деген сөз.

Артта қалған ұлан-байтақ аграрлы елдің отарларды тонамайынша, бөтен елдерді тонамайынша немесе

шеттен үлкен заем, ұзақ мерзімді кредит алмайынша индустриялы елге айналуы дүние жүзінде әлі еш жерде болған іс емес. Англияның, Германияның, Американың өнеркәсіптік дамуының тарихын естеріңізге түсіріңіздерші, мұның нақ осылай болғанын сонда сіздер түсінесіздер. Барлық капиталистік елдердің ішіндегі ең қуаттысы Американың өзі де шеттен заемдар алу, ұзақ мерзімді кредиттер алу және өзіне жапсарлас мемлекеттер мен аралдарды тонау есебінен өзінің өнеркәсібін жолға қою үшін азамат соғысынан кейін 30—40 жыл әбігерленуге мәжбүр болды.

Біз бұл «сыналған» жолға түсе аламыз ба? Жоқ, түсе алмаймыз, өйткені Совет өкіметінің жаратылысы отарларды тонаушылықты көтермейді, ал үлкен заемдар мен ұзақ мерзімді кредиттерге сенуге негіз жоқ.

Ескі Россия, патшалық Россия индустрияландуға қарай басқа жолмен — ауыр шартты заемдар алу және өнеркәсібіміздің негізгі салаларын ауыр шартты концессияларға беру жолымен барды. Өздеріңіз білесіздер, электр өнеркәсібін айтпай-ақ қойғанның өзінде, бүкіл Донбасс түгел дерлік, Петербург өнеркәсібінің жартысынан көбі, Баку мұнайы және толып жатқан теміржолдар шетел капиталистерінің қолында болды. Бұл ССРО халықтарының есебінен және жұмысшы табының мүдделеріне қарсы индустриялану жолы еді. Әрине, біз бұл жолға түсе алмаймыз: біз капитализмнің езушілігіне қарсы күрескенде кейін капитализмнің бұғауына өз еркімізбен барып түсу үшін күрескеніміз жоқ, біз капитализмді құлатқанда мұның үшін құлатқанымыз жоқ.

Біздің елімізді индустрияландыруға керекті қаражатты жыйнау үшін бір ғана жол, өзімізде кор жый-

нау жолы, үнемдеу жолы, шаруашылықты есеппен жүргізу жолы қалады. Сөз жоқ, бұл қыйын міндет. Бірақ, қыйыншылықтарға қарамастан, біз бұл міндетті кәзірдің өзінде-ақ орындап жатырмыз. Я, жолдастар, азамат соғысынан соң төрт жылдан кейін біз бұл міндетті орындап жатырмыз. Міне мәселе осында, жолдастар, міне біздің негізгі табыстарымыз осында.

Біз быйылғы жылы өнеркәсіптің мұқтаждарына бір миллиард үш жүз миллион сом беріп отырмыз. Біз бұл ақшаға жаңа заводтар салып жатырмыз, ескі заводтарды жөндеп жатырмыз, жаңа техниканы колданып жатырмыз, жұмысшы табының санын көбейтіп жатырмыз. Сонымен біз өзіміз жыйнаған меншікті қорымыздың негізінде жаңа өнеркәсіптің ірге тасы қалануын қамтамасыз еттік. Сонымен біз өзіміздің меншікті қаражатымызға жаңа, социалистік өнеркәсіптің зәулім үйін салып жатырмыз. Біздің негізгі табыстарымыз осында, жолдастар.

Осы зәулім үйдің кейбір кемшіліктері бар, штукатуркасы лайықты емес, кейбір жерлерінде ішкі қабырғаларға жапсырған қағаздары түсіп жатыр, кейбір жерлерінде қоқсық әлі сыпырылып тасталмаған және тағысын тағылары деседі. Мұның бәрі осылай. Бірақ әңгіме осында ма, басты іс осында ма? Ал жаңа өнеркәсіптің зәулім үйі қаланып жатыр ма, әлде қаланып жатқан жоқ па? Я, қаланып жатыр. Ал бұл үй өзіміздің меншікті қаражатымыздың есебінен салынып жатыр ма, жоқ па? Я, өзіміздің меншікті қаражатымыздың есебінен салынып жатыр. Шаруашылық құрылысы ісінде, индустрияландыру ісінде

кәзірдің өзінде-ақ біздің негізгі және басты істерге қолымыз жете бастағаны айқын емес пе?

Біздің табыстарымыздың негізі міне осында.

Жолдастардың кейбіреулері бұл табыстарды тек біздің партиямызға ғана таңуға бейім. Кейбір жолдастардың оны, біздің партияны шамадан тыс мақтайтындығының себебі де, асылында, осы. Кейбір коммунистердің асыра мақтанудан, дандайсып кетуден кашпайтындығының себебі де осы деу керек, — амал не, мұның өзі біздерге әлі де болса тән күнә болып тұр. Әрине, біздің партиямыздың негізінде дұрыс саясаты бұл табыстарға жету ісінде аса үлкен роль аткарды. Бірақ егерде біздің партиямыздың саясатын партияда жоқ жұмысшылардың сан миллиондаған бұқарасы шын достықпен қолдамаса, ол саясат түккө тұрмас еді. Асылында, біздің партия партияда жоқ жұмысшы бұқарасының қолдауына сүйеніп отырғандықтан да күшті. Мұны ұмытуға болмайды, жолдастар. (Ду қол шапалақтау.)

«Правда» № 51
3 март, 1927 ж.

ЦВЕТКОВ пен АЛЫПОВ ЖОЛДАСТАРҒА ХАТ

Сіздердің 1927 ж. 1 марттағы сұрауыңызды түсініспеушілік деп есептеймін. Оның себебі мынау.

1) Менің баяндамамда[38] әңгіме Россияда «самодержавиелік құрылыс» орнату туралы емес, Европаның Шығысында (Россия, Австрия, Венгрия) бір орталыққа бағынған көп ұлтты мемлекеттер құру туралы болады. Мұның екеуін бір-бірінен алшақтатуға болмайтын болса да, екеуі екі түрлі тақырып екенін түсіну қыйын емес.

2) Россияда «экономикалық дамудың нәтижесінде емес, қайта монголдарға және басқа Шығыс халықтарына қарсы күресу мақсатымен» (өздеріңіздің хатыңызды қараңыз) бір орталыққа бағынған мемлекет құру туралы менің баяндамамда да, тезистерде де[39] ештеме айтылмаған. Бұл қарама-қарсы қоюшылық үшін мен емес, сіздер жауапты болуларыңыз керек. Мен Европаның шығысында бір орталыққа бағынған мемлекеттердің құрылу процесі олардың қорғану керектігі себепті адамдардың ұлт болып қалыптасу процесінен шапшаңырақ жүрді, осы себептен де мұнда

көп ұлтты мемлекеттер феодализмнің жойылуынан бұрын құрылды дегенді ғана айтамын. Көріп отырсыздар, бұл сіздердің теріс бұрып маған таңып отырғандарыңыздан өзгеше нәрсе.

Мінеки менің баяндамамнан цитата:

«Европаның шығысында, мұның керісінше, ұлттардың құралуы мен феодалдық бытырандылықты жою процесі мезгілі жағынан орталықтанған мемлекеттердің құрылу процесімен бір болған жоқ. Менің айтып отырғаным — Венгрия, Австрия, Россия. Бұл елдерде капиталистік даму әлі жоқ еді, бәлкім, ол жаңа басталып келе жатқан болар, оның бержағында, түріктердің, монголдардың және Шығыстың тағы басқа халықтарының шапқыншылығынан қорғану мүдделері шапқыншылықтың қыспағына төтеп бере аларлықтай орталықтанған мемлекеттердің дереу құрылуын тіледі. Ал Европаның шығысында орталықтанған мемлекеттердің шығу процесі адамдардың ұлт болып құралу процесінен шапшаңырақ болғандықтан, онда, әлі ұлт болып құралмаған, бірақ жалпы мемлекет болып бірлескен, бірнеше халықтан қосылған аралас мемлекет құрылды»[10].

Ал, міне, партияның X съезі қабылдаған тезистерімнен цитата:

«Ұлттардың құралуы жалпы және тұтасынан алғанда орталықтанған мемлекеттердің құрылуымен бір мезгілде болған жерлерде, ұлттар, табиғи жолмен мемлекеттік түрге еніп, буржуазиялық ұлттық дербес мемлекет болып дамыды. Англияда (Ирландиясыз), Францияда, Италияда осылай болды. Европаның шығысында, мұның керісінше, орталықтанған мемлекеттердің құрылуы феодализмнің жойылуынан, демек, ұлттардың құралуынан бұрын болды, бұл мемлекеттердің құрылуын өзін-өзі қорғау тілектері тездетті (түріктердің, монғолдардың, т. б. шапқыншылығы). Осылай болғандықтан бұл жердегі ұлттар ұлттық мемлекеттерге айналып дамымады және дамый да алмады, бұл жерде әдетте, үстемдік жүргізуші бір күшті ұлттан және бірнеше әлсіз, бағынушы ұлттардан құралған бірнеше аралас, көп ұлтты буржуазиялық мемлекеттер құрылды. Австрия, Венгрия, Россия осындай болды».[11]

Цитаталарда асты сызылған сөздерге назар ауда-руыңызды сұраймын.

3) Егерде менің X съездегі барлық баяндамамды, сонымен ұлт мәселесі жөніндегі тезистерді де (оның бірінші бөлімін) қарап шықсаңыздар, баяндаманың тақырыбы «самодержавиелік құрылыс» орнату туралы мәселе емес, Европаның шығысында бір орталыққа бағынған көп ұлтты мемлекеттер құру туралы және осы соңғы процесті тездететін факторлар туралы мәселе болып табылатындығына көз жеткізу қыйын емес.

Коммунистік сәлеммен *И. Сталин*

7 март, 1927 ж.

Бірінші рет басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ-ШАРУА ҮКІМЕТІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ

Дмитриевке жауап

Жұмысшы-шаруа үкіметі туралы мәселе жайындағы Сіздің быйылғы жылғы 14 январьда «Большевикке» жазған хатыңызды жауап беру үшін маған Орталық Комитетке жіберді. Жұмысбасты болғандықтан кешігіп жауап беріп отырмын, мұның үшін ғапу өтінемін.

1) Кейбір жолдастардың қоятынындай: «жұмысшы-шаруа үкіметі — іс жүзіндегі үкімет пе, әлде үгіттік ұран ба» деп мәселе қоюға болмайды. Іс жүзінде бізде жұмысшы-шаруа үкіметі жоқ, бірақ солай бола тұрса да, үгіт ұраны ретінде жұмысшы-шаруа үкіметі туралы айтуға болады деуге болмайды. Мәселені бұлай қойғанда, біздің партиямыз ішкі жағы жалған ұрандар көтере алады екен, бұл ұрандар іс жүзінде негізсіз болып табылады екен, бұл ұрандарға партияның өзі сенбейді екен, бірақ дегенмен бұқараны алдау үшін партия бұл ұрандарды іске жұмсайды екен деген сөз шығады. Мұны эсерлер, меньшевиктер, буржуазиялық демократтар істей алады, өйткені сөз бен істің арасы алшақ жатуы және бұқараны алдау өліп

бара жатқан бұл партиялардың негізгі күралдарының бірі болып табылады. Ал біздің партиямыз ешуақытта және ешбір жағдайда мәселені бұлай қоя алмайды, өйткені ол марксистік партия, лениндік партия, сөзі мен ісінің арасында айырма болмауынан, бұқараны алдамауынан, бұқараға тек шындықты ғана айтуынан және өзінің саясатын демагогияға негіздемей, тап күрестерінің ғылми анализіне негіздеуінен күш алып отыратын өрге басушы партия.

Мәселені былай қою керек: **не** бізде жұмысшы-шаруа үкіметі жоқ, — онда жұмысшы-шаруа үкіметі туралы ұранды керексіз және жалған ұран деп аулақ тастау керек, **не** бізде іс жүзінде жұмысшы-шаруа үкіметі бар, мұндай үкіметтің өмір сүруі тап күштерінің жайына сай келеді, — онда жұмысшы-шаруа үкіметі туралы ұран дұрыс және революциялық ұран болып табылады. Не олай, не бұлай. Бұл арада екеуінің біреуін алу керек.

2) Жұмысшы-шаруа үкіметі туралы ұранды Сіз «Сталин жолдастың формуласы» деп атайсыз. Бұл мүлдем теріс. Іс жүзінде бұл ұран немесе, егер тіленсеңіз, бұл «формула» басқа ешкімнің емес, Лениннің ұраны болып табылады. Мен мұны «Сұрақтар мен жауаптарда»[42] тек қайталадым. Ленин шығармаларының XXII том — 13, 15, 90, 133, 210-беттерін; XXIII том — 93, 504-беттерін; XXIV том — 448-бетін; XXVI том — 184-бетін алыңыз, мұнда Ленин Совет өкіметін **«жұмысшы-шаруа үкіметі»** деп атайды; XXIII том — 58, 85, 86, 89-беттерін; XXIV том — 115, 185, 431, 433, 436, 539, 540-беттерін; XXV том — 82, 146, 390, 407-беттерін; XXVI том — 24, 39, 40, 182, 207, 340-беттерін алыңыз, мұнда Ленин Совет өкіметін **«жұмысшы-**

шаруа өкіметі» деп атайды, — Ленинніқ осы шығармаларының бәрін және кейбір басқа да шығармаларын алыңыз, жұмысшы-шаруа үкіметі жайындағы ұран немесе «формула» басқа ешкімнің емес, Ленинніқ ұраны немесе «формуласы» екенін сонда сіз түсінесіз.

3) Сіздің негізгі қатеңіз мынада: Сіз

а) біздің үкіметіміз туралы мәселені біздің мемлекетіміз туралы мәселемен;

б) біздің мемлекетіміз бен біздің үкіметіміздің таптық жаратылысы туралы мәселені біздің үкіметіміздің күнбе-күнгі саясаты туралы мәселемен шатастырасыз.

Біздің мемлекетімізді біздің үкіметімізбен шатастыруға, ал олай болса, бұларды бірдей деуге болмайды. Біздің мемлекетіміз пролетарлар табының мемлекеттік өкіметке ұйымдасуы болып табылады, ол өкіметтің міндеті — қанаушылардың қарсылығын басып-жаншып отыру, социалистік шаруашылық ұйымдастыру, таптарды жою және т. б. Ал біздің үкіметіміз осы мемлекеттік ұйымның жоғарғы тобы, оның басшы жоғарғы тобы. Үкіметтің қателесуі мүмкін, ол пролетариат диктатурасының уақытша қатерге ұшырау қаупін туғызатын қателер істеуі мүмкін, бірақ бұл әлі пролетарлық диктатура өткелді дәуірде мемлекет құрудың принципі ретінде теріс немесе қате деген сөз болмайды. Бұл — басшы жоғарғы топ нашар, басшы жоғарғы топтың саясаты, үкіметтің саясаты пролетариаттың диктатурасына сәйкес келмейді, бұл саясат пролетариат диктатурасының талаптарына сәйкес өзгертілуге тиіс деген сөз ғана болады.

Мемлекет пен үкімет өздерінің таптық жарату-

лыстары жағынан бір тектес, бірақ үкімет өзінің көлемі жағынан тарырақ және мемлекет оған шақ емес. Бұлар өзара үзіксіз тығыз байланысты және бір-бірінен тәуелді, бірақ бұл әлі бұларды бір жерге әкеп үйіп төгуге болады деген сөз емес.

Көріп отырсыздар, пролетарлар табы туралы мәселені пролетарлар табының басшы жетекші тобы туралы мәселемен шатастыруға болмайтыны сияқты, біздің мемлекетіміз туралы мәселені біздің үкіметіміз туралы мәселемен шатастыруға болмайды.

Ал біздің мемлекетіміз бен біздің үкіметіміздің таптық жаратылысы туралы мәселені біздің үкіметіміздің күнбе-күнгі саясаты туралы мәселемен шатастыруға одан бетер болмайды. Біздің мемлекетіміз бен біздің үкіметіміздің таптық жаратылысы өзінен өзі айқын, ол — пролетарлық. Біздің мемлекетіміз бен біздің үкіметіміздің мақсаттары да айқын, бұлардың мақсаттары — қанаушылардың қарсылығын басып-жаншу, социалистік шаруашылықты ұйымдастыру, таптарды құрту және т. б. болып табылады. Мұның бәрі айқын.

Осылай болған соң, біздің үкіметіміздің күнбе-күнгі саясаты туралы мәселе неге келіп тіреледі? Ол біздің шаруа елімізде пролетарлық диктатураның таптық максаттарын жүзеге асыратын **жолдары** мен **құралдары** туралы мәселеге келіп тіреледі. Пролетарлық мемлекет қанаушылардың қарсылығын басып-жаншу, социалистік шаруашылық ұйымдастыру, таптарды құрту және т. б. үшін керек. Ал біздің үкіметіміз мұның бәрімен қатар тағыда мына **жолдар** мен **құралдарды** (күнбе-күнгі саясатты) белгілеу үшін керек, ал бұларсыз пролетариат азшылық болып отырған, шаруалар

басым көпшілік болып отырған біздің елімізде әлгі міндеттерді жүзеге асыру мүмкін емес.

Бұл неткен жолдар мен құралдар, бұлар неге келіп тіреледі? Бұлар негізінде жұмысшылар мен негізгі шаруалар бұқарасының **одағын** сақтап, нығайтуға, өкімет басында тұрған пролетариаттың бұл одақта **басшылық ролін** сақтап, нығайтуға бағытталған шараларға келіп тіреледі. **Мұндай** одақтан сырт, **мұндай** одақтан тыс біздің үкіметіміз күшсіз болған болар еді, сонымен пролетариат диктатурасының кәзір ғана мен айтып өткен міндеттерін жүзеге асыруға кірісе бастауға біздің мүмкіндігіміз болмаған болар еді; мұны дәлелдеп жатудың қажеті де жоқ. Бұл одақ, бұл ұштасушылық қаншалықты ұзақ өмір сүреді және Совет үкіметінің осындай одақты нығайту жөніндегі, осы ұштасушылықты нығайту жөніндегі саясаты қаншалықты ұзақ уақытқа созылады? Әрине, таптар бар тұрған уақытта, таптық қоғамның белгісі ретінде, пролетариат диктатурасының белгісі ретінде үкімет өмір сүріп тұрған уақытта ол одақ өмір сүреді, ол саясат жүргізіле береді.

Бұл арада мынаны ескеру керек:

а) жұмысшылар мен шаруалардың одағы бізге шаруаларды тап ретінде сақтау үшін емес, социалистік құрылыстың жеңуі мүдделеріне сай келетін бағытта оны өзгерту және қайта тәрбиелеу үшін керек;

б) Совет үкіметінің бұл одақты нығайту жөніндегі саясаты таптарды тұрақтатуды емес, қайта таптарды жоюды, таптарды жою қарқынын тездетуді көздейді.

Сондықтан Лениннің былай деп жазғаны әбден дұрыс еді:

«Диктатураның ең жоғарғы принципі — пролетариаттың басшылық рольді және мемлекеттік өкіметті ұстап қала алатын болуы үшін оның шаруалармен одағын қолдау болып табылады» (XXVI том, 460-бет).

Басқа ештеме емес, Лениннің нақ осы қағыйдасы Совет үкіметінің күнбе-күнгі саясатында жетекші бағыт болып табылатындығын, дамудың кәзіргі сатысында Совет үкіметінің саясаты, асылында, жұмысшылар мен негізгі шаруалар бұқарасының нақ **осындай** одағын сақтау және нығайту саясаты екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. **Осы мағнада,** — өзінің таптық жаратылысы мағнасында емес, тек осы мағнада ғана,— Совет үкіметі **жұмысшы-шаруа** үкіметі болып табылады.

Мұны мойындамау — ленинизм жолынан шығу, пролетариаттың еңбекші шаруалар бұқарасымен ұштасуының идеясын, одақтасуының идеясын теріске шығару жолына түсу деген сөз.

Мұны мойындамау — ұштасушылық нақтылы революциялық іс емес, махинация, біз нэпті енгізгенде шаруалардың негізгі бұқарасымен бірігіп, социалистік құрылыс жүргізу үшін емес, «үгіт» үшін енгіздік деп санау деген сөз.

Мұны мойындамау — шаруалардың негізгі бұқарасының **негізгі** мүдделерін біздің революциямыз қанағаттандыра алмайды, бұл мүдделер пролетариаттың мүдделерімен бітіспес қайшылықта, шаруалардың негізгі бұқарасымен бірге біз социализм орната алмаймыз және орнатуға тиіс емеспіз, Лениннің кооперативтік жоспары негізсіз, меньшевиктер мен олардың құйыршықтарының айтқаны дұрыс және т. б. деп санау деген сөз.

Осы мәселелерді көтерсе-ақ болғаны ұштасушылық туралы күрделі мәселеге «үгітшілік» көзқарастың шіріктігі, тұкке тұрғысыздығы түсінікті болады. Міне-ки сондықтан мен өзімнің «Сұрақтар мен жауаптарымда» жұмысшы-шаруа үкіметі деген ұран «демагогия» емес, «үгіт» маневры емес, кайта сөзсіз дұрыс және революциялық ұран болып табылады, дедім.

Қысқасы: мемлекет пен үкіметтің біздің революция дамуының негізгі мақсаттарын белгілейтін таптық жаратылысы туралы мәселе — бір әңгіме де, үкіметтің күнбе-күнгі саясаты туралы, әлгі мақсаттарды орындау үшін керекті бұл саясаттың жолдары мен құралдары туралы мәселе — екінші әңгіме. Бұл екі мәселенің екеуі сөзсіз өзара байланысты. Бірақ бұл әлі екеуі бірдей, бұларды бір жерге үйіп, төгуге болады деген сөз емес.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, мемлекет пен үкіметтің таптық жаратылысы туралы мәселені үкіметтің күнбе-күнгі саясаты туралы мәселемен шатастыруға болмайды.

Бұл арада қайшылық бар ғой: өзінің таптық жаратылысы жағынан пролетарлық үкіметті қалайша жұмысшы-шаруа үкіметі деп атауға болады? деушілердің болуы мүмкін. Бірақ бұл арадағы қайшылық жалған қайшылық. Лениннің пролетариат диктатурасы туралы екі формуласының біріншісі «пролетариат диктатурасы бір таптың өкіметі болып табылады» (XXIV том, 398-бет), ал екінші формуласы «пролетариат диктатурасы еңбекшілердің авангарды — пролетариаттың және еңбекшілердің көптеген пролетарлық емес топтарының (ұсақ буржуазия, ұсақ қожайындар, шаруалар, интеллигенция және т. б.) арасындағы

таптық одақтың ерекше формасы* болып табылады» (XXIV том, 311-бет) дейтін екі формуласының арасынан біздің кейбір білгішсінушілеріміз қандай «қайшылық» табуға тырысатын болса, бұл арадағы «қайшылықта», затында, нақ сондай.

Бұл екі формуланың арасында қайшылық бар ма? Әрине, жоқ. Бұлай болған соң, айталық шаруалардың негізгі бұқарасымен одақтасуы тұсында бір таптың (пролетариаттың) өкіметі қалайша қамтамасыз етіледі? Өкімет басында тұрған пролетариаттың («еңбекшілердің авангарды») бұл одақта басшылық ролін жүзеге асыру жолымен қамтамасыз етіледі. Бұл екі формуланың негізгі нысанасы пролетарлар табының негізгі шаруалар бұқарасымен одақтасуы арқылы бір таптың, пролетарлар табының сол шаруаларға **мемлекеттік** басшылық ретінде жүзеге асыратын өкіметі. Ал мұнда қандай қайшылық бар?

Ал шаруалардың негізгі бұқарасына пролетариаттың **мемлекеттік** басшылығы дегеніміз не деген сөз? Бұл басшылық, мәселен, буржуазиялық-демократиялық революция дәуірінде, біз пролетариат пен шаруалардың диктатурасы орнауына тырысып жатқан кезімізде болған басшылықтай ма? Жоқ, бұл ондай басшылық емес. Пролетариаттың шаруаларға **мемлекеттік** басшылығы пролетариат диктатурасының тұсындағы басшылық. Пролетариаттың **мемлекеттік** басшылығы дегеніміз:

а) буржуазия құлатылды,

б) өкімет басында пролетариат тұр,

---

* **Курсив менікі. И. Ст.**

в) пролетариат өкіметті басқа таптармен бөліспейді,

г) пролетариат шаруалардың негізгі бұқарасын өзінің соңынан ерте отырып, социализм орнатып жатыр деген сөз.

Ал пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық революция және пролетариат пен шаруалар диктатурасы тұсындағы басшылығы дегеніміз:

а) капитализм негіз болып қала береді,

б) өкіметтің құрамында басым күш болып табылатын революциялық-демократиялық буржуазия өкімет басында тұр,

в) демократиялық буржуазия өкіметті пролетариатпен бөліседі,

г) пролетариат шаруаларды буржуазиялық партиялардың ықпалынан күтқарады, оларға идеялық-саяси жағынан басшылық етеді және капитализмді құлату үшін күрес әзірлейді, деген сөз.

Көріп отырсыздар, түп негізінен айырма бар.

Жұмысшы-шаруа үкіметі туралы мәселе жөнінде де осыны айту керек. Біздің үкіметіміздің пролетарлық жаратылысы және осыдан туатын социалистік міндеттері оған кедергі болмайтыны былай тұрсын, қайта, біздің шаруа елімізде пролетарлық диктатураның социалистік таптық міндеттерін орындауының өте маңызды құралы болып табылатын жұмысшы-шаруа одағын сақтап, нығайту саясатын жүзеге асыруға біздің үкіметімізді итермелеп отырды, қажетті түрде итермелеп отырады, осы себептен бұл үкіметтің жұмысшы-шаруа үкіметі болып аталатынында қандай қайшылықтың болуы мүмкін?

Жұмысшы-шаруа үкіметі деген ұранды жүзеге асы-

рып және біздің үкіметімізге жұмысшы-шаруа үкіметі деген баға беріп Лениннің дұрыс істегені айқын емес пе?

Жалпы алғанда, біздің елімізде бір таптың өкіметі, пролетариаттың өкіметі жүзеге асырылуының құралы болып отырған «пролетариат диктатурасының системасы» едәуір күрделі нәрсе екенін айту керек болады. Бұл күрделіліктің кейбір жолдастарға ұнамайтынын, олардың тілегеніндей емес екенін мен білемін. Бұлардың көбі «күштерді неғұрлым аз жұмсау принципі» тұрғысынан неғұрлым оңай, неғұрлым жеңіл системамен істес болғанды артық көрер еді, мен мұны білемін. Бірақ не істерсің: біріншіден, ленинизм іс жүзінде қандай болса, оны сондай қалпында алу керек (ленинизмді бұрмалауға және тұрпайыландыруға болмайды), екіншіден, ең оңай және ең жеңіл «теориялардың» ең дұрыс теория бола бермейтінін тарих көрсетіп отыр.

4) Өзіңіздің хатыңызда Сіз:

«Бұл мәселені жазып жүрген барлық жолдастардың кінәсі— олардың тек үкімет туралы ғана немесе мемлекет туралы ғана айтатынында, ал сондықтан бұл екі ұғымның арасында қандай қатнас болуға тиіс екенін мүлдем естен шығарып, тыянақты жауап бермейтінінде».

деп шағым етесіз

Мен біздің басшы жолдастардың мұндай «кінәсі» шынында бар екенін мойындаймын, әсіресе бұл арада мына жағдайды еске алу керек: бірқатар өте ыждағатсыз «оқушылар» Ленин шығармаларының жақсылап байыбына барғысы келмей, әрбір сөйлемді ауыздарына әбден шайнап салуды талап етеді. Бірақ не істерсің: біздің басшы жолдастарымыз тым жұмысбасты болып, күнбе-күнгі жұмыстан қолдары босамай

жүр, мұның өзі олардың ленинизмді, былайынша айтқанда, пункт-пунктімен түсіндіру ісімен шұғылдануына мүмкіндік бермейді; екіншіден, «оқушылар» үшін де оны-мұны қалдыру керек қой, олар да, ақырында, Лениннің шығармаларын үстірт **оқуды** қойып, ленинизмді терең **оқып үйренуге** кірісулері керек кой. Ал «оқушылар» ленинизмді мықтап оқып үйренетін болмаса, Сіздің шағымыңыз сыяқты шағымдар мен «түсініспеушіліктер» әрқашан болып тұрады.

Мысалы, біздің мемлекетіміз туралы мәселені алайық. Әрине, өзінің таптық жаратылысы жағынан, сол сыяқты өзінің программасы жағынан да, өзінің негізгі міндеттері жағынан, өзінің қыймылдары жағынан, өзінің істері жағынан біздің мемлекетіміз, рас, біраз «бюрократтық бұрмалануы» бар пролетарлық мемлекет, жұмысшы мемлекеті болып табылады. Лениннің анықтамасын естеріңізге түсіріңіздерші:

«Жұмысшы мемлекеті дегеніміз абстракция. Ал біздегі жұмысшы мемлекетінің 1-шіден, ел ішінде жұмысшы халық емес, шаруа халқы басым болып отырған өзгешелігі бар; және, 2-шіден, бұл бюрократтық бұрмалануы бар жұмысшы мемлекеті» (XXVI том, 91-бет).

Бұған тек меньшевиктердің, эсерлердің, біздің кейбір оппозиционерлеріміздің күмәнданулы мүмкін. Біздің мемлекетіміз пролетарлық диктатураның мемлекеті болып табылатындығын, ал пролетарлық диктатура бір таптың өкіметі, пролетариаттың, өкіметі болып табылатындығын Ленин сан рет түсіндірді. Мұның бәрі баяғыдан бері мәлім. Ал, оның бержағында, Лениннің кейде біздің мемлекетімізді «жұмысшы-шаруа» мемлекеті деп атағаны жөнінде Ленинді жазғыратын және әлі де болса жазғырып жүрген «оқушы-

лар» аз емес, бірақ шынында Лениннің бұл арада мемлекетіміздің таптық жаратылысын анықтауды емес және, одан бетер, бұл мемлекеттің пролетарлық жаратылысын бекерге шығаруды емес, қайта совет мемлекетінің пролетарлық жаратылысы пролетариат пен негізгі шаруалар бұқарасының ұштасуы керектігіне бастайтынын, осы себептен Совет үкіметінің саясаты осы ұштасушылықты нығайтуға қарай бағытталуы керек екенін есте ұстағанын оп-оңай түсінуге болады.

Мәселен, XXII том — 174-бетті; XXV том — 50, 80-беттерді; XXVI том — 40, 67, 207, 216-беттерді; XXVII том 47-бетті алыңыз. Осы еңбектерінің бәрінде, сол сияқты кейбір басқа шығармаларында да Ленин біздің мемлекетімізді **«жұмысшы-шаруа»** мемлекеті деп атайды. Бірақ Ленин бұл реттердің бәрінде біздің мемлекетіміздің таптық жаратылысын сыйпаттауды емес, біздің шаруа еліміздің жағдайларындағы біздің мемлекетіміздің пролетарлық жаратылысы мен социалистік міндеттерінен туатын ұштасушылықты нығайту саясатын анықтауды еске алады, мұны түсінбеу таңғаларлық нәрсе болар еді. «Жұмысшы-шаруа» мемлекеті туралы айтқанда, осындай шартты және шектеулі мағнада, **тек осы мағнада ғана**, айтуға болады, өз еңбектерінің жоғарыда келтірілген жерлерінде Ленин осылай істейді де.

Біздің мемлекетіміздің таптық жаратылысына келетін болсақ, бұл жөнінде Ленин ешқандай теріс мағнаға жол бермейтін өте дәлме-дәл тұжырым береді: шаруа халқы басым болып отырған елде бюрократтық бұрмалануы бар жұмысшы мемлекеті, дейді деп мен жоғарыда айтып өттім. Түсінікті шығар. Осылай

бола тұрса да, әріпті ғана «оқый» білетін, бірақ оқығанын түсінгісі келмейтін кейбір «оқушылар» біздің мемлекетіміздің жаратылысы туралы мәселеде Ленин бізді «шатастырды», ал «шәкірттерінің» «шатасқанды» «түзеткісі» келмейді деп шағым етуін әлі қоймай жүр. Біраз ерсілеу...

Сіз: бұл «түсініспеушіліктерден» шығатын жол қайда? деп сұрайсыз.

Бұдан шығатын жол, меніңше, біреу: Лениннің шығармаларын жеке цитаталар бойынша емес, оның асыл негізін оқып үйрену керек, зейін қойып және ыждағатпен, ерінбей-жалықпай оқып-үйрену керек.

Мен басқа жолды көре алмадым.

«Большевик» № 6,
15 март, 1927 ж.

ШИНКЕВИЧКЕ ХАТ

Кешігіп жауап бергенім үшін ғапу өтінемін.

1) Сіз Лениннің араққа қарсы сөздерін (XXVI және XXVII томды қараңыз[43]) дәлелге келтіресіз. Ленин сөздері Орталық Комитетке, әрине, мәлім. Осылай бола тұрса да, партияның Орталық Комитеті арақты енгізуге рыйза болған болса, онда мұның себебі — Орталық Комитетте Лениннің 1922 жылы берген рыйзашылығы болған болатын.

Ленин біздің тарапымыздан белгілі құрбандықтар болған жағдайда біз буржуазиялық мемлекеттерге бересі борышымыз жөнінде есеп айырысуды жөнге салуымыз және ірі заем немесе ұзақ мерзімді ірі кредит алуымыз ғажап емес деп санады. Ол Генуяда конференция[44] болған кезде осылай ойлады. Мұндай комбинация болған жағдайда арақты енгізуге, әрине, тура келмеген болар еді. Бірақ бұл комбинация іске аспағандықтан, ал өнеркәсіп үшін бізде ақша болмағандықтан, оның бержағында ақша қаражатының белгілі минимумы болмайынша біз бүкіл халық шаруа-

шылығының тағдырын шешетін өнеркәсібімізді азды-көпті жөндеп өркендетеміз деп сене алмағандығымыздан Ленинмен бірге біз арақты енгізуге тура келеді деген қортындыға келдік.

Не жақсы: шетел капиталына құлдық жақсы ма, немесе арақты енгізген жақсы ма, — біздің алдымызға мәселе міне осылай қойылды. Әрине, біз арақка тоқтадық, өйткені пролетариат пен шаруалардың жеңуіне бола біздің титтей ластанып шығуымызға тура келетін болса, біз өз ісіміздің мүдделеріне бола мұндай лажсыз шараға да бел байлаймыз деп есептедік және осылай деп есептеудеміз.

Бұл мәселе бізде 1924 жылы октябрьде партиямыздың Орталық Комитетінің талқысына салынды. Орталық Комитеттің кейбір мүшелері арақты енгізуге қарсы болды, бірақ өнеркәсіп үшін қаражатты қайдан алуға болатынын ешбір айтпады. Бұған жауап ретінде Орталық Комитеттің 7 мүшесі, соның ішінде мен де бармын, Орталық Комитеттің пленумына мынадай мәлімдеме түсірді:

«Шет елден заем алу үмітсіз болғандығы себепті (Генуядан іс шықпауы), арақ монополиясын енгізу керек болады, валютаны қолдауға және өнеркәсіпті қолдауға минимум қор жасау үшін бұл өте-мөте керек деп 1922 жылдың жазында және сол жылдың күзінде (сентябрь) Ленин жолдас біздің әркайсымызға бірнеше рет айтқан болатын. Кейбір жолдастар Лениннің бұл мәселе жөніндегі ертеректегі айтқандарын дәлелге келтіретіндігі себепті осының бәрін мәлімдеуді өзіміздің борышымыз деп санаймыз».

Біздің партиямыздың Орталық Комитетінің пленумы арақ монополиясын енгізу туралы қарар қабылдады.

2) Сіздің «менімен хат арқылы байланыс жасағы-

ңыз» келетіндігі жайына келсек, мен Сіздің мұңыңызды қарсы алуға әзірмін және Сіздің Өзіңіз білгіңіз келетін мәселелер жөнінде жазып тұруыңызды сұраймын. Мен, бәлкім, біраз кешігіп жауап қайтарып тұрармын. Дегенмен жауап беріп тұрамын.

Коммунистік сәлеммен ***И. Сталин***

20 март, 1927 ж.

Бірінші рет басылып отыр

БЛКЖО-ның БҮКІЛОДАҚТЫҚ V КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[45]

29 март, 1927 ж.

Жолдастар! Сіздерді біздің партиямыздың Орталық Комитетінің атынан құттықтауға рұхсат етіңіздер. (Қол шапалақтау.)

Біздің еліміздің жұмысшы-шаруа жастарын ұйымдастыру және саяси жағынан ағарту жөніндегі қыйын жұмыста сіздердің табысқа жетулеріңізді тілеуге рұхсат етіңіздер.

Комсомол бізде әрқашан біздің жауынгерлеріміздің алдыңғы сапында болды. Комсомол бұдан былайғы жерде де социализмнің туын жоғары ұстап алға апарып, алдыңғы сапта болады деп сенейік. (Қол шапалақтау.)

Ал енді, құттықтаудан кейін, екі мәселеге көшуге рұхсат етіңіздер; бұл мәселелер туралы жаңа ғана сіздердің бірқатар жолдастарыңыз-комсомолецтер менімен әңгімелесті.

Бірінші мәселе — біздің өнеркәсіптік саясатымыз туралы мәселе. Бұл, былайынша айтқанда, біздің ішкі істеріміз. Және екінші мәселе — Нанкин оқыйғалары туралы мәселе[46]. Демек, бұл — сыртқы істер.

Жолдастар! Біздің индустриямыздың жүруіне тиісті негізгі жолы, оның бұдан былай барлық басатын кадамын белгілейтін негізгі жол — өнеркәсіп өнімінің түсер бағасын үздіксіз арзандату жолы, өнеркәсіп товарларының босатылатын бағасын үздіксіз арзандату жолы болып табылады. Егер біздің индустриямыз өркендегісі келсе, егер ол нығайғысы келсе, егер ол ауыл шаруашылығын өзінің соңынан ертіп отырғысы келсе, егер ол біздің социалистік экономикамыздың ірге тасын нығайтып, кеңейткісі келсе, осы даңғыл жолмен жүріп отыруға тиіс.

Бұл жол қайдан шықты?

Бұл жолдың керекті және мақсатқа қолайлы жол екенін анықтайтын себептер қандай?

Бұл жолды анықтайтын, ең кем дегенде, негізгі төрт себеп бар.

Бірінші себеп мынау: жоғары бағаға негізделген өнеркәсіп нағыз өнеркәсіп болып табылмайды және нағыз өнеркәсіп бола алмайды, өйткені мұндай өнеркәсіп күн көзінде еркін өспей, үйде өскен, сондықтан өмірге бейімі жоқ және өмірге бейімді бола алмайтын өсімдікке ұқсап, қалайда қатып-семіп азып кетуге тиіс. Бізге керегі — товарларға бағаны үздіксіз арзандатып отыратын өнеркәсіп қана, өнімнің түсер бағасын үздіксіз арзандатуға негізделген өнеркәсіп қана, олай болса, өзінің өндірісін, техникасы мен еңбек ұйымдастыруын, шаруашылықты басқару әдістері мен формаларын үздіксіз жақсартып отыратын өнеркәсіп қана, — тек осындай өнеркәсіп қана бізге керек, өйткені тек осындай өнеркәсіп қана алға басып өркендей алады, тек осындай өнеркәсіп қана пролетариаттың қолын толық жеңіске жеткізе алады.

Екінші себеп мынау: біздің өнеркәсібіміз ішкі рынокке негізделеді. Біз шетел рыногінде капиталистермен бәсекелесе алмаймыз және оған мүмкіндігіміз жоқ. Ішкі рынок біздің өнеркәсібіміз үшін оның негізгі рыногі болып табылады. Ал бұдан шығатын қортынды: біздің ішкі рыногіміз, бұл рыноктің аумағы, өнеркәсіп товарларын бұқараның сұрауы қандай көлемде өсіп, кеңейе алатын болса, біздің өнеркәсібіміз сондай көлемде өсіп, нығая алады. Ал біздің ішкі рыногіміздің кеңеюі, оның аумақтылығының артуы немен белгіленеді? Ол, басқасын былай қойғанда, өнеркәсіп товарларына бағаның үздіксіз арзандауымен, яғни біздің өнеркәсібіміздің жоғарыда мен айтқан өркендеуінің негізгі жолымен белгіленеді.

Үшінші себеп мынау: өнеркәсіп товарларына бағаны арзандатпайынша, өнеркәсіп товарларын үздіксіз арзандатып отырмайынша, жұмысшылардың жалақысын бұдан былай да арттыра беру үшін керекті жағдайларды сақтап қалу мүмкін емес. Біріншіден, жұмысшылардың өздері өнеркәсіп товарларын тұтынушы болып табылады, осы себептен бұл товарларға бағаны арзандатудың реалды жалақыны сақтау және арттыру үшін үлкен маңызы болмай қалмайды. Екіншіден, өнеркәсіп товарларына бағаны арзандату қалаларда көбінесе жұмысшылар тұтынатын ауылшаруашылық өнімдері бағасының тұрақтылығын белгілейді, жұмысшылардың реалды жалақысын сақтау және арттыру үшін мұның да аса үлкен маңызы болмай қалмайды. Біздің социалистік мемлекетіміз жұмысшылардың жалақысын үздіксіз арттырмай отыра ала ма? Жоқ, арттырмай отыра алмайды. Ал бұдан шығатын қортынды: өнеркәсіп товарларына бағаны

үздіксіз арзандатып отыру жұмысшы табының тұрмыс дәрежесін ылғый арттырып отыру үшін ең керекті жағдайлардың бірі болып табылады деген сөз.

Ақырында, төртінші себеп мынау: өнеркәсіп тоқарларына бағаны арзандатпайынша, біз өз елімізде пролетариат диктатурасының базасы болып табылатын байланысты — пролетариат пен шаруалар арасындағы, индустрия мен шаруалар шаруашылығының арасындағы ұштасушылықты сақтай алмаймыз. Сіздер білесіздер, шаруа өнеркәсіп тоқарларына, матаға, машиналарға және тағы басқаларына артық төлеп жүр. Сіздер білесіздер, бұл жағдай шаруалардың арасында үлкен наразылық тудырып, ауыл шаруашылығының өсуін қыйындатып отыр. Ал бұдан қандай қортынды шығады? Ал бұдан шығатын қортынды мынау ғана: егерде біз ұштасушылықты сақтауды, жұмысшы табы мен шаруалардың одағын сақтауды және ауыл шаруашылығын бұдан былай да өркендетуді шын тілесек, өнеркәсіп тоқарларына бағаны үздіксіз арзандата беру саясатын жүргізуіміз керек.

Ал өнеркәсіп өнімінің түсер бағасын және тоқарлардың босатылу бағасын арзандату саясатын әбден мүмкін және толық жүзеге асырылатын саясат ету үшін не істеу керек? Мұның үшін өндірістің техникасын негізінен жақсарту керек, кәсіп орындарда еңбек ұйымдастыруды негізінен жақсарту керек, бүкіл шаруашылық аппаратын негізінен жақсарту және оңайлату керек, шаруашылық аппаратының бюрократтығына қарсы батыл күресу керек. Осының бәрі бізде өндірісті және шаруашылық басқаруды социалистік жолмен рационализациялау деп аталады. Жаңа, жақсы техниканы қолданбайынша, еңбек ұйымдастыру-

дың жаңа, жақсы әдісін колданбайынша, біздің шаруашылық аппаратымызды оңайлатып, арзандатпайынша еңбек өнімділігін мықтап арттыру және өнеркәсіп өнімінің түсер бағасын үздіксіз арзандату мүмкін болмайтын даму кезеңіне біздің өнеркәсібіміз енді кіріп отыр. Осының бәрі еңбек өнімділігін арттыру үшін және өнеркәсіп товарларына бағаны арзандату үшін керек, тек бұл ғана емес, осының негізінде жыйнақталған қаражатты біздің индустриямызды бұдан былай өркендетіп, кеңейтуге жұмсау үшін де керек. Өндірісті және шаруашылық басқаруды социалистік жолмен рационализациялау бізге міне осының үшін керек.

Сонымен, мынадай тізбек болып шығады: өнеркәсіп өнімінің түсер бағасы мен товарлардың босатылу бағасын үздіксіз арзандатып отырмайынша, біз индустрияны ілгері өркендете алмаймыз, ал жаңа техниканы, еңбек ұйымдастырудың жаңа формаларын, шаруашылық басқарудың жаңа, оңайлатылған әдістерін колданбайынша өнеркәсіп товарларына бағаны арзандату мүмкін емес. Осыдан келіп, өндірісті және шаруашылық басқаруды социалистік жолмен рационализациялау кәзіргі кездегі шешуші мәселелердің бірі болып отыр.

Міне сондықтан, менің ойымша, біздің партиямыздың Орталық Комитетінің өндірісті және шаруашылық басқаруды рационализациялау туралы жақында қабылдаған қаулысы[47] ең таяу дәуір ішінде жүргізілетін өнеркәсіптік саясатымызды белгілейтін біздің партиямыздың өте маңызды қаулыларының бірі болып табылады.

Рационализация жұмысшылардың кейбір топтарының, соның ішінде жастардың да тарапынан уақыт-

ша біраз құрбандықтар болуын керек етеді, деседі. Бұл рас, жолдастар.

Біздің революциямыздың тарихы біздің еліміздің бүкіл жұмысшы табының мүдделері үшін жұмысшы табының жеке топтарының тарапынан біраз құрбандық болмайынша бізде бірде-бір ірі шара істелмегенін көрсетеді. Мысалға азамат соғысын алса да болады; ал кәзіргі болымсыз құрбандықтар бізде азамат соғысының дәуірінде болған үлкен құрбандықтармен ешбір салыстыруға келмейді. Ол құрбандықтардың кәзір бізде артығымен орны толып жатқанын сіздер көріп отырсыздар.

Кәзіргі болымсыз құрбандықтардың ең таяу уақыт ішінде артығымен орны толатындығын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Міне сондықтан менің ойымша, бүтін жұмысшы табының мүдделері үшін кейбір болымсыз құрбандықтардан біз тайынбауымыз керек.

Комсомол бізде әрқашан біздің жауынгерлеріміздің бірінші сапында болды. Бізде оның революциялық өміріміздің оқыйғаларынан артта қалған кездерін мен көргенім жоқ. Комсомол кәзірде де социалистік рационализациялау ісін жүзеге асыруда өзіне лайықты орынды алатындығына мен күмәнданбаймын. (Қол шапалақтау).

Енді екінші мәселеге — Нанкин оқыйғалары туралы мәселеге көшуге рұхсат етіңіздер. Мен Нанкин оқыйғалары біз үшін күтпеген нәрсе болуға тиіс емес деп ойлаймын. Империализм зорлық істемейінше және ел тонамайынша, қан төкпейінше және оқ атпайынша күн көре алмайды. Соның үшін де ол империализм. Сондықтан Нанкиндегі оқыйғалар біз үшін күтпеген нәрсе емес.

Нанкин оқыйғалары нені көрсетеді?

Бұл оқыйғалардың саяси мағнасы неде?

Бұл оқыйғалар империализмнің саясатында өзгеріс туғанын, қарулы бейбітшіліктен қытай халқына қарсы қарулы соғыс ашуға қарай өзгеріс туғанын көрсетеді.

Нанкин оқыйғаларына дейін империализм бейбітшілік туралы және басқа елдердің ішкі істеріне араласпау туралы әсем сөздермен, «цивилизация» және «адамды сүю» пердесімен, Ұлттар лигасымен және т. б. өзінің шын ниеттерін бүркеуге тырысты. Нанкин оқыйғаларынан кейін империализм әсем сөздерді де, араласпауын да, Ұлттар лигасын да, әртүрлі басқа пердені де жұлып тастайды. Қазір империализм өзінің нағыз жыртқыш және езуші екенін бүкіл дүние жүзінің алдында ешбір бетпердесіз барынша ашық көрсетіп отыр.

Буржуазиялық пацифизмге тағы бір қатты соққы берілді. Өйткені, империалистік пацифизмнің Бонкурлар, Брейтшейдтер және басқалар сыяқты шашпауын көтеріп, жырын жырлаушылар Нанкин халқын аткандық фактысына өздерінің пацифистік жалған сөздерінен басқа неменені қарсы қоя алады?

Ұлттар лигасына тағы бір соққы берілді. Өйткені, Ұлттар лигасы мүшелерінің біреуі Ұлттар лигасы мүшелерінің екінші біреуінің халқын атуы фактысын, ал Ұлттар лигасының өзі мұның маған қатнасы жоқ деп лажсыз үндемей отыруын империализмнің малайларынан басқа кім «дұрыс» деп санай алады?

Империалистік елдердің әскерлерінің Шанхайға әкелінуін қытай халқына соғыс шабуылы жасалуының қадам алды деп бағалап, біздің партиямыздың дұрыс

айтканы ыспатталды. Өйткені, Шанхайдағы әскерлердің империализмге «сөзден» — «іске» көшу үшін керек болғанын кәзір соқырлардан басқа кім көрмеуі мүмкін?

Нанкин оқыйғаларының мағнасы осындай.

Нанкин авантюрасына бел байлаған империалистердің шын ниетінің қандай болуы мүмкін?

Бәлкім, империалистер өздерінен бетпердені жұлып тастап, Нанкинде артиллерияны күн тәртібіне қойып, тарихтың дөңгелегін кері бұрмақ болған шығар, барлық елдерде етек алып келе жатқан революциялық қозғалысқа гыйым салмақ болған шығар және дүниежүзілік капитализмнің империалистік соғысқа дейін болған біршама тұрақтылығын қайта орнату жолында күрес жүргізбек болған шығар.

Империалистік соғыстан капитализмнің жазылмас жарамен шыққаны мәлім.

Бұдан он жыл бұрын ССРО жұмысшылары мен шаруалары капитал майданын бұзып, оған жазылмас жара салғаны мәлім.

Империалистік соғыстың отар және тәуелді елдерде империалистік үстемдіктің негізін теңселткені мәлім.

Октябрьден кейін он жылдан соң қытай жұмысшылары мен шаруаларының да империализм майданын бұза бастағаны, ал олар ақырында оны бұзып шықпайды деп болжауға ешқандай дәлелдің жоқ екені мәлім.

Сонымен, бәлкім, империалистер осының бәрін бір соққымен жер бетінен құртып, тарихтың «жаңа бетін» ашпақшы болған шығар. Егерде олар шынымен осыны тілеген болса, онда олардың көкке қарап ұлып

қалғандығы деп бағалау керек. Әйтпесе, артиллерияның заңдары тарихтың заңдарынан күштірек деп, Нанкинде оқ атып тарихтың дөңгелегін кері бұруға болады деп тек балалыққа батқан адамдардың ғана ойлауы мүмкін.

Бәлкім, империалистер Нанкинге оқ атып, осынысымен басқа елдердің бостандыққа ұмтылушы езілген халықтарын қорқытпақ болған шығар, оларға: Нанкиндегі әңгіме сіздердің бастарыңызға да түседі демек болған шығар. Бұл мүлдем ғажап емес, жолдастар. Империализмнің тарихында қорқыту саясатының өзінің «негіздері» бар. Ал ол, бұл саясат, жарамсыз және мақсатқа қолды жеткізбейді, — бұған күмән бола қояр ма екен. Бұл саясатты бір кезде орыс патша өкіметі «нәтижелі етіп» қолданды. Бірақ бұл немен бітті? Сіздер білесіздер, бұл патша өкіметінің толық күйреуімен бітті.

Ақырында, империалистер, бәлкім, Нанкинге оқ атып, қытай революциясын қақ жүректен жайратпақ болған шығар және біріншіден, оңтүстіктегі қытай әскерлерінің одан ілгері басуын және Қытайдың бірігуін, екіншіден, Ханькоуде концессиялар жөнінде өткізілген келіссөз шарттарының жүзеге асырылуын мүмкін етпеуді тілеген шығар. Бұл әбден мүмкін және анығында да осылай шығар. Империалистер біртұтас Қытайдың болғанын тілемейді және «көңілдегідей маневр жасау» үшін екі Қытайдың болғанын артық көреді, — бұл жайында капиталистік баспасөз бірнеше мәртебе сырын айтып алды. Шанхайдың және басқаларының концессияларына келетін болсақ, Ханькоуде белгіленіп бекітілген шарттарға империалистердің көпшілігі «тілеулес емес» екеніне күмәнданбаса да бола-

ды. Сонымен, Нанкинге оқ атып, империалистер, сірә, мұнысымен: артиллерияның қысымы арқылы және соның үн қосуы арқылы болашақта ұлт үкіметімен келіссөз жүргізгенді артық көреміз деуші болған шығар. Қайтерсің, империалистердің музыкалық тілегі осындай. Бұл таңырқарлық музыканың каннибалдардың музыкасына ұқсап кететініне империалистер, сірә, қысылып-қымтырылмайтын болса керек.

Олар өз мақсаттарына жете ала ма, жоқ па, бұл ең таяу уақыт ішінде белгілі болады. Бірақ олардың әзірге бір нәрсеге қолы жеткенін: қытайлардың арасында империализмге өшпенділікті күшейтіп алғанын, Гоминдан[48] күштерін ұйымдастыра түскенін, Қытайдағы революциялық қозғалысты сол жаққа қарай аударғанын ескеру керек.

Әзірге керісінше нәтиже шығып отырғанына күмәндануға бола қоймас.

Сонымен, Нанкинге оқ атып империалистер бір нәрсеге ұмтылған болса, іс жүзінде басқа нәрсеге жетіп отыр, сонымен олардың ұмтылған нәрсесіне тура қарама-қарсы бір нәрсе шығып отыр.

Нанкин оқыйғаларының қортындылары мен перспективалары осындай.

Консервативтік лагерьдегі білгішсінгендердің саясаты осындай.

Өлімге душар етемін деген адамын тәңірісі ақылдан айырады деп бекерге айтылмаған. (Көпке дейін басылмаған ұзақ, катты қол шапалақтау.)

«Правда» № 72,
31 март, 1927 ж.

ЧУГУНОВҚА ХАТ

Жауап беруге өте кешіктім. Ғапу өтінемін.

1) Лениннің Сун Ят-сенге 1912 жылы берген сыны[49], әрине, ескірген жоқ және күшінде қалады. Бірақ бұл сын бұрынғы Сун Ят-сен жайында айтылған. Ал Сун Ят-сен ылғый бір жерде тұрып қалған жоқ қой. Дүние жүзіндегі нәрсенің бәрі дамып отыратыны сыяқты ол да ілгері дамып отырды. Октябрьден кейін, әсіресе 1920—1921 жылдары, Сун Ят-сеннің көбінесе Қытай коммунистерімен жақындасып, бірге істесе бастағаны үшін Ленин Сун Ят-сенді өте кәдірлейтін болды. Ленин және сунятсенизм туралы сөз болғанда осы жағдайды ескеру керек. Ал мұның мәнісі Сун Ят-сен коммунист болды деген сөз бе? Жоқ, олай деген сөз емес. Сунятсенизм мен коммунизмнің (марксизмнің) арасындағы айырмашылық қалады. Егер, осыған қарамастан, Қытайдың коммунистері бір партия ішінде, Гоминдан партиясының ішінде гоминданшылдармен бірге істесіп отырған болса, мұның

себебі: Сун Ят-сеннің үш принципі — демократия, ұлт, социализм — қытай революциясы дамуының кәзіргі сатысында коммунистер мен сунятсеншілдердің Гоминдан партиясының ішінде бірігіп жұмыс істеуі үшін әбден қолайлы база болып отырғандығы.

Россия да бір кезде буржуазиялық-демократиялық революцияның қарсаңында тұрды, солай болса да, коммунистер мен эсерлер ол кезде жалпы бір партияда тұрған жоқ деген әңгімелердің, — мінеки бұл әңгімелердің ешқандай негізі жоқ. Әңгіме мынада: Россия ол кезде ұлттық жағынан езілген ұлт болған жоқ (оның өзі басқа ұлттарды езуден аулақ болмады), осы себептен де елдің революциялық күштерін біртұтас лагерьге жыйнақтайын күшті ұлттық жағдай Россияда болған жоқ, ал кәзіргі Қытайда ұлттық жағдайдың бар екені былай тұрсын, қайта ол Қытайдың революциялық күштерін Гоминдан ішіндегі өзара қатнастарының сыйпатын белгілейтін әлі **басым** жағдай болып отыр (империалистік езушілерге қарсы күрес).

2) Менің XIV съезде жасаған баяндамамда[50] «Жапонияға жеңілдік беру», оның үстіне «Қытайдың есебінен беру» жайында **бір сөз де** айтылмайды. Бұл жеңілтектік, Чугунов жолдас. Мен Жапониямен достық қатнастар туралы ғана айтамын. Ал дипломатия тұрғысынан қарағанда достық қатнастар деген не? Мұның мәнісі — біздердің Жапониямен соғысқымыз келмейді, біз бейбітшілік саясатын жақтаймыз деген сөз.

3) Солтүстік Американың екі жақты саясатына келетін болсақ, онда оның, бұл екі жақтылықтың

айқындығы және күмәнсыздығы соншалық — тіпті түсіндіріп жатуды керек қылмайды.

Коммунистік сәлеммен ***И. Сталин***

9 апрель, 1927 ж.

Бірінші рет басылып отыр

ПАРТИЯНЫҢ ШАРУА МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ҮШ ҰРАНЫ ТУРАЛЫ

Ян-скийге жауап

Сіздің хатыңызды, әрине, дер кезінде алдым. Жауапты кешіктіріңкіреп қайтарып отырмын, оған ғапу етіңіз.

1) **«Революция атаулының ең басты мәселесі — мемлекеттік өкімет туралы мәселе»** дейді Ленин (қараңыз: XXI том, 142-бет). Өкімет қандай таптың немесе қандай таптардың қолына қарайды; қандай тап немесе қандай таптар құлатылуға тиіс, өкіметті қандай тап немесе қандай таптар алуға тиіс, — «революция атаулының ең басты мәселесі» міне осында.

Революцияның бүкіл белгілібір кезеңі бойына өзінің күшін сақтайтын, партияның негізгі стратегиялық ұрандары тұтасымен, түгелінен Лениннің осы негізгі тезисіне сүйенбесе, оларды негізгі ұрандар деп атауға болмайды.

Негізгі ұрандар, таптық күштерге маркстік анализ жасау негізіне сүйеніп құрылса ғана, бұл ұрандар тап күресінің майданында революциялық күштерді орналастырудың дұрыс схемасын белгілейтін болса ғана, бұл ұрандар революцияның жеңуі жолындағы

күрес майданына, жаңа таптың өкіметті алуы жолындағы күрес майданына бұқараны жұмылдыруды жеңілдетсе ғана, бұл ұрандар партияның осы міндетті орындауына керекті кең және күшті саяси армияны қалың халық бұқарасынан құрауына жеңілдік келтірсе ғана дұрыс бола алады.

Революцияның белгілібір кезеңінің өн бойында жеңілістер мен шегіністердің, сәтсіздіктер мен жеке тактикалық қателердің болуы мүмкін, бірақ бұдан негізгі стратегиялық ұран дұрыс емес деген сөз шықпайды. — Мәселен, революциямыздың **бірінші** кезеңіндегі — «барлық шаруалармен бірігіп, буржуазияны бейтарап етіп, патша мен помещиктерге қарсы шығып, буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңуі үшін күресейік» — деген негізгі ұран, 1905 жылғы революцияның жеңіліс тапқанына қарамастан, әбден дұрыс ұран болды.

Олай болса, партияның негізгі ұраны туралы мәселені революция дамуының белгілібір сатысында революцияның табысты болуы немесе сәтсіздікке ұшырауы туралы мәселемен шатастыруға болмайды.

Революцияның барысында партияның негізгі ұраны ескі таптардың немесе ескі таптың өкіметін құлатуға жеткізсе де, революцияның бұл ұраннан келіп туатын бірсыпыра мәнді талаптарының жүзеге аспауы, немесе олардың жүзеге асуы бірсыпыра уақытқа созылуды, немесе олардың жүзеге асуына жаңа революция керек болуы мүмкін, бірақ бұдан негізгі ұран дұрыс емес деген сөз шықпайды. Мәселен, 1917 жылғы февраль революциясы патша өкіметі мен помещиктерді құлатты,. бірақ помещиктердің жерін конфискациялауды, т. т. жүзеге асырмады, ал бұдан револю-

цияның бірінші кезеңіндегі біздің негізгі ұранымыз дұрыс болмады деген сөз шықпайды.

Не болмаса тағы да: Октябрь революциясы буржуазияның құлатылып, өкіметтің пролетариат қолына көшуін жүзеге асырды; бірақ: а) жалпы айтқанда буржуазиялық революцияны ақыр аяғына дейін жеткізуге, б) атап айтқанда, деревняда кулактарды шеттетуге бірден әкелген жоқ, бұл істі белгілібір уақытқа дейін создырып жіберді; бірақ бұдан революцияның **екінші** кезеңіндегі «аса кедей шаруалармен бірігіп, орта шаруаларды бейтарап етіп, қала мен деревнядағы капитализмге қарсы шығып, пролетариат өкіметі үшін күресейік» деген негізгі ұранымыз дұрыс болмады деген сөз шықпайды.

Олай болса, партияның негізгі ұраны туралы мәселені ол ұраннан туатын белгілібір талаптарды жүзеге асырудың мезгілі және формалары туралы мәселемен шатастыруға болмайды.

Сондықтан партиямыздың стратегиялық ұрандарын революциялық қозғалыстың белгілібір дәуірдегі мезгіл-мезгіл жеңіп шығуы немесе жеңіліс табуы жағынан, қала берді, бұл ұрандардан туатын белгілібір талаптарды жүзеге асырудың мезгілі мен формалары жағынан қарап бағалауға мүлде болмайды. Партияның стратегиялық ұрандары таптық күштерге маркстік талдау жасау тұрғысынан ғана және революцияның жеңуі, өкіметті жаңа таптың қолына беру жолындағы күрес майданында революция күштерін дұрыс орналастыру жағынан ғана бағалануға тиіс.

Сіздің қатеңіз сол — Сіз мұндай аса маңызды методологиялық мәселені ескермей кеткенсіз, не оны түсінбегенсіз.

2) Сіз өзіңіздің хатыңызда былай деп жазасыз:

«Біз Октябрьге дейін ғана барлық шаруалармен одақ жасап келдік деу дұрыс па? Жоқ, дұрыс емес. «Барлық шаруалармен одақ жасау керек» деген ұран Октябрьге дейін де, **Октябрь кезінде де, Октябрьден кейінгі алғашқы дәуірде де** қолданылған ұран болды, өйткені барлық шаруалар буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізуге мүдделі болды».

Сонымен, бұл цитатаға қарағанда, революцияның **алғашқы** кезеңіндегі (1905 ж. — февраль 1917 ж.) патшалы-помещиктік өкіметті құлатып, пролетариат пен шаруа диктатурасын орнатуды қолға алған кездегі, партияның стратегиялық ұранынан, революцияның **екінші** кезеңіндегі (февраль 1917 ж. — октябрь 1917 ж.) буржуазия өкіметін құлатып, пролетариат диктатурасын орнатуды қолға алған кездегі стратегиялық ұранның **айырмасы жоқ болып** шығады.

Олай болса, сіз буржуазиялық-демократиялық революция мен пролетарлық-социалистік революцияның арасындағы негізгі айырманы мойындамаған боласыз. Ал Сіздің бұл қатені істеуіңіздің себебі: стратегиялық ұранның негізгі тақырыбы — революцияның сол кезеңіндегі өкімет туралы мәселе, **қандай** тап құлатылып, өкімет **қандай** таптың қолына берілуі керек екендігі туралы мәселе деген қарапайым нәрсені Сіз, шамасы, түсінгіңіз келмейді. Бұл жерде Сіздің мұныңыздың түбірінен теріс екендігін дәлелдеп жатудың қажеті болар ма екен.

Сіз Октябрь кезінде және октябрьден кейінгі алғашқы дәуірде біз «**барлық** шаруалармен одақ жасалсын» деген ұранды жүзеге асырып отырдық, өйткені барлық шаруалар буржуазиялық революцияны

ақырына дейін жеткізуге мүдделі болды дейсіз. Ал Октябрь төңкерісі мен Октябрь революциясы буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізуді өзінің алдына негізгі міндет етіп қойды немесе сонымен тынып бітті деп Сізге кім айтты? Сіз мұны қайдан алдыңыз? Буржуазия өкіметін құлатып, пролетариат диктатурасын орнатуды буржуазиялық революцияның шеңберіне сыйғызуға бола ма екен? Пролетариат диктатурасын орнату буржуазиялық революцияның шегінен асу емес пе екен?

Кулактар (бұлар да шаруалар ғой) буржуазияны құлатуды және өкіметтің пролетариатқа көшуін қолдай алды деп қалай айтуға болады?

Жерді национализациялау, жерге жеке меншіктілікті жою, жерді алып, сатуды тыю, т. т. туралы декрет, оның социалистік декрет болып санала алмайтынына қарамастан, бізде кулактармен одақ жасай отырып жүргізілмей, кулактарға қарсы **күресте** жүргізілгендігін қалай мойындамауға болады?

Кулактар (бұлар да шаруалар) фабрикаларды, заводтарды, темір жолдарды, банктерді, т. т. экспроприациялау туралы Совет өкіметінің декреттерін немесе империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру туралы пролетариаттың ұранын қолдай алды деп, қалай айтуға болады?

Октябрьдегі **негізгі нәрсе** осы және осы сияқты актылар емес, буржуазияны құлату және пролетариат диктатурасын орнату емес, буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу деп, қалай айтуға болады?

Дау жоқ, Октябрь революциясының басты міндеттерінің бірі — буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу болды, Октябрь революциясы болмаса

буржуазиялық революция ақырына дейін жеткізілмес еді, сол сыяқты буржуазиялық революция ақырына дейін жеткізілмесе, Октябрь революциясының **өзі** де баянды бола алмас еді, ал Октябрь революциясы буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізіп отырғандықтан да барлық шаруалар оған тілектес болуға тиіс болды. Мұның бәрі даусыз нәрсе. Бірақ бұған қарап, буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу Октябрь революциясының өрісінде **туынды құбылыс** болған жоқ, оның **сөлі немесе негізгі** мақсаты болды деп айтуға бола ма? Буржуазия өкіметін құлату, пролетариат диктатурасын орнату, империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру, капиталистерді экспроприациялау сыяқты, т. с. Октябрь революциясының негізгі мақсатын Сіз қайда жібердіңіз?

Ал егер стратегиялық ұранның басты тақырыбы — революция атаулының негізгі мәселесі, яғни өкіметтің бір тап қолынан екінші таптың қолына көшуі туралы мәселе болатын болса, бұдан пролетариат өкіметінің буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізуі туралы мәселені буржуазияны құлату және сол пролетариат өкіметін орнату туралы мәселемен, яғни революцияның екінші кезеңінде стратегиялық ұранның бас тақырыбы болып саналатын мәселемен шатастыруға болмайтындығы айқын емес пе?

Пролетариат диктатурасының ең ұлы табыстарының бірі — пролетариат диктатурасы буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізіп, ортағасырлық заманнан қалған көң-қоқырды түк қалдырмай сыпырып тастады. Деревня үшін мұның басты және шын мәнісінде шешуші маңызы болды. Мұнсыз шаруа со-

ғыстарын пролетарлық революциямен ұштастыруды жүзеге асыруға болмас еді; бұл туралы Маркс өткен ғасырдың екінші жартысында-ақ айтқан болатын[51]. Мұнсыз пролетарлық революцияның өзі баянды етіле алмаған болар еді.

Бұл арада мынадай маңызды жағдайды ескеру керек. Буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу бірден-ақ болған акты емес. Оны ақырына дейін жеткізу іс жүзінде тұтас бір дәуір бойына созылды, Сіз өз хатыңызда айтқаныңыздай 1918 жылдың бір бөлшегін ғана қармап қойған жоқ, сонымен қатар 1919 жылдың да (Еділ бойы — Орал), 1919—1920 жылдардың да бөлшегін (Украина) қармады. Менің айтып отырғаным Колчак пен Деникин шабуылы; бұл кезде бүкіл шаруалар алдында помещиктер өкіметінің қайта орнау қаупі туды; буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізуді қамтамасыз етіп, бұл революцияның жемісін өз қолында сақтап қалу үшін, бұл кезде **бүкіл** шаруалардың Совет өкіметі айналасына жыйналып бірікпеске амалы болмады. Сіздің Лениннен келтірген цитаталарыңызды да, партия ұрандарын жүзеге асырудың тетігін де дұрыс түсіну үшін, қайнаған өмірдің осындай күрделілігін оның ағымдарының әркыйлы болатынын пролетариат диктатурасының тікелей социалистік міндеттерінің буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу міндетімен осындай «таңғажайып» қыюласуын әрдайым көз алдында ұстау керек.

Бұл қыюласу революцияның **екінші** кезеңіндегі партия ұранының дұрыс болмағандығын көрсетеді деп, бұл ұранның революцияның **бірінші** кезеңіндегі ұрандардан айырмасы жоқ деп айтуға бола ма? Жоқ,

олай деп айтуға болмайды. Қайта керісінше, бұл қыюласу революцияның екінші кезеңіндегі: **аса кедей** шаруалармен бірігіп отырып, қала мен деревнядағы капиталистік буржуазияға қарсы, пролетариат өкіметі үшін күресу керек, т. т. деген партия ұранының дұрыстығын ғана көрсетеді. Неге? Неге десеңіз, буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу үшін, Октябрьде **алдымен** буржуазияның өкіметін құлатып, пролетариат өкіметін орнату керек болды, өйткені тек осындай өкімет қана буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізе алады. Ал Октябрьде пролетариат өкіметін орнату үшін, Октябрьдің алдында буржуазияны құлата алатын, пролетариат өкіметін орната алатын **лайықты** саяси армияны дайындап, ұйымдастыру керек болды, оның бер жағында, **мұндай** саяси армияны біз **тек**; пролетариатты аса кедей шаруалармен одақтастыра отырып, буржуазияға қарсы, пролетариат диктатурасы үшін күресу керек деген ұранмен **ғана** дайындап, ұйымдастыра алғандығымызды дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

1917 жылдың апрелінен 1917 жылдың октябріне дейін жүргізіліп келген **мұндай** - стратегиялық ұран болмаған болса, бізде **мұндай** саяси армия болмас еді, демек Октябрьде жеңе алмас едік, буржуазия өкіметін құлата алмас едік және, солай болғаннан кейін, буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізуге мүмкіншілігіміз болмас еді, бұл айқын нәрсе.

Міне сондықтан да буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізуді революцияның екінші кезеңіндегі пролетариаттың өкіметті өз қолына алуын қамтамасыз етуді көздеген стратегиялық ұранға қарсы қоюға болмайды.

Осы «қайшылықтардың» бәріне сокпай кетудің бір-ақ амалы бар, ол — революцияның бірінші кезеңіндегі (буржуазиялық-демократиялық революция) стратегиялық ұран мен революцияның екінші кезеңіндегі (пролетарлық революция) стратегиялық ұранның арасындағы негізгі айырманы мойындау, — революцияның бірінші кезеңіндегі дәуірде біз **барлық** шаруалармен біріге отырып, буржуазиялық-демократиялық революция үшін күрескенімізді, ал, революцияның екінші кезеңіндегі дәуірде біз **аса кедей** шаруалармен біріге отырып, капитал өкіметіне карсы, пролетарлық революция үшін күрескенімізді мойындау.

Ал мұны мойындау керек, өйткені бұған бізді революцияның бірінші және екінші кезеңдеріндегі таптық күштерді талдау ісі міндеттендіріп отыр. Бұлай болмаса, 1917 жылдың февралына дейін біз жұмысты пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы деген ұранды алға ұстай отырып жүргіздік, ал, 1917 жылдың февралынан кейін біз бұл ұраннның орнына пролетариат пен **аса кедей** шаруалардың **социалистік** диктатурасы ұранын қолдандық деген фактыны түсіндіруге болмас еді.

1917 жылдың март — апрель айларында мұндай бір ұраннның орнына екінші ұранды колдануды Сіздің схеманыз бойынша түсіндіруге болмайды, мұны мойындаңыз.

Партияның стратегиялық екі ұранынын осы негізгі айырмасын Ленин өзінің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітапшасында-ақ көрсеткен болатын. Партияның буржуазиялық-демократиялық революцияны дайындау кезіндегі ұранын Ленин былай деп айтып берген:

«Пролетариат самодержавиенің қарсылығын күшпен жаныштау үшін және буржуазияның тұрақсыздығын күрмеу үшін, шаруалар бұқарасын өзіне қосып алып демократиялық төңкерісті ақыраяғына дейін жеткізуге тиіс» (қараңыз: VIII том, 96-бет).

Басқаша айтқанда: барлық шаруалармен бірлесіп, буржуазияны бейтарап етіп, самодержавиеге қарсы шығып, демократиялық төңкеріс үшін күресу.

Ал, партияның социалистік революцияны дайындау дәуіріндегі ұранына келсек, Ленин оны былай деп айтып берген:

«Пролетариат буржуазияның қарсылығын күшпен тойтару үшін және шаруалар мен ұсақ буржуазияның тұрақсыздығын күрмеу үшін, халықтың жартылай пролетар элементтерінің бұқарасын өзіне қосып алып, социалистік төңкеріс жасауға тиіс» (мұны да содан қараңыз).

Басқаша айтқанда: аса кедей шаруалармен, жалпы айтқанда халықтың жартылай пролетарлық топтарымен бірлесіп, қала мен деревнядағы ұсақ буржуазияны бейтарап етіп, буржуазияға қарсы шығып, социалистік төңкеріс үшін күресу.

Бұл 1905 жылы болды.

1917 жылы апрельде, Ленин сол кездегі саяси халді пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы нақты буржуазия өкіметімен қыюласып кетті деп сыйпаттай келіп, былай деген:

«Россиядағы кәзіргі кезеңнің өзгешелігі — пролетариаттың саналылығы мен ұйымдасқандығы жеткіліксіз болғандықтан өкіметті буржуазияға берген революцияның бірінші* кезеңінен өкіметті пролетариаттың және шаруалардың аса кедей топтарының* қолына беруге тиісті оның екінші кезеңіне өту» (Ленинның «Апрель тезистерін» қараңыз, XX том 88-бет).

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

1917 жылы августың аяқ шенінде, Октябрьге дайындық барынша қызу түрде жүргізіліп жатқан кезде, Ленин «Шаруалар мен жұмысшылар» деген арнаулы мақаласында былай деп жазған:

«Тек пролетариат пен **шаруалар*** ғана монархияны құлата алады — біздің таптық саясатымыздың ол кездегі (1905 жыл туралы айтылып отыр. **И. Ст.**) негізгі анықтамасы осындай болды. Бұл анықтама дұрыс та еді. 1917 жылдың февралы мен маусымы мұны тағы да дәлелдеді. **Аса кедей шаруаларға*** (біздің программамызша айтқанда, жартылай пролетарларға) басшылық етіп отырған пролетариат қана соғысты демократиялық бітіммен тындыра алады, соғыстың жараларын жаза алады, социализмге аяқ басу жөнінде сөзсіз қажет болған және **кешеуілдетуге болмайтын** адымдарды бастай алады — біздің таптық саясатымыздың кәзіргі анықтамасы міне осындай» (қараңыз: XXI том, 111-бет).

Мұны бізде **осы күні** пролетариат **пен** аса кедей шаруалардың диктатурасы бар екен деп түсінбеу керек. Олай деу, әрине, дұрыс емес. Біз Октябрьге қарай бет алғанда, пролетариат пен аса кедей шаруалардың диктатурасы деген ұранды қолдандық және бұл ұранды Октябрьде ресми түрде жүзеге асырдық, өйткені біз солшыл эсерлермен одақ жасадық және басшылықты солармен бөлісіп жүргіздік, ал, факты жүзінде сол кездің өзінде-ақ бізде пролетариат диктатурасы болды, өйткені біз, большевиктер, көпшілік едік. Бірақ солшыл эсерлердің «бұлігінен»[52] соң, солшыл эсерлермен жасалған одақ бұзылғаннан кейін, басшылық **тұтасымен** және **толығынан бір** партияның қолына, мемлекетке басшылық ету ісін басқа партиямен бөліспейтін және бөлісе де алмайтын біздің партияның қолына көшкен кезде, пролетариат **пен** аса

* Курсив менікі. **И. Ст.**

кедей шаруалардың диктатурасы ресми түрде өмір сүруден қалды. Міне осыны біз пролетариат диктатурасы деп атаймыз.

Ақырында, 1918 жылы ноябрьде Ленин, революцияның өткен жолына көз жүгірте келіп, былай деп жазған:

«Я біз **тұтас** шаруалармен **бірге** жүріп келе **жатқанда**, біздің революциямыз буржуазиялық революция болады. Мұны біз ашықтан-ашық түсіндік, 1905 жылдан бері қарай жүз рет, мың рет айттық, тарихи процестің соқпай өтуге болмайтын бұл сатысынан аттап өтуге де, оны декретпен өзгертуге де ешқашан ұмтылып көрмедік... Ал 1917 жылы, **апрель** айынан бері қарай, **Октябрь революциясынан көп бұрын***, өкіметті **өз қолымызға алғаннан бұрын*** біз ашық айтып, халыққа мынаны түсіндірдік: революция кәзіргі күйінде енді тоқтап қала алмайды, өйткені ел алға кетті, капитализм алға қарай қадам басты, күйзелушілік құлақ естіп, көз көрмеген шекке жетті, бұл күйзелушілік (оны біреулер мейлі тілесін, мейлі тілемесін) алға қарай, **социализмге қарай** қадам басуды **талап етпекші.** Өйткені басқа жолмен алға басуға, соғыс тыйтығына жеткен елді басқа жолмен құтқаруға, еңбекшілер мен қаналушылардың шеккен азабын басқа жолмен **жеңілдетуге болмайды.** Біздің айтқанымыз бұлжымай дәл келді Революцияның аяқ алысы біздің айтқанымыздың дұрыс екенін көрсетті. **Әуелі** «барлық» шаруалармен біріге отырып монархияға қарсы, помещиктерге қарсы, орта ғасырлыққа қарсы күрестік (міне сондықтан революция буржуазиялық, буржуазиялық-демократиялық революция болып отыр). **Онан кейін**, аса кедей шаруалармен біріге отырып, жартылай пролетариатпен біріге отырып, барлық қаналушылармен біріге отырып **капитализмге қарсы**, соның ішінде **деревнядағы байларға, кулактарға, жалдаптарға қарсы*** күрестік, міне сондықтан революция **социалистік** революция бола бастайды» (қараңыз: XXIII том, 390—391-беттер).

Көріп отырсыздар, буржуазиялық-демократиялық революцияны дайындау дәуіріндегі бірінші стратегиялық ұран мен Октябрьге дайындалу дәуіріндегі

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

екінші стратегиялық ұраннның арасында терең айырма барлығын Ленин әлденеше рет көрсеткен болатын. Анадағы ұран: **барлық шаруалармен** біріге отырып, самодержавиеге қарсы күресу, мынадағы ұран: **аса кедей шаруалармен** біріге отырып, буржуазияға қарсы күресу.

Буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу Октябрьден кейінгі тұтас бір дәуірге созылды, буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізген біз болғандықтан, «барлық» шаруалардың бізге тілектес болмайтын амалы болмады, — бұл факты, менің жоғарыда айтып өткенімдей, Октябрьге қарай қадам басқанда және Октябрьде жеңіп шыққанда, біз **аса кедей шаруалармен** біріге отырып жеңіп шықтық, кулактардың (бұлар да шаруалар ғой) қарсыласуы мен орта шаруалардың ауытқуы бола тұрса да, буржуазияның өкіметін құлатып, пролетариат диктатурасын (пролетариат диктатурасының міндетінің бірі — буржуазиялық-демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізу болды) орнаттық, орнатқанда, **аса кедей шаруалармен** біріге отырып орнаттық деген негізгі қағыйданы титтей де әлсіретпейді.

Түсінікті шығар деймін.

3) Сіз өзіңіздің хатыңызда онан әрі былай деп жазасыз:

««Біз Октябрьге орташаны бейтарап етіп, деревнядағы кедейлермен одақ жасау ұранымен **келдік»** деген сөз дұрыс па? Жоқ, дұрыс емес. Жоғарыда көрсетілген пікірге қарағанда және Ленинnен келтірілген үзінділерге қарағанда, бұл ұран, «шаруалар ішінде тап-тапқа бөлінушілік пісіп жеткенде» (Ленин) ғана тууы мүмкін, яғни «1918 жылдың жазы мен күзінде» тууы мүмкін».

Бұл цитатаға қарағанда, партия орташаны бейтарап ету жолына Октябрьді дайындау дәуірінде және

Октябрь кезінде емес, Октябрьден кейін және әсіресе 1918 жылдан кейін, кедейлер комитеттерінен кейін түскен болып шығады. Бұл **мүлде дұрыс емес.**

Қайта керісінше орташаны бейтарап ету саясаты кедейлер комитеттерінен кейін, 1918 жылдан кейін басталған жоқ, **аяқталды.** Орташаны бейтарап ету саясаты біздің практикамызда нақ сол 1918 жылдан кейін (енгізілген жоқ) **жойылды.** Нақ сол 1918 жылдан кейін, 1919 жылдың мартында, Ленин біздің партияның VIII съезін ашқанда былай деді:

«Социализмнің ескі уақыттағы маңдайалды адамдары, — өздері революцияға әлі де болса сеніп, оған теория, идея жүзінде қызмет етіп жүрген кезде,— **шаруаларды бейтарап ету** туралы сөз қылды, яғни орта шаруаларды, пролетариат революциясына белсенді түрде көмек беретін қоғамдық топ болмаса да, ең болмағанда, пролетариат революциясына кедергі жасамайтын, бейтарап болатын, жауларымыздың сойылын соқпайтын қоғамдық топ етіп шығару туралы сөз қылды. Міндеттің осылайша дерексіз, теориялық түрде қойылуы бізге әбден түсінікті. **Бірақ ол жеткіліксіз.*** Біз **социалистік құрылыстың мынадай сатысына***: нақтылы, тыңғылықты, деревнядағы жұмыс тәжрибесі бойынша тексерілген негізгі ережелер мен нұсқауларды белгілеу керек болатын сатысына ендік; орта шаруалармен **бекем одақ болуымыз** үшін, біз: осы ережелер мен нұсқауларды қолдануға тиіспіз» (қараңыз: XXIV том, 114-бет).

Көріп отырсыз, мұндағы сөз Сіздің хатыңызда айтқан сөзіңізге тура қарама-қарсы болып шығып отыр; оның бер жағында, Сіз бұл жерде бейтарап етудің **басын** оның **ақырымен** шатастырып, біздің **нағыз** партиялық практикамыздың астын үстіне шығарып бұзып отырсыз.

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Буржуазияны құлатып жатқан кезде, Советтер өкіметі әлі баянды болмай тұрған кезде, орташа күңкілдеп, революция мен контрреволюцияның арасында ауытқыды, сондықтан да оны бейтарап етуге тура келді. Буржуазияның «шынымен» құлатылғанына, Советтер өкіметінің баянды бола бастағанына, кулактардың жеңіле бастағанына, Қызыл Армияның азаматмайдандарында жеңе бастағанына көзі жете бастаған кезде, орташа бізге қарай бет бұра бастады. Осындай өзгерістен кейін ғана, партияның VIII съезінде Ленин шығарған партияның үшінші стратегиялық ұранының іс жүзіне асырылуы мүмкін болды, ол ұран: кедейлерге **сүйене отырып,** орташамен **бекем одақ** жасай отырып — социалистік құрылыс жолында алға басайық, деген ұран.

Сіз жалпыға белгілі бұл фактыны қалай ұмытып кеттіңіз?

Онан кейін Сіздің хатыңыздан — пролетарлық революцияға **өтер кездегі** және бұл революция жеңгеннен кейінгі **алғашқы күндердегі** орташаны бейтарап ету саясаты дұрыс емес, жарамсыз болды, солай болғаннан кейін қолайсыз болды деген қортынды шығады. Бұл **мүлде дұрыс емес.** Мәселе мұның нағыз керісінше болып отыр. Буржуазия өкіметін нақ құлатып жатқан кезде және пролетариат өкіметін баянды еткенге дейін бәрінен гөрі орташа көбірек ауытқып, қарсыласып отырды. Міне дәл осы дәуірде кедейлермен одақ жасап, орташаны бейтарап ету керек.

Өз қатеңізді қарыса жақтап, Сіз шаруалар туралы мәселенің тек біздің еліміз үшін ғана емес, сонымен қатар экономикасы «Октябрьге дейінгі Россияның экономикасына азды-көпті ұқсас» басқа елдер

үшін де үлкен маңызы бар дейсіз. Бұл соңғыңыз, әрине, дұрыс. Бірақ аграрлық мәселе жөніндегі тезистерінде Ленин Коминтерннің II конгресінде[53] пролетариат өкіметті өз қолына алып жатқан дәуірдегі пролетарлық партиялардың орташа жөніндегі саясаты туралы төмендегіні айтты. Аса кедей шаруаларды, немесе, дәлірек айтқанда «деревнядағы еңбекші және қаналушы бұқараны» ауылшаруашылық жұмысшыларынан, жартылай пролетарлардан немесе парцеллалы шаруалардан және ұсақ шаруалардан құралатын жеке топ деп түсіндіріп, онан соң деревнядағы ерекше топ болған орта шаруалар туралы мәселеге көшіп, Ленин былай дейді:

«Экономикалық жағынан қарағанда «орта шаруалар» деп кішкене ғана бір танап жерге жеке меншік немесе аренда түрінде ие болған ұсақ егіншілерді түсіну керек; бұл бір танап жер 1-шіден, капитализм тұсында, жалпы ереже бойынша, шаруашылықтағы семьяны асырауға жетерліктей ғана шамалы өнім беріп қоймайды, сонымен бірге, ең болмағанда, жайлы жылдарда капиталға айнала алатын белгілі артық өнім алуға да мүмкіншілік береді; бұлар, 2-шіден, көбінесе (мәселе, екі немесе үш шаруашылықтың ішінен бір шаруашылық) басқаның жұмыс күшін жалдап алып тұрады... Революцияшыл пролетариат,— ең болмағанда **таяудағы болашақ уақыт үшін және пролетариат диктатурасы дәуірінің бас кезі үшін**,— бұл топты өз жағына тартуды өзінің міндеті етіп қоя алмайды, қайта **оны бейтарап ету міндетімен шектелуі** керек, яғни пролетариат пен буржуазияның арасындағы күресте оны бейтарап етуі керек»* (қараңыз: XXV том, 271—272-беттер).

Бұдан кейін орташаны бейтарап ету саясаты бізде «тек» «1918 жылдың жазы мен күзінде» «тууы» мүмкін еді деп, яғни Советтер өкіметін баянды ету ісінде,

* Курсив менікі. **И. Ст.**

пролетариат өкіметін баянды ету ісінде шешуші табыстарға жеткеннен **кейін** «тууы» мүмкін еді деп қалай айтуға болады?

Көріп отырсыз, социалистік революцияға өту және пролетариат өкіметін баянды ету кезіндегі пролетарлық партиялардың стратегиялық ұраны туралы мәселе, сондай-ақ орташаны бейтарап ету туралы мәселе де Сіз ойлағандай оп-оңай мәселе емес.

4) Жоғарыда айтылғандардың бәрінен мыналар көрініп тұр: Сіздің Ленин шығармаларынан келтірген цитаталарыңызды революцияның екінші кезеңіндегі партияның негізгі ұранына қарама-қарсы коюдың ешбір реті жоқ, өйткені олар, бұл цитаталар: а) партияның Октябрь **алдындағы** негізгі ұранын емес, Октябрьден **кейін** буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізуді сөз қылады, б) олар бұл ұранның дұрыстығын теріске шығармайды, қайта оны қостайды.

Мен жоғарыда да айттым, амалым жоқ тағы да айтамын: революцияның екінші кезеңіндегі, өкіметті пролетариат өз қолына алғанға **дейінгі**, партияның стратегиялық ұранына, — өзінің басты тақырыбы өкімет туралы мәселе болып табылатын ұранына, — буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу міндетін қарама-қарсы қоюға болмайды, оны ақырына дейін жеткізу міндеті пролетариат өкіметті **өз** қолына алғаннан **кейінгі** дәуірде жүзеге асырылады.

5) Сіз Молотов жолдастың «Біздің еліміздегі буржуазиялық революция туралы» деген «Правдада» басылған (12 март, 1927 ж.) белгілі мақаласын сөз қылласыз, Сізді менен түсінік сұрауға «итермелеген» осы мақала көрінеді. Мен, мақалаларды Сіздің қалай оқыйтыныңызды білмеймін. Молотов жолдастың ма-

қаласын мен де оқыдым; менің ойымша, бұл мақала партиямыздың XIV съезінде шаруалар жөніндегі партия ұрандары туралы менің баяндамамдағы айтылғандарға ешқандай қайшы келмейді[54].

Молотов жолдас өзінің мақаласында партияның Октябрь дәуіріндегі негізгі ұранын сөз қылмайды, партия Октябрьден кейін буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізіп отырғандықтан, партияға барлық шаруалардың тілектес болғандығын сөз қылады. Мен жоғарыда айтып кеттім ғой, бұл фактыны айтқандық, — біз аса кедей шаруалармен біріге отырып, орташаны бейтарап етіп, қала мен деревнядағы буржуазияға қарсы шығып, буржуазияның өкіметін құлаттық және пролетариат диктатурасын орнаттық, мұнсыз біз буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізе алмас едік деген негізгі қағыйданы теріске шығармайды, қайта соны қостайды.

«Большевик» № 7—8,
15 апрель, 1927 ж.

ҚЫТАЙ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Насихатшыларға арналған, БК(б)П Орталық Комитеті ұнатқан тезистер

I

ҚЫТАЙ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Қытай революциясының сыйпатын белгілейтін негізгі фактылар:

а) Қытайдың жартылай отарлық жағдайы және империализмнің финанс-экономикалық үстемдігі;

б) милитаризм мен бюрократияның езушілігінен күшейе түсіп отырған феодалдық қалдықтардың езушілігі;

в) жұмысшылар мен шаруалардың миллиондаған бұқарасының феодалдық-чиновниктік езушілікке карсы, милитаризмге қарсы, империализмге қарсы өршіп отырған революциялық күресі;

г) ұлт буржуазиясының саяси әлсіздігі, оның империализмнен тәуелділігі, революциялық қозғалыстың құлаш жаюынан оның қорқуы;

д) пролетариаттың өсіп отырған революциялық белсенділігі, еңбекшілердің миллиондаған бұқарасының арасында оның беделінің артуы;

е) Қытаймен көршілес жерде пролетариат диктатурасының өмір сүруі.

Осыдан келіп, қытай оқыйғалары дамуының екі жолы шығады:

не ұлт буржуазиясы пролетариатты талқандайды, империализммен келісімге келеді, сөйтіп революцияны капитализмнің үстемдігін орнатумен аяқтау үшін империализммен бірігіп революцияға қарсы жорыққа шығады,

не пролетариат ұлт буржуазиясын түріп шығарады, өзінің гегемониясын нығайтады, сөйтіп ұлт буржуазиясының қарсылығын жою үшін, буржуазиялық-демократиялық революцияның толық жеңуін қамтамасыз ету үшін және оны кейін бірте-бірте социалистік революцияның жолына түсіріп, осыдан шығатын барлық нәтижелерге жету үшін қала мен деревня еңбекшілерінің миллиондаған бұқарасын өзінің соңынан ертеді.

Екінің бірі.

Дүниежүзілік капитализмнің дағдарысы және ССРОда пролетарлық диктатураның өмір сүруі, мұның тәжрибесін қытай пролетариатының көңілдегідей пайдалануына болатындығы қытай революциясының екінші жолының жүзеге асу мүмкіндігін едәуір оңайлатады.

Екінші жағынан, империализмнің қытай революциясына, негізінде, біртұтас майдан болып шабуыл жасауы, мәселен, Октябрь революциясының алдында империализм лагерінде болған империалистердің арасындағы жарықшақтық пен тартыс кәзір жоқ, — міне ки бұл факт қытай революциясының жеңіске жету жолында Россиядағы революциядан қыйыншылықты анағұрлым көп кездестіретінін, бұл революцияның барысында жау жағына шығып кетушілік және са-

тылғыштық ССРО-дағы азамат соғысы кезіндегіден өлшеусіз көп болатындығын көрсетеді.

Сондықтан революцияның бұл екі жолының арасындағы күрес қытай революциясының сыйпатының өзгешелігі болып табылады.

Нақ сондықтан коммунистердің негізгі міндеті қытай революциясының екінші жолының жеңуі үшін күресу болып отыр.

II

ҚЫТАЙ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ БІРІНШІ КЕЗЕҢІ

Қытай революциясының бірінші дәуірінде, солтүстікке қарай болған бірінші жорықтың дәуірінде, ұлт армиясы Янцзы өзеніне жақын келіп, бір жеңістен екінші жеңіске жетіп отырған кезде, ал жұмысшылар мен шаруалардың күшті қозғалысы әлі құлаш жайып үлгірмеген кезде, ұлт буржуазиясы (компрадорлар[55] емес) революциямен бірге болды. Бұл біріккен **жалпы ұлттық** майданның революциясы еді.

Бұл — революция мен ұлт буржуазиясының арасында қайшылық болған жоқ деген сөз емес. Бұл тек: ұлт буржуазиясы, революцияны қолдай отырып, оны өздерінің мақсаттарына пайдалануға тырысты, сөйтіп, оны көбінесе территория жаулап алу жолына бағыттай отырып, оның құлаш жаюын тежеп отырды деген сөз. Бұл дәуірде Гоминдан ішіндегі оңшылдар мен солшылдар арасындағы күрес осы қайшылықтардың белгісі еді. Чан Кай-шидің 1926 жылы мартта коммунистерді Гоминданнан қуып шығуға тырысқан әрекеті ұлт буржуазиясының революцияны ауыздық-

тауға тырысқан бірінші үлкен әрекеті еді. БК(б)П Орталық Комитетінің сол кезде-ақ «Гоминданның құрамында компартияны сақтау жолын ұстау керек», «істі оңшылдардың Гоминданнан кетуіне немесе шығарылуына қарай бастау» керек деп санағаны мәлім (апрель 1926 ж.).

Бұл жол: революцияны бұрынғыдан әрі өрістетудің Гоминдан ішінде және ұлт үкіметінің құрамында солшылдар мен коммунистердің ынтымақтасып бірге істесуінің, Гоминданның бірлігін нығайтудың және сонымен қатар — оңшыл гоминданшылдарды әшкерелеп, окшау калдырудың, оңшылдарды Гоминданның тәртібіне бағындырудың, егер оңшылдар Гоминданның тәртібіне бағынатын болса, олардың өздерін, олардың байланыстарын және олардың тәжрибесін пайдаланудың, немесе олар бұл тәртіпті бұзып, революцияның мүдделерін сататын болса, оларды Гоминданнан қуып шығудың жолы еді.

Кейінгі оқыйғалар бұл жолдың дұрыстығын толық қуаттады. Шаруалар қозғалысының дауылдап өрістеуі және деревняда шаруа одақтары мен шаруа комитеттерінің ұйымдастырылуы, қалалардағы күшті ереуіл толқыны және кәсіпшілік одақтары советтерінің құрылуы, империалистердің флоты мен әскерлері коршап алған Шанхайға қарай ұлт әскерлерінің жеңімпаздықпен алға басуы, — мінеки осының бәрі және осы сыяқты фактылар ұстаған жалғыз осы жолдың ғана дұрыс жол болғанын көрсетеді.

1927 жылы февральда оңшылдардың Гоминданды екіге бөлуге және Наньчанда жаңа орталық құруға тырысқан әрекетінің Ухандағы революциялық Гоминданның бірауызды тойтарысына төтеп бере алмай,

дымы күрығандығының фактысын тек әлгі жағдаймен ғана түсіндіруге болады.

Бірақ ол әрекет ел ішінде тап күштерінің кайта топтастырылып жатқандығының, оңшылдар мен ұлт буржуазиясы тыныш таппайтындығының, олар революцияға қарсы жұмысын күшейтетіндігінің белгісі болды.

Сондықтан БК(б)П Орталық Комитетінің 1927 жылы мартта былай дегені дұрыс еді:

а) «кәзіргі уақытта, тап күштерінің қайта топтастырылуына және империалистік армиялардың бір жерге шоғырлануына байланысты, қытай революциясы қауыпты жағдайды басынан кешіруде, ал оның бұдан былай жеңістерге жетуі бұқаралық қозғалысты күшейтуге батыл бағыт ұстаған жағдайда ғана мүмкін болады»;

б) «жұмысшылар мен шаруаларды қаруландыруға, жергілікті орындардағы шаруа комитеттерін өзін-өзі қорғайтын карулы күші бар іс жүзіндік өкімет органдарына айналдыру бағытын ұстау керек»;

в) «компартия оңшыл гоминданшылдардың сатылғыштық және реакциялық саясатын жасырмауға тиіс және оңшылдарды әшкерелеуге бұқараны Гоминдан мен қытай коммунистік партиясының төңірегіне топтап жұмылдыруы тиіс» (3 март 1927 ж.)

Сондықтан мынаны түсіну қыйын емес: бірінші жағынан, революцияның бұрынғыдан әрі мықтап күшеюі және, екінші жағынан, Шанхайда империалистердің қысым жасауы қытайдың ұлт буржуазиясын контрреволюцияның лагеріне апарып тастамай қоймады, нақ сол сыяқты Шанхайды ұлт әскерлерінің алуы және Шанхай жұмысшыларының ереуілі импе-

риалистерді революцияны тұншықтыру үшін бірігуге мәжбүр етпей тұра алмады.

Бұл осылай болды да. Нанкинде оқ атылуы бұл жөнінде Қытайда күресіп жатқан күштердің жаңадан жікке бөлінуіне дабыл болды. Нанкинге оқ атып және ультиматум жариялап, империалистер қытай революциясына қарсы бірігіп күресу үшін ұлт буржуазиясының қолдауына ділгерміз деп айтқысы келді.

Ал жұмысшылардың митингілеріне оқ атуымен және төңкеріс жасауымен, Чан Кай-ши, империалистердің шақыруына жауап бергендей болып, Қытайдың жұмысшылары мен шаруаларына қарсы ұлт буржуазиясымен біріге отырып, империалистермен келісімге келуге әзірмін дегенді айтты.

III

ҚЫТАЙ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ

Чан Кай-шидің төңкерісі ұлт буржуазиясының революциядан аулақ кеткенін, ұлт контрреволюциясының орталығы туа бастағанын, оңшыл гоминданшылдардың империализммен қытай революциясына қарсы келісім жасағанын көрсетеді.

Чан Кай-шидің төңкерісінің мәнісі — оңтүстік Қытайда бұдан былайғы жерде екі лагерь, екі үкімет, екі армия, екі орталық — Уханда революцияның орталығы және Нанкинде контрреволюцияның орталығы болады деген сөз.

Чан Кай-шидің төңкерісінің мәнісі — революция өз дамуының екінші кезеңіне кірді, біріккен жалпы ұлттық майданнан империализмге қарсы, джентри мен феодалдық помещиктерге қарсы, милитаристерге және

Чан Кай-шидің контрреволюциялық тобына қарсы күресті күшейтіп кеңейтетін революцияға — **жұмысшылар мен шаруалардың** сан миллион бұқарасының революциясына карай, **аграрлық** революцияға қарай бетбұрыс басталды деген сөз.

Мұның мәнісі — революцияның екі жолының арасындағы, оны бұрынғыдан әрі өрістетуді жақтаушылар мен оны жоюды жақтаушылардың арасындағы күрес күннен күнге шиеленісе түседі, революцияның кәзіргі дәуірі осы күреске толы болады деген сөз.

Мұның мәнісі — Ухандағы революциялық Гоминдан, милитаризмге және империализмге карсы батыл күрес жүргізе отырып, іс жүзінде пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасының органына айнала береді, ал Чан Кай-шидің Нанкиндегі контрреволюциялық тобы жұмысшылар мен шаруалардан қол үзіп және империализммен жақындаса түсіп, ақыр-аяғында милитаристердің кебіне ұшырайды деген сөз.

Ал бұдан шығатын қортынды мынау: Гоминданның бірлігін сақтау саясаты, оңшылдарды Гоминданның ішінде оқшау қалдыру және оларды революцияның мақсаты үшін пайдалану саясаты енді революцияның жаңа міндеттеріне сай келмейді. Бұл саясат өзгертіліп, оңшылдарды Гоминданнан батыл қуып шығу саясаты, оңшылдарды саяси жағынан толық жойып жіберуге дейін барып, оларға карсы батыл күресу саясаты, ел ішінде барлық өкіметті **революциялық** Гоминданның, өзінің оңшыл элементтерінен арылған Гоминданның, солшыл гоминданшылдар мен коммунистердің одағы болып табылатын Гоминданның қолына жыйнақтап беру саясаты жүргізілуі керек.

Бұдан шығатын қортынды, сонсын, мынау: солшылдар мен коммунистердің Гоминдан ішінде нағыз ынтымақтасуы саясатының кәзіргі кезеңде ерекше күші, ерекше маңызы бар, бұл ынтымақтастық жұмысшылар мен шаруалардың Гоминданнан тыс құрылып жатқан одағының белгісі, мұндай ынтымақсыз революцияның жеңуі мүмкін емес.

Бұдан шығатын қортынды, одан соң, мынау: революциялық Гоминданның күш-жігерінің негізгі қайнар бұлағы жұмысшылар мен шаруалардың революциялық қозғалысының бұрынғыдан әрі күшеюі, және олардың бұқаралық ұйымдарын — болашақтағы Советтердің әзірлік элементтері болып табылатын революциялық шаруа комитеттерін, жұмысшылардың кәсіпшілік одақтарын және басқа бұқаралық революциялық ұйымдарын нығайту болып табылады, революция жеңуінің негізгі кепілі — миллиондаған еңбекшілер бұқарасының революциялық белсенділігінің өсуі, — ал контрреволюцияға қарсы басты құрал — жұмысшылар мен шаруаларды қаруландыру болып табылады.

Бұдан шығатын қортынды, ақырында, мынау: революцияшыл гоминданшылдармен бір сапта күресе отырып, компартия буржуазиялық-демократиялық революцияда пролетариаттың гегемониясын қамтамасыз ету үшін керекті шарт ретінде өзінің дербестігін бұрын болып көрмеген дәрежеде сақтап отыруы керек.

IV

ОППОЗИЦИЯНЫҢ ҚАТЕЛЕРІ

Оппозицияның (Радек және оның сыбайластары) негізгі қатесі Қытайдағы революцияның сыйпатын тү-

сінбейтінінде, бұл революцияның кәзір қандай кезеңнен өтіп жатқанын түсінбейтінінде, оның кәзіргі халықаралық жағдайын түсінбейтінінде.

Октябрь революциясы қандай қарқынмен дамыған болса, қытай революциясы да сол шамадағы қарқынмен дамыйтын болсын деп талап етеді оппозиция. Империалистерге және олардың жәрдемшілеріне қарсы батыл ұрысқа Шанхай жұмысшыларының бел байламағанына оппозиция разы емес.

Бірақ ол Қытайдағы революцияның, басқаны былай қойғанда, халықаралық жағдайдың кәзір 1917 жылдағыдан анағұрлым қолайсыз болуы (империалистердің арасында соғыс жоқ) себепті шапшаң қарқынмен дамый алмайтынын түсінбейді.

Ол мәселен большевиктердің 1917 жылы апрельде де, июльде де батыл ұрысқа бел байламағаны сыяқты, резервтер әлі жақындатылып әкелінбеген кездегі қолайсыз жағдайда батыл ұрысқа бел байлауға болмайтынын түсінбейді.

Оппозиция қолайсыз жағдайларда батыл ұрыстан қашпау (одан қашуға болатын кезде қашпау), — революция жауларының ісін оңайлатып беру деген сөз екенін түсінбейді.

Оппозиция Қытайда дереу жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының Советтерін құруды талап етеді. Ал Советтерді **кәзір** құру не деген сөз?

Біріншіден, оларды кез келген кезеңде құруға болмайды, олар революциялық толқынның ерекше көтерілген дәуірінде ғана құрылады.

Екіншіден, Советтер мылжыңдау үшін құрылмайды, олар ең алдымен өмір сүріп отырған өкіметке

қарсы күресу органдары ретінде, өкімет үшін күресу органдары ретінде құрылады. Істің жайы 1905 жылы осылай болды, істің жайы 1917 жылы осылай болды.

Ал **кәзіргі кезеңде**, мәселен, Ухан үкіметі әрекет етіп жатқан ауданда Советтер құру не деген сөз? Бұл — сол ауданда осы күнгі өкіметке қарсы күресу ұранын беру деген сөз. Бұл жаңа өкімет органдарын құруға ұран беру деген сөз, солшыл гоминданшылдармен одақтасып жатқан коммунистерді де ішіне кіргізіп отырған революциялық Гоминданның өкіметіне қарсы күресу ұранын беру деген сөз, өйткені бұл ауданда кәзір революциялық Гоминданның өкіметінен басқа ешқандай өкімет жоқ.

Бұл, сонсын, кәзірдің өзінде-ақ революциялық Гоминдан арқа сүйеп отырған стачка комитеттері, шаруа одақтары мен комитеттері, кәсіпшілік одақтарының советтері, фабрика-завод комитеттері және т. б. сыяқты жұмысшылар мен шаруалардың бұқаралық ұйымдарын құрып, нығайту міндетін революциялық Гоминдан өкіметінің орнына мемлекеттік өкіметтің жаңа түрі ретінде Совет системасын орнату міндетімен шатастыру деген сөз.

Бұл, ақырында, Қытайдағы революция кәзіргі уақытта қандай кезеңнен өтіп жатқанын түсінбеу деген сөз. Бұл — революцияға қарсы күресу үшін, Қытайда ұлт революциясы болып жатқан жоқ, «москвалық советтендіру ісі» қолдан орнатылып жатыр деп жаңа лақаптар тарату үшін қытай халқының жауларының қолына жаңа құрал беру деген сөз.

Сонымен, оппозиция, **кәзіргі кезеңде** Советтер құру ұранын көтеріп, қытай революциясының жауларының сойылын соғады.

Оппозиция компартияның Гоминданға қатнасуын қолайлы емес деп санайды. Олай болса, оппозиция компартияның Гоминданнан кеткені қолайлы деп санайды. Ал компартияның Гоминданнан **кәзір** кетуі, барлық империалистік жексұрын топтар мен олардың барлық құйыршықтары коммунистерді Гоминданнан қуып шығуды талап етіп отырған кезінде кетуі не деген сөз? Бұл — революция жауларының қуанышына ұрыс майданын тастап кету және Гоминдан ішіндегі өзінің одақтастарын тастап кету деген сөз. Бұл — компартияны әлсірету, революциялық Гоминданды қаусату, Шанхай Қавеньяктарының ісін оңайлатып беру және Қытайдағы тулардың ішіндегі ең бір көпшілікке мәлім туды — Гоминдан туын оңшыл гоминданшылдардың қолына беру деген сөз.

Кәзір империалистер, милитаристер және оңшыл гоминданшылдар нақ осыны талап етіп те отыр.

Сонымен, компартияның **кәзіргі кезеңде** Гоминданнан шығуын жақтап сөйлеп, оппозиция қытай революциясының жауларының сойылын соғады.

Сондықтан біздің партиямыздың Орталық Комитетінің жақында болып өткен пленумы оппозицияның платформасын үзілді-кесілді қабылдамай тастап, әбден дұрыс істеді[56].

«Правда», № 90,
21 апрель, 1927 ж.

«ПРАВДА» ГАЗЕТІНЕ

(15 жылдық мерекесі күніне)

Лениннің өсиеттерін таратушы және пролетариаттың коммунизм жолындағы революциялық күресінің туын алып барушы «Правдаға» жалынды сәлем!

И. Сталин

«Правда» № 99,
5 май, 1927 ж.

ҚЫТАЙ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ

Марчулин жолдасқа жауап

Қытайдағы Советтер туралы мәселе жөнінде Сіздің «Деревенский Коммунист»[57] редакциясына жазған хатыңызды жауап беру үшін редакциядан маған жіберді. Сіз қарсы бола қоймассыз деп ойлап, мен Сіздің хатыңызға қысқаша жауап жіберіп отырмын.

Менің ойымша, Марчулин жолдас, Сіздің хатыңыз түсініспеушіліктен туған. Оның себебі мынау.

1) Сталиннің насихатшыларға арналған тезистерінде кәзіргі Қытайда **жұмысшы,** шаруа және солдат депутаттарының Советтерін дереу құруға қарсы пікір айтылады. Ал Сіз, Сталинге қарсы болып, Коминтернің II конгресіндегі[58] Лениннің тезистері мен сөздерін дәлелге келтіресіз, онда **шаруалар** Советтері туралы ғана, **еңбекшілердің** Советтері туралы, **еңбекші халықтың** Советтері туралы ғана айтылады, бірақ **жұмысшы** депутаттарының Советтерін құру туралы бір-де-бір сөз айтылмаған.

Өзінің тезистерінде де, өзінің сөзінде де Ленин **жұмысшы** депутаттарының Советтерін құру туралы

неліктен айтпайды? Мұның себебі — Ленин өзінің сөзінде де, өзінің тезистерінде де «таза пролетарлық қозғалыс туралы сөз болуы да мүмкін емес», «өнеркәсіп пролетариаты жоқ дерлік» елдерді еске алады (қараңыз: XXV том, 353-бет). Орта Азия, Персия сыяқты «өнеркәсіп пролетариаты жоқ дерлік» елдерді еске аламын деп Ленин өзінің сөзінде ашық айтады (қараңыз сонда).

Мұндай елдердің қатарына Шанхай, Ханькоу, Нанкин, Чанша және басқалары сыяқты өнеркәсіп орталықтары бар, бұларда осы күннің өзінде кәсіпшілік одақтарына ұйымдасқан үш миллиондай жұмысшылары бар Қытайды қосуға бола ма? Әрине, болмайды.

Әрине, өнеркәсіп пролетариатының белгілі минимумы бар кәзіргі кездегі Қытай туралы айтқанда, жай шаруа Советтерін немесе еңбекшілер Советтерін құруды емес, **жұмысшы** және шаруа депутаттарының Советтерін құруды еске алу керек.

Егер Персия, Ауғаныстан және басқалары туралы сөз болса, онда әңгіме басқа. Ал Сталиннің тезистерінде Персия, Ауғаныстан және басқалары туралы емес, Қытай туралы сөз болатыны мәлім.

Сондықтан Сіздің Сталинге қарсы айтқандарыңыз және Коминтерннің II конгресіндегі Лениннің сөзі мен тезистерін Сіздің дәлелге келтіруіңіз дұрыс емес, негізсіз.

2) Өзіңіздің хатыңызда Сіз Коминтерннің II конгресінің ұлт және отар мәселесі жөніндегі «Қосымша тезистерінен» цитата келтіресіз, онда Шығыста «пролетарлық партиялар коммунистік идеяларды насихаттау ісін күшейте жүргізуге тиіс және мүмкін болған

жағдайда-ақ **жұмысшы** және шаруа Советтерін күруға тиіс» екені жайында айтылады. Бұл арада Сіз істің жайын әлгі «Қосымша тезистер» және одан келтірілген цитата Лениндікі дегендей етіп суреттейсіз. Бұл дұрыс емес, Марчулин жолдас. Мұнда Сіз жай қателескенсіз. «Қосымша тезистер» Ройдікі. II конгресте «Қосымша тезистер» Лениннің тезистеріне «қосымша» ретінде қабылданған Ройдың тезистері болып өтті де (қараңыз: Коминтерннің II конгресі стенографиялық отчет, 122—126-беттер).

«Қосымша тезистер» не үшін керек болды? Өнеркәсіп пролетариаты жоқ артта қалған отар елдерден Қытай мен Индия сыяқты елдерді ерекше бөліп шығару үшін керек болды, өйткені бұлар жөніне келгенде бұларда «өнеркәсіп пролетариаты жоқ дерлік» деп айтуға болмайды. Осы «Қосымша тезистерді» оқыңыз, онда көбінесе Қытай мен Индия туралы сөз болатынын сонда түсінесіз (қараңыз: Коминтерннің II конгресі; стенографиялық отчет, 122-бет).

Лениннің тезистерін «толықтыратын» айрықша Рой тезистерінің қажет болғаны қалайша? Әңгіме мынада: Лениннің тезистері II конгрестің ашылуынан көп бұрын, отар елдердің өкілдері келуінен көп бұрын және II конгрестің арнаулы комиссиясында айтыс болмастан бұрын жазылып, жарияланған болатын. Конгрестің комиссиясындағы айтыс Шығыстың артта қалған отарларының қатарынан Қытай, Индия сыяқты елдерді бөліп шығару керектігін анықтағандықтан «Қосымша тезистердің» қажеттігі пайда болды.

Сондықтан, Қытай мен Индия сыяқты елдер туралы сөз болғанда жай шаруа Советтерін емес, **жұмысшы** және шаруа Советтерін құруды ескеру керек еке-

нін ұмытуға болмайтыны сияқты, Лениннің сөзі мен тезистерін Ройдың «Қосымша тезистерімен» шатастыруға болмайды.

3) Қытайда **жұмысшы** және шаруа Советтерін құруға тура келе ме? Я, қалайда құруға тура келеді. Сталиннің насихатшыларға арналған тезистерінде бұл жайында ашық айтылады, онда былай делінген:

«Революциялық Гоминданның күш-жігерінің негізгі қайнар бұлағы жұмысшылар мен шаруалардың революциялық қозғалысының бұрынғыдан әрі күшеюі және олардың бұқаралық ұйымдарын — **болашақтағы Советтердің әзірлік элементтері болып табылатын** революциялық шаруа комитеттерін, жұмысшылардың кәсіпшілік одақтарын және басқа бұқаралық революциялық ұйымдарын нығайту болып табылады»...*

Барлық мәселе оларды **қашан, қандай** шарттармен, **қандай** жағдайда құруда.

Жұмысшы депутаттарының Советтері жұмысшы табының барлық жақты бірдей қамтыйтын және сондықтан ең жақсы революциялық ұйымы. Бірақ бұл Советтерді әрқашан және кез келген жағдайда құруға болады деген сөз емес әлі. Питердегі жұмысшы депутаттары Советінің бірінші председателі Хрусталев 1906 жылы жазда революцияның толқыны қайтқаннан кейін жұмысшы депутаттарының Советтерін құру туралы мәселе қойғанында, кәзіргі кезеңде арьергард (шаруалар) авангардқа (пролетариатқа) әлі жетіп үлгірмеген кезінде жұмысшы депутаттарының Советтерін құру мақсатқа қолайлы келмейді деп Ленин оған қарсы болды. Лениннің айтқаны әбден дұрыс еді де. Неге? Неге десеңіз жұмысшы депутаттарының Со-

* Осы томның 251-бетін қараңыз. *Ред.*

веттері жұмысшылардың жай ұйымы емес. Жұмысшы депутаттарының Советтері — жұмысшы табының сол кездегі өкіметке қарсы күресу органдары, көтеріліс органдары, революциялық жаңа өкіметтің органдары болып табылады, осындай органдар болып қана дамый және нығая алады да. Егерде сол кездегі өкіметке қарсы қолма-қол бұқаралық күрес жүргізу үшін, сол өкіметке қарсы бұқаралық көтеріліс жасау үшін, революциялық жаңа өкіметті ұйымдастыру үшін жағдай жоқ болса, жұмысшы Советтерін құру мақсатқа қолайлы келмейді, өйткені мұндай жағдайлар болмаса, олар іріп-шіру және құр мылжың сөз орнына айналу қатеріне душар болады.

Ленин жұмысшы депутаттарының Советтері туралы міне былай дейді:

«Жұмысшы депутаттарының Советтері — **бұқаралық қолма-қол күрестің органдары»**... «Қайдағы бір теория емес, кімнің болса да ұрандары емес, қайдағы біреудің ойлап тапқан тактикасы емес, партиялық доктрина емес, өмір күшінің өзі бұл бипартия, бұқаралық органдарды көтеріліс жасау қажеттігіне бастап әкеліп, оларды көтеріліс органдарына айналдырды. Сондықтан кәзіргі уақытта мұндай органдарды орнату — **көтеріліс*** органдарын құру деген сөз, бұларды орнатуға шақыру — **көтеріліске шақыру*** деген сөз. Мұны ұмыту немесе халықтың қалың бұқарасының алдында мұны көмескілеу ең кешіргісіз көрместік және ең нашар саясат болған болар еді» (қараңыз: X том, 15-бет).

Немесе тағы:

«Екі революцияның: 1905 жылғы революцияның да, 1917 жылғы революцияның да күллі тәжрибесі, сол сияқты, большевиктер партиясының қарарлары, оның көп жылдар ішіндегі саяси мәлімдемелері Жұмысшы және Солдат депутаттарының Советі

* Курсив менікі. **И. Ст.**

көтеріліс органы* ретінде ғана, **революциялық өкіметтің органы ретінде*** ғана реалды екеніне келіп тіреледі. Бұл міндеттен тыс Советтер бұқараны енжарлыққа, немқұрайдылыққа, өкінішке апарып соқтырмай қоймайтын құр ойыншық, ал бұқараның ұшы-қыйыры жоқ қарарлар мен қарсылықтар жазу әбден жүрегіне тиіп болғаны айқын» (қараңыз: XXI том, 288-бет).

Жағдай осындай болып отырғанда, кәзіргі оңтүстік Қытайда, айталық, Ухан үкіметінің ауданында, кәзір өкімет басында революциялық Гоминдан тұрған жерде, кәзір қозғалыс «барлық өкімет революциялық Гоминданға берілсін» деген ұранмен күшейіп жатқан жерде **жұмысшы,** шаруа және солдат депутаттарының Советтерін **дереу** құруға шақыру не деген сөз? Бұл ауданда **жұмысшы** және шаруа депутаттарының Советтерін құруға кәзір шақыру — революциялық Гоминданның өкіметіне қарсы көтеріліске шақыру деген сөз. Бұл мақсатқа қолайлы келе ме? Әрине, мақсатқа қолайлы келмейді. Әрине, кімде-кім кәзір бұл ауданда **жұмысшы** депутаттарының Советтерін дереу құруға шақырса, ол қытай революциясының гоминдандық сатысынан **аттап өтуге** тырысады, ол Қытайдағы революцияны өте қыйын жағдайға түсіру қатеріне душар болады.

Қытайда **жұмысшы,** шаруа және солдат депутаттарының Советтерін дереу құру туралы мәселеге келгенде істің жайы міне осындай, Марчулин жолдас.

Коминтерннің II конгресінде: «Жұмысшы депутаттарының Советтерін қашан және қандай жағдайларда құруға болады» деген арнаулы қарар қабылданды. Бұл қарар Лениннің барында қабылданды. Сізге бұл қарарды оқып шығыңыз деп ақыл айтар едім. Оның

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

маңызы зор (қараңыз: Коминтерннің II конгресі, стенографиялық отчет, 580—583-беттер).

4) Қытайда **жұмысшы** және шаруа депутаттарының Советтерін қашан құру керек болады? Жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін Қытайда мынадай кезеңде: жеңімпаз аграрлық революция барынша құлаш жайып өршіген кезде, **Қытайдың революцияшыл халықшылдары** (солшыл Гоминдан) **мен компартияның одағы** болып отырған Гоминданның өзінен-өзі заманы өте бастаған кезде, әлі жеңбеген және әзір жеңе қоймайтын буржуазиялық-демократиялық революция өзінің жаман жақтарын көрсете бастаған кезде, мемлекеттік ұйымның кәзіргі гоминдандық түрінен мемлекетті ұйымдастырудың жаңа **пролетарлық** түріне бірте-бірте көшуге тура келген кезде, міне осындай кезеңде жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін Қытайда қалайда құруға тура келеді.

Коминтерннің II конгресінде қабылданған, Ройдың «Қосымша тезистерінің» **жұмысшы** және шаруа Советтері жайындағы белгілі жерін нақ осылай түсіну керек те.

Бұл кезең кәзір басталды ма?

Мұндай кезеңнің әлі басталмағанын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Ал кәзір не істеу керек? Қытайдағы аграрлық революцияны кеңейтіп, тереңдету керек. Кәсіпшілік одақтарының Советтері мен стачка комитеттерінен шаруалардың одақтары мен шаруалардың революциялық комитеттеріне дейін жұмысшылар мен шаруалардың барлық және әртүрлі бұқаралық ұйымдарын құрып, нығайтып отыру керек, бұл революциялық қозғалыстың өсуіне қарай және оның табыстарға жетуі-

не қарай оларды болашақта жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары Советтерінің ұйымдастыру және саяси базасына айналдыру үшін керек.

Кәзіргі міндет міне осында.

9 май, 1927 ж.

«Деревенский Коммунист»
журналы № 10,
15 май 1927 ж.
Қол қойған: И. Сталин

СУН ЯТ-СЕН АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТТІҢ СТУДЕНТТЕРІМЕН ӘҢГІМЕ

13 май, 1927 ж.

Жолдастар! Амал қанша, менің бүгін әңгімелесу үшін екі — үш сағат қана уақытым бар. Бәлкім, біз келесі жолы ұзағырақ әңгімелесерміз. Ал бүгін, менің ойымша, сіздердің тұжырымдап жазба түрде берген сұрақтарыңызды талдаумен тынсақ та болар еді. Мен барлығы он сұрақ алдым. Бүгінгі әңгімеде мен соларға жауап беремін де. Егер қосымша сұрақтар бар болса, — ал ондай сұрақтар бар деседі, — бұларға мен келесі әңгімеде жауап беруге тырысамын. Сонымен, іске кірісейік.

БІРІНШІ СҰРАҚ

«Радектің қытай деревнясында шаруалардың күресі феодализмнің қалдықтарынан гөрі буржуазияға қарсы көбірек бағытталған деуі неліктен дұрыс емес?

Қытайда сауда капитализмі, немесе феодализмнің қалдықтары үстем деп атауға бола ма?

Қытай милитаристерінің ірі өнеркәсіп орындарының иесі бола тұрып, сонымен қатар феодализмнің өкілдері болып табылатындығының себебі не?»

Шынында да, Радек осы сұрақта айтылатын нәрсеге ұқсас бірдемені айтады. Мен жаңылмасам, Радек Москва ұйымының активінде сөйлеген сөзінде не феодализм қалдықтарының бар екенін мүлдем бекерге шығармақ болды, не қытай деревнясындағы феодализм қалдықтарының үлкен маңызы бар екенін мойындамады.

Бұл, әрине, Радектің үлкен қатесі.

Егерде Қытайда феодализмнің қалдықтары болмаған болса, егерде бұл қалдықтардың қытай деревнясы үшін аса үлкен маңызы болмаған болса, онда аграрлық революция үшін негіз болмаған болар еді, онда қытай революциясының кәзіргі кезеңінде компартияның басты міндеттерінің бірі ретінде аграрлық революция туралы сөз қылудың қажеті болмас еді.

Қытай деревнясында сауда капиталы бар ма? Я, бар, бар екені былай тұрсын, шаруаның қанын-сөлін соруы жағынан қандай феодалдан болса да кем соқпай отыр. Бірақ бастапқы қор жыйнау типіндегі бұл сауда капиталы қытай деревнясында феодалдың үстемдігімен, помещиктің үстемдігімен өзгеше түрде **ұштасып** отыр, помещиктің шаруаларды қанауының, езуінің ортағасырлық әдістерін қолданып отыр. Міне, мәселе осында, жолдастар.

Радектің қатесі мынада: ол осы өзгешелікті түсінбеді, шаруаларды қанаудың, езудің феодалдық-ортағасырлық әдістері сақталған жағдайда феодалдық қалдықтардың үстем болуының қытай деревнясында купецтік капиталдың өмір сүруімен осылай **ұштасуын** түсінбеді.

Милитаризм, дзюдзюндар, әртүрлі губернаторлар және осы күнгі барлық дөрекі, тонаушы, әскери және әскери емес бюрократия Қытайдағы осы өзгешеліктің үстіндегі қондырма болып табылады.

Империализм осы бүкіл феодалдық-бюрократтық машинаны қолдап, нығайтып отырады.

Кейбір милитаристер, поместьелерге ие бола отырып, сонымен қатар өнеркәсіп орындарының иелері болып табылады, — бірақ бұл жағдай істің мәнін негізінде өзгертпейді. Көп орыс помещиктерінің де кезінде фабрикалары және басқа өнеркәсіп орындары болды, бірақ бұл жағдай олардың феодалдық қалдықтардың өкілі болып қала беруіне бөгет болған жоқ.

Егерде бірсыпыра аудандарда шаруаның табысының 70 проценті джентриге, помещикке кететін болса, егерде помещик экономика саласында да, әкімшілік және сот саласында да іс жүзіндегі өкіметпен пайдаланып отырса, егерде бірсыпыра провинцияларда әлі осы уақытқа дейін әйелдер мен балаларды сатып алу, сатушылық орын алып отырса, — онда осы ортағасырлық жағдайдағы үстем күш сауда капиталының күшімен өзгеше түрде ұштасып отырған феодалдық қалдықтардың күші, помещиктердің күші, әскери және әскери емес помещиктік бюрократияның күші болып табылады.

Осы өзгеше жағдайлар Қытайда өсіп отырған және әлі де өсе беретін қозғалыс үшін — шаруалардың аграрлық қозғалысы үшін негіз жасап та отыр.

Бұл жағдайлар болмаса, феодалдық қалдықтар мен феодалдық езушілік болмаса, Қытайда аграрлық

революция туралы, помещиктердің жерін конфискациялау және т. б. туралы мәселе болмас еді.

Бұл жағдайлар болмаса, Қытайдағы аграрлық революция түсініксіз болған болар еді.

ЕКІНШІ СҰРАҚ

«Радектің марксистер бірнеше таптың партиясының болуын мойындамайды, ал Гоминдан ұсақбуржуазиялық партия болып табылады деуінің несі дұрыс емес?».

Бұл сұрақ жөнінде бірнеше ескертулер айту керек.

Біріншіден. Бұл арада сұрақ дұрыс қойылмаған. Гоминдан бірнеше таптың партиясы деп біз айтқанымыз жоқ және айтпаймыз да. Ол дұрыс емес. Біз Гоминданды бірнеше езілген таптың **одағының** партиясы дедік және солай деп отырмыз да. Бұл екеуі бірдей нәрсе емес, жолдастар. Егерде Гоминдан бірнеше таптың партиясы болса, онда әңгіме мынаған келіп тірелген болар еді: Гоминданға қосылып отырған таптардың бірде біреуінің Гоминданнан тыс жерде өзінің меншікті партиясы болмаған болар еді, ал Гоминданның өзі бұл таптардың бәрі үшін бір ғана ортақ және **жалғыз ғана** партия болған болар еді. Ал іс жүзінде істің жайы осындай ма? Гоминданға қосылып отырған қытай пролетариатының сонымен қатар өзінің ерекше партиясы, Гоминданнан өзгеше және өзінің программасы бар, өзінің ерекше ұйымы бар коммунистік партиясы жоқ па? Әрине, Гоминдан бірнеше езілген таптардың партиясы емес, қайта өздерінің меншікті партия ұйымдары бар бірнеше езілген таптардың **одағының** партиясы. Демек, бұл арада **сұ-**

рақ дұрыс қойылмаған. Іс жүзінде, кәзіргі Қытайда езілген таптардың **одағының** партиясы болып табылатын Гоминдан туралы ғана әңгіме болуы мүмкін.

Екіншіден. Езілген, революциялық таптардың одағының партиясын марксизм принциптік жағынан қолайлы деп таппайды деу, мұндай партияның құрамына кіруді марксистер принциптік жағынан кешірімсіз деп табады деу дұрыс емес. Бұл мүлдем дұрыс емес, жолдастар. Іс жүзінде марксистердің мұндай партияның құрамына кіруін марксизм принциптік жағынан кешірімді деп таныйды (және солай деп тануда да), ол былай тұрсын, белгілі тарихи жағдайларда мұндай партияның құрамына кіруді жүзеге асырып отырды да. Мен 1848 жылы, герман революциясының тұсында, Маркс пен оның пікірлестері Германиядағы белгілі буржуазиялық-демократиялық одаққа[59] кіріп, онда революцияшыл буржуазияның өкілдерімен ынтымақтасып бірге істескен кезінде Маркстің өзінің басынан өткен мысалды дәлелге келтіре алар едім. Бұл буржуазиялық одаққа, бұл буржуазиялық-революциялық партияға марксистерден басқа тағы революциялық буржуазияның өкілдері кірді, бұл мәлім. Ол кезде Маркс басқарған «Жаңа Рейн Газеті»[60] осы буржуазиялық-демократиялық одақтың органы болды. 1849 жылдың көктемінде ғана, Германиядағы революция бәсеңси бастаған кезде ғана, Маркс пен оның пікірлестері, жұмысшы табының дербес таптық саясаты бар мүлдем дербес ұйымын жолға қоюға ұйғарып, бұл буржуазиялық-демократиялық одақтан шықты.

Көріп отырсыздар, біздің заманымызда қытай коммунистері өзінің ерекше ұйымы бар нақ дербес про-

летарлық партия болып Гоминданның құрамына кіріп отырған болса, Маркс бұдан да әрі барды.

Революциялық буржуазиямен бірігіп абсолютизмге қарсы революциялық күрес жүргізуге істің реті келген кезде, 1848 жылы Маркс пен оның пікірлестерінің Германиядағы буржуазиялық-демократиялық одақтың құрамына кіруінің **мақсатқа қолайлы-қолайсыздығы** жайында таласуға немесе таласпауға болады. Бұл **тактика** мәселесі. Ал Маркстің мұндай одаққа кіруді **принциптік** жағынан кешірімді деп танығанына ешқандай күмән болмасқа тиіс.

Үшіншіден. Ухандағы Гоминдан ұсақбуржуазиялық партия болып табылады деп айтып, әңгімені сонымен бітіру негізінен дұрыс болмас еді. Қытайдағы империализмді де, қытай революциясының сыйпатын да түсінбеген адамдар ғана Гоминданды осылай сыйпаттай алады. Гоминдан «дағдыдағы» ұсақбуржуазиялық партия емес. Ұсақбуржуазиялық партия әртүрлі болады. Россияда меньшевиктер мен эсерлер де ұсақбуржуазиялық партиялар еді, бірақ олар сонымен қабат **империалистік** партиялар еді, өйткені олар француз және ағылшын империалистерімен жауынгерлік одақта болды, солармен бірігіг басқа елдерді — Түркияны, Персияны, Месопотамияны, Галицияны **жаулап алысты** және **езіп-жаныштьі.**

Гоминдан **империалистік** партия болып табылады деп айтуға бола ма? Әрине, болмайды. Қытайдағы революцияның антиимпериалистік революция болып табылатындығы сияқты, Гоминдан **антиимпериалистік** партия болып табылады. Бұл арада түбірінен айырма бар. Бұл айырманы көрмеу және **антиимпериалистік** Гоминданды эсерлік-меньшевиктік **империалистік** пар-

тиялармен шатастыру — Қытайдың ұлттық-революциялық қозғалысы жайында түк түсінбеу деген сөз.

Әрине, егерде Гоминдан **империалистік** ұсақбуржуазиялық партия болған болса, онда қытай коммунистері онымен одақтаспаған болар еді, қайта оларды жын-шайтандай аластаған болар еді. Бірақ әңгіме Гоминданның Қытайда империалистерге және олардың агенттеріне қарсы революциялық күрес жүргізіп жатқан **антиимпериалистік** партия екенінде ғой. Бұл мағынада алғанда Гоминдан Керенский мен Церетели сияқты барлық және әртүрлі **империалистік** «социалистерден» кісі бойы биік тұр.

Тіпті оңшыл гоминданшыл Чан Кай-ши, өзі жасаған төңкерісіне **дейін** солшыл гоминданшылар мен коммунистерге қарсы барлық және әртүрлі кедергі-бөгеттерді іркілмей қолданған Чан Кай-ши, — міне осы Чан Кай-шидің өзі ол кезде Керенскийлер мен Церетелилерден анағұрлым артық болды, өйткені Керенскийлер мен Церетелилер Түркияны, Персияны, Месопотамияны, Галицияны құл ету үшін соғыс жүргізіп, сонысымен империализмді **нығайтып отырды**, ал Чан Кай-ши Қытайды құл етуге **қарсы** — жақсы болсын, жаман болсын — соғыс жүргізіп сонысымен империализмді **әлсіретіп отырды.**

Радектің және жалпы оппозицияның қатесі — Қытайдың жартылай отар жағдайын еске алмайтыны, қытай революциясының антиимпериалистік сыйпатын көрмейтіні және Ухандағы Гоминданның, оңшыл гоминданшылдарсыз Гоминданның еңбекші қытай бұқарасының империализмге **қарсы** күресінің орталығы болып табылатынын байқамайтыны.

ҮШІНШІ СҰРАҚ

«Гоминданға екі күштің — компартия мен ұсақ буржуазияның одағы деп Сіздің берген бағаңыз (Шығыс Еңбекшілерінің Коммунистік Университеті студенттерінің жыйналысында 1925 ж. 18 майда сөйлеген сөз) **бен Гоминданға төрт таптың, соның ішінде ірі буржуазияның да, одағы деп Коминтерннің қарарында берілген бағаның арасында қайшылық жоқ па?**

Қытайда пролетариат диктатурасы тұсында қытай компартиясының Гоминдан ішіне кіруі мүмкін бе?»

Біріншіден, мынаны ескеру керек: 1926 жылғы декабрьде Коминтерннің (кеңейтілген VII пленумы) Гоминдан ішіндегі іс жүзіндегі жағдай жайында берген анықтамасы сіздің «сұрағыңызда» дұрыс айтылмаған, әбден дәл айтылмаған. Сұрақта: «соның ішінде ірі буржуазияның да» делінген. Бірақ компрадорлар да ірі буржуазия болып табылады-ғой. Бұл — 1926 жылғы декабьрде Коминтерн компрадорлық буржуазияны Гоминдан ішіндегі одақтың мүшесі деп санады деген сөз бе? Әрине, олай деген сөз емес, өйткені компрадорлық буржуазия Гоминданның қас жауы болды және қас жауы болып отыр. Коминтерннің қарарында жалпы ірі буржуазия атаулы жайында айтылмайды, «капиталистік буржуазияның **бір бөлегі**» жайында айтылады. Олай болса, бұл арада жалпы ірі буржуазия атаулы жайында сөз болмай, қайта компрадорлық тұрпаттағы **емес** ұлт буржуазиясы жайында сөз болуы мүмкін.

Екіншіден, Гоминданға берілген бұл екі анықтаманың арасында мен қайшылық бар деп білмейтінімді айтуға тиістімін. Қайшылық бар деп білмеймін, өйт-

кені бұл арада Гоминданға екі көзқарас тұрғысынан анықтама беріліп отыр, бұл екі анықтаманың біреуін де дұрыс емес деп атауға болмайды, оның себебі — екеуі де дұрыс.

Мен 1925 жылы Гоминданды жұмысшылар мен шаруалардың одағының партиясы деп айтқанымда, Гоминдан ішіндегі іс жүзіндегі жағдайды сыйпаттауды, 1925 жылы Гоминданға іс жүзінде қандай таптардың қосылып отырғанын сыйпаттауды мен мүлдем еске алғаным жоқ. Гоминдан туралы айтқанымда мен онда Гоминданды Шығыстың езілген елдерінде, әсіресе Қытай мен Индия сияқты елдерде өзгеше халық-революциялық партиясын құрудың тұрпаты ретінде ғана, қала мен деревняның жұмысшылары мен ұсақ буржуазиясының революциялық одағына сүйенуге тиісті халық-революциялық партиясын құрудың тұрпаты ретінде ғана еске алдым. Мен онда «мұндай елдерде коммунистер тұтас бір ұлттық майдан құру саясатынан жұмысшылар мен ұсақ буржуазияның революцияшыл одағын жасау саясатына көшуге тиіс» деп ашық айттым (қараңыз: Сталин, «Шығыс халықтары Университетінің саяси міндеттері туралы», — «Ленинизм мәселелері», 264-бет[61]).

Демек, мен жалпы айтқанда халық-революциялық партияларының, атап айтқанда Гоминданның кәзіргісін емес, болашағын еске алдым. Бұл арада менің айтқаным әбден дұрыс та. Өйткені Гоминдан сияқты ұйымдардың: егер олар жұмысшылар мен ұсақ буржуазияның одағына сүйенуге тырысатын болса ғана болашағының болуы мүмкін; мұнда ұсақ буржуазияны айтқанда, ең алдымен, артта қалған капиталистік

елдерде ұсақ буржуазияның **негізгі** күші болып **табылатын шаруаларды** еске алу керек.

Ал Коминтерн істің екінші жағына назар аударды. Өзінің кеңейтілген VII пленумында Коминтерн Гоминданды оның болашағы тұрғысынан қарағаң жоқ, ол болашақта қандай болуы керек деген тұрғыдан қарағаң жоқ, **кәзіргі** жағдай тұрғысынан, Гоминдан ішіндегі **іс жүзіндегі** жағдай қандай және 1926 жылы Гоминданға **іс жүзінде** нақ қандай таптар қосылып отыр деген тұрғыдан қарады. Сондықтан Коминтернің бұл кезеңде, **Гоминдан ішінде жікке бөлушілік әлі жоқ шақтағы** кезеңде, Гоминдан **іс жүзінде** жұмысшылардың, ұсақ буржуазияның (қала мен деревняда) және ұлт буржуазиясының одағы болды деп айтқаны әбден дұрыс еді. Бұл арада 1926 жылы ғана емес, 1925 жылы да Гоминдан нақ осы таптардың одағына сүйенді деп қосуға болар еді. Коминтерннің қарарын белгілеуге мен өте белсене қатнастым, осы қарарда былай деп ашық айтылған: «пролетариат өзінің мүдделері үшін күресуге белсеніп шығып отырған шаруалармен қаланың ұсақ буржуазиясымен және капиталистік буржуазияның бір бөлегімен одақ құрады», «күштердің бұл ұштасуының айқын саяси белгісі Гоминдан партиясы мен Кантон үкіметінің ішіндегі тиісті жікке бөлінушіліктен көрініп отыр» (қарарды қараңыз[62]).

Бірақ, Коминтерн 1926 жылғы **іс жүзіндегі** жағдаймен тынбай, Гоминданның **болашағын да** қозғағандықтан, ол бұл одақтың тек уақытша одақ болып табылатынын, ең таяу уақыттың ішінде бұл одақтың орнына пролетариат пен ұсақ буржуазияның одағы құрылуы керек екенін айтпай тұра алмады. Нақ сон-

дықтан Коминтерннің қарарында бұдан әрі былай делінген: «кәзіргі кезеңде қозғалыс үшінші сатысының табалдырығында, таптардың жаңадан қайта топтасуының қарсаңында тұр», «дамудың бұл сатысында қозғалыстың негізгі күші — капиталистік ірі буржуазияның көпшілік бөлегін **ығыстырып тастау жағдайында*** пролетариаттың, шаруалардың және қалалық ұсақ буржуазияның бұрынғыдан да гөрі революциялық сыйпаттағы одағы болады» (сол қарарды қараңыз).

Гоминдан арқа сүйеуге тиісті болатын жұмысшылар мен ұсақ буржуазияның (шаруалардың) одағы нақ осы болады; Гоминдан жікке бөлінгеннен кейін және ұлт буржуазиясы бөлініп кеткеннен кейін бұл одақ Уханда бірден-ақ құрыла бастады және 1925 жылы Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік Университетінде жасалған баяндамамда мен осы одақ туралы айттым (жоғарыдағыны қараңыз).

Сонымен, олай болса, бізде Гоминданға түрліше екі жақтан:

а) оның **кәзіргі** жайы жағынан, 1926 жылы Гоминдан ішінде болған іс жүзіндегі жағдай жағынан, және

б) оның **болашағы** жағынан, Шығыс елдерінде халық-революциялық партиясын құрудың **тұрпаты** ретінде Гоминдан болашақта қандай болуға тиіс деген жақтан берілген екі сыйпаттама бар.

Бұл екі сыйпаттаманың екеуі де заңды және дұрыс, өйткені Гоминданды түрліше екі жақтан қамтып, бұл сыйпаттамалар, түптеп келгенде, жағдайды мейлінше голық суреттейді.

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Сөйтіп бұл арада қандай қайшылық бар? деген сұрау туады.

Неғұрлым айқын болуы үшін Англиядағы «Жұмысшы партиясын» («Лейбор партиді») алайық. Англияда жұмысшылар мен қызметшілердің кәсіпшілік одақтарына сүйенетін жұмысшылардың ерекше партиясы бар екені мәлім. Бұл партияны жұмысшы партиясы деп атауға ешкім шұбаланбайды. Ағылшынның марксистік әдебиетінде ғана емес, басқа да әртүрлі марксистік әдебиетте ол осылай аталады да.

Бірақ бұл партия шын жұмысшы партиясы, жұмысшылардың өзін буржуазияға қарама-қарсы қоятын таптық партиясы деп айтуға бола ма? Бұл партия, айталық, екі таптық партиясы емес, **іс жүзінде** бір таптың, жұмысшылар табының партиясы болып табылады деп айтуға бола ма? Жоқ, олай деп айтуға болмайды. **Іс жүзінде** Англиядағы Жұмысшы партиясы жұмысшылар мен қалалық ұсақ буржуазияның одағының партиясы болып табылады. **Іс жүзінде** бұл партия екі таптың одағының партиясы болып табылады, бұл арада егерде бұл партияның ішінде кімнің ықпалы күштірек, өзін буржуазияға қарсы қоятын жұмысшылардың ықпалы ма, әлде ұсақ буржуазияның ықпалы ма, дейтін болсақ, онда ұсақ буржуазияның ықпалы бұл партияның ішінде басым екенін айту керек.

Англияда жұмысшы партиясының **іс жүзінде** либералдық-буржуазиялық партияның шылауында екендігінің себебі де, асылында, осыдан. Ал оның бержағында бұл партияны марксистік әдебиетте **жұмысшы** партиясы деп атайды. Бұл «қайшылықты» немен түсіндіруге болады? Мұны мынаумен түсіндіруге бола-

ды: бұл партияға жұмысшылардың партиясы деп анықтама бергенде бұл партияның ішіндегі кәзіргі іс жүзіндегі жағдайлар еске алынбайды, белгілі жағдайларда, болашақта өзін буржуазиялық дүниеге қарсы коятын жұмысшылардың шын таптық партиясына айналуға тиісті болатын жұмысшы партиясын құру тұрпаты еске алынады. Бұл жағдай бұл партияның іс жүзінде әзіргі жұмысшылар мен ұсақ қалалық буржуазия одағының партиясы болып отырғандығының фактысын бекер демейді, қайта мақұлдайды.

Менің жаңа ғана Гоминдан жөнінде айтқанымның бәрінде қайшылық кандай жок болса, бұл арада да қайшылық сондай жок.

Қытайда пролетариат диктатурасы тұсында қытай компартиясының Гоминданға кіруі мүмкін бе?

Менің ойымша, кіруі қолайлы емес, сондықтан — мүмкін емес. Пролетариат диктатурасының тұсында ғана емес, жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтері құрылған жағдайда да кіруі қолайлы болмайды. Өйткені Қытайда жұмысшы және шаруа депутаттары Советтерінің құрылуы не деген сөз? Бұл — қосөкімет құрылуы болып табылады. Бұл — Гоминдан мен Советтердің арасында өкімет үшін күресу болып табылады. Жұмысшы және шаруа Советтерін құру буржуазиялық-демократиялық революциядан пролетарлық революцияға, социалистік революцияға көшуге әзірлік болып табылады. Мұндай әзірлікті ортақ бір революциялық-демократиялық партияға кіретін екі партияның басшылығымен жүргізуге бола ма? Жок, болмайды. Егер, әрине, әңгіме нағыз пролетарлық революция туралы болып отырса, пролетариат диктатурасының әзірлігі және социалистік ре-

волюцияға көшу ісі бір партияның, коммунистер партиясының басшылығымен ғана жүргізілуі мүмкін екенін революцияның тарихы көрсетіп отыр. Пролетариат диктатурасының бір партияның, коммунистер партиясының басшылығымен ғана орнатылып, дамый алатынын революцияның тарихы көрсетіп отыр. Мұнсыз империализм жағдайларында нағыз және толық пролетариат диктатурасы жоқ және бола алмайды да.

Сондықтан пролетариат диктатурасының тұсында ғана емес, ондай диктатураға дейін де, жұмысшы және шаруа депутаттары Советтерінің құрылуының тұсында компартияның қытай Октябріне әзірлікті тек бір өзінің басшылығымен жүргізуі үшін Гоминданнан шығуына тура келеді.

Менің ойымша, Қытайда жұмысшы және шаруа депутаттары Советтерінің құрылуы, қытай Октябрінің әзірлігі дәуірінде қытай коммунистік партиясының Гоминдан ішіндегі кәзіргі одағының орнына Гоминданнан тыс одақ құруына, бізде, айталық, Октябрьге өтетін дәуірде солшыл эсерлермен болған одақ тәрізді одақ құруына тура келеді.

ТӨРТІНШІ СҰРАҚ

«Ухан үкіметі пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы болып табыла ма, ал егерде олай болмаса, демократиялық диктатураны орнату үшін күресудің бұдан былайғы жолдары қандай?

Мартыновтың пролетариат диктатурасына «екінші» революциясыз көшуге болады деуі дұрыс па, ал егерде дұрыс болса, Қытайда демократиялық диктатура

мен пролетариат диктатурасының арасындағы шек қай жерде?»

Ухан үкіметі әлі пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы емес. Ол осындай бола алады. Егерде аграрлық революция мейлінше өрістесе, ол сөзсіз демократиялық диктатура бола алады, бірақ әзірге ол мұндай диктатураның органы емес.

Ухан үкіметі пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасының органына айналатын болуы үшін не керек? Мұның үшін ең кем дегенде екі нәрсе керек:

Біріншіден, Ухан үкіметі Қытайдағы аграрлық-шаруа революциясының үкіметіне, осы революцияны барынша қолдайтын үкіметке айналуы керек.

Екіншіден, Гоминдан өзінің басшы жоғарғы тобын аграрлық қозғалыстың шаруалар мен жұмысшылардан шыққан жаңа басшыларымен толықтыратын болуы керек және шаруа одақтарын, жұмысшылардың кәсіпшілік одақтарының советтерін, қала мен деревняның басқа да революциялық ұйымдарын өзінің төменгі ұйымдарына қосып, оларды кеңейтетін болуы керек.

Қазір Гоминдан бар болғаны 500 мың мүшені біріктіріп отыр. Бұл, Қытай үшін аз, тіпті аз. Гоминдан миллиондаған революцияшыл шаруалар мен жұмысшыларды өз құрамына енгізетін болуы керек, сөйтіп сан миллиондық революциялық-демократиялық ұйымға айналатын болуы керек.

Тек осындай жағдайларда ғана Гоминдан пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасының органына айналатын революциялық үкіметті өз ішінен бөліп шығара алады.

Пролетариат диктатурасына бейбіт жолмен өту туралы Мартынов жолдас шынында айтты ма, айтпады ма, — ол арасын мен білмеймін. Мен Мартынов жолдастың мақаласын оқығаным жоқ, оқымағаным — біздің бүкіл күнбе-күнгі әдебиетті қамтуға мүмкіндігім жоқ. Ал егерде ол Қытайда буржуазиялық-демократиялық революциядан пролетарлық революцияға бейбіт жолмен өту мүмкін дегенді шынымен айтқан болса, — онда онысы қате.

Бір ретте менен Чугунов: «Ал, қалай Сталин жолдас, ешбір бұрыс жолсыз, бірден Гоминдан арқылы бейбіт жолмен пролетариат диктатурасына өтетін етуге болмай ма?» деп сұрады. Ал мен одан «Ал сіздерде, Қытайда қалай, Чугунов жолдас, сіздерде оңшыл гоминданшылдар, капиталистік буржуазия, империалистер бар ма?» деп сұрадым. Ол қуаттап жауап қайырды. «Ендеше, төбелессіз іс бітпейді» деп жауап бердім мен оған.

Бұл Чан Кай-шидің төңкерісінен бұрын болып еді. Принциптік жағынан алғанда, әрине, Қытайдағы революцияның бейбіт дамуының мүмкіндігі туралы мәселе қоюға болады. Ленин, мәселен, бір кезде Россиядағы революцияның Советтер аркылы бейбіт дамуы мүмкін деп тапқан болатын. Бұл 1917 жылғы апрельден июльге дейінгі дәуір еді. Бірақ июльдегі жеңілістен кейін Ленин пролетарлық революцияға бейбіт жолмен көшу мүмкін емес деп санау керек деп тапты. Менің ойымша, Қытайда пролетарлық революцияға бейбіт жолмен көшуді одан бетер мүмкін емес деп санау керек.

Мұның себебі не?

Мұның себебі, біріншіден, қытай революциясының

ішкі жаулары да (Чжан Цзо-лин, Чэн Кэй-ши, ірі буржуазия, джентри, помещиктер және т. б.), сыртқы жаулары да (империалистер) сан жағынан тым көп және тым күшті, сондықтан революцияның бұдан былайғы дамуында үлкен тапқыр шайқастарсыз іс бітуі мүмкін деп ойлауға, үлкен белінбе кетушіліктер және жау жағына шығып кетушіліктер болмайды деп ойлауға болмайды.

Мұның себебі, екіншіден, мемлекеттік ұйымның гоминдандық формасын буржуазиялық-демократиялық революциядан пролетарлық революцияға көшу үшін қолайлы форма деп санауға дәлел жоқ.

Мұның себебі, ақырында, егерде, мәселен, Россияда пролетарлық революцияның классикалық формасы болып табылатын Советтер арқылы пролетарлық революцияға бейбіт жолмен өту мүмкін болмаған болса, Гоминдан арқылы өтуге болады деп болжауға қандай дәлел бар?

Сондықтан, менің ойымша, Қытайда пролетарлық революцияға бейбіт жолмен өту болмайтын жағдай деп санау керек.

БЕСІНШІ СҰРАҚ

«Ухан үкіметінің Чан Кай-шиге қарсы шабуыл жасамай, Чжан Цзо-линге қарсы шабуыл жасап отырғандығының себебі не?

Ухан үкіметінің және Чан Кай-шидің солтүстікке қарай бір мезгілде шабуыл жасауы қытай буржуазиясына қарсы күрес майданын бүркемелегендік болып табылмай ма?»

Бұл арада сіздер, жолдастар, Ухан үкіметінен тым

көп нәрсені талап етесіздер. Әрине, Чжан Цзо-линді де, Чан Кай-шиді де, Ли Ти-синді де, Ян Сенді де бірден ұрып жыққан өте жақсы болар еді. Бірақ кәзір Ухан үкіметінің жағдайы оның барлық төрт майданда бірден шабуылға шығуына мүмкіндік бермей отыр. Ухан үкіметі мукдендіктерге қарсы шабуылға, ең кем дегенде, екі себеппен шығып отыр.

Мұның себебі, біріншіден, мукдендіктер Уханға ентелеуде және оны жоюға тырысуда, осы себептен мукдендіктерге қарсы шабуыл мүлдем кезек күтпейтін қорғану шарасы болып табылады.

Мұның себебі, екіншіден, ухандықтар Фын Юйсяннің әскерлерімен қосылуға, сөйтіп революцияның базасын кеңейту үшін одан әрі алға басуға тырысады, бұл да қәзіргі кезеңде Ухан үшін аса маңызды соғыс-саясат жұмысы болып табылады.

Чан Кай-шиге және Чжан Цзо-линге қарсы майдандар сияқты маңызды екі майданда бір мезгілде шабуыл жасау кәзіргі уақытта Ухан үкіметінің шамасы келмейтін іс. Мен батыста Ян Сенге қарсы, оңтүстікте Ли Ти-синге қарсы шабуыл жасау туралы айтпай-ақ та қояйын.

Азамат соғысы кезінде біздер, большевиктер, күштірек едік, сонда да біздің барлық майдандарда ойдағыдай шабуыл әрекеттерін күшейтуіміз мүмкін болмады. Кәзіргі кезеңде Ухан үкіметінен одан көпті талап етуге қандай дәлел бар?

Одан кейін, кәзір, солтүстіктен Уханға мукдендіктер мен У Пей-фудің жақтастары анталап келе жатқан кезде, Шанхайға шабуыл жасау не деген сөз? Бұл — мукдендіктердің ісін оңайлату және шығыста тұк ұтпай, Фынның әскерлерімен қосылуды белгісіз

уақытқа кешеуілдету деген сөз. Онанда әзірге Шанхайдың төңірегінде Чан Кай-ши империалистермен былығып, әуре сарсаң бола тұрсын.

Шанхай үшін әлі ұрыстар болады және ол кәзір Чанчжоу және басқалары үшін болып жатқан ұрыстардай болмайды. Жоқ, ол арада анағұрлым үлкен ұрыстар болады. Империалистік топтардың өте маңызды мүдделері түйісетін дүниежүзілік торабы болып табылатын Шанхайды империализм оп-оңай бере қоймайды.

Әуелі Фынмен қосылу, соғыс жағынан жеткілікті дәрежеде нығайып алу, аграрлық революцияны мейлінше күшейту, Чан Кай-шидің тылы мен майданына іріткі салу жөніндегі жұмысты күшейте жүргізу, содан соң барып, Шанхай туралы мәселені барлық көлемінде толық көтеру мақсатқа қолайлырақ болмай ма? Менің ойымша, осылай істеген қолайлырақ болады.

Сондықтан бұл арада әңгіме қытай буржуазиясына қарсы күрес майданын әсте «бүркемелеуде» болып отырған жоқ, өйткені аграрлық революция күшейе беретін болса, оны бәрі-бір бүркемелей алмайсың, ал аграрлық революцияның күшейіп отырғандығынан және әлі күшейе беретіндігіне кәзір ешкандай күмән бола қоймас. Қайталап айтамын, әңгіме бүркемелеуде емес, әңгіме күрестің мақсатқа қолайлы тактикасын құруда.

Кейбір жолдастар барлық майдандарда шабуыл жасау кәзір революцияшылдықтың негізгі белгісі болып табылады деп ойлайды. Жоқ, жолдастар, бұл дұрыс емес. Кәзіргі кезеңде барлық майдандарда ша-

буыл жасау революцияшылдық емес, ақымақтық болады. Ақымақтықты революцияшылдықпен шатастыруға болмайды.

АЛТЫНШЫ СҰРАҚ

«Қытайда кемалистік революцияның болуы мүмкін бе?»

Мен мұны болмайтын іс, сондықтан Қытайда болуы мүмкін емес деп санаймын.

Кемалистік революцияның өнеркәсіп пролетариаты жоқ немесе жоқ дерлік және күшті аграрлық шаруа революциясы жоқ Түркия, Персия, Ауғанистан сияқты елдерде ғана болуы мүмкін. Кемалистік революция ұлттық сауда буржуазиясының жоғарғы тобының революциясы, бөтен ел империалистеріне карсы күресте туған және, асылында, өзінің одан әрі дамуында шаруалар мен жұмысшыларға қарсы, аграрлық революцияның мүмкіндіктерінің өзіне қарсы бағытталған революциясы болып табылады:

Қытайда кемалистік революцияның болуы мүмкін емес, оның себебі:

а) онда, Қытайда, шаруалардың арасында зор беделмен пайдаланатын жауынгер және белсенді өнеркәсіп пролетариатының белгілі минимумы бар;

б) онда өзінің жолынан феодализмнің қалдықтарын сыпырып тастайтын өрістеген аграрлық революция бар.

Толып жатқан провинцияларда жер алуға арып-ашып қолы жеткен және өзінің күресінде Қытайдың революциялық пролетариатының басшылығына еріп отырған сан миллиондаған шаруалар кемалистік ре-

волюция дейтіннің мүмкіндігіне қарсы қолданылатын құрал болып табылады.

Түркия мен Қытайды бір қатарға қоюға қандай болмайтын болса, кемалистер партиясы мен Уханда-ғы солшыл Гоминдан партиясын бір қатарға сондай қоюға болмайды. Түркияда Шанхай, Ухан, Нанкин, Тяньцзин және т. б. сыяқты орталықтар жоқ. Кемалистер партиясының солшыл Гоминданға жетуі қандай алыс жатса, Анторанын Уханға жетуі де сондай алыс жатыр.

Халықаралық тұрғыдан да Қытай мен Түркияның арасында жатқан айырмашылықты еске алу керек болады. Түркия жөнінде империализм кәзірдің өзінде-ақ толып жатқан негізгі талаптарын орындады, Түркиядан Сирияны, Палестинаны, Месопотамияны, империалистер үшін маңызды басқа да пунктерді тартып алды. Түркия кәзір 10—12 миллион халқы бар шағын мемлекет мөлшеріне дейін түсірілді. Ол үлкен рынок та емес, империализмнің шешуші тірек орны да емес. Басқа себептерді былай қойғанда, ескі Түркия ұлттардың конгломераты болғандығынан және тұтас түрік халқы тек Анатолияда ғана болғандығынан осылай бола алды.

Қытайдың жайы басқаша. Қытай — бірнеше жүз миллион халқы бар, букіл дуние жүзінде капитал өткізудің және капитал шығарудың аса маңызды рыногі болып табылатын ұлттық жағынан тұтас ел. Егер онда, Түркияда, империализм ескі Түркияның ішіндегі түріктер мен арабтардың арасындағы ұлттық антагонизмдерді пайдалана отырып, Шығыста біркатар өте маңызды облыстарды бөліп әкетумен қанағаттана алған болса, мұнда, Қытайда, империализм өзінің ес-

кі позицияларын сақтау үшін немесе, ең болмағанда, бұл позициялардың бір қатарын ұстап қалу үшін Қытайды борша-борша етіп бөлшектеп, оның барлық провинцияларын тартып алып, ұлттық Қытайдың тұщы етін тілгелеуге тиісті болады.

Сондықтан, егерде онда, Түркияда, империализмге қарсы күрес кемалистердің тарапынан болған жартымаш антиимпериалистік революциямен тына алған болса, мұнда, Қытайда, империализмге қарсы күрес терең халықтық және айқын ұлттық сыйпатқа келуге тиіс және империализммен аянбай айқасуға дейін барып, бүкіл дүние жүзінде империализмнің негіздерінің өзін шайқалтып, барған сайын тереңдей беруге тиіс.

Оппозицияның (Зиновьев, Радек, Троцкий) өте терең қатесі мынада: ол Түркия мен Қытайдың арасындағы осы күллі айырманы көрмейді, кемалистік революцияны аграрлық революциямен шатастырады, сөйтіп ештемені талғамастан бәрін бір жерге үйіп-төгеді.

Қытай ұлтшылдарының арасында кемализм идеясын әлпештейтін адамдардың бар екенін мен білемін. Кемальдің ролінде болғысы келетіндер онда кәзір аз емес. Олардың арасында біріншісі—Чан Кай-ши. Кейбір жапон журналистерінің Чан Кай-шиді Қытай Кемалі деп санауға бейім екенін мен білемін. Бірақ мұның бәрі шошынған буржуаның арманы, қиялы. Қытайда не кейін аграрлық революцияның сермеген құлашынан құлайтын Чжан Цзо-лин мен Чжан Цзунчан сияқты қытай Муссолинилері жеңуге тиіс, не Ухан жеңуге тиіс.

Осы лагерьдің орталығында қалуға тырысып жүрген Чан Кай-ши мен оның үзенгілестері Чжан Цзо-лин мен Чжан Цзун-чанның кебіне ұшырап, қалайда құлауға тиіс.

ЖЕТІНШІ СҰРАҚ

«Қазір Қытайда шаруалардың жерді дереу басып алуы ұранын көтеру керек пе және Хунаньда жерді басып алу фактыларын қалай бағалау керек?»

Менің ойымша, көтеру керек. Іс жүзінде жерді конфискациялау ұраны кейбір аудандарда осы күннің өзінде-ақ жүзеге асырылып жатыр. Хунань, Хубэй және басқалары сияқты бірсыпыра аудандарда шаруалар осы күннің өзінде жерді төменнен басып алып жатыр, өздерінің сотын құрып, өздерінің жазасын беріп, өздерінің қорғану ісін ұйымдастырып жатыр. Менің ойымша жерді конфискациялау ұранына ең таяу уақыттың ішінде Қытайдың барлық шаруалары көшеді. Қытай революциясының күші осында.

Егерде Уханның жеңгісі келсе, егерде оның Чжан-Цзо-линге де қарсы, Чан Кай-шиге де қарсы, империалистерге де қарсы шын күш біріктіргісі келсе, — ол помещиктердің жерін басып алу жолындағы аграрлық-шаруа революциясын барынша қолдауға тиіс.

Қытайда феодализм мен империализмді бір ғана соғыс күшімен құлатуға болады деп ойлау ақымақшылық. Аграрлық революциясыз және шаруалар мен жұмысшылардың сан миллион бұқарасының Ухан әскерлеріне белсенді түрде көрсетіп отырған жәрдемінсіз мұндай күштерді құлату мүмкін емес.

Чан Кай-шидің төңкерісін оппозиция көбінесе қы-

тай революциясының құлдырауы деп бағалайды. Бұл қате. Чан Кай-шидің төңкерісін қытай революциясының құлдырауы деп бағалайтын адамдар іс жүзінде Чан Кай-шиді жақтайды, іс жүзінде Ухандағы Гоминданға Чан Кай-шидің қайта оралуын жақтайды. Олар, сірә, Чан Кай-ши бөлініп кетпеген болса, революция ісі жақсырақ алға басқан болар еді деп ойлайтын болса керек. Бұл революцияшылдық емес, бұл ақымақтық. Чан Кай-шидің төңкерісі іс жүзінде Гоминданның барлық жаман нәрседен тазаруына және Гоминданның ұйытқысының сол жаққа қарай ауысуына жеткізді. Әрине, Чан Кай-шидің төңкерісі бірқатар аудандарда жұмысшылардың там-тұм жеңілуінсіз болмады. Бірақ бұл—там-тұм және уақытша жеңіліс қана. Іс жүзінде, Чан Кай-шидің төңкерісінен бастап революция **тұтас алғанда** өз дамуының ең жоғарғы сатысына, **аграрлық** қозғалыстың сатысына аяқ басты.

Қытай революциясының күші мен қуаттылығы осында.

Революцияның қозғалысын ылғый өрге басу жолымен жүріп отыратын қозғалыс деп қарауға болмайды. Мұның өзі, революция туралы нақтылы түсінік емес, кітаптағы түсінік. Революция бір аудандарда шабуыл жасап, ескі тәртіптерді талқандай отырып, басқа бір аудандарда там-тұм жеңіліске ұшырап, шегіне отырып, әрқашан ирек жолмен жүріп отырады. Чан Кай-шидің төңкерісі қытай революциясының барысындағы сол ирек жолдардың бірі болып табылады, бұл революцияны жаман нәрседен тазартып, оны күшті аграрлық қозғалыстың жолымен алға бастыру үшін қажет болды.

Бірақ ол, бұл аграрлық қозғалыс, бір қалыпқа тү-

се алатын болуы үшін оның өзінің тұжырымды ұраны болуға тиіс. Бұл ұран — помещиктердің жерін конфискациялау болып табылады.

СЕГІЗІНШІ СҰРАҚ

«Қазіргі кезеңде Советтер ұйымдастыру ұраны неліктен дұрыс емес?

Хэнаньда жұмысшы Советтерінің ұйымдастырылу фактысына байланысты қытай компартиясына қозғалыстың соңында қалып қою қаупі туып отырған жоқ па?»

Қандай Советтер туралы сөз болып отыр, **пролетарлық** Советтер туралы ма, әлде **пролетарлық емес** Советтер туралы ма, «шаруалар» Советтері, «еңбекшілер» Советтері, «халық» Советтері туралы ма? Ленин Коминтерннің II конгресінде өзінің тезистерінде Шығыстың артта қалған елдерінде «шаруалар Советтерін», «еңбекшілер Советтерін» құру туралы айтты. Ол «өнеркәсіп пролетариаты жоқ немесе жоқ дерлік» Орта Азия сыяқты елдерді еске алды. Ол Персия, Ауғанистан және басқалары сыяқты елдерді еске алды. Затында, мұндай елдерде **жұмысшы** Советтерін ұйымдастыру туралы Лениннің тезистерінде бір ауыз сөз жоқтығының себебі де осы.

Ал бұдан Ленин тезистерінің «өнеркәсіп пролетариаты жоқ немесе жоқ дерлік» деуге болмайтын Қытайды емес, Шығыстың одан гөрі артта қалған басқа елдерін еске алатынын көреміз.

Ендеше, әңгіме Қытайда **жұмысшы** және шаруа депутаттарының Советтерін дереу құру туралы болып отыр. Ендеше, бұл мәселені шешерде Лениннің тезис-

терін емес, Коминтерннің нақ сол II конгресінде қабылданған Ройдың тезистерін еске алу керек, ол тезистерде **жұмысшы** және шаруа депутаттарының Советтерін Қытай мен Индия сыяқты елдерде құру туралы айтылады. Бірақ ол тезистерде **жұмысшы** және шаруа Советтерін бұл елдерде буржуазиялық-демократиялық революциядан пролетарлық революцияға көшерде құру керек деп айтылады.

Жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтері деген не? Жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтері, ең алдымен, өмір сүріп отырған өкіметке қарсы көтерілістің органдары, жаңа революциялық өкімет үшін күресудің органдары, жаңа революциялық өкіметтің органдары болып табылады. Жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтері, сонымен қабат, революцияны ұйымдастырудың орталықтары болып табылады.

Ал жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтері өмір сүріп отырған өкіметті құлату органдары болып табылатын болса ғана, олар жаңа революциялық өкіметтің органдары болып табылатын болса ғана олар революцияны ұйымдастырудың орталықтары бола алады. Жаңа революциялық өкіметтің органдары болмай тұрып, олар революциялық қозғалысты ұйымдастырудың орталықтары да бола алмайды. Жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтері жайындағы лениндік ұғымға қарсы күресе отырып, оппозиция осыны түсінгісі келмейді.

Айталық, Ухан үкіметінің әрекет етіп жатқан ауданында кәзір жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін құру не деген сөз? Бұл — қосөкімет құру, Ухан үкіметіне қарсы көтеріліс органдарын құру, де-

ген сөз. Қытай коммунистері кәзір Ухан үкіметін құлатуға тиіс пе? Әрине, тиіс емес. Қайта, қытай коммунистері оны қолдап отыруға тиіс, оны Чжан Цзо-линге қарсы, Чан Кай-шиге қарсы, помещиктер мен дженгриге карсы, империализмге қарсы күресудің органына айналдыруға тиіс.

Ал егерде компартия кәзір Ухан үкіметін құлатуға тиіс болмаса онда **кәзір** жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін құру не үшін керек?

Екінің бірі:

не Ухан үкіметін құлату үшін кәзір-ақ жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтері құрылады, бұл кәзіргі кезеңде дұрыс емес және кешіргісіз.

не кәзір-ақ жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін құра отырып, коммунистер Ухан үкіметін құлату бағытын ұстамайды, Советтер жаңа революциялық өкіметтің органдарына айналмайды, — онда олар, Советтер, Советтердің пародиясына айналып, өледі.

Жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін құру туралы айтканда Ленин әрқашан осыдан сақтандырып та отырды.

Сіздердің «сұрағыңызда» Хэнаньда жұмысшы Советтерінің пайда болғандығы туралы және егерде компартия Советтер құру туралы ұран көтеріп бұкара арасына бармаса, ол қозғалыстың соңында қалып қою қаупіне ұшырайтындығы туралы айтылады. Бұл бос сөз, жолдастар. Кәзір Хэнаньда ешқандай жұмысшы депутаттарының Советтері жоқ. Бұл ағылшын баспасөзінің тараткан өтірігі. Онда «қызыл найзалылар»[63] бар, онда шаруалар одақтары бар, бірақ жұмысшы депутаттарының Советтері туралы әзірге сөз де жоқ.

Әрине, жұмысшы Советтерін құруға болады. Бұл аса қыйын іс емес. Бірақ әңгіме жұмысшы Советтерін құруда емес, қайта оларды жаңа революциялық өкіметтің органдарына айналдыруда. Мұнсыз Советтер — құр бос нәрсе, Советтердің пародиясы. Кейін құлатып алу үшін және құр бос нәрсеге айналдыру үшін уақытынан бұрын Жұмысшы Советтерін құру деген сөз — қытай компартиясын буржуазиялық-демократиялық революцияның көсемі болудан қалдыру деген сөз; оның Советтерді қақпақыл қылатын барлық және әртүрлі «әсіресолшылдық» әрекеттердің шылауына айналуын оңайлату деген сөз.

1905 жылы Питерде жұмысшы депутаттары Советінің бірінші председателі болған Хрусталев та, жағдай қандай болса да Советтер өзінен өзі тап күштерінің ара салмағын өзгертіп жібере алады деп болжап, 1906 жылдың жазында жұмысшы депутаттарының Советтерін қалпына келтіруді, демек, құруды талап етті. Ленин ол кезде Хрусталевқа карсы болды, 1906 жылдың жазында жұмысшы депутаттарының Советтерін құрған жөн емес, өйткені арьергард (шаруалар) авангардқа (пролетариатқа) әлі келіп жеткен жоқ, ал мұндай жағдайларда Советтер құру, сөйтіп көтеріліс ұранын беру — қатерлі және мақсатқа қолайлы келмейді, деді ол.

Ал бұдан, біріншіден, Советтердің өзінен өзінің ролін асыра бағалауға болмайды, екіншіден, жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін құрғанда айналадағы жағдаймен санаспауға болмайды деген қортынды шығады.

Жалпы алғанда Қытайда жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін құру керек пе?

Я, құру керек. Оларды Уханның революциялық үкіметі нығайғаннан кейін, аграрлық революция өріс-тегеннен кейін, аграрлық революциядан, буржуазия-лық-демократиялық реболюциядан пролетарлық рево-люцияға көшерде күруға тура келеді.

Жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін құру — Қытайда Совет өкіметінің негізін салу деген сөз. Ал Совет өкіметінің негізін салу деген сөз — қосөкіметтің негізін салу және кәзіргі Ухандағы Го-миндан өкіметінің орнына Совет өкіметін орнатуға бағыт ұстау деген сөз.

Менің ойымша, мұның уақыты әлі жеткен жоқ.

Сіздің «сұрағыңызда» Қытайдағы пролетариаттың гегемониясы мен компартия туралы айтылады.

Ал кәзіргі буржуазиялық-демократиялық революцияда қытай пролетариатының көсемінің ролін, геге-монның ролін атқаруын жеңілдету үшін не керек?

Мұның үшін, ең алдымен, қытай компартиясы жұ-мысшы табының өз программасы, өз платформасы, өзінің меншікті ұйымы, өзінің меншікті бағыты бар топтасқан ұйымы болатын болуы керек.

Мұның үшін, екіншіден, қытай коммунистері аграр-лық-шаруа қозғалысының бірінші сапында тұратын болулары керек, олар шаруаларды, әсіресе шаруалар-дың ішіндегі кедейлерді революциялық одақтар мен комитеттерге ұйымдасуға және помещиктердің жерін конфискациялау ісін жүргізуге үйретететін болулары керек.

Мұның үшін, үшіншіден, қытай коммунистері ар-мия ішінде нығаятын болулары керек, оны революция-шылдандырып, оны қайта құрып отырулары керек

және оны жеке авантюристердің құралынан революцияның құралына айналдырып отырулары керек.

Мұның үшін, ақырында, қытай коммунистері Ухан үкіметінің жергілікті және орталық органдарына, Ухандағы Гоминданның жергілікті және орталық органдарына қатнасып, оларда помещиктерге де қарсы, империализмге де карсы революцияны бұрынғыдан әрі күшейте беру жолында батыл саясат жүргізіп отырулары керек.

Оппозиция қытай компартиясын революциялық-демократиялық күштерден бөліп әкету және оны Гоминданнан, Ухан үкіметінен шығару жолымен оның дербестігін сақтамақ болып ойлайды. Бірақ бұл 1905 жылы бізде меньшевиктердің айтқанындай кәдімгідей күманді «дербестік» болған болар еді. Меньшевиктердің ол кезде Ленинге қарсы шығып, «бізге жұмысшы партиясының гегемониясы емес, қайта дербестігі керек» дегені мәлім. Мұның өзі дербестікті бекерге шығарғандық, өйткені дербестікті гегемонияға қарама-қарсы қою пролетариатты либералдық буржуазияның шылауына айналдыру болып табылады.

Менің ойымша, кәзір қытай компартиясының дербестігі туралы айтып жүрген, сонымен қабат қытай компартиясының Гоминданнан және Ухан үкіметінен шығуын талап етіп немесе соған меңзеп отырған оппозиция 1905 жыл дәуірінің меньшевиктік «дербестігінің» жолына түсіп бара жатыр. Компартия Гоминданның ішінде де, одан тыскары жерде де, еңбекшілердің қалың бұқарасының арасында жетекші күш болып алған күнде ғана ол шын дербестік пен шын гегемонияны сақтай алады.

Егерде қытай компартиясы шын дербес партия

болғысы келсе, одан кәзір талап етілетіні Гоминдаңнан шығу емес, қайта Гоминданның ішінде де, одан тысқары жерде де компартияның басшылық ролін қамтамасыз ету болып табылады.

ТОҒЫЗЫНШЫ СҰРАҚ

«Қытайда тұрақты Қызыл Армия құру туралы кәзіргі кезеңде мәселе қоюға бола ма?»

Менің ойымша, болашақта бұл мәселені қалайда есте ұстау керек. Ал егер мәселе практикалық жағынан қойылып отырған болса, онда кәзір, осы минутте, осы күнгі армияны жаңа армиямен, Қызыл Армиямен ауыстыру мүмкін болмай отыр, өйткені оны ауыстырарлық әзірге ешнәрсе жоқ.

Кәзір басты жұмыс мынада: осы кездегі армияны жақсарта отырып, оны қолдан келген барлық амалдармен революцияландыра отырып, аграрлық революцияның мектебінен өткен революцияшыл шаруалардан және революцияшыл жұмысшылардан жаңа революциялық полктар мен дивизиялардың кәзірден-ақ негізін салу керек, сенімді командирлер құрамы бар бірқатар жаңа, шын сенімді корпустар құрып, оларды Ухандағы революциялық үкіметтің тірегіне айналдыру керек.

Осы корпустар кейін Қызыл Армия болып қанат жаятын жаңа армияның ұйытқысы болады да.

Мұның өзі майдандарда күресу үшін де керек, сол сияқты, әсіресе тыл ішінде барлық және қандай да болса контрреволюцияшыл алаяқтарға қарсы күресу үшін де керек.

Тыл ішінде және майданда оқыс олқылықтардың,

жау жағына шығып кетушіліктер мен опасыздықтардың болмауына мұнсыз кепілдік жоқ.

Менің ойымша, бұл жол — әзірге мүмкін және мақсатқа қолайлы жалғыз ғана жол болып табылады.

ОНЫНШЫ СҰРАҚ

«Кәзір, буржуазияға қарсы күресу кезеңінде, қытай кәсіп орындарын басып алу ұраны мүмкін бе?

Қытайдағы шетел фабрикаларын басып алу қандай жағдайларда мүмкін және мұның өзі қытай кәсіп орындарын бір мезгіл ішінде басып алушылыққа бастап апара ма?»

Менің ойымша, жалпы айтқанда, қытай кәсіп орындарын басып алуға көшу үшін іс жағдайы әлі пісіп жеткен жоқ. Бірақ қытай кәсіп иелерінің қасарысқан саботажы, бірқатар мұндай кәсіп орындардың жабылуы және жұмыссыздардың қасақана көбейтілуі Ухан үкіметін кәзірден-ақ кейбір мұндай кәсіп орындарды национализациялай бастауға және оларды Ухан үкіметінің күшімен жүргізуге мәжбүр етуі ғажап емес.

Ерекше қаскүнем және контрреволюцияшыл Қытай кәсіп иелеріне қарсы мұндай шараны, алдын алу шарасы ретінде, **жеке реттерде** жүзеге асыруға Ухан үкіметінің кәзірдің өзінде-ақ мәжбүр болуы мүмкін.

Шетел кәсіп орындарына келетін болсақ, онда бұл кәсіп орындары национализациялау ісі болашақтағы мәселе болып табылады. Бұл кәсіп орындарды национализациялау империалистерге тікелей соғыс жариялағандық болады. Ал мұндай соғысты жариялау үшін кәзіргіден гөрі қолайлырақ, біраз өзгеше жағдай керек.

Менің ойымша, революцияның кәзіргі сатысында, революция әлі бекініп жетпеген кезде, мұндай шара уақыты жетпеген, сондықтан мақсатқа қолайлы келмейтін шара болып табылады.

Міндет кәзір бұл емес, міндет — аграрлық революцияның жалынын барынша қаулатуда, бұл революцияда пролетариаттың гегемониясын қамтамасыз етуде, Уханды нығайтуда және оны қытай революциясының барлық және әртүрлі жауларына қарсы күрестің орталығына айналдыруда болып отыр.

Барлық міндеттерді бірден мойынға артып, зорығып кету қаупіне ұшырауға болмайды. Оның үстіне Гоминдан және оның үкіметі қытай буржуазиясы мен шетел буржуазиясын экспроприациялау міндеті сыяқты күрделі міндеттерді шешуге бейімделмеген.

Мұндай міндеттерді орындау үшін басқа жағдай, революцияның басқа сатысы, революциялық өкіметтің басқа органдары керек.

И. Сталин. Қытайдағы революция және оппозицияның қателері. М. — Л., 1927

ОКТЯБРЬДІ ДАЙЫНДАУ ДӘУІРІНДЕГІ ПРОЛЕТАРИАТ ПЕН АСА КЕДЕЙ ШАРУАЛАРДЫҢ ДИКТАТУРАСЫ ДЕГЕН ҰРАН ТУРАЛЫ

С. Покровскийге жауап

Сіздің осы жылы 2 майда жазған хатыңызда оған тәптештеп, былайша айтқанда, барлық пункттеріне түгел жауап бererліктей ешбір сылтау да, ешбір дәлел де жоқ деп ойлаймын.

Турасын айтқанда, бұл хатта, Ян — скийдің хатымен салыстырғанда, ешқандай ерекше жаңалық жоқ.

Егер мен бұған қарамастан Сіздің хатыңызға жауап беріп отырған болсам, оған себеп: бұл хатта 1917 жылдың апрель — май айлары кезіндегі каменевшілдікті тура қайта жаңғыртудың кейбір элементтері бар. Каменевшілдікті қайта жаңғыртудың осы элементтерін әшкерелеу үшін ғана мен Сіздің хатыңызға қысқаша жауап беріп өтуді қажет деп табамын.

1) Сіз хатыңызда: «Февральдан Октябрьге дейінгі дәуірде біз іс жүзінде **барлық** шаруалармен одақтасу ұранын жүргіздік», «Февральдан Октябрьге **бет алған** дәуірде партия шаруалар жөнінде — **барлық** шаруалармен түгел одақтасу керек деген **ескі** ұранын жақтап, соны қорғады» дейсіз.

Біріншіден, бұлай болғанда, большевиктер Ок-

тябрьді дайындау дәуірінде (1917 жылғы апрель — октябрь) аса кедей шаруалар мен ауқатты шаруалар арасына меже жүргізуді өзіне міндет етпей, шаруаларды түгелінен алған болып шығады.

Екіншіден, Октябрьді дайындау дәуірінде большевиктер «пролетариат пен шаруалардың диктатурасы» деген бұрынғы ұранның орнына «пролетариат пен аса кедей шаруалардың диктатурасы» деген жаңа ұранды қолданбай, 1905 жылы Лениннің «Екі тактика» деген кітапшасында айтылған ескі бағыттарында қалған болып шығады.

Үшіншіден, Октябрьді дайындау дәуірінде (1917 жылғы март — октябрь) Советтердің солқылдақтығы мен келісімпаздығына қарсы, орта шаруалардың Советтердегі және майдандағы ауытқуына қарсы, революция мен контрреволюция арасындағы ауытқуына қарсы, эсерлер мен меньшевиктерден шыққан келісімпаздар басшылық еткен Советтер большевиктерді оқшау қалдыру ісінде контрреволюцияшыл генералдармен тізе қосып кеткен июль күндерінде өте-мөте шиеленіскен ауытқушылық пен келісімпаздыққа қарсы күресудің большевиктік саясаты, — шаруалардың белгілі топтарының осы ауытқушылығы мен келісімпаздығына қарсы жүргізілген большевиктік күрес мағнасыз және мүлдем керексіз болған болып шығады.

Ең ақырында, Каменевтің 1917 жылы апрель — май айларында пролетариат пен шаруалардың диктатурасы деген бұрынғы ұранды жақтауы дұрыс болып шығады да, ал бұл ұранды ескірді деп санап, пролетариат пен аса кедей шаруалардың диктатурасы деген жаңа ұранды көтерген Лениндікі теріс болған болып шығады.

Сіздің бүкіл хатыңыздың тіпті ешбір мағнасы жоқтығын ұғыну үшін, міне осы мәселелерді алға қоюдың өзі-ақ жеткілікті.

Алайда Сіз Ленин шығармаларынан жеке цитаталар келтіруді өте сүйетін адам болғандығыңыздан, цитаталарға оралайық.

Февраль төңкерісінен кейін, революцияның онан әрі дамуы тұрғысынан қарағанда, Ленин пролетариат пен жалпы шаруалардың мүдделерінің бірдей болуын емес, аса кедей шаруалардың ауқатты шаруалардан жіктеліп шығуын Россияның аграрлық қатнасындағы жаңалық деп есептеді, бұлардың біріншісі, яғни аса кедей шаруалар пролетариатқа қарай ауды. ал екіншісі, яғни ауқатты шаруалар Уақытша үкіметтің соңынан ерді; мұны дәлелдеу үшін көп еңбек керек емес.

Каменевпен және каменевшілдікпен айтыса отырып, 1917 жылдың **апрелінде** бұл жөнде Ленин міне былай деген:

«Кәзір* шаруалармен мүддеміз бір деп сену пролетарлық партияға кешірілместік нәрсе» (Лениннің 1917 жылғы Апрель конференциясында сөйлеген сөзін қараңыз, XX том, 245-бет).

Онсын:

«Шаруалардың бірнеше съезінің қаулыларында аграрлық мәселені шешуді Құрылтай жыйналысына дейін қоя тұру керек деген пікір айтылғанын біз кәзірдің өзінде-ақ көріп отырмыз,— бұл кадеттерге бейімденген ауқатты шаруалардың* жеңісі» (Лениннің 1917 жылы апрельде Петроградтың жалпықалалық конференциясында сөйлеген сөзін қараңыз, XX том, 176-бет).

Одан әрі:

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

«Мүмкін шаруалар бүкіл жерді де, бүкіл өкіметті де алар. Бұл мүмкіншілікті менің ұмытпауым, өзімнің ой-өрісімді бір ғана бүгінгі күнмен тежеп қоймауым былай тұрсын, қайта мен жаңа құбылысты: батрактар мен аса кедей шаруалардың қожайын шаруалардан неғұрлым тереңірек жіктеліп* шыққанын есепке ала отырып, аграрлық программаны тура, дәл тұжырымдап отырмын» (Лениннің «Тактика туралы хаттар» деген апрельдегі мақаласын қараңыз, XX том, 103-бет).

Февраль революциясынан соң деревнядағы жаңа жағдайдағы Лениннің жаңа және маңызды деп тапқандары міне осы.

Ленин 1917 жылдың, февралынан кейінгі дәуірде партия саясатын құрғанда, міне осыларды негізге алған.

Ленин 1917 жылдың апрелінде Петроградтың жалпыкалалық конференциясында төмендегіні айтқанда осы қағыйданы негізге алған:

«Біз Жұмысшы, Солдат Депутаттарының Советі өкіметті Уақытша Үкіметтің қолына бергендігін тек осында ғана білдік. Жұмысшы, Солдат Депутаттарының Советі дегеніміз пролетариат пен солдаттар диктатурасының жүзеге асырылуы; солдаттардың арасында көпшілігі шаруалар. Пролетариат пен шаруалардың диктатурасы дегеніміз міне осы. Бірақ бұл «диктатура» буржуазиямен келісімге келді. Дәл осы арада «ескі» большевизм қайта қаралуы* керек» (қараңыз: XX том, 176-бет).

Ленин 1917 жылдың апрелінде былай деп жазғанда да, ол осы қағыйданы негізге алған:

«Кәзір кімде-кім «пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы» туралы ғана сөз қылса, ол тұрмыстан кейін қалған адам, ол осының себебінен іс жүзінде пролетарлық тап күресіне қарсы ұсақ буржуазия жағына шық-

* Курсив менікі. **И. Ст.**

қан адам, оны революциядан бұрынғы «большевиктік» сирек заттардың архивына («қарт большевиктер» архивы деп атаса да болады) тапсыру керек» (қараңыз: XX том, 101-бет).

Пролетариат пен шаруалардың диктатурасы деген бұрынғы ұранның орнына пролетариат пен аса кедей шаруалардың диктатурасы деген ұранның тууы да осы себептен болатын.

Сіз өзіңіздің хатыңызда айтып отырғаныңыз сияқты, бұл әлі аяқталып жетпеген шаруа революциясынан троцкийшілдік аттап өту дерсіз, бірақ, 1917 жылдың апрелінде Ленинге қарсы бағытталған Каменевтің қарсы дауы каншалық дәрежеде кісі нанарлық нәрсе болған болса, сіздің мұныңыз да соншалық дәрежеде ғана кісі нанарлық нәрсе.

Ленин былай дегенде мұндай қарсы даудың болуын толық ескерген:

«Троцкизм — «патшасыз жұмысшылар үкіметі болсын» дейді. Бұл дұрыс емес. Ұсақ буржуазия бар, оны шығарып тастауға болмайды. Бірақ оның екі бөлегі бар. Оның кедей* жақ бөлегі жұмысшы табына ереді» (қараңыз: XX том, 182-бет).

Каменевтің қатесі, ал кәзір Сіздің қатеңіз, ұсақ буржуазияның, дәл осы айтылып отырған ретте — шаруалардың екі бөлегінің арасындағы айырманы байқап, көрсете білмеулеріңізде; шаруалардың аса кедей бөлегін шаруалардың бүкіл былайғы бұқарасынан **бөліп ала** білмеулеріңізде және революцияның 1917 жылдағы бірінші кезеңінен оның екінші кезеңіне өту жағдайындағы партия саясатын соған негіздеп **құра** білмеулеріңізде, осыдан жаңа ұранды, пролетариат пен аса кедей шаруалардың диктатурасы тура-

* Курсив менікі. **И. Ст.**

лы партияның екінші стратегиялық ўранын **шығара** білмеулеріңізде.

Ленин еңбектерінен 1917 жылдың апрелінен октябрьге дейінгі «пролетариат пен аса кедей шаруалардың диктатурасы» деген ўранның іс жүзіндегі тарихын біртелеп қарап өтейік.

1917 жылдың **апрелі:**

«Россиядағы кәзіргі кезеңнің өзгешелігі — пролетариаттың саналылығы мен ўйымдасқандығы жеткіліксіз болғандықтан өкіметті буржуазияға берген революцияның **бірінші*** кезеңінен өкіметті пролетариаттың және **шаруалардың аса кедей топтарының*** қолына беруге тиісті оның **екінші** кезеңіне **өту»** (**Лениннің «Апрель тезистерін»** қараңыз, XX том, 88-бет).

1917 жылдың **июлі:**

«Егер **аса кедей шаруалар*** қолдаса, революцияшыл жўмысшылардың өздері-ақ капиталистердің қарсылығын тойтара алады, ақы төлемей-ақ жерді өзіне қаратып алуға, толық бостандыққа жетуге, аштықты жеңуге, соғысты жоюға, әділ, берік бітім жасауға халықты бастай алады» (XXI том, 77-бетті қара).

1917 жылдың **августы:**

«**Аса кедей шаруаларға*** (біздің программамызша айтқанда, жартылай пролетарға) басшылық етіп отырған пролетариат қана соғысты демократиялық бітіммен тындыра алады, соғыстың жараларын жаза алады, социализмге аяқ басу жөнінде сөзсіз қажет болған және **кешеуілдетуге болмайтын** қадамдарды бастай алады,— біздің таптық саясатымыздың кәзіргі анықтамасы міне осындай» (қараңыз: XXI том, 111-бет).

1917 жылдың **сентябрі:**

«Пролетарлар мен **аса кедей шаруалардың*** диктатурасы ғана

* Курсив менікі. **И. Ст.**

капиталистердің қарсылығын тойтара алады, өкіметтің нағыз айбынды жаужүректігін және батылдығын көрсете алады, армия ішінде де, шаруалар ішінде де өзіне бұқараның жігермен, жантәнімен, шын ерлікпен көмек көрсетуін қамтамасыз ете алады» (қараңыз: XXI том, 147-бет).

1917 жылдың **сентябрь — октябрінде,** «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?» деген кітапшада Ленин «Новая Жизньмен»[64] айтыса келіп, былай дейді:

«**Не*** бүкіл өкімет буржуазиянікі болады — мұны сіздер көптен жақтамайсыздар, және буржуазияның өзінің де бұл туралы аузын ашуға батылы бармайды, өйткені мұндай өкіметті 20—21 апрельдің өзінде-ақ халық ыйықпен бір қағып лақтырып жібергенін, ал кәзір одан үш есе артық батылдықпен, аяусыз түрде лақтыратынын буржуазия біледі. **Не*** өкімет ұсақ буржуазиянікі болады, яғни оның буржуазиямен жасаған коалициясынікі (одақ, келісім) болады, өйткені ұсақ буржуазия өкіметті өз алдына дербес, ешкімге тәуелсіз түрде алғысы келмейді және **ала алмайды,** мұны барлық революциялардың тәжрибесі дәлелдеді, мұны капиталистік елде не капитал жағында, не еңбек жағында тұруға болады, бірақ екеуінің аралығында тұруға болмайды дегенді түсіндіретін экономикалық ғылым да дәлелдеп отыр. Бұл коалиция Россияда жарты жыл ішінде бірнеше ондаған әдістерді байқап қарады, бірақ іске аспай қалды. **Немесе***, ең ақырында, буржуазияға қарсы шығып, оның қарсылығын тойтару үшін, бүкіл өкімет пролетарлар мен **аса кедей шаруалардікі*** болады. Бұл әлі байқалып көрілген жоқ, ал сіздер, «Новая Жизньдегі» мырзалар, халықты өздеріңнің буржуазиядан үріккендеріңізбен үркітіп, халыққа мұны істеуге **кеңес бермей жүрсіздер.** Ешқандай төртінші бір нәрсені **ойлап табуға да болмайды»** (қараңыз: XXI том, 275-бет).

Фактылар осындай.

Октябрьді дайындау тарихындағы бұл фактылар мен оқыйғалардың бәрін Сіз **«жеп-жеңіл» аттап өте-**

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

сіз, Октябрьді дайындау дәуірінде большевиктердің ол кездегі Советтерде отырған «қожайын шаруалардың» солқылдақтығы мен келісімпаздығына қарсы ашқан күресін большевизм тарихынан «жеп-жеңіл» өшіріп тастайсыз, пролетариат пен аса кедей шаруалардың диктатурасы туралы Ленин ұранын «жеп-жеңіл» жерлейсіз, сонымен қабат мұныңызды тарих пен ленинизмге істеген зорлық емес деп түсінесіз.

Санын бұдан да арттыруға болатын бұл цитаталардан Сіз мынаны көруіңіз керек: большевиктер 1917 жылдың февралынан кейін негізгі пункт етіп жалпы шаруаларды емес, олардың аса кедей бөлегін алды, большевиктер Октябрьге пролетариат пен шаруалардың диктатурасы деген бұрынғы ұранмен емес, пролетариат пен аса кедей шаруалардың диктатурасы деген жаңа ұранмен келді.

Бұдан көрінетіні — большевиктер бұл ұранды Советтердің ауытқуы мен келісімпаздығына қарсы, шаруалардың Советтерде отырған белгілі бөлегінің ауытқуы мен келісімпаздығына қарсы ұсақбұржуазиялық демократияның эсерлер мен меньшевиктер деп аталатын белгілі партияларының ауытқуы мен келісімпаздығына қарсы күресіп іске асырды.

Бұдан көрінетіні — біз пролетариат пен аса кедей шаруалардың диктатурасы деген жаңа ұранды жүргізбесек, эсерлер мен меньшевиктердің келісімпаздығын жеңе аларлық, шаруалардың белгілі бөлегінің ауытқуын бейтарап ете аларлық, буржуазия өкіметін құлата аларлық, сөйтіп буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізуді мүмкін ете аларлық күші жеткілікті саяси армияны жыйнап ала алмаған болар едік.

Бұдан көрінетіні — «Октябрьге қарай қадам басқанда және Октябрьде жеңіп шыққанда, біз аса кедей шаруалармен біріге отырып, кулактардың (бұлар да шаруалар) қарсыласуы мен орта шаруалардың ауытқуы бола тұрса да жеңіп шықтық» (менің Ян — скийге жазған жауабымды қараңыз*).

Сөйтіп, Октябрьді дайындау дәуірінің өнбойындағыдай, 1917 жылдың апрелінде де Каменевтікі емес, Лениндікі дұрыс еді, ал бүгінде каменевшілдікті қайта жаңғыртып отырған Сіз жамандау топтың ортасына түсіп бара жатқан сықылдысыз.

2) Жоғарғы айтылғандардың бәріне қарама-қарсы, Сіз Лениннің 1917 жылдың Октябрінде өкіметті **жалпы** шаруалардың көмегі арқасында қолға алдық деген сөзін келтіресіз. Біздің өкіметті алуымызға жалпы шаруалардың **белгілібір** көмегі болғандығы әбден дұрыс. Бірақ Сіз бір кішкене «ұсақ-түйекті» қосуды ұмытып кеткенсіз: біз буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізіп **отырғандығымыздан** ғана **жалпы** шаруалар бізге Октябрьде де, Октябрьден кейін де көмектесті. Мұның өзі дәл осы айтылып отырған ретте мәселені шешіп беретін өте маңызды «ұсақ-түйек». Мұндай маңызды «ұсақ-түйекті» «ұмыту», сөйтіп, өте маңызды мәселені боямалау большевикке лайықты нәрсе емес.

Сіздің хатыңызға қарағанда, Сіз **жалпы** шаруалардың көмектескендігі туралы Ленин **сөзін** сол Лениннің өзі берген «пролетариат пен **аса кедей** шаруалардың диктатурасы» деген партия ұранына **қарсы қоятындығыңыз** көрінеді. Ал, Лениннің бұл сөзде-

---

* Осы томның 238-бетін қараңыз. *Ред.*

рін Ленин шығармаларынан жоғарыда келтірілген цитаталарға қарсы қою үшін, пролетариат пен аса кедей шаруалардың диктатурасы деген ұран туралы Лениннің жоғарыда келтірілген цитаталарын сол Лениннен сіз келтіріп отырған жалпы шаруалар туралы сөздері арқылы теріске шығаруға себеп табу үшін, ең болмағанда, екі нәрсені дәлелдеу керек.

Біріншіден. Буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу Октябрь революциясындағы басты мәселе болды деп дәлелдеу керек. Ленин буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу, ол міндетті **«жол-жөнекей»** шешіп өткен Октябрь революциясының **«көлденең»** жемісі болды деп санайды. Алдымен Лениннің осы қағыйдасын теріске шығарып алып, Октябрь революциясындағы **басты** мәселе буржуазия өкіметін құлату және өкіметтің пролетариат қолына көшуі емес, буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу деп дәлелдеу керек. Осыны дәлелдеп көріңіз, сонда мен 1917 жылдың апрелінен бастап октябріне дейінгі партия ұраны пролетариат пен аса кедей шаруалардың диктатурасы емес, пролетариат пен шаруалардың диктатурасы деген ұраны болды деп мойындауға дайынмын.

Сіздің хатыңызға қарағанда, Сіз бұл орасан қауіпті міндетті мойыңызға алуды мүмкін емес деп санап, алайда, Октябрь революциясының ең маңызды мәселелерінің бірі болған бітім туралы мәселеде бізге бейне **барлық** шаруалар тұтасымен көмектесті дегенді «жол-жөнекей» дәлелдеп өтуге тырысасыз. Бұл, әрине, дұрыс емес. Бұл мүлде дұрыс емес. Бітім туралы мәселеде Сіз тоғышарлардың көзқарасына түсіп кеткенсіз. Дұрысында бізде бітім туралы мәселе ол кез-

де өкімет туралы мәселе еді, өйткені өкімет пролетариат қолына көшкеннен кейін ғана империалистік соғыстан шығуға жол бар деп есептеуге болатын еді.

Сіз, тегінде, Лениннің «өкімет өзге таптың қолына көшкенде ғана соғысты тоқтатуға болады» және ««жойылсын соғыс» — дегеннің мәнісі қару тастау емес, оның мәнісі өкіметтің өзге таптың қолына көшуі» (**Лениннің** 1917 жылы апрельде Петроградтың жалпықалалық конференциясында сөйлеген сөзін қараңыз, XX том, 181 және 178-беттер) деген сөздерін ұмытып кеткен боларсыз.

Сонымен, екінің бірі: не Сіз Октябрь революциясындағы **басты** мәселе — буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу еді деп дәлелдеуіңіз керек, не Сіз мұны дәлелдей алмайсыз, — бұлай болған күнде, монархияны, помещиктік меншік пен помещиктік тәртіптерді жоя отырып, біз буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізіп **отырғанымыздан ғана жалпы** шаруалар Октябрьде бізді қолдай алды деген қортынды өзінен өзі туады.

Екіншіден. Октябрьді дайындаудың барлық дәуірінде пролетариат пен **аса кедей** шаруалардың диктатурасы деген ұранды үнемі **жүргізбей-ақ,** ұсақбуржуазиялық партиялардың келісімпаздығына қарсы осы ұраннан туатын күресті үнемі **жүргізбей-ақ,** шаруалардың белгілі топтары мен олардың Советтердегі өкілдерінің солқылдақтығын осы ұран қоскандайын үнемі **әшкерелемей-ақ** большевиктер буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізіп отырғандықтан, олар Октябрьде де, Октябрьден кейін де жалпы шаруалардан көмек ала алды дегенді дәлелдеуіңіз керек.

Осыны дәлелдеп беріңізші. Дұрысында, біз Ок-

тябрьде де, Октябрьден кейін де жалпы шаруалардың көмегін ала алуымыздың себебі не? Оның себебі, біз буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізуге мүмкіндік алдық.

Мұндай мүмкіндікті алуымыздың себебі не? Оның себебі — біз буржуазия өкіметін құлата алдық және оның орнына буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу қолынан келетін бір ғана өкімет болған пролетариат өкіметін орната алдық.

Буржуазия өкіметін құлатып, оның орнына пролетариат өкіметін орната алуымыздың себебі не? Оның себебі — біз Октябрьді дайындау ісін пролетариат пен аса кедей шаруалардың диктатурасы деген ұранмен жүргіздік, оның себебі — біз, осы ұранды негізге ала отырып, ұсақбуржуазиялық партиялардың келісімпаздығына қарсы үнемі күрес жүргіздік, оның себебі — біз, осы ұранды негізге ала отырып, Советтердегі орта шаруалардың ауытқуларына қарсы үнемі күрес жүргіздік, оның себебі — біз, **тек осындай ұранның арқасында ғана,** орташаның ауытқуын жеңіп, ұсақбуржуазиялық партиялардың келісімпаздығын күйретіп, өкіметтің пролетариат қолына өтуі жолында күрес жүргізу қолынан келетін саяси армияны жыйнай алдық.

Октябрь революциясының тағдірін шешіп берген, осы алдын ала жасалған жағдайларсыз біз буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу ісінде Октябрьде де, Октябрьден кейін де **жалпы** шаруалардың көмегін ала алмас едік, мұны дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас.

Шаруа соғыстарының пролетарлық революциямен ұштасуын міне осылай ұғыну керек.

Міне, осы себептен де, буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу ісінде жалпы шаруалардың Октябрьде және Октябрьден кейін көрсеткен көмегін Октябрь революциясының пролетариат пен аса кедей шаруалардың диктатурасы деген ұранмен дайындалу фактысына **қарама-қарсы қою — ленинизмнен түк ұқпағандық** болып шығады.

Сіздің негізгі қатеңіз, — Сіз, Октябрь революциясының өрісінде **социалистік** міндеттердің **буржуазиялық** революцияны ақырына дейін жеткізу міндеттерімен қыюласу фактысын да ұғынбағансыз, пролетариат пен аса кедей шаруалардың диктатурасы туралы партияның стратегиялық екінші ұранынан туатын Октябрь революциясының жеке талаптарын жүзеге асырудың тетігін де ұғынбағансыз.

Сіздің хатыңызды оқығанда, шаруаларды пролетарлық революцияға біз қызмет еткізбей, қайта, оның керісінше, кулактары да қоса «жалпы шаруалар» болып большевиктерді өзіне қызмет еткізген екен деп ойлап қалуға болады. Егер большевиктер пролетарлық емес таптарға соншалық оп-оңай қызмет «ете қойған» болса, онда большевиктердің ісі жаман болған болар еді.

Міне, Сіздің аяғыңыздан тартып отырған нәрсе — 1917 жылдың апрелі дәуіріндегі каменевшілдік.

3) Сіз, 1905 жылдың жағдайы мен 1917 жылғы февральдің қарсаңындағы жағдайдың арасындағы айырманы Сталин көрмейді дегенді айтасыз. Бұл, әрине, ұшқары айтылған сөз. Мен мұны айтқаным жоқ және айта алмас та едім. Мен өзімнің хатымда 1905 жылы шыққан пролетариат пен шаруалардың диктатурасы туралы партия ұраны 1917 жылғы Февраль револю-

циясында дәлелденді дегенді ғана айтқанмын. Бұл, әрине, дұрыс та. 1917 жылдың августындағы «Шаруалар мен жұмысшылар» деген мақаласында Лениннің өзі де жағдайды дәл осылай суреттеген болатын:

«Тек пролетариат пен шаруалар ғана монархияны құлата алады — біздің таптық саясатымыздың ол кездегі (1905 жыл туралы айтылып отыр. **И. Ст.**) негізгі анықтамасы осындай болды. Бұл анықтама дұрыс та еді. **1917 жылдың февралі мен марты мұны тағы да дәлелдеді»*** (қараңыз: XXI том, 111-бет).

Сіздің тек әншейін байланысқыңыз келеді ғой.

4) Сіз, одан әрі, Сталиннің **Октябрьге дейін** орташаның келісімпаздығы туралы тезисіне, Сталиннің «Ленинизм мәселелері» деген кітапшасындағы **пролетариат диктатурасы баянды етілгеннен кейін** орта шаруалармен біріге отырып социализм орнатудың мүмкіндігі туралы айтылған цитатасын қарсы қойып, Сталин сөздерінің бір-біріне қайшылығын ашқыңыз келеді.

Екі түрлі нәрсені бұлай ұқсастырудың мүлде ғылымға жатпайтындығын дәлелдеу үшін, онша үлкен еңбек сіңірудің керегі жоқ. Октябрь алдындағы, өкімет тізгіні буржуазияның қолында болған кездегі орта шаруа мен пролетариат диктатурасы баянды етілгеннен кейінгі, буржуазия құлатылып, экспроприацияланып, кооперация өрістеп, негізгі өндіріс құрал-жабдықтары пролетариат қолына жыйналған кездегі орта шаруа — екеуі екі түрлі нәрсе. Мұндай екі түрлі орташаны ұқсастыру және оларды бірдей деп есептеу мұның аты, құбылысты тарихи жағдаймен байланыстырмай қарап, барлық болашақты жойып алу

* Курсив менікі. **И. Ст.**

деген сөз. Мұның өзі барлық даталар мен дәуірлерді шатастыра цитата келтіретін зиновьевтік тәсіл сықылды бір нәрсе ғой.

Егер мұның өзі «революциялық диалектика» деп аталатын болса, онда Покровский «диалектикалық» ілікшілдік жөнінде әбден үздік шықты деп мойындауға болады.

5) Өзге мәселелерді қозғамай-ақ қоямын, өйткені оларды Ян—скиймен жазысқан хаттың өзінде түгел айтылған деп санаймын.

20 май, 1927 ж.

Бірінші рет мына кітапта басылған:
И. Сталин. Ленинизм мәселелері. 4-ші басылуы. 1928

ҚЫТАЙДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ КОМИНТЕРННІҢ МІНДЕТТЕРІ

Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті VIII пленумының X мәжілісінде сөйленген сөз[65]
24 май, 1927 ж.

I

КЕЙБІР ҰСАҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Жолдастар! Бүгін, Атқару Комитетінің мәжілісіне кешігіп қалғаным үшін және Атқару Комитетінде Троцкийдің сөйлеген сөзін толық есіте алмағаным үшін сіздерден кешірім сұрауға тиіспін.

Алайда, Троцкийдің Атқару Комитетіне Қытай мәселесі жөнінде соңғы күндері әдебиетті, тезистерді және хаттарды көп тапсырғандығы соншалық — оппозицияны сынау үшін бізде материал жағынан тапшылық бола қоймас деп ойлаймын.

Сондықтан Троцкийдің қателерін сынағанда мен осы документтерге сүйенемін де бұл сын, сонымен қатар, Троцкийдің бүгінгі сөзінің де негізіне берілген сын болатынына күмәнданбаймын.

Айтыста жеке адамдардың басына қатысы бар элементтерді аулақ тастауға мен, мүмкін болғанынша, тырысып бағамын. БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси бюросының және Коммунистік Интернационалдын Атқару Комитеті Президиумының кейбір мүшелерінің жеке бастарына Троцкий мен Зиновьевтің жасап отырған шабуылдарына бөгеліп жатуға тұрмайды.

Соғыс қаупі, қытай революциясы туралы және т. б. мәселелер жөніндегі Атқару Комитетінің жұмысын Троцкий туралы мәселе жөніндегі жұмысқа айналдырып жібермек болып, Троцкий Коминтерн Атқару Комитетінің мәжілістерінде өзін бір героймын деп көрсеткісі келетін тәрізді. Менің ойымша, Троцкий ондайлық зор көңіл бөлуге татымайды. (Орыннан: «Дұрыс!» деген дауыс шығады.) Оның үстіне, ол өзі геройдан да гөрі, актерге көбірек ұқсайды, ал актер мен геройды ешқашанда шатастыруға болмайды.

Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумінде социал-демократиялық уклонға жатады деп әйгіленген Троцкий мен Зиновьев сияқты адамдардың большевиктерді беталды балағаттап қоятынында Бухарин үшін немесе Сталин үшін қорланарлық түк те жоқ екенін айтпай-ақ қояйын. Қайта, егер Троцкий мен Зиновьев тәрізді жартылай меньшевиктер мені балағаттамай, мақтаған болса, мен оған қатты қорланған болар едім.

Оппозиция өзінің осы күнгі фракциялық бас көтерулерімен 1926 жылы 16 октябрьде берген міндеттемелерін бұзған-бұзбағандығы туралы да мен көп айтып жатпаймын. Троцкий оппозицияның 1926 жылғы 16 октябрьдегі декларациясы бойынша өзімнің көзқарастарымды қорғауға правом бар деп сендіреді. Бұл, әрине, рас. Бірақ, егер Троцкий декларация осымен тынады деп ойлайтын болса, онда мұны тек софизм деп атауға болады.

Оппозицияның 16 октябрьдегі декларациясында оппозицияның өз көзқарастарын қорғау правосы туралы ғана айтылып қоймайды, ол көзқарастарды пар-

тия ішінде рұхсат етілген шеңберде ғана қорғауға болатындығы, фракцияшылдықты аулақ тастау және жою керек екендігі, оппозиция партияның еркіне, Орталық Комитеттің қаулыларына «сөзсіз бағынуға» міндетті екендігі, оппозицияның бұл қаулыларға бағынып қана қоймай, оларды шын ниетімен «жүзеге асырып отыруға» тиісті екендігі туралы да айтылады.

Оппозицияның 1926 жылғы 16 октябрьдегі декларациясын онын өзі бұзғандығын және дөрекі түрде оны дал-дал жыртып тастағандығын осының бәрінен кейін дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас.

БК(б)П Орталық Комитеті мен Коминтерннің қытай мәселесі жөніндегі позициясын оппозицияның көптеген тезистерінде, мақалаларында және сөйлеген сөздерінде әдепсіз түрде және дөрекі-жала жабу түрінде бұрмалағандығы туралы да көп айтып жатпаймын. БК(б)П Орталық Комитеті мен Коминтерн Қытайда ұлт буржуазиясын «қолдау» саясатын қорғады және қорғап отыр-мыс деуін Троцкий мен Зиновьев қоймай жүр.

Троцкий мен Зиновьевтің бұл айтып отырғандары ойдан шығарылған өтірік, жала екендігін, істі әдейі бұрмалаушылық екендігін дәлелдеп жату қажет бола қоймас. Шынына келгенде БК(б)П Орталық Комитеті мен Коминтерн Қытайдағы революция бірікккен **жалпы ұлттық** майданның революциясы болып тұрған **кезінде** ұлт буржуазиясын қолдау саясатын емес, ұлт буржуазиясын **пайдалану** саясатын қорғады, кейін Қытайдағы революция **аграрлық** революцияға айналған кезде, ал ұлт буржуазиясы революциядан ығысып кете бастаған кезде, олар бұл саяс-

сатты ұлт буржуазиясына қарсы қарулы күреске шығу саясатымен ауыстырды.

Бұған көз жеткізу үшін кеңейтілген VII пленумның қарарын, Коминтерн Атқару Комитетінің белгілі үндеуін[66], Сталиннің насихатшыларға арналған тезистерін*, ақырында, Коминтерн Атқару Комитетінің Президиумына жақында Бухариннің тапсырған тезистерін қарап шықса да жетіп жатыр.

Оппозицияның бишаралығы — оның жала жаппай және бұрмаламай жүре алмайтындығында болып отыр.

Іске көшейік.

II

АГРАРЛЫҚ-ШАРУАЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ — БУРЖУАЗИЯЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ НЕГІЗІ

Троцкийдің негізгі қатесі — Қытай революциясының мәні мен сыйпатын оның түсінбейтіндігі. Коминтерн Қытайдағы аграрлық революцияға себепкер болып отырған кәзіргі кездегі езушіліктің басым факторы феодализмнің қалдықтары болып табылады деген сүйенеді. Коминтерн мынаған сүйенеді: Қытай деревнясындағы феодализм қалдықтары және осы қалдықтардың үстіндегі, барлық дзюдзюндарымен, губернаторларымен, генералдарымен, Чжан-Цзо-линдерімен тағы басқаларымен қоса, бүкіл милитаристік-бюрократтық қондырма,— кәзіргі аграрлық революция-

* Осы томның 244—254-беттерін қараңыз. *Ред.*

ның туып және өрлей басып отырған негізі болып табылады.

Егер шаруалар кірісінің 70% бірсыпыра провинцияларда помещиктер мен джентрилердікі болатын болса, егер қарулы, қарусыз помещиктер тек экономикалық емес, әрі әкімшілік, әрі сот өкіметін жүргізіп отырған болса, егер әлі күнге дейін бірқатар провинцияларда әйелдер мен балаларды орта ғасырдағыдай сатып алушылық және сатушылық қолданылып отырған болса,— онда феодалдық қалдықтар қытай провинцияларындағы езушіліктің негізгі формасы болып табылады деп мойындамауға болмайды.

Феодалдық қалдықтар өзінің барлық милитаристік-бюрократтық қондырмасымен бірге Қытайдағы езушіліктің негізгі формасы болып табылатын болғандықтан,— нақ солай болғандықтан Қытай кәзір өзінің күші мен құлаш сермеуі жағынан аса ұлы аграрлық революцияны бастан кешіріп жатыр.

Ал аграрлық революция деген не? Ол буржуазиялық-демократиялық революцияның нақ негізі мен мазмұны болып табылады.

Нақ сондықтан Коминтерн кәзіргі кезеңде Қытай буржуазиялық-демократиялық революцияны бастан кешіріп отыр дейді.

Бірақ Қытайдағы буржуазиялық-демократиялық революция тек феодалдық қалдықтарға қарсы бағытталып отырған жоқ. Мұнымен бірге ол империализмге қарсы бағытталған.

Неге?

Неге десеңіз, империализм Қытайдағы өзінің барлық финанс және соғыс қуатымен феодалдық қалдық-

тарды, оның барлық бюрократтық-милитаристік қондырмасын қолдап, дем беріп, өсіріп, сүрлеп сақтап отырған күш болып табылады.

Неге десеңіз, феодалдық қалдықтармен қабат Қытайдағы империализмге қарсы революциялық күрес жүргізбейінше, Қытайдағы феодалдық қалдықтарды жоюға болмайды.

Неге десеңіз, кімде-кім Қытайдағы феодалдық қалдықтарды жойғысы келетін болса, ол Қытайдағы империализмге және империалистік топтарға қарсы қайткенде де қару көтеруге тиіс.

Неге десеңіз, империализмге қарсы батыл күрес жүргізбейінше, Қытайдағы феодалдық қалдықтарды жеріне жеткізе соққылауға және жоюға болмайды.

Сондықтан да Коминтерн Қытайдағы буржуазиялық-демократиялық революция сонымен бірге антиимпериалистік революция болып табылады дейді.

Сонымен, Қытайдағы кәзіргі революция революциялық қозғалыстың екі ағынының — феодалдық қалдықтарға қарсы қозғалыс пен империализмге қарсы қозғалыстың — бірігуі болып табылады. Қытайдағы буржуазиялық-демократиялық революция феодалдық қалдықтарға қарсы күрестің империализмге қарсы күреспен бірігуі болып табылады.

Коминтерннің (демек, БК(б)П Орталық Комитетінің де) қытай революциясының мәселелері жөніндегі барлық бағытының сүйенер пункті осы.

Ал Троцкийдің қытай мәселесі жөніндегі позициясының сүйенер пункті қандай? Ол Коминтерннің жаңа ғана байымдалған көзқарасына **тура қарама-қарсы**. Троцкий Қытайда феодалдық қалдықтардың бар-

лығын не мүлдем мойындамайды, не бұларға шешуші маңыз бермейді. Троцкий (демек, оппозиция да) Қытайдағы феодалдық-бюрократтық езушіліктің күшін және маңызын жете бағаламайды, қытайдың ұлттық революциясының негізгі себебі Қытайдың империализм елдерінен мемлекеттік-таможнялық тәуелділігі болып табылады деп шамалайды.

Осыдан бірнеше күн бұрын Троцкийдің БК(б)П Орталық Комитеті мен Коминтерн Атқару Комитетіне жіберген белгілі тезистерін дәлел етуге рұхсат етіңіздер. Троцкийдің бұл тезистерінің аты: «Қытай революциясы және Сталиннің тезистері».

Троцкий бұл тезистерінде міне былай деп жазады:

«Бухариннің оппортунистік-келісімпаздық бағытты қытай экономикасында «феодализм қалдықтарының» ролі басым болып отыр-мыс деген дәлелмен ақтауға тырысқан әрекеті түбірімен негізсіз. Қытай шаруашылығына Бухариннің берген бағасы схоластикалық анықтамаларға емес, тіпті экономикалық анализге негізделген күнде де, «феодализмнің қалдықтары» бәрібір апрель төңкерісін соншама көрнеу жеңілдеткен саясатты ақтай алмаған болар еді. Қытай революциясының ұлттық-буржуазиялық сыйпатта болуының **негізгі себебі** — қытай капитализмінің өндіргіш күштерінің дамуы Қытайдың империализм елдеріне **мемлекеттік-таможнялық*** тәуелділігіне барып тірелгендігінен» (қараңыз: Троцкий, «Қытай революциясы және Сталиннің тезистері»).

Бұл цитатаға зейін қоймай қарасақ, Троцкий қытай революциясының сыйпаты туралы мәселе жөнінде Коминтерн жолына қарсы күресіп отырған жоқ, қайта Бухариннің «келісімпаздық саясатына» қарсы күресіп отыр екен деп ойлап қалуға болады. Бірақ бұл, әрине, дұрыс емес. Іс жүзінде бұл цитатада Қы-

* Курсив менікі. **И. Ст.**

тайдағы феодалдық қалдықтардың «басым ролін» жоққа шығару туралы сөз болып отыр. Іс жүзінде бұл арада Қытайда кәзір өрістеп отырған аграрлық революцияны жоғарыдан болып жатқан революция деп, былайша айтқанда, антитаможнялық революция деп жарыялау туралы сөз болып отыр.

Бұл арада Бухариннің «келісімпаздық саясаты» туралы деген былшыл сөз Троцкийге өзінің Коминтерн жолынан тайғандығын бүркемелеу үшін қажет болып отыр. Тура айтайын, бұл — Троцкийдің кәдуілгі мүттәйімдік тәсілі.

Сонымен, Троцкийдің айтуынша, Қытайдағы феодалдық қалдықтар өзінің барлық милитаристік-бюрократтық қондырмасымен бірге кәзіргі кездегі қытай революциясының негізгі серіппесі болып табылмайды, тырнақшаға алып қана айтуға лайық келетін, екінші қатардағы, болымсыз күш болып табылады.

Сонымен, Троцкийдің айтуынша, Қытайдағы ұлттық революцияның «негізгі себебі» Қытайдың империалистерден таможнялық тәуелділігі болып табылады, солай болғандықтан Қытайдағы революция, ең алдымен, былайша айтқанда, антитаможнялық революция болып табылады.

Троцкийдің концепциясының сүйеніш пункті осы.

Қытай революциясының сыйпатына Троцкийдің көзқарасы осындай.

Бұл көзқарас «ұлық дәрежелі» статский советник Чжан Цзо-линнің көзқарасы болып табылатындығын атап айтуға рұхсат етіңіздер.

Егер Троцкийдің көзқарасы дұрыс болатын болса, онда аграрлық революцияны да, жұмысшы революциясын да қаламайтын, тек қана теңдіксіз договор-

ларды жоюға және Қытайдың таможнялық автономиясын орнатуға тырысып жүрген Чжан Цзо-лин мен Чан Кай-шидікі дұрыс деп тану керек болады.

Троцкий күлдырап барып Чжан Цзо-лин мен Чан Кай-шидің кеңсешілдерінің көзқарасына дейін түсіп отыр.

Егер феодализмнің қалдықтарын тырнақшаға алу керек болса; егер революцияның кәзіргі сатысында феодализм қалдықтарының басым маңызы бар дейтін Коминтерндікі дұрыс болмаса; егер қытай революциясының негізі феодализм қалдықтарына және оларды қолдап отырған империализмге қарсы күрес емес, таможнялық тәуелділік болатын болса, — онда Қытайдағы аграрлық революциядан не қалады?

Помещиктік жерлерді конфискациялауды талап етіп отырған Қытайдағы аграрлық революцияның өзі қайдан шықты? Бұлай болған күнде, қандай негізге сүйеніп Қытай революциясын буржуазиялық-демократиялық революция деп есептейді? Аграрлық революция буржуазиялық-демократиялық революцияның негізі болып табылатындығы факт емес пе? Сонда аграрлық революцияның аспаннан түскені ме?

Хунань, Хубэй, Хэнань сияқты провинцияларда және т. б. шаруалар өз өкіметін, өз сотын, өзінің қорғанысын орнатып, помещиктерді түріп шығып, олардың «плебейлерше» сазайын беріп отырған провинцияларда миллиондаған, он миллиондаған шаруалардың ұлы аграрлық революцияға тартылғаны факт емес пе?

Егер феодалдық-милитаристік езушілік Қытайдағы езушіліктің негізгі формасы болып табылмайтын болса, онда осындай күшті аграрлық қозғалыс қайдан шыға алады?

Егер империализм қытай халқының феодалдық-милитаристік езушілерінің негізгі одақтасы болып табылады деп танымайтын болсақ, онда он миллиондаған шаруалардың осы күшті қозғалысы сонымен қабат антиимпериалистік сыйпатты қалайша ала алды?

Хунаньнің тек бір өзінде кәзір шаруалар одағының екіжарым миллионнан астам мүшесі бар екені факт емес пе? Ал мұндай мүшелер кәзір Хубэйде, Хэнаньда қанша және ең таяу уақыттың ішінде Қытайдың басқа провинцияларында бұлар қанша болмақ?

Ал енді «қызыл найзалар» ше, «ашыққан адамдардың одағы» және тағы басқалары ше, осылардың бәрі шын емес, ойдан шығарылған нәрсе болып па?

Он миллиондаған шаруалардың помещиктік жерлерді конфискациялау ұранымен жасап отырған аграрлық революциясы феодализмнің нағыз, күмәнсіз қалдықтарына қарсы бағытталмай, феодализмнің тырнақшаға алынған тек қиялдағы қалдықтарына қарсы бағытталып отыр деп шынымен-ақ айтуға бола қойғаны ма?

Троцкийдің құлдырап барып «ұлық мәртебелі» Чжан Цзо-лин кеңсешілерінің көзқарасы жағына ауып отырғандығы айқын-ақ емес пе?

Сонымен, бұл арада негізгі екі бағыт бар:

а) **Коминтерннің бағыты,** бұл бағыт Қытайда езушіліктің басым формасы ретінде феодалдық қалдықтардың бар екендігін, күшті аграрлық қозғалыстың шешуші маңызын, феодалдық қалдықтардың империализммен байланыстылығын, империализмге қарсы күресті күшейте түсіп отырған қытай революциясының

буржуазиялық-демократиялық сыйпаты бар екендігін ескереді;

б) **Троцкийдің бағыты,** бұл бағыт феодалдық-милитаристік езушіліктің басым маңызын жоққа шығарады, Қытайдағы аграрлық-революциялық қозғалыстың шешуші маңызын көрмейді және қытай революциясының антиимпериалистік сыйпатын Қытайдың таможнялық дербестігін талап ететін қытай капитализмінің мүдделерімен ғана түсіндіреді.

Троцкийдің (демек, оппозицияның да) негізгі қатесі — Қытайдағы аграрлық революцияны жете бағаламайтыны, бұл революцияның буржуазиялық-демократиялық сыйпатын түсінбейтіні, Қытайдағы сан миллион адам қатнасушы аграрлық қозғалыстың алғышарттарын жоққа шығаратыны, қытай революциясындағы шаруалардың ролін жете бағаламайтыны.

Бұл қате Троцкий үшін жаңа қате емес. Бұл қате Троцкийдің большевизмге қарсы күресінің барлық дәуіріндегі барлық жолының өзіне тән өзгеше белгісі болып табылады.

Шаруалардың буржуазиялық-демократиялық революциядағы ролін жете бағаламау Троцкийдің 1905 жылдан бері соңынан қалмай жүрген қатесі, бұл қате 1917 жылғы февраль революциясының алдында әсіресе айқын көрінеді және осы күнге дейін онан қалмай келе жатыр.

Троцкийдің ленинизмге қарсы күресіне қатысы бар кейбір фактыларға тоқтауға рұхсат етіңіздер: мәселен, 1917 жылғы февраль революциясының қарсаңында болған, біз Россияда буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңуіне жеткелі келе жатқан кезімізді алайық.

Ол кезде Троцкий: шаруалардың арасында жіктелу күшейгендіктен, кәзір бізде империализмнің үстемдігі жүріп тұрғандықтан және пролетариат өзін буржуазия ұлтына қарсы қойып отырғандықтан шаруалардың ролі кеми береді, ал аграрлық революцияның 1905 жылдағыдай маңызы болмайды, деп еді.

Бұған Ленин не деп жауап беріп еді? Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияда шаруалардың ролі туралы мәселе жөніндегі Лениннің 1915 жылғы мақаласынан цитата келтіруге рұхсат етіңіздер:

«Троцкийдің өзгеше теориясы (сөз Троцкийдің «перманенттік революциясы» туралы болып отыр. И. Ст.) большевиктерден пролетариатты батыл революциялық күреске шығуға, оны саяси өкіметті қолға алуға шақыратын ұранды алды, ал меньшевиктерден — шаруалардың ролін «жоққа шығарушылықты» алды. Шаруалар жік-жікке бөлініп, диференцияланды дейді; оның мүмкін болатын революциялық ролі барған сайын кеми берді дейді; Россияда «ұлттық» революция мүмкін емес: «біз империализм заманында өмір сүріп отырмыз», ал империализм буржуазия ұлтын ескі тәртіпке қарсы қоймайды, қайта пролетариатты буржуазия ұлтына қарсы қояды» дейді.

Империализм деген «сөзбен ойнаудың» қызықты мысалы міне осы! Егер Россияда осы кездің өзінде пролетариат «буржуазия ұлтына» қарама-қарсы тұрған болса, онда Россия тура социалистік революцияның алдында тұр деген сөз-ғой!! Онда «помещиктік жерлерді конфискациялау» ұраны (1912 жылғы Январь конференциясынан кейін Троцкийдің 1915 жылы қайталап отырған ұраны) дұрыс емес деген сөз-ғой, олай болса «революциялық жұмысшы» үкіметі туралы емес, «социалистік жұмысшы» үкіметі туралы сөйлеу керек деген сөз-ғой!! Троцкийдің былықпайы қандай шекке дейін жететіні оның пролетариат өзінің батылдығымен «пролетарлық емес (!) халық бұқарасын да» (№ 217) соңынан ертеді!! деген сөзінен көрінеді. Егер пролетариат деревняның пролетарлық емес бұқарасын помещиктік жерлерді конфискациялауға соңынан ертетін болса және монар-

хияны құлататын болса, онда осының өзі Россияда «ұлттық буржуазиялық революцияны» аяқтау болатынын, осының өзі **пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы** болатынын Троцкий ойламаған*.

Бүкіл он жылдық — ұлы он жылдық — 1905—1915 жылдар орыс революциясының екі және тек қана екі таптық бағыты бар екендігін дәлелдеді. Шаруалардың жіктелуі оның өз ішінде тап күресін күшейтті, саясат жағынан ұйқыда болып келген өте көп элементтерді оятты, қала пролетариатына селолық пролетариатты жақындатты (большевиктер селолық пролетариатты өз алдына ұйымдастыру керек екендігін 1906 жылдан бері қоймастан айтып келген және Стокгольмдегі меньшевиктік съездің қарарына осы талапты енгізген). Бірақ «шаруалардың» Марков — Романов — Хвостовтармен антагонизмі күшейді, өсті, шиеленісе түсті. Мұның айқын ақыйқат екендігі соншалық — мұны Троцкийдің Париж газеттерінде басылған ондаған мақалаларының мыңдаған сөздері де «теріске» шығара алмайды. Осы арқылы Троцкий шаруалардың ролін «жоққа шығарушылықты» шаруаларды революцияға аттандыруды тілемеу деп түсінетін, Россияның либералдық жұмысшы саясатшыларына көмектесіп отыр! Әңгіменің мазмұны кәзір нақ осында» (қараңыз: XVIII том, 317—318-беттер).

Троцкийдің схемасының өзгешелігі міне осы, мұның мәнісі — буржуазияны көріп отырып, пролетариатты көріп отырып, шаруаларды байқамаушылық, шаруалардың буржуазиялық-демократиялық революциядағы ролін түсінбеушілік,— міне нақ осы өзгешелік оппозицияның қытай мәселесі жөніндегі негізгі қатесі болып табылады.

Қытай революциясының сыйпаты туралы мәселедегі Троцкий мен оппозицияның «жартылай меньшевизмі» міне нақ осынысында.

Оппозицияның қытай мәселесі жөніндегі барлық басқа қателері, оппозицияның тезистеріндегі барлық былық осы негізгі қатеден келіп туады.

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

III

КОММУНИСТЕРДІ ҚЫРҒЫНҒА ҮШЫРАТЫП ЖАТҚАН НАНКИНДЕГІ ОҢШЫЛДАР ГОМИНДАНЫ ЖӘНЕ КОММУНИСТЕРМЕН ОДАҚТЫ ҚОЛДАП ОТЫРҒАН УХАНДАҒЫ СОЛШЫЛДАР ГОМИНДАНЫ

Мысалы, Ухан туралы мәселені алайық. Уханның революциялық ролі туралы мәселе жөніндегі Коминтерннің ұстаған жолы әрі белгілі, әрі анық. Қытай аграрлық революцияны бастан кешіріп отырғандықтан; аграрлық революцияның жеңуі буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңуі, пролетариат пен шаруалардың революциялық диктатурасының жеңуі болғандықтан; Нанкин ұлттық контрреволюцияның орталығы болғандықтан, ал Ухан — Қытайдағы революциялық қозғалыстың орталығы болғандықтан, — осылай болғандықтан, Гоминданның ішінде де, Гоминданның сыртында да пролетариаттың және оның партиясының жетекшілік ролі қамтамасыз етілетін болу шартымен Ухан Гоминданын қолдау керек, бұл Гоминданға және оның революциялық үкіметіне коммунистердің қатысуы керек.

Қазіргі Ухан үкіметі пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасының органы болып табыла ма? Жоқ, әзірге мұндай орган болып табылмайды және жуық арада әлі мұндай орган болмайды. Бірақ революцияның бұдан әрі дамуы жағдайында, бұл революцияның нәтижелерге жетуі жағдайында оның мұндай орган болып өсуге барлық мүмкіндіктері бар.

Коминтерннің ұстаған жолы осы.

Троцкий іске мүлдем басқаша қарайды. Ол Уханды революциялық қозғалыстың орталығы емес, тек «фикция» деп санайды. Кәзіргі солшыл Гоминдан не нәрсе деген сұраққа Троцкий: «Әзір ешнәрсе емес, немесе ешнәрсе емес дерлік» деп жауап береді.

Айталық, Ухан тек фикция екен. Ал, егер Ухан фикция болса, Троцкий осы фикцияға қарсы батыл күресуді неге талап етпейді? Қашаннан бері коммунистер фикцияны қолдайтын болыпты, фикцияға қатысатын, фикцияны басқаратын болыпты және т. т.? Коммунистердің фикцияға қарсы күресуге міндетті екені факт емес пе? Коммунистердің фикцияға қарсы күресуден бас тартуы, пролетариат пен шаруаларды алдау болып табылатындығы факт емес пе? Коммунистердің ухандық Гоминданнан және Ухан үкіметінен дереу кетуі жолымен болса да фикцияға қарсы күресуді Троцкий неге ұсынбайды? Неліктен Троцкий бұл фикцияда қалуды, одан кетпеуді ұсынады? Бұл арада логика қайда?

Бұл «логикалық» үйлесімсіздік Троцкийдің Ухан мәселесі жөнінде сілтеңкіреп жіберіл және оны фикция деп атап, кейін қорқып қалып өзінің тезистерінде тиісті қортынды шығаруға батылы бармағандығынан емес пе екен?

Немесе, мәселен, Зиновьевті алайық. Осы жылы апрельде БК(б)П Орталық Комитетінің пленумына таратып берілген тезистерінде Зиновьев Ухандағы Гоминданды 1920 жылдың дәуіріндегі кемалистердің үкіметі сияқты деп бағалайды. Бірақ, кемалистердің үкіметі — жұмысшылар мен шаруаларға қарсы күрестің үкіметі болды ғой, коммунистерге орын болмаған және оларға орын болуы тиісті емес үкімет болды.

Уханға әлгіндей баға беруден Уханға қарсы батыл күресу керек, Ухан үкіметін құлату керек деген бір ғана қортынды шығаруға болатын тәрізді.

Бірақ, бұлайша тек кәдуілгі адамдар ғана, кәдуілгі адам логикасындағылар ғана ойлай алады.

Зиновьев олай ойламайды. Ханкоудағы ухандық үкіметке — кемалистердің үкіметіндей деген баға беріп, ол сонымен бірге, осы үкіметтің өзіне барынша жігерлі көмек беруді ұсынады, коммунистер ол үкіметтен шықпасын, Ухандағы Гоминданнан кетпесін дегенді және т. т. ұсынады. Ол тура былай дейді:

«Ханкоуға барынша жігерлі түрде және барлық жағынан бірдей көмек беру қажет, одан Кавеньяктарға тойтарыс беруді ұйымдастыру керек. Жақын уақыттың ішінде Ханкоуда ұйымдасып, орнығып алуға көмектесетін болуға барлық күшті жұмсау керек» (Зиновьевтің тезистерін қараңыз).

Ұғып қараңыздар, мұны кім түсінбек!

Троцкий айтады: Ухан яғни Ханкоу фикция болып табылады, дейді. Зиновьев, керісінше, Ухан кемалистердің үкіметі болып табылады, дейді. Бұдан: фикцияға қарсы күресу немесе Ухан үкіметін құлату жолында күресу деген қортынды шығару жөн болар еді. Ал, оның бержағында Троцкий де, Зиновьев те өздері айтып отырған алғы шарттарынан лажсыз келіп туатын кортындыдан қорқады, ал, Зиновьев «Ханкоуға барынша жігерлі түрде және барлық жағынан бірдей көмек беру керек» дегенді ұсынып, одан да әрі барады.

Осының бәрі нені көрсетеді? Бұл — оппозицияның өз қайшылықтарына шатасып отырғанын көрсетеді. Оппозиция логикалық ойлау қабілетінен айырылып, барлық перспективаларды жоғалтқан.

Көзқарастардағы шатасқандық, Ухан туралы мәселе жөнінде перспектива атаулыны жоғалтушылық— мінеки, егерде шатақ нәрсені ұстаған жол деп атауға тегі болатын болса, Троцкий мен оппозицияның ұстаған жолы осы.

IV

ҚЫТАЙДА ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ ШАРУА ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ СОВЕТТЕРІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

Немесе, тағы Қытайда жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін құру туралы мәселені алайық.

Советтерді ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде бізде Коминтерннің II конгресі қабылдаған үш қарар бар: артта қалған елдерде **пролетарлық емес**, шаруа Советтерін құру туралы Лениннің тезистері, Қытай мен Индия сияқты елдерде **жұмысшы** және шаруа Советтерін құру туралы Ройдың тезистері және «Жұмысшы депутаттарының Советтерін қашан және қандай жағдайларда құруға болады» деген мәселе туралы арнаулы тезистер.

Лениннің тезистері өнеркәсіптік пролетариаты жоқ, немесе жоқ дерлік Орта Азия сияқты елдерде «шаруа», «халық» советтерін, **пролетарлық емес** Советтер құру туралы айтады. Ленин тезистерінде мұндай елдерде **жұмысшы** депутаттарының Советтерін құру туралы бірде-бір сөз жоқ. Бұл арада Лениннің тезистері, артта қалған елдердегі «шаруа», «халық» Советтерінің дамуы мен құрылуының керекті шарттарының бірі мұндай елдердегі революцияны СССР Одағы пролетариатының **тікелей** қолдауы болып табылады

деп есептейді. Әрине, бұл тезистер өнеркәсіп пролетариатының белгілі минимумы бар және, жұмысшы Советтерін құру, белгілібір жағдайларда, шаруа Советтерін құрудың алғышарты болып табылатын Қытайды немесе Индияны айтып отырған жоқ, қайта басқа елдерді, Персия тәрізді және тағы басқалары сияқты анағұрлым артта қалған елдерді айтып отыр.

Ройдың тезистерінде ең алдымен, өнеркәсіп пролетариаты бар Қытай мен Индия еске алынады. Бұл тезистер белгілі бір жағдайларда, буржуазиялық революциядан пролетарлық революцияға өту дәуірінде жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін құруды ұсынады. Әрине, бұл тезистердің Қытайға тура қатысы бар.

Екінші конгрестің «Жұмысшы депутаттарының Советтерін қашан және қандай жағдайларда құруға болады» деген тақырыптағы айрықша тезистері Россиядағы және Германиядағы революциялардың тәжрибесі негізінде Жұмысшы депутаттары Советтерінің ролі туралы айтады. Бұл тезистер «пролетарлық революция болмаған жерде Советтер Советтердің пародиясына айналмай қоймайды» дейді. Әрине, Қытайда жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін дереу құру туралы мәселені талқыларда біз осы соңғы тезистерді де ескеруіміз керек.

Егер Қытайдағы кәзіргі жағдайды және Уханда революциялық қозғалыстың орталығы болып табылатын Гоминданның бар екенін еске алатын балсақ, сондай-ақ Коминтерннің II конгресінің соңғы екі тезисіндегі нұсқауларды еске алатын болсақ, Қытайда жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін

дереу құру туралы мәселе жөнінде істің жайы қандай?

Мәселен, Ухан үкіметі қызмет істеп отырған ауданда жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін құру қосөкімет құру деген сөз болады, солшыл Гоминданды құлату және Қытайда жаңа өкіметті — Совет өкіметін құру жолында күресуге ұран тастау, деген сөз болады.

Жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтері өмір сүріп отырған өкіметті құлату жолында күресу органдары, жаңа өкімет үшін күресу органдары болып табылады. Жұмысшы және шаруа депутаттары Советтерінің пайда болуы қосөкімет тудырмай қоймайды, ал қосөкімет барлық **өкімет** кімнің қолында болуға тиісті деген мәселені шиеленістірмей қоймайды.

1917 жылы мартта — апрельде — майда — июньде Россияда істің жайы қандай еді? Ол кезде Уақытша үкімет бар еді; өкімет билігінің жартысы соның қолында еді; анағұрлым нақтылы өкімет соның қолында еді деп айту да керек болар, өйткені оны әлі әскер қолдап отырған болатын. Мұнымен катар, Жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері болды, бұлардың қолында да өкімет билігінің жартысы болған сыяқты, бірақ ол Уақытша үкіметтей оншама нақтылы бола коймады. Ол кезде большевиктердің ұраны Уақытша үкіметті жою және барлық өкіметті Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің қолына беру еді. Ол кезде большевиктердің бірде-біреуі Уақытша үкіметтің құрамына кіру туралы ойлаған емес, өйткені сол үкіметті құлату жолында қызмет етіп жатсаң, оның құрамына кіруге болмайды.

1917 жылғы мартта — июньде Россияда болған жағдай Қытайдағы кәзіргі жағдайға ұқсас деуге бола ма? Жоқ, олай деуге болмайды. Олай деуге болмайтын себебі, — ол кезде Россия пролетарлық революцияның қарсаңында болғандығынан, ал Қытай кәзір буржуазиялық-демократиялық революцияның қарсаңында болып отырғандығынан ғана емес, ол кезде Россиядағы Уақытша үкіметтің контрреволюциялық және империалистік үкімет болғандығынан, ал, Ухандағы кәзіргі үкіметтің антиимпериалистік үкімет және буржуазиялық-демократиялық деген мағнада революциялық үкімет болып отырғандығынан.

Осыған байланысты, оппозиция бізге нені ұсынып отыр?

Ол Қытайда революциялық қозғалыс ұйымдарының орталықтары ретінде жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының Советтерін дереу құруды ұсынып отыр. Бірақ, жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтері революциялық қозғалысты ұйымдастырудың орталықтары ғана емес, бұлар бәрінен бұрын және ең алдымен өмір сүріп отырған өкіметке қарсы көтерілістің органдары, жаңа, революциялық өкімет құрудың органдары болып табылады. Жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтері тек көтеріліс органдары ретінде ғана, тек жаңа өкімет органдары ретінде ғана революциялық қозғалыс орталықтарына айналдырыла алатындығын оппозиция түсінбейді. Мұнсыз Жұмысшы депутаттарының Советтері фикцияға айналады, 1918 жылы Германияда және 1917 жылы июльде Россияда болғаны тәрізді сол өмір сүріп отырған өкіметтің шылауына айналады.

Кәзіргі уақытта Қытайда Жұмысшы және шаруа

депутаттарының Советтерін құру, Советтер мен Ухан үкіметінің арасында қосөкімет құру болатынын және бұл қайткен күнде де Ухан үкіметін құлату ұранына апарып соқпай қоймайтынын оппозиция түсіне ме екен?

Осы оп-оңай нәрсені Зиновьевтің түсінетіндігіне мен өте-мөте күманданамын. Бірақ Троцкий мұны әбден түсінеді, өйткені ол өзінің тезистерінде тура былай деп жазады: «Советтер құру ұраны қосөкіметтің өткелді режимі арқылы нағыз өкімет органдарын құруға шақырғандық деген сөз болады» (Троцкийдің «Қытай революциясы және Сталиннің тезистері» деген тезистерін қараңыз).

Сонымен, бұдан шығатын қортынды мынау: біз Қытайда Советтерді құра отырып, «қосөкімет режимін» орнатамыз екен, Ухан үкіметін құлатып, жаңа, революциялық өкімет құрамыз екен. Сірә, Троцкий бұл жерде 1917 жылы Октябрьдің қарсаңындағы дәуірде Россияда болған революцияның тарихындағы оқыйғаларды үлгі етіп алып отырса керек. Ол кезде бізде, шынында, қосөкімет болған еді, және ол кезде біз, шынында да, Уақытша үкіметті құлатып жатқан едік.

Бірақ жоғарыда да айттым, ол кезде Уақытша үкіметтің құрамына кіруді ешкім ойлаған жоқ. Ендеше, Троцкий коммунистердің Гоминданнан және Ухан үкіметінен дереу шығуын кәзір неге ұсынбайды? Ухан үкіметінің құрамына кіре отырып, сол үкіметті құлатқың келе отырып, қалайша Советтер құруға болады, қалайша қосөкімет режимін орнатуға болады? Троцкийдің тезистері бұл сұраққа жауап бермейді.

Ал оның бержағында, Троцкийдің бұл арада өз

қайшылықтарының былықпайы арасынан жол таба алмай, үмітсіз шатасып отырғандығы анық нәрсе. Ол буржуазиялық-демократиялық революцияны пролетариат революциясымен шатастырып алды. Қытайдағы буржуазиялық-демократиялық революция тек бітпеген революция екендігі былай тұрсын және әлі жеңбеген революция екендігі былай тұрсын, қайта өз дамуының тек бірінші сатысында ғана тұрған революция екендігін ол «ұмытып кетті». Ухан үкіметін қолдаудан бастарту, қосөкімет ұранын көтеру және Советтерді дереу құру арқылы **нақ кәзір** Ухан үкіметін күлату ұранын тастау дегеніңіз Чан-Кай-шиға және Чжан-Цзо-линге турасынан күмансыз көмек көрсету деген сөз болатынын Троцкий түсінбейді.

Бізге былай дейді: олай болған күнде 1905 жылы Россияда жұмысшы депутаттары Советтерінің құрылуын қалай түсіну керек, — сонда ол кезде біз буржуазиялық-демократиялық революцияны бастан кешірген жоқ па едік?

Бірақ, біріншіден, ол кезде небәрі екі Совет қана болды — Петербургте және Москвада болды, ал бұл екі Советтің бар екендігі Россияда Совет өкіметі системасының бар екендігін әлі көрсете алмайды.

Екіншіден, Петербург және Москва Советтері ол кезде ескі, патшалық өкіметке қарсы көтерілістің органдары болған, мұның өзі Советтер тек революция ұйымдастырудың орталықтары деп қарауға болмайтындығын, Советтер тек көтеріліс органдары және жаңа өкіметтің органдары ретінде ғана сондай орталықтар бола алатындығын тағыда дәлелдеді.

Үшіншіден, жұмысшы Советтерінің тарихы мынаны көрсетеді: мұндай Советтер буржуазиялық-демок-

ратиялық революциядан пролетарлық революцияға тікелей өту үшін қолайлы жағдайлар болған күнде ғана, демек, буржуазиялық үкіметтен пролетариат диктатурасына өту үшін қолайлы жағдайлар болған күнде ғана өмір сүріп, ілгері дамый алады.

Петербургтегі және Москвадағы Жұмысшы Советтері 1905 жылы сондай-ақ Германияда Жұмысшы Советтері 1918 жылы ол кезде осындай қолайлы жағдайлар болмағандықтан мерт болған жоқ па?

Мүмкін, кәзіргі Қытайдағы солшыл Гоминдан сыяқты кең тараған революциялық ұйым Россияда ол кезде болған болса, 1905 жылы Россияда Советтер болмас еді. Бірақ ол кезде Россияда мұндай ұйымның өмір сүруі мүмкін болмады, өйткені орыс жұмысшылары мен орыс шаруаларының арасында ұлттық езушіліктің элементтері болған жоқ, орыстардың өздері басқа ұлттарды езді, ал, солшыл Гоминдан сыяқты ұйым шетел империалистері тарапынан ұлттық езушіліктің — елдің революциялық элементтерін кең бір ұйымға тартатын езушіліктің болуы жағдайында туа алады.

Солшыл Гоминданның революциялық күрес органы ретіндегі ролін, Қытайдағы феодалдық қалдықтарға және империализмге қарсы көтеріліс органы ретіндегі ролін тек соқырлар ғана жоққа шығара алады.

Ал, бұдан қандай қортынды шығады?

Бұдан шығатын қортынды мынау: 1905 жылы Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революция үшін Советтер қандай роль атқарған болса, Қытайдағы солшыл Гоминдан Қытайдағы кәзіргі буржуазия-

лық-демократиялық революция үшін соған жуық роль атқарып отыр.

Солшыл Гоминдан сыяқты жұртқа белгілі және революциялық-демократиялық ұйым Қытайда болмаса, онда әңгіме басқаша. Ал енді Қытай жағдайларының өзгешеліктеріне ыңғайланып құрылған және Қытайдағы буржуазиялық-демократиялық революцияның бұрынғыдан әрі дамуы үшін өзінің жарамдылығын дәлелдеген ерекше революциялық ұйым бар тұрғанда,— енді келіп, буржуазиялық-демократиялық революция енді ғана басталып отырған, ол революция әлі жеңбеген және жуық арада әлі жеңе де қоймайтын кәзіргі жағдайда талай жылдар бойы жасалған бұл ұйымды бұзу ақылсыздық, жөнсіздік болар еді.

Кейбір жолдастар осыған сүйеніп, Гоминданды болашақта да, пролетарлық революцияға өтерде де, пролетариат диктатурасының мемлекеттік ұйымының формасы ретінде пайдалануға болады деген қортынды шығарады; бұл арада олар буржуазиялық-демократиялық революциядан пролетарлық революцияға бейбіт жолмен өту мүмкіншілігі бар деп біледі.

Революцияның бейбіт жолмен даму мүмкіншілігі, жалпы айтқанда, әрине, жоқ деуге болмайды. Біздің Россияда да 1917 жылдың басында Советтер арқылы революцияның бейбіт даму мүмкіншілігі туралы айтылған болатын.

Бірақ, біріншіден, Гоминдан Советтер болып табылмайды, сондықтан егер Гоминдан буржуазиялық-демократиялық революцияның дамуы ісіне ыңғайланған болса, ол пролетарлық революцияның дамуы ісіне ыңғайланады деген мағна әлі тумайды; ал Жұмыс-

шы депутаттарының Советтерін алатын болсақ, олар пролетариат диктатурасының өте қолайлы формасы болып табылады.

Екіншіден, тіпті, 1917 жылы Россияда Советтер бар бола тұрса да пролетарлық революцияға бейбіт жолмен өту іс жүзінде мүмкін болмай шықты.

Үшіншіден, Қытайда пролетарлық орталықтар соншалық аз, ал Қытай революциясының жаулары соншалық күшті және көп, сондықтан революцияның ілгері қарай әрбір адым басуы және империалистер тарапынан көрсетілетін әрбір тегеурін Гоминданнан жаңа кетушілердің санын көбейтпей қоймайды, Гоминданның беделі есебінен компартияның күшін барған сайын арттырмай қоймайды.

Менің ойымша, Қытай революциясының бейбіт жолмен дамуын мүмкін емес деп есептеу керек.

Менің ойымша, жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін Қытайда буржуазиялық-демократиялық революциядан пролетарлық революцияға көшу дәуірінде құруға тура келеді. Өйткені кәзіргі жағдайларда Жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерінсіз мұндай көшу мүмкін емес.

Әуелі бүкіл Қытайда аграрлық козғалыстың өрістеуіне мүмкіншілік жасау керек, Уханды нығайту керек және феодалдық-бюрократтық тәртіптермен күресте оны қолдау керек, Уханның контрреволюцияны жеңуіне көмектесу керек, болашақта Советтерді құру үшін қажетті негіз ретінде шаруалар одақтарын, жұмысшылардың кәсіпшілік одақтарын, басқа да революциялық ұйымдарды барлық жерде бірдей кеңінен дамыту керек, қытай компартиясының шаруалар арасында және армия ішінде өзінің ықпалын күшейтуіне

мүмкіншілік жасау керек, — содан кейін ғана жаңа өкімет үшін күресу органдары ретінде, қосөкіметтің факторлары ретінде, буржуазиялық-демократиялық революциядан пролетарлық революцияға өту әзірлігінің факторлары ретінде Жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін құруға болады.

Қытайда жұмысшы Советтерін құру бос сөз емес, «революциялық» құрғақ декламация емес. Бұл мәселеге Троцкийдің істеп отырғанындай соншалық жеңіл қарауға болмайды.

Жұмысшы және шаруа Советтерін құру деген сөз — ол, ең алдымен, Гоминданнан шығу деген сөз, өйткені жұмысшылар мен шаруаларды жаңа өкімет құруға шақыра отырып, Советтерді құруға және қосөкіметті ілгері дамытуға, сонымен бірге Гоминданның және оның үкіметінің құрамында қалуға болмайды.

Жұмысшы депутаттарының Советтерін құру деген сөз — бұдан соң, Гоминданның ішіндегі кәзіргі одақты Гоминданнан **тыс** одақпен, 1917 жылы октябрьде большевиктердің солшыл эсерлермен жасасқан одағына ұқсас одақпен ауыстыру деген сөз.

Себебі не?

Себебі — егерде онда, буржуазиялық-демократиялық революцияның тұсында, әңгіме пролетариат пен шаруалардың революциялық диктатурасын құру туралы болып отырса, және де Гоминданның ішіндегі одақ саясаты осыған толық сай келіп отырса, мұнда, Советтерді құру тұсында және пролетарлық революцияға өту тұсында, әңгіме пролетариат диктатурасын орнату туралы, Советтер өкіметін құру туралы болмақ, ал мұндай өкіметті **бір** партияның, коммунистер партиясының басшылығымен ғана әзірлеуге, құруға болады.

Сонсын. Жұмысшы депутаттарының Советтері үлкен міндеттер артады. Кәзір Қытайда жұмысшылар айына 8—15 сом алады, өте ауыр жағдайда тұрады, кешектен тыс көп жұмыс істейді. Бұған жалақыны көбейтіп, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізіп, жұмысшы табының пәтер-үй жағдайын жақсартып және т. т. кәзірден бастап-ақ тыйым салу керек те, тыйым салуға болады да. Бірақ жұмысшы депутаттары Советтерінің тұсында жұмысшылар мұнымен тоқтамайды. Олар коммунистерге былай дап айтады (олардың мұнысы жөн де болады): егер бізде Советтер бар болып отырса, ал, Советтер өкімет органдары болып табылатын болса, онда буржуазияны ығыстыруға және «ептеп» экспроприациялауға болмас па екен? — дейді. Жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтері бар болып отырған жағдайда коммунистер буржуазияны экспроприациялау жолына түспесе, онда олардың кұр мылжың болғаны.

Кәзір, революцияның осы күнгі сатысында бұл жолға түсуге бола ма және керек пе? деген сұрақ туады.

Жоқ, бұл жолға түсудің керегі жоқ.

Жұмысшы және шаруа депутаттары Советтерінің тұсында болашақта буржуазияны экспроприациялаудан бас тартуға бола ма және керек пе? Жоқ, болмайды. Бірақ ол жағдайда Гоминданның ішінде коммунистердің одағын сақтауға болады деп ойлау — жалған үмітке берілу және буржуазиялық революциядан пролетарлық революцияға өту дәуіріндегі талтық күштер күресінің механикасын түсінбеу деген сөз болады.

Қытайда жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін құру туралы мәселенің жағдайы осындай.

Көріп отырсыздар, бұл мәселе Троцкий мен Зиновьев сияқты кейбір тым жеңіл ойлайтын ұшқалақ адамдардың айтып жүргеніндей оп-оңай емес.

Жалпы алғанда, **принциптік** тұрғыдан қарағанда, марксистердің революциялық буржуазиямен бірге революциялық-демократиялық ортақ бір партияға немесе революциялық-демократиялық ортақ бір үкіметке қатысуы және бірлесіп істесуі кешірімді ме?

Кейбір оппозиционерлер кешірімді емес деп ойлайды. Ал, марксизмнің тарихы белгілібір жағдайларда және белгілі мерзімге дейін мұндай қатысудың әбден кешірімді екендігін көрсетті.

Мен 1848 жылы Германияда, герман абсолютизміне карсы революцияның тұсында Маркстің өз пікірлестерімен бірге Рейн провинциясындағы буржуазиялық-демократиялық одаққа кіріп, ол революциялық-демократиялық партияның органын, «Жаңа Рейн Газеті» Маркс басқарған кезде Маркстің өзінің басынан өткен мысалды дәлелге келтіре алар едім.

Бұл буржуазиялық-демократиялық одақта бола отырып және революцияшыл буржуазияны алға итермелей отырып, Маркс пен оның пікірлестері өздерінің оң жақтағы одақтастарының жартыкештігін барынша сынап отырған, сол сияқты Қытайдағы компартия да Гоминданның ішінде отырып, өздерінің солшыл-гоминданшыл одақтастарының тұрлаусыздығы мен жартыкештігін барынша сынап отыруға тиіс.

1849 жылдың көктемінде ғана, Маркс пен оның пікірлестері бұл буржуазиялық-демократиялық одақты тастап, жұмысшы табының мүлдем дербес таптық

саясаты бар дербес ұйымын құруға кіріскендігі мәлім.

Көріп отырсыздар, қытай компартиясы пролетариаттың дербес таптық партиясы ретінде Гоминданға кіріп отырған болса, Маркс бұдан да әрі барды.

1848 жылы Маркс пен оның пікірлестерінің бұл буржуазиялық-демократиялық одаққа кіруінің мақсатқа қолайлы-қолайсыздығы жайында таласуға немесе таласпауға болады. Мәселен, Роза Люксембург, Маркстің бұл буржуазиялық-демократиялық одаққа кірмеуі керек еді деп ойлады. Бұл **тактика** мәселесі. Ал Маркс пен Энгельс буржуазиялық-демократиялық революцияның дәуірінде, белгілі жағдайларда және белгілі мерзімге дейін, буржуазиялық-революциялық партияның құрамына кіруді **принциптік** жағынан мүмкін және мақсатқа қолайлы деп тапқан, — бұл жөнінде ешқандай күман болмауға тиіс. Ал енді белгілі шарттармен және белгілі жағдайларда марксистердің революциялық-демократиялық үкіметке қатысуы және онда революциялық буржуазиямен істес болуы жайына келетін болсақ, онда бұл жөнінде бізде Энгельс пен Ленин сыяқты марксистердің нұсқаулары бар. Энгельс өзінің «Бақунистер жұмыс істеуде»[67] деген кітапшасында осындай қатысуды жақтап сөйлегені мәлім. Буржуазиялық-демократиялық революциялық үкіметке осындай қатысудың болатындығын 1905 жылы Лениннің де жақтап айтқаны мәлім.

V

ЕКІ БАҒЫТ

Сонымен, Қытай мәселесі жөнінде бізде мүлдем әртүрлі екі бағыт бар, ол — Коминтерннің бағыты және Троцкий мен Зиновьевтің бағыты.

Коминтерннің бағыты. Феодалдық қалдықтар және осыларға сүйенетін, барлық елдердің империалистері мейлінше қолдап отырған бюрократтық-милитаристік қондырма кәзіргі қытай тұрмысының негізгі фактысы болып табылады.

Қытай кәзіргі кезеңде әрі феодалдық қалдықтарға, әрі империализмге қарсы бағытталған аграрлық революцияны басынан кешіріп жатыр.

Аграрлық революция Қытайдағы буржуазиялық-демократиялық революцияның негізі және мазмұны болып табылады.

Ухандағы Гоминдан және Ухан үкіметі буржуазиялық-демократиялық революциялық қозғалыстың орталығы болып табылады.

Нанкин және Нанкин үкіметі ұлттық контрреволюцияның орталығы болып табылады.

Уханды қолдау саясаты, сонымен бірге, буржуазиялық-демократиялық революцияны, одан туатын барлық нәтижелерімен қабат өрістету саясаты болып табылады. Осыдан келіп ухандық Гоминданға және Уханның революциялық үкіметіне коммунистердің қатысуы шығады; бұл қатысу коммунистер тарапынан Гоминдандағы өз одақтастарының жартыкештігі мен тұрлаусыздығын барынша сынап отыруды бекерге шығармайды қайта, керек деп көздейді.

Коммунистердің бұл қатысуын қытай буржуазиялық демократиялық революциясында пролетариаттың гегемон ролін оңайлату үшін және пролетарлық революцияға өту кезеңін жақындату үшін пайдалану тиіс.

Буржуазиялық-демократиялық революция толық жеңіске жақындаған және буржуазиялық революцияның барысында пролетарлық революцияға өту жолда-

ры белгілене бастаған кезең қарсаңында, — міне осы кезең қарсаңында қосөкіметтің факторы ретінде жаңа өкімет үшін күресу органдары ретінде, жаңа өкіметтің, Советтер өкіметінің органдары ретінде Жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының Советтерін құру керек.

Бұл уақытта коммунистердің Гоминдандың ішіндегі одағы Гоминданнан тыс одақпен ауыстырылуға тиіс, ал компартия Қытайдағы жаңа революцияның бірден-бір басшысы болуы тиіс.

Троцкий мен Зиновьевтің істеп отырғанындай, қазір, буржуазиялық-демократиялық революция ең дамуының әлі бастапқы сатысында тұрған кезде, Гоминдан ұлттық-демократиялық революцияны ұйымдастырудың Қытайға тән ерекшеліктерге анағұрлым бейім және анағұрлым сай формасы болып отырғанда дереу Жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін кұруды және дереу қосөкімет құруды ұсыну, — революциялық қозғалыстың берекесін кетіру. Ұранды әлсірету, оның құлауын жеңілдету және Чжан-Цзо-лин мен Чан Кай-шилерге жәрдемдесу деген сөз болады.

Троцкий мен Зиновьевтің бағыты. Қытайда феодализмнің қалдықтары дегеніңіз Бухариннің ойлап шығарған нәрсесі. Бұл қалдықтар мүлдем жоқ, немесе аздығы соншалық — олардың ешқандай елеулі маңызы бола алмайды.

Бақсақ, кәзір Қытайда аграрлық революция бар екен. Бірақ онын өзі қайдан келген, оны сайтан да білмейді. (Күлкі.)

Бірақ сол, әлгі аграрлық революцияның өзі бар екен, онда, әрине, оны қайткенде де қолдауға тура келеді.

Кәзіргі уақытта ең бастысы — аграрлық революция емес, Қытайдың таможнялық дербестігі жолындағы революция, былайынша айтқанда, антитаможнялық революция.

Ухандық Гоминдан және Ухан үкіметі не «фикция» (Троцкий), не кемализм (Зиновьев).

Бірінші жағынан, дереу Советтер құру жолымен Ухан үкіметін **құлату** үшін қосөкімет жасау керек (Троцкий). Екінші жағынан, Ухан үкіметін **нығайту** керек, Ухан үкіметіне жігерлі түрде және барлық жағынан бірдей **көмек** көрсету керек, бақсақ, бұл да дереу Советтер құру жолымен істелетін көрінеді (Зиновьев).

Ереже бойынша, коммунистер бұл «фикциядан», Ухан үкіметінен және Ухандық Гоминданнан дереу кетулері жөн болар еді. Ал, тегінде, коммунистердің нақ бұл «фикцияның» өзінде яғни Ухан үкіметінде де, ухандық Гоминданда да қалғаны жақсырақ болар еді. Ал, егер Ухан фикция болатын болса, коммунистердің Уханда қалуы не үшін керек,— бақсақ, бұл бір құдайдың өзіне мәлім көрінеді. Ал кімде-кім бұған қосылмайды екен — ол опасыз және сатқын.

Троцкий мен Зиновьевтің бағытсымағы міне осы.

Осы бағыт бағытсымақтан үйлессіз және шатасқан нәрсені ойлап табу қыйын шығар.

Мынадай пікір туады: біз бұл жерде марксистерді емес, өмірден аулақ қалған кеңсешілерді немесе, ең оңдағанда қайдағы Сухумдар мен Кисловодскілерді саяхаттап жүріп, қытай революциясы туралы негізгі нұсқауды белгілеп берген Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумын көрмей қалған, сонан соң Қытайда, шынында да, аграрлы революция ма,

әлде антитаможнялық революция ма, әйтеуір бір революция болыпты дегенді газеттерден біліп алып, бір үйме тезистер жасау керек деп ұйғарған, сөйтіп апрельде бір тезис, майдың басында басқа бір тезис, майдың аяғында үшінші бір тезис, сонымен бір үйме тезисті жасап алып, шатақ және қайшылықты тезистердің мол болуы қытай революциясын аман сақтап қалудың негізгі құралы болып табылады деп ойлады ма, қайдам, сондай тезистерді Коминтернге жаудыруға ұйғарған «революцияшыл» «туристерді» көріп отырмыз.

Қытай революциясының мәселелері жөніндегі екі бағыт осы, жолдастар.

Сіздерге осы екі бағыттың бірін таңдап алуға тура келеді.

Мен аяқтаймын, жолдастар.

Аяқтай келе, Троцкий мен Зиновьевтің қазіргі кезеңде фракциялық бас көтеруінің саяси мәні және маңызы туралы бірнеше сөз айтпақшы едім. БК(б)П Орталық Комитеті мен Коминтерн Атқару Комитетінің бұрын-сонды болып көрмеген және кешіріліс түрде балағаттау үшін бізге жеткілікті кеңшілік беріліпті отыр деп олар шағым етеді. Олар Коминтерн мен БК(б)П-ның ішіндегі «режим» жөнінде шағым етеді. Істің шынына келгенде, олар Коминтерн мен БК(б)П ішіне бүлік салу үшін бостандықты тілейді. Істің шынына келгенде, олар Коминтерн мен БК(б)П ішіне Масловтың және оның серіктерінің әдет-дағдыларын әкеліп орнатқысы келеді.

Жолдастар, Троцкий партияға және Коминтернге өзінің шабуылын жасау үшін тым қолайсыз кезеңді таңдап алып отыр деп айтуға тиістімін. Мен Англия-

ның консерваторлық үкіметі ССР Одағымен қарым-қатнасын үзуге ұйғарғандығы туралы әлгіде ғана хабар алып отырмын. Енді коммунистерге қарсы барлық жерде бірдей жорық басталатынын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Бұл жорық басталып та отыр. Біреулері БК(б)П-ға соғыс және интервенция қаупімен қоқан-лоққы жасайды. Енді біреулері — жік шығару қаупімен қоқан-лоққы жасайды. Чемберленнен Троцкийге дейін біртұтас майдан тәрізді бірдеме құрылып жатыр.

Бәлкім, бізді осылармен қорқытпақшы шығар. Бірақ большевиктер қорқақ жігіттер емес екендігін дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас. Большевизмнің тарихы мұндай «майдандарды» аз көрген жоқ. Большевизмнің тарихы большевиктердің революциялық батылдылығы мен тендесі жоқ ерлігіне мұндай «майдандардың» кез болып ылғый талқан болып келгенін көрсетеді.

Бұл жаңа «майданды» да біздің талқандай алатынымызға күмәнданбауымызға болады. (Қол шапалақтау).

«Большевик» № 10,
81 май, 1927 ж.

ШЫҒЫС ЕҢБЕКШІЛЕРІ КОММУНИСТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ

Қымбатты жолдастар!

Мен бұдан екі жыл бұрын, Шығыс еңбекшілері коммунистік университетінің өмір сүруіне төрт жыл толуы жөнінде сіздерде сөз сөйлеп, университеттің совет республикалары жөніндегі де, Шығыстың езілген елдері жөніндегі де міндеттері туралы айтқан болатынмын [68].

Университет өз міндеттерін орындай отырып, күресшілердің жаңа кадрларын, өзінің төртінші кезекте университет бітірген, 74 ұлттың өкілінен құралған, оқушыларын, ленинизмнің күшті құралымен қаруланған жолдастарды кәзірде күрестің қайнаған жеріне жіберіп отыр.

Бұл жолдастар тарихтың ең жауапты кезеңдерінің бірінде, дүниежүзілік, ең алдымен, ағылшын империализмі қытай революциясын тамақтан ала түсуге тырысып, осымен қатар барлық елдердің пролетарларының күдіреті күшті, табанды тірегі дүние жүзіндегі бірінші пролетарлық мемлекет — Совет Одағын жо-

йып жіберемін деген үмітпен оған зіл тастап отырған кезде жауынгерлік жұмысқа бара жатыр.

Бітіріп шыққан жолдастарды құттықтай отырып, олардың пролетариат алдындағы өз борышын абыроймен орындайтындығына және Шығыс еңбекшілерін империализм езгісінен азат ету ісіне өздерінің барлық күштері мен білімдерін жұмсайтындығына қатты сенетіндігімді білдіремін.

И. Сталин

«Правда» № 121,
31 май, 1927 ж.

С. ПОКРОВСКИЙГЕ ЖАУАП

Мен Сізбен хат жазыса бастағанда Сізді шындыққа жеткісі келетін адам екен деп ойлаған едім. Қазірде, сіздің екінші хатыңыздан кейін, өзінің қара басының «мүдделерін» шындықтың мүдделерінен жоғары қоятын, өзіне өзі ғашық болған арсыз адаммен хат жазысып жүргенімді көріп отырмын. Сондықтан егерде мен осы қысқаша (және ақырғы) жауапта нәрселерді өз атымен тіке атайтын болсам таңғалмаңыз.

1. Мен былай деген болатынмын: 1917 жылғы февраль революциясынан кейінгі дәуірде партия пролетариат пен шаруа диктатурасы туралы және «барлық шаруалармен одақтасу» туралы бұрынғы стратегиялық ұранның орнына пролетариат пен ең кедей шаруалардың диктатурасы туралы және «ең кедей шаруалармен одақтасу» туралы жаңа стратегиялық ұран қолданды.

Мен былай деген болатынмын: партия Октябрьге осы жаңа ұранды қолдана отырып келіп, жетті, мұндай ұранды қолданбайынша партия буржуазия өкіме-

тін құлатып, пролетариат өкіметін орнатуға қабілет, бар қажетті саяси армияны жыйнай алмаған болар еді.

Сіз менің бұл айтқаныма үзілді-кесілді қарсы шығып, «Февральдан Октябрьге бет алған дәуірде партия шаруалар жөнінде өзінің — **барлық** шаруалармен одақтасу деген **бұрынғы** ұранын жақтады» (өзіңіздің бірінші хатыңызды қараңыз) деп дәлелдемек болдыңыз. Сөйтіп Сіз бұл антилениндік, нағыз каменевтік концепцияны дәлелдеуге тырысып қана қоймай, сонымен қатар мұны аксиома дерлік деп есептедіңіз.

Істің жәйі осылай **болатын**, міне-нақ **осы** туралы бізде талас болған болатын.

Қазірде Сіз, өзіңіздің қыйсықтығыңыз бен меңмендігіңіз Сізді қандай тұңғыйыққа әкеліп соққанын көргеннен кейін, өз қатеңізді сұлық мойындауға мәжбүр болып отырсыз,— «партияның апрель — октябрь дәуіріндегі стратегиялық ұраны пролетариат пен ең кедей шаруалардың диктатурасы деген ұранның нақ өзі болды» (өзіңіздің екінші хатыңызды қараңыз) деп отырсыз.

Бірақ Сіз өзіңіздің бұл қатеңізді сұлық мойындай отырып, «сөз жүзіндегі» дәл еместік деген сылтаумен, мұны табан аумай жұртқа естірте түкке тұрмайтын нәрсеге айналдыруға тырысасыз,— «бұдан бұрынғы хатта **өз** пікірімді білдіру үшін айтылған сөздер, партия барлық шаруалармен түгел одақ жасау туралы өзінің бұрынғы ұранын тастады деген сөздерім, бәлкім, көмескілік туғызуы мүмкін» (өзіңіздің екінші хатыңызды қараңыз) дейсіз.

Біздің таласымыз **принцип жағынан** әртүрлі екі

концепция туралы болмай, «сөз жүзіндегі» нәрселер туралы болған болып шығып отыр!

Мұның өзі бізде, жұмсартып айтқанда, — **арсыздық** деп аталады.

2. Мен былай деген болатынмын: бізде Октябрьді дайындау ісі шаруалардың Советтерде отырған белгілі бөлегінің келісімпаздығы мен ауытқуларына қарсы күрес жағдайларында жүргізілді, бұл ауытқулар мен келісімпаздық революция үшін орасан зор қауіп туғызды (1917 жылы июльде большевиктердің жеңілуі), пролетариат пен ең кедей шаруалардың диктатурасы деген ұранды қолдану арқылы ғана бұл ауытқулар мен келісімпаздыққа қарсы ойдағыдай күрес жүргізуге болатын болды, большевиктер тек осы ұранның арқасында ғана орта шаруаның ауытқулары мен келісімпаздығын битарап қалдыра алды.

Сіз, өзіңіздің — партия Февральдан Октябрьге дейінгі дәуірде жұмысты «барлық шаруалармен түгел одақ жасау» жөніндегі бұрынғы ұран арқылы жүргізді деген қатеңізді жақтап, менің бұл айтқаныма үзілді-кесілді қарсы болдыңыз. Сөйтіп, осылайша қарсы болу арқылы, большевизмнің тарихынан ең жақсы жерлерін, большевиктердің орта шаруа жіктерін ұсақбуржуазиялық партиялардан айырып алу жолындағы, бұл партияларды шеттету жолындағы, шаруалардың белгілі жіктерінің ауытқулары мен келісімпаздығын битарап қалдыру жолындағы күресін сыйпаттайтын жерлерін сызып тастадыңыз.

Істің жәйі осылай **болатын.**

Қазірде Сіз, шаруалардың белгілі бөлегінің Февральдан Октябрьге дейінгі дәуірде ауытқып, келісімпаздық жасау, фактысын **да,** бұл ауытқулар мен келі-

сімпаздыққа қарсы большевиктердің күрес жүргізген фактысын да мойындауға мәжбүр болып отырсыз.

Бірақ Сіз, осының бәрін мойындай отырып, мұны орта шаруаны битарап қалдыру туралы мәселеге қатысы жоқ нәрсе етіп көрсетпек боласыз, керек десе орта шаруаны битарап қалдыру туралы мәселеге «жауап берген жоқ» деп мені кінәлауға дейін барасыз.

Екінің бірі: не Сіз өте аңқаусыз, не Сіз қайдағы бір ғылымдық емес мақсатты көздеп, әдейі біле тұра аңқаулық пердесін жамылып отырсыз.

3. Мен былай деген болатынмын: партия пролетариат пен ең кедей шаруалардың диктатурасы туралы жаңа стратегиялық ұранды ойдағыдай жүзеге асырудың арқасында Октябрьде жеңіске жетті, бүкіл шаруалармен одақтасу туралы бұрынғы ұранның орнына шаруа кедейлерімен одақтасу туралы жаңа ұран қолданбайынша партия Октябрьде жеңе алмаған да болар еді, Октябрь революциясының барысында жалпы шаруалардың қолдауына да жете алмаған болар еді, жалпы шаруалар большевиктерді қолдағанда тек қана большевиктер буржуазиялық революцияны аяғына дейін жеткізгендіктен қолдады, Октябрьдің негізгі мақсаты буржуазиялық революция болмай, социалистік революция болғандықтан, бүкіл шаруалардың бұл қолдауы шартты және шектелген қолдау болды.

Сіз, істің шын мәнісіне келгенде, бұған қарсы болдыңыз, өйткені февраль революциясынан кейінгі дәуірде бұрынғы ұранның орнына жаңа ұран қолданылғандық фактысын өзіңіздің бірінші хатыңызда бекерге шығардыңыз.

Істің жәйі осылай **болатын.**

Кәзірде Сіз, бүкіл шаруалар туралы бұрынғы стратегиялық ұранның орнына ең кедей шаруалармен одақ жасау туралы жаңа стратегиялық ұранның шын қолданылғандығын сөз жүзінде мойындауға мәжбүр болып отырсыз.

Бірақ Сіз, бұл ақыйқатты мойындай сала, каменевше артыңызда із қалдырмауға кірістіңіз, бүкіл шаруалардың қолдауын қамтамасыз ету жөніндегі «тактикалық» міндетті ең кедей шаруалармен одақ жасауды қамтамасыз ету жөніндегі «стратегиялық» міндетке қарсы қойдыңыз, екінші стратегиялық ұран туралы өзіңіз жаңа ғана мойындаған ақыйқаттың каменевше бағасын кетірдіңіз, сөйтіп Октябрь кезінде большевиктерді жалпы шаруалардың шартты түрде анық қолданғанын мойындамады-мыс деп маған табан аумай жала жабуға дейін барып, істің шын мәнісіне келгенде Каменевтің бұрынғы позицияларына қайта келдіңіз.

Сіз, сірә, тактикалық міндеттердің стратегиялық міндеттің бір бөлегі болып табылатындығын түсінбейтін боларсыз, бірінші міндеттерді екінші міндетпен бірдей деп есептеуге болмайтындығын және оларды екінші міндетке тіпті де қарсы қоюға болмайтындығын түсінбейтін боларсыз.

Сіз, сірә, Октябрь революциясы буржуазиялық революцияны аяғына дейін жеткізгендіктен, яғни ол помещиктік меншікті, помещиктік тәртіптерді және помещиктік тәртіптердің саяси қондырмасы — монархияны жойғандықтан пролетариат революциясын жалпы шаруалар тарапынан қолдау бізде тек барынша шартты және шектеулі ғана бола алғандығын түсінбейтін боларсыз.

Сіз, сірә, Питер гарнизонының (шаруадан болған) өкіметті Советтер алғаннан кейін 1917 жылы Октябрьде, Керенский Питерге қарсы келе жатқан кезде, Керенскийге қарсы майданға барудан бас тартқандығын білмейтін боларсыз, сонымен қатар оның, осы гарнизонның, біз «бейбітшілікті жақтаймыз, жаңа соғысқа қарсымыз» дегенін, анығында, оның бейбітшілікті империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ретінде түсінбей, штыкты жерге түйреу деп түсінгендігін, яғни бейбітшілікті Сізше және тағыда басқа толып жатқан саяси тоғышарларша түсінгендігін білмейтін боларсыз (Өзіңіздің бірінші хатыңызды қараңыз).

Сіз, сірә, ол кезде Керенский мен Красновтың жорығынан Питерді аман алып қалған қызыл гвардияшылар мен матростар екендігін білмейтін боларсыз.

Сіз, сірә, азамат соғысын оның алғашқы кезеңінде — 1917 жылғы октябрьден 1918 жылдың жазғытұрымына дейінгі дәуірде — бізде ең алдымен жұмысшылар мен матростардың күші арқылы жүргізгендігін, ал «бүкіл шаруалардың» қолдауы деген нәрсенің ол кезде ылғый ғана біздің пролетариат революциясының жауларын тікелей соққылауымызға шаруалардың бөгет жасамауына келіп тірелгендігін білмейтін боларсыз.

Сіз, сірә, Қызыл Армияны бұқаралық армия ретінде біздің тек 1918 жылдың екінші жартысында ғана, жерді шаруалар бөлісіп алғаннан кейін, кулак барынша әлсіретілгеннен кейін, Совет өкіметі өзін қорғап үлгіргеннен кейін және «орта шаруамен берік одақ жасау» туралы ұранды қолдануға мүмкіншілік

туғаннан кейін ғана іс жүзінде кӯра алғандығымызды білмейтін боларсыз...

Әрине, әртүрлі жоқтан өзгелерді, өтірікті жаза беруге болады, — қағаз бәрін көтереді, — Каменевше бӯлтақтап, артында із қалдырмауға болады... Бірақ нысап болу керек қой.

4. Өз қаламыңыздың «өнеріне» әуестеніп, өзіңіздің бірінші хатыңыз туралы аман-есен ӯмытып, Сіз мені — буржуазиялық революцияны социалистік революцияға ӯластыру туралы мәселені тӯсінбеді дейсіз.

Шынында да бӯл ауыру бастың сақыйнасын сау басқа телудің дәл өзі ғой!

Ал буржуазиялық революцияны социалистік революцияға ӯластыру дегеніміз не? Пролетариат пен шаруалардың диктатурасы туралы бӯрынғы ӯранның орнына пролетариат пен ең кедей шаруалардың диктатурасы туралы жаңа ӯран қолданбайынша біздің елде мӯндай ӯласуды мүмкін деп ойлауға бола ма? Әрине, болмайды.

Ленин 1917 жылы апрельде, бӯрынғы ӯранның орнына жаңа ӯран қолдануды жақтап және бӯл алмастыруды орыс революциясының бірінші кезеңінен (буржуазиялық-демократиялық революция) оның екінші кезеңіне (пролетариат революциясы) өту мәселесімен байланыстыра отырып, Каменевке қарсы не үшін күресті? Буржуазиялық революцияның социалистік революцияға ӯласуын мүмкін ету үшін және оны жеңілдету үшін күрескен жоқ па екен? Әрине, осылай ету үшін күресті.

Ол кезде бӯрынғы ӯраннан жаңа ӯранға көшуге кім қарсы болды? Әрине, Каменев қарсы болды.

Большевиктердің Октябрьді дайындау дәуірінде бӯ-

рынғы стратегиялық ұранның орнына жаңа стратегиялық ұран қолданылғандық фактысын 1927 жылы жазғытұрым бекер деген кім? Әрине, Сіз болатынсыз, құрметті Покровский.

Покровскийдің каменевтік бұл қатесін кім түзетті? Әрине, Сталин жолдас түзетті.

Буржуазиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру туралы мәселеде Сіздің түк те, — тіпті ешнәрсе де, — түсінбегендігіңіз осыдан анық көрініп отырған жоқ па?

Қортынды: Сіз сыяқты етіп, құрметті Покровский, ешбір шімірікпестен нәрселердің астын үстіне шығару үшін надандардай арсыз болу керек және артта қалған тұраксыз мен-меншіл болу керек.

Меніңше, Сізбен хат жазысуды тоқтататын уақыт жетті.

И. Сталин

23 июнь, 1927 ж.

Бірінші рет басылып отыр

КӘЗІРГІ ТАҚЫРЫПТАРҒА АРНАЛҒАН МАҚАЛАЛАР

I

СОҒЫС ҚАУПІ ТУРАЛЫ

Кәзіргі заманның басты мәселесі империалистік жаңа соғыс қаупі туралы мәселе болып табылатындығына күдіктенуге бола қоймас. Әңгіме қайдағыбір дәйексіз, бейнесіз жаңа соғыс «қаупі» туралы болып отырған жоқ. Әңгіме жалпы жаңа соғыстың, әсіресе ССР Одағына қарсы соғыстың анық, шын **қаупі** туралы болып отыр.

Дүниенің және ықпал саласының соңғы империалистік соғыстың нәтижесінде қайтадан бөлінуі кәзірде «ескіріп» үлгірді. Кейбір жаңа елдер (Америка, Жапония) алға шықты. Кейбір ескі елдер (Англия) артта қалып барады. Версальда көмілген тәрізді болған капиталистік Германия барған сайын күшейіп, жанданып өсіп келеді. Францияны көре алмай көзін сатып буржуазиялық Италия жоғары өрлеп барады.

Товар өткізетін рыноктар үшін, капитал шығаратын рыноктар үшін, сол рыноктарға баратын теңіз жолдары мен құрғақ жолдар үшін, дүниені жаңадан қайта бөлу үшін жанталасқан күрес жүріп жатыр. Америка мен Англияның арасында, Жапония мен

Американың арасында, Англия мен Францияның арасында, Италия мен Францияның арасында қайшылықтар өсіп келеді.

Капиталистік елдердің ішінде қайшылықтар өсуде, олар мезгіл-мезгіл пролетариаттың революциялық ашық күресулері ретінде (Англия, Австрия) жарыққа шығып отырады.

Империалистік дүние мен тәуелді елдердің арасында қайшылықтар өсуде, олар керек десе ашық дау-жанжалдар мен революциялық дүмпулер ретінде (Қытай, Индонезия, Солтүстік Африка, Оңтүстік Америка) сыртқа шығып отырады.

Ал осы қайшылықтардың бәрінің өсуі тұрақтау фактысына карамастан дүниежүзілік капитализм дағдарысының, соңғы империалистік соғыстың алдындағы дағдарыстан да гөрі терең дағдарыстың өскендігі болып табылады. ССР Одағының, пролетариат диктатурасы орнаған елдің өмір сүріп, табысқа жетуі бұл дағдарысты тереңдетіп, шиеленістіре түседі.

Империализмнің жаңа соғысқа дайындалып жатқандығы таңданарлық нәрсе емес, өйткені ол мұны осы дағдарысты шешудің жалғыз ғана жолы деп таныйды. Қару-жарақтың адам айтқысыз өсуі, буржуазиялық үкіметтердің «басқарудың» фашистік әдістеріне қарай жалпы бағыт алуы, коммунистерге қарсы крес жорығы, ССР Одағын жанталаса жамандау, Қытайдағы тікелей интервенция — осының бәрі бір құбылыстың — дүниені жаңадан қайта бөлу жолындағы жаңа соғысқа дайындық жасаудың түрлі жақтары болып табылады.

Егер, империалистік соғыстарға қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізіп отырған коммунистік партиялар бол-

маса, бейбітшілік саясаты жаңа соғысты бастаушылардың аяғына байланған ауыр салмақ болып отырған ССР Одағы болмаса, егер империалистер бірін бірі әлсіретіп алудан, сонымен империалистік майданның тағыда бұзылуын жеңілдетуден қоркпаған болса, онда олар, империалистер, өзара алдақашан төбелескен болар еді.

Менің ойымша, соңғы жағдай, яғни бірін бірі әлсіретіп алудан, сонымен империалистік майданның тағыда бұзылуын жеңілдетуден қорқу, — өзара төбелесуге ұмтылуды әзірге тежеп отырған маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Империалистердің белгілі топтарының өз лагеріндегі қайшылықтарды кейінге қалдыра тұруға, оларды уақытша боямалай тұруға, империалистердің біртұтас майданын құрып, капитализмнің тереңдеп бара жатқан дағдарысын ССР Одағының есебінен аздап болса да, уақытша болса да шешу үшін ССР Одағына қарсы жорық жасауға «табиғи түрде» тырысуы осыдан болып отыр.

Бұл істе, ССР Одағына қарсы империалистердің біртұтас майданын құру ісінде бастаманы ағылшын буржуазиясы және оның жауынгер штабы, консерваторлар партиясы өз міндетіне алып отырған фактысы, — міне бұл факт біз үшін күтпеген бір нәрсе болып шықпауға тиіс. Ағылшын капитализмі қашанда халық революцияларын өшпенділікпен тұншықтырушы болып келді, кәзірде солай болып отыр және алда да солай болмақ. Ағылшын буржуазиясы XVIII ғасырдың аяқ кезінде болған француздың буржуазиялық ұлы революциясынан бастап, кәзірде болып жатқан қытай революциясын қоса алғанда қашанда адам

баласының азаттық қозғалысын қырғындаушылардың бірінші қатарында болып келді және кәзірде болып отыр. Бұдан бірнеше жыл бұрын ағылшын капиталистерінің рақым етуінің арқасында еліміздің зорлықты, талан-таражды және әскери басып енуді басынан кешіргендігін совет адамдары ешуақытта да ұмытпайды. Егерде ағылшын капиталы және оның консервативтік партиясы пролетариат революциясының дүниежүзілік ошағына қарсы, ССР Одағына қарсы соғысты басқару жұмысын тағыда өз міндетіне алып отырған болса, онда мұның таңғаларлық несі бар?

Бірақ ағылшын буржуазиясы өз қолымен соғысуды жақсы көрмейді. Ол қашанда соғысты біреудің қолымен жүргізуді артық көреді. Сөйтіп ол өзі үшін қолымен от көсейтін ақымақтарды кейде тауып та жүрді.

Француздың буржуазиялық ұлы революциясы кезінде, ағылшын буржуазиясы революцияшыл Францияға қарсы европалық мемлекеттердің одағын құра алған кезде істің жәйі осылай болды.

ССР Одағында Октябрь революциясынан кейін, ағылшын буржуазиясы ССР Одағына шабуыл жасап, «он төрт мемлекеттің одағын» құруға тырысқан кезде, осыған қарамастан ол ССР Одағының жерінен қуылған кезде істің жәйі осылай болды.

Кәзірде Қытайда істің жәйі осылай болып отыр, мұнда ағылшын буржуазиясы қытай революциясына қарсы біртұтас майдан құруға тырысуда.

Консерваторлар партиясының ССР Одағына қарсы соғысқа дайындалып, ССР Одағына қарсы үлкен, кіші мемлекеттердің «қасиетті одағын» құру жөнінде

міне бірнеше жыл бойы дайындық жұмысын жүргізіп отырғандығы толық түсінікті нәрсе.

Егерде бұрын, соңғы уақытқа дейін, консерваторлардың бұл дайындық жұмысы азды-көпті жасырын жүргізілген болса, ал кәзірде, соңғы уақытта, олар ССР Одағына ашықтан-ашық соққы жасап, барлық жұрттың көз алдында атышулы «қасиетті одақ» құруға тырысып, «тікелей қыймыл» жасауға көшіп отыр.

Англияның консервативтік үкіметі Пекинде советтің толық өкілдігіне тап берумен өзінің ашықтан-ашық бірінші соққысын бастады. Бұл шабуыл, ең кемінде, екі түрлі мақсат көздеді. Ол ССР Одағының «бұлдіру» жұмысын жүргізетін «масқара» документтерін тауып, жарыққа шығаруға тиіс болды, ал бұл документтер жалпы жұртты ызаландырып, ССР Одағына қарсы біртұтас майдан құру үшін негіз жасауға тиіс болды. Ол шабуыл Пекин үкіметімен соғыс жанжалын туғызып, ССР Одағын Қытаймен соғыстыруға тиіс болған болатын.

Жұртқа мәлім, бұл соққы іске аспай қалды.

Екінші ашық соққы Аркосқа тап беріп, ССР Одағымен қол үзіскен кезде Лондонда жасалды. Бұл соққының мақсаты — ССР Одағына қарсы біртұтас майдан құру, бүкіл Европада ССР Одағына қарсы дипломатиялық блокада жасауды бастап беру, сөйтіп Совет Одағымен екі арадағы договорлық қатнастардың бірінен соң бірін үзуге жеткізу болып табылады.

Жұртқа мәлім, бұл соққы да іске аспай қалды.

Үшінші ашық соққы Войковты өлтіру ісін ұйымдастыру арқылы Варшавада жасалды. Консервативтік партия агенттерінің ұйымдастыруымен Войковты өлтіру, бұл істің авторларының пікірі бойынша ССР

Одағын Польшамен соғысу жанжалына тартып, Сараевода болған өлтірудің ролін атқаруға тиіс еді.

Бұл соққы да іске аспаған сыяқты.

Бұл соққылардың осы күнге дейін консерваторлардың күткеніндей нәтижелер бермегендігін немен түсіндіруге болады?

Мұны түрлі мемлекеттердің бір біріне қайшы мүдделері арқылы түсіндіруге болады, бұл мемлекеттердің көбі ССР Одағымен экономикалық байланысты сақтағысы келеді.

ССР Одағының, Совет үкіметі табанды түрде, ауытқымай жүргізіп отырған бейбітшілікті сүйетін саясаты арқылы түсіндіруге болады.

Англиядан тәуелді мемлекеттердің, Чжан Цзолиннің мемлекеті болсын, яки Пилсудскийдің мемлекеті болсын бәрі бір, — өз мүдделеріне зиян келтіріп, консерваторлардың тілсіз құралы болғысы келмейтіндігі арқылы түсіндіруге болады.

Әрбір мемлекеттің, ол ең кішкене мемлекет болса да, өзбетінше жеке өмір сүруге тырысатын және консерваторлардың әдемі көздеріне бола өз өмір сүруін екіталай жағдайға қойғысы келмейтін белгілібір тұтас тұлға деп есептеуге бейім екендігін құрметті лордтар, сірә, түсінгісі келмейтін болу керек. Ағылшын консерваторлары осы жағдайлардың бәрін есепке алуды ұмытып отыр.

Бұдан енді мұндай соққылар болмайды деген қортынды шыға ма? Жоқ, ондай қортынды шықпайды. Қайта, бұдан соққылар жаңа күшпен қайталанады деген қортынды ғана шығады.

Бұл соққыларды кездейсоқ нәрсе деп санауға болмайды. Бұл соққылар бүкіл халықаралық жағдайдан,

ағылшын буржуазиясының «метрополия» мен отарлардағы хал-жағдайынан, консервативтік партияның басқарушы партия ретіндегі хал-жағдайынан табиғи түрде шығып отыр.

Кәзіргі бүкіл халықаралық жағдай, ағылшын үкіметінің ССР Одағына карсы жасап отырған «әрекеттерінен» алынған бүкіл фактылар, оның ССР Одағына финанс жағынан блокада жасау ісін ұйымдастыруы да, оның ССР Одағына карсы саясат туралы деружавалармен жасырын сөйлесіп жүргені де, оның Украина, Грузия, Азербайжан, Арменияның, тағы басқалардың эмиграцияға кеткен «үкіметтерін» ССР Одағының осы елдерінде көтеріліс ұйымдастыру үшін қаржыландырып отырғандығы да, оның көпірлерді бұзып, фабрикаларды өртейтін және ССР Одағының толық праволы елшілеріне карсы террор жасайтын шпиондық-террористік топтарды финансылап отырғандығы да, — міне осының бәрі бізге ағылшын консерватившік үкіметінің ССР Одағына карсы соғыс ұйымдастыру жолына біржолата, үзілді-кесілді түсіп отырғандығын көрсетеді. Сонымен бірге консерваторлардың жағдай туа калған күнде ССР Одағына карсы белгілібір соғыс одағын топтастыра алуы мүмкін емес деп ешуақытта да есептеуге болмайды.

Біздің міндеттеріміз қандай?

Біздің міндетіміз — жаңа соғыс қаупі бар екендігі туралы Европаның барлық елдерінде дабыл қағу, капиталистік елдердің жұмысшылары мен солдаттарының қырағылығын күшейту, сөйтіп буржуазиялық үкіметтердің жаңа соғыс ұйымдастыруға жасаған түрлі әрекеттерінің бәрін революциялық күрестің барлық

құралдары арқылы қарсы алуға бұқараны дайындау, талмай дайындау болып табылады.

Біздің міндетіміз — жұмысшы қозғалысының, жаңа соғыс қаупі «ойдан шығарылған» нәрсе деп есептейтін», жұмысшыларды пацифистік жалған сөзбен жұбатып, буржуазияның жаңа соғысты дайындап жатқандығына көзді жұмып қарайтын қайраткерлерінің бәрін маскаралап әшкерелеу болып табылады, өйткені бұл адамдар соғыстың жұмысшыларға ойда жоқ жерде кездесуін тілейді.

Біздің міндетіміз — жауларымыздың провокациялық әрекеттеріне, біздің беделімізді түсіру үшін әрекет жасауына қарамастан Совет үкіметі бейбітшілік саясатын, бейбітшілік қатнас жасау саясатын бұдан да былай табанды түрде, ауытқымай жүргізе беретін болсын.

Біздің бейбітшілік саясатымыз біздің әлсіздігімізден, біздің армияның әлсіздігінен шығады дегенді айтып, жау лагерінің провокаторлары біздің ашуымызға тиіп жүр және бұдан да былай ашуымызға тие бермек. Біздің, провокацияға еруге ыңғайлы тұрған және «үзілді-кесілді» шаралар қолдануды талап ететін, жолдастардың кейбіреулерін бұл кейде ызаландырады да. Бұл төзімсіздікті көрсетеді. Бұл шыдамдылықтың жоқтығын көрсетеді. Біз дұшпандарымыздың айдап салуына бара алмаймыз, баруға тиісті де емеспіз. Бейбітшілік ісін жақтай отырып, өзіміздің бейбітшілікті жақтайтындығымызды көрсете отырып, жауларымыздың тонау ниеттерін әшкерелей отырып, оларды соғыс өртін салушылар деп әйгілей отырып, біз өз жолымызбен жүре беруге тиіспіз.

Өйткені, егер жау бізді соғысқа еріксіз ұрындыра-

тын болса яки, дұрысырақ айтқанда, жау бізді соғысқа еріксіз ұрындырған кезде тек осындай саясат қана бізге ССРО еңбекші бұқарасын біртұтас жауынгер лагерьге топтастыруға мүмкіншілік бере алады.

Біздің «әлсіздігімізге», немесе біздің армиямыздың «әлсіздігіне» келетін болсақ, онда біздің жауларымыз бұл жөнінде бірінші рет қателесіп отырған жоқ. Бұдан сегіз жыл бұрын, ағылшын буржуазиясы ССР Одағына қарсы интервенция ашқан кезде, ал Черчилль «он төрт мемлекеттің» жорығын ұйымдастырмақ болып қорқытқан кезде буржуазиялық баспасөз біздің армияның «әлсіздігі» туралы сонда да даурығып айғайлаған болатын, бірақта біздің жеңімпаз армияның ағылшын интервенттерін де, олардың одақтастарын да еліміздің жерінен масқаралап айдап шыққандығын бүкіл дүниежүзі біледі.

Жаңа соғыс өртін салушы мырзалардың бұл туралы ұмытпағаны дұрыс болар еді.

Біздің міндетіміз — еліміздің қорғаныс қабілеттілігін көтеру, біздің халық шаруашылығын көтеру, біздің өнеркәсібімізді, соғыс өнеркәсібі мен жәй өнеркәсібімізді жақсарту, еліміздің жұмысшыларының, шаруаларының және қызылармияшыларының қырағылығын көтеру, олардың социалистік отанды қорғау қабілетін шынықтыру, амал не, осы уақытқа дейін тіпті де жойылып бітпеген жайбарақаттықты жою болып табылады.

Біздің міндетіміз — тылымызды нығайтып, оны оңбағандардан тазарту, «аса мархабатты» террористерді, біздің фабрикаларымыз бен заводтарымызға өрт қоюшыларды жазалаудан тайынбау, өйткені революю-

циялық берік тыл болмайынша біздің елімізді қорғау мүмкін емес.

Таяуда орыс князьдары мен дворяндарынан шыққан жыйырма террористер мен өрт салушыларды ату жөнінде ағылшын жұмысшы қозғалысының әйгілі қайраткерлері — Ленсбери, Макстон және Брокуэйдің жазған наразылығын алдық. Мен ағылшын жұмысшы қозғалысының бұл қайраткерлерін ССР Одағының жауы деп санай алмаймын. Бірақ олар жаудан да жаман.

Олар жаудан да жаман, өйткені олар өздерін ССР Одағының досымыз деп атай отырып, соған қарамастан олар өздерінің наразылығы арқылы орыс помещиктері мен ағылшын тыңшыларының ССР Одағының өкілдерін өлтіру ісін бұдан да былай ұйымдастыра беруін жеңілдетеді.

Олар жаудан да жаман, өйткені олар өздерінің наразылығы арқылы ССР Одағы жұмысшыларын өздерінің қас жаулары алдында қарусыз қалатын халге ұшыратқалы отыр.

Олар жаудан да жаман, өйткені олар «аса мархабатты» жыйырма адамды ату революцияның өзін-өзі қорғау жөніндегі қажетті шара екендігін түсінгісі келмейді.

«Құдай бізді мұндай достардан сақтасын, ал жаудың жәйін өзіміз табамыз» деп текке айтылмаған болар.

«Мархабатты» жыйырма адамды ату туралы мәселеге келетін болсақ, онда ССР Одағының жаулары, ішкі жаулары да, сыртқы жаулары да, ССР Одағында пролетариат диктатурасының өмір сүріп отырғандығын және оның қолы қалт етпейтіндігін біліп қойсын.

Осының бәрлығынан соң, жаңа соғыс қаупі туып отырған кезде партияға тағыда шабуыл жасап отырған біздің сорлы оппозиция туралы не айтуға болады? Нақ осы оппозицияның жаңа соғыс қаупінің тууына байланысты өзінің партияға қарсы шабуылдарын күшейте түсуді орынды деп тауып отырғандығы туралы не айтуға болады? Сыртқы қауіпке қарсы партия төңірегіне топталудың орнына, оның ССР Одағы халжағдайының қыйыншылығын партияға жаңадан шабуыл жасау үшін пайдалануды орынды деп тауып отырғандығында қандай жақсылық болмақ? Сонда оппозицияның империализмге қарсы алдағы болатын ұрыстарда ССР Одағының жеңіп шығуына, Совет Одағының қорғаныс қабілеттілігін көтеруге, біздің тылымызды нығайтуға қарсы болғаны ма? Немесе бұл, мүмкін, жаңа қыйыншылықтардан қорыққандық, дезертирлік шығар, солшыл құрғақ сөздерді бүркеніп, жауапкершіліктен қашқандық шығар?..

II

ҚЫТАЙ ТУРАЛЫ

Кәзірде, Қытайдағы революция дамудың жаңа кезеңіне еніп отырған кезде, біз өтілген жолдың біраз қортындысын шығара аламыз, Коминтерннің Қытайда ұстаған бағытын тексеру туралы мәселені қарай аламыз.

Ленинизмнің кейбір тактикалық принциптері бар, бұл принциптерді есепке алмайынша революцияға дұрыс басшылық ету де, Коминтерннің Қытайдағы бағытын тексеру де мүмкін емес. Бұл принциптерді біздің оппозиционерлер алдақашан ұмытып кеткен. Нақ сон-

дықтан да, оппозиция ұмытшақ болғандықтан да, бұл принциптерді қайта-қайта еске салып отыру қажет.

Мен ленинизмнің мынадай тактикалық принциптерін айтып отырмын:

а) белгілібір елдердің жұмысшы қозғалысына арнап Коминтерннің басшылық нұсқауларын дайындауда әрбір жеке елдердегі ұлт-өзгешелігі мен ұлт-ерекшелігін міндетті түрде есепке алу принципі;

б) әрбір елдің компартиясының пролетариатты, бұқаралық одақтаспен, ол одақтас уақытша, солқылдақ, берік емес, сенімсіз болса да, қамтамасыз ету жөніндегі қылдай мүмкіншіліктің өзін міндетті түрде пайдаланып отыру принципі;

в) миллиондаған бұқараны саяси тәрбиелеу үшін жалғыз насихат пен үгіт жеткіліксіз болады, бұл үшін бұқараның өздері басынан кешірген саяси тәжрибесі болу қажет деген ақыйқатты міндетті түрде есепке алу принципі;

Менің ойымша, ленинизмнің осы тактикалық принциптерін есепке алу қажетті шарт болып табылады, мұнсыз Коминтерннің Қытай революциясында ұстаған бағытын марксистік жолмен тексеру мүмкін емес.

Қытай революциясы мәселелерін осы тактикалық принциптердің тұрғысынан қарап көрейік.

Партиямыздың идеялық өскендігіне қарамастан, амал не, біздің партия ішінде «басшылардың» белгілібір түрі әлі де болып отыр, олар, айталық, Қытайдағы революцияны Коминтерннің жұрттың бәрі мойындаған, белгілі жалпы қағыйдаларының негізінде телеграф арқылы басқаруға болады деп шын сенеді, олар қытай экономикасының, Қытайдың саяси құры-

лысының, қытай мәдениетінің, қытай мінез-құлқының, дәстүрінің ұлттық өзгешеліктерімен **санаспайды.** Бұл «басшылардың» нағыз басшылардан айырмасы атап айтқанда мынау: бұлардың қалтасында қашан да болсын дайын екі — үш ереже жүреді, ол ережелер барлық елдерге де «жарай береді» және қандай жағдайларда болса да «міндетті» болады. Олар үшін әрбір елдің ұлт-өзгешелігі мен ұлт-ерекшелігін есепке алу мәселесі болмайды. Олар үшін Коминтерннің жалпы ережелерін әрбір елдегі революциялық қозғалыстың ұлттық өзгешеліктерімен байланыстыру туралы, Коминтерннің жалпы ережелерін жеке елдердің ұлттық-мемлекеттік өзгешеліктеріне сәйкестіру туралы мәселе болмайды.

Коммунистік қозғалыстың негізгі мақсаттарын жеңілдетіп, оларды практикада іске асатын ету үшін кәзіргі уақытта, компартиялар өсіп, бұқаралық партияға айналып отырған кезде, басшылықтың негізгі міндеті — әрбір елдегі қозғалыстың ұлттық-өзгеше сыйпаттарын тауып, түсіне білу және әрбір елдегі қозғалыстың ұлттық-өзгеше сыйпаттарын Коминтерннің жалпы ережелерімен ойдағыдай сәйкестіре білу екендігін олар түсінбейді.

Осыдан келіп барлық елдерге басшылық ету ісін бір қалыпқа түсіру әрекеті шығады. Жеке елдердегі қозғалыстың нақтылы жағдайларымен санаспай, кейбір жалпы ережелерді беталды қолдана беруге тырысушылық осыдан келіп шығады. Осы сорлы басшылардың басшылығының негізгі нәтижесі ретінде, жеке елдердегі революциялық қозғалыс пен ережелердің арасында өнебойы дау-жанжалдың болып отыруы да осыдан келіп шығады.

Біздің оппозиционерлер нақ осындай сорлы басшылардың қатарына жатады.

Оппозиция Қытайда буржуазиялық революция болып жатқандығын естіген. Сонымен қатар ол Россияда буржуазиялық революцияның буржуазияға қарсы болғандығын да біледі. Осыдан келіп Қытай үшін мынадай дап-дайын ереже: буржуазиямен бірігіп ешқандай әрекет жасау болмасын, коммунистердің дереу Гоминданнан шығуы жасасын (1926 жылы апрель) дейтін ереже шығады.

Бірақ оппозиция, 1905 жылғы Россияға қарағанда Қытайдың империализм езіп отырған жартылай отарлық ел екендігін, сондықтан Қытайдағы революцияның жай ғана буржуазиялық революция емес, антиимпериалистік түрпаттағы буржуазиялық революция екендігін, империализмнің Қытайда өнеркәсіптің, сауда мен транспорттың негізгі тізгіндерін ұстап отырғандығын, империализмнің езгісі Қытайдың еңбекші бұқараларын ғана қамтып қоймай, сонымен қатар қытай буржуазиясының белгілібір жіктерін де қамтыйтындығын, осылай болғандықтан қытай буржуазиясы белгілі жағдайларда және белгілі мерзім бойына қытай революциясын қолдай алатындығын ұмытып отыр.

Жұртқа мәлім, іс жүзінде бұл осылай болды да. Егер қытай революциясының кантон дәуірін, ұлттық әскерлердің Янцзыға шыкан дәуірін, Гоминдан жікке бөлінгенге дейінгі дәуірді алатын болсақ, онда қытай буржуазиясының Қытайдағы революцияны қолдағандығын, белгілі мерзім бойына және белгілібір жағдайларда осы буржуазиямен бірігіп әрекет жасауға болатындығы туралы Коминтерннің ұстаған

бағытының өте дұрыс болып шыққандығын мойындамауға болмайды.

Осының нәтижесінде — оппозиция өзінің бұрынғы ережесінен кейін шегініп, қытай буржуазиясымен бірігіп әрекет жасау қажетті нәрсе, — коммунистер Гоминданнан шықпауға тиіс (1927 жылы апрель), деген «жаңа» ереже жарыялап отыр.

Мұның өзі оппозицияның бірінші жазалануы болды, бұл — оның қытай революциясының ұлттық өзгешеліктерін есепке алғысы келмегендігі үшін тартқан жазасы.

Оппозиция Пекин үкіметі Қытайдың таможнялық автономиясы туралы мәселе жөнінде империалистік мемлекеттердің өкілдерімен қырқысып жүр дегенді естіген. Таможнялық автономияның ең алдымен қытай капиталистеріне керек екендігін оппозиция біледі. Осыдан келіп: қытай революциясы ұлттық, антиимпериалистік революция болып табылады, себебі оның басты мақсаты Қытайдың таможнялық автономия алуына жету болып табылады деген дайын ереже шығады.

Бірақ оппозиция Қытайдағы империализмнің күші ең алдымен Қытайға таможня жағынан қысым көрсетуде емес, көптеген миллион халқы бар Қытайдың жұмысшылары мен шаруаларының қанын сорып отырған фабрикаларға, заводтарға, шахталарға, темір жолдарға, кемелерге, банктерге, сауда конторларына оның ие болып отырғандығында екенін ұмытып отыр.

Қытай халқының империализмге қарсы революциялық күрес жүргізіп отырған себебі басқаның бәрінен де бұрын, ең алдымен Қытайдағы империализм қытай халқының тікелей қанаушыларын — феодалдарды, ми-

литаристерді, капиталистерді, бюрократтарды, тағы басқаларды жақтап рухтандырып отыратын күш болып табылатындығынан екендігін, сонымен қатар империализмге қарсы революциялық күрес жүргізбейінше қытай жұмысшылары мен шаруалары өз қанаушыларын жеңе алмайтындығын оппозиция ұмытып отыр.

Оппозиция, нақ осы жағдайдың Қытайдағы буржуазиялық революцияның социалистік революцияға ұласуын мүмкін ететін зор маңызды факторлардың бірі болып табылатындығын ұмытып отыр.

Оппозиция, кімде-кім қытайдың антиимпериалистік революциясын таможнялық автономия үшін жүргізілген революция деп жарыяласа, ол адамның Қытайдағы буржуазиялық революцияның социалистік революцияға ұласу мүмкіншілігін бекерге шығаратындығын ұмытып отыр, өйткені, ол адам қытай революциясын қытай буржуазиясының қарамағына береді.

Шынында да, кейін келе фактылар, таможнялық автономияның нағыз қытай буржуазиясының платформасы болып табылатындығын көрсетті, өйткені кәзірде керек десе Чжан Цзо-лин мен Чан Кай-ши сыяқты барып тұрған реакционерлер де тең праволы емес шарттарды жоюды және Қытайда таможнялық автономия орнатуды жақтап шығып отыр.

Осыдан келіп оппозицияның екіжақтылығы шығады, өзінің таможнялық автономия туралы ережесінен тайып шыға келуге тырысу, онан ептеп жүріп бастартуға тырысу және Қытайдағы буржуазиялық революцияның социалистік революцияға ұласу мүмкіншілігі туралы Коминтерн позициясына паналауға тырысу келіп шығады.

Мұның өзі оппозицияның екінші жазалануы болды, бұл — оның қытай революциясының ұлттық өзгешеліктерін құнттап зерттегісі келмегендігі үшін тартқан жазасы.

Оппозиция қытай деревнясына жерді кедей шаруаларға арендаға беріп отыратын купецтік буржуазияның тарағандығын естіген. Оппозиция купецтің феодал емес екенін біледі. Осыдан келіп: феодализм қалдықтарының, демек шаруалардың феодализм қалдықтарына қарсы күресінің де, қытай революциясында күрделі маңызы жоқ, кәзірде Қытайдағы басты нәрсе аграрлық революция емес, Қытайдың империализм елдерінен мемлекеттік-таможнялық тәуелділігі туралы мәселе болып отыр деген дайын ереже шығады.

Бірақ оппозиция қытай экономикасының ерекшелігі деревняға купецтік капиталдың тарауында емес, шаруаларды қанап, езудің феодалдық-ортағасырлық әдістерінің **сақталу жағдайында** феодалдық қалдықтар **үстемдігінің** қытай деревнясында купецтік капиталдың өмір сүруімен ұштасып отырғандығында екендігін көрмей отыр.

Оппозиция Қытайдағы кәзіргі болып отырған бүкіл әскери-бюрократиялық машинаның, қытай шаруаларын айуандықпен тонап, езіп отырған машинаның шынында да қанаудың феодалдық қалдықтары мен феодалдық әдістері **үстемдігінің** деревняда купецтік капиталдың өмір сүруімен осындайлық ұштасуының үстінен орнатылған саяси қондырма екендігін түсінбейді.

Шынында да, кейін келе фактылар, Қытайда ең алдымен басқаның бәрінен де бұрын Қытайдың ұсақ және ірі феодалдарына қарсы бағытталған орасан зор

аграрлық революция өріс алып отырғандығын көрсетті.

Фактылар бұл революцияның он миллиондаған шаруаларды қамтығандығын және бүкіл Қытайдың өнбойына тарау тенденциясы бар екендігін көрсетіп отыр.

Фактылар феодалдардың, анық, тірі феодалдардың, Қытайда өмір сүріп отырғандығы былай тұрсын, сонымен қатар көптеген провинцияларда өкіметті өз қолына ұстап отырғандығын, армияның командирлер құрамын өз еркіне бағындырып отырғандығын, Гоминданды басқару ісін өз ықпалына бағындырып отырғандығын және қытай революциясына соққы үстіне соққы беріп отырғандығын көрсетті.

Осыдан кейін феодалдық қалдықтардың және қаналудың қытай деревнясындағы езгінің негізгі формасы болып отырған феодалдық системасының бар екендігін мойындамау, осыдан кейін қытайдың революциялық қозғалысының кәзіргі кездегі негізгі фактысы болып отырған аграрлық революцияны мойындамау,— анық фактыларға қарсы шыққандық болар еді.

Оппозицияның феодалдық қалдықтар мен аграрлық революция туралы мәселе жөніндегі өзінің бұрынғы ережесінен шегінуі осыдан келіп шығады. Осыдан келіп оппозиция өзінің бұрынғы ережесінен еңбектеп құтылып, Коминтерн позициясының дұрыс екендігін үн-түн жоқ мойындауға тырысады.

Мұның өзі оппозицияның қытай экономикасының ұлттық өзгешеліктерімен санасқысы келмегендігі үшін үшінші жазалануы болып табылады.

Тағы тағылар, тағы сондайлар.

Оппозициядағы сорлы-басшылардың тағдыры —

ережелер мен шындықтың бір біріне үйлеспеуі болып табылады.

Бұл үйлеспеушілік ленинизмнің әрбір елдердің революциялық қозғалысындағы ұлттық-өзгешелік пен ұлттық-ерекшелікті міндетті түрде есепке алу жөніндегі тактикалық белгілі принципінен оппозицияның қол үзуінің тікелей нәтижесі болып табылады.

Ленин бұл принципті былай деп тұжырымдайды:

«Кәзіргі кезде істің бәрі мынада: әрбір елдің коммунистерінің оппортунизмге және «солшыл» доктринерлікке қарсы күрестің принциптік негізгі міндеттерін де, бұл күрестің әрбір жеке елдің экономикасының, саясатының, мәдениетінің, оның ұлт құрамының (Ирландия және басқалар), оның отарларының, оның дінге бөлінулерінің және тағы басқаларының ерекше сыйпаттарына сәйкес болып отыратын және сөзсіз болып отыруға тиісті нақтылы өзгешеліктерін де толық түсініп есепке алып отыруларында. II Интернационалдың әрі оппортунизмге салынғандығы үшін, әрі революцияшыл пролетариаттың дүние жүзінде совет республикасын орнату жолында күресу жөніндегі халықаралық тактикасына бағыт беру қолынан келетін, нағыз орталықтанған, нағыз басшылық ете алатын орталық құра білмегендігі үшін, яки соны құру қолынан келмегендігі үшін жер-жердің бәрінде де II Интернационалға наразылық байқалып, ұлғайып және өсіп келеді. Мұндай басшы орталықты күрестің тактикалық ережелерін бір қалыппен, қалай болса солай бірдейлеуге, теңдеуге сүйеніп ешбір құруға болмайтындығын әбден ұғынып алу керек*. Халықтар мен елдердің арасында ұлттық және мемлекеттік айырмашылықтар болып отырғанда,— ал бұл айырмашылықтар тіпті бүкіл дүние жүзі көлемінде пролетариат диктатурасы орнағаннан кейін де өте көп уақытқа дейін бола бермек,— барлық елдердің коммунистік жұмысшы қозғалысының интернационалдық тактикасының бірыңғай болуы көп түрліліктің жойылуын, ұлттық айырмашылықтардың жойылуын талап етпейді (бұл кәзіргі момент үшін ақымақтық қиял), коммунизмнің негізгі прин-

* Курсив менікі. **И. Ст.**

циптерін (Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасы), ол принциптердің жеке жақтарының түрін дұрыс өзгертетіндей етіп, оларды ұлттық және ұлттық-мемлекеттік айырмашылықтарға дұрыс жағдайластыратындай, дұрыс колданылатындай етіп қолдануды талап етеді. Әрбір елдің біртұтас интернационалдық міндеттерді шешу жөніндегі, жұмысшы қозғалысының ішіндегі оппортунизм мен солшыл доктринерлікті жеңіп шығу жөніндегі, буржуазияны құлату жөніндегі, совет республикасын және пролетариат диктатурасын орнату жөніндегі нақтылы әдістерінің ұлттық-өзгешеліктерін, ұлттық-ерекшеліктерін зерттеу, үйрену, іздеп табу, болжап білу, түсіну* — міне, барлық алдыңғы қатарлы елдердің (және тек алдыңғы қатарлы елдер ғана емес) бастан кешіріп отырған тарихи кездің басты міндеті осында» (қараңыз: «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы», XXV том, 227—228-беттер).

Коминтерннің жолы ленинизмнің тактикалық осы принципін міндетті түрде есепке алу жолы болып табылады.

Оппозицияның жолы, мұның керісінше, осы тактикалық принциптен қол үзу жолы болып табылады.

Оппозицияның қытай революциясының сыйпаты мен болашағы туралы мәселелерде қырсыққа ұшырауының негізі осы қол үзуде болып отыр.

* *
*

Ленинизмнің тактикалық екінші принципіне көшейік.

Қытай революциясының сыйпаты мен болашағынан революцияның жеңіп шығуы жолындағы күресте пролетариаттың одақтастары туралы мәселе келіп шығады.

Пролетариаттың одақтастары туралы мәселе қытай

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

революциясының негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Қытай пролетариатының алдында өте күшті дұшпандар тұр: ұсақ, ірі феодалдар, ескі және жаңа милитаристердің әскери-бюрократиялық машинасы, контрреволюциялық ұлттық буржуазия, Қытайдың шаруашылық өмірінің негізгі тізгіндерін өз қолына алып, қытай халқын қанау жөніндегі өз правосын әскерлер мен флот арқылы сүйеп отырған Шығыс пен Батыс империалистері тұр.

Мұндай өте күшті дұшпандарды талқандау үшін, басқа нәрселермен қатар, пролетариаттың икемді және ойланып жасалған саясаты болу қажет, дұшпандардың лагеріндегі әрбір жарықшақты пайдалана білу қажет, өзіне одақтастар таба білу қажет, тіпті бұл одақтастар солқылдақ, берік емес болған күнде де соларды таба білу қажет, тек бұл одақтастар **бұқаралық** болып, пролетариат партиясының революциялық насихаты мен үгітіне **шек қоймайтын** болса, бұл партияның жұмысшы табы мен еңбекші бұқараны ұйымдастыру жөніндегі жұмысына **шек қоймайтын** болса болғаны.

Мұндай саясат ленинизмнің тактикалық екінші принципінің негізгі талабы болып табылады. Мұндай саясатсыз пролетариаттың жеңіп шығуы мүмкін емес.

Оппозиция мұндай саясатты теріс саясат, лениндік саясат емес деп санайды. Бірақ бұл тек оппозицияның ленинизмнен бүтіндей айрылып қалып отырғандығын ғана, аспан жерден қандай алыс болса оның ленинизмнен сондай алыс екендігін ғана көрсетеді.

Бұдан біраз бұрын қытай пролетариатының осындай одақтастары болды ма?

Я, болды.

Революцияның бірінші кезеңі дәуірінде, революция жалпыұлттық біріккен майданның революциясы болған кезде (кантон дәуірі), пролетариаттың одақтастары шаруалар, қала кедейлері, ұсақбуржуазиялық интеллигенция, ұлттық буржуазия болды.

Қытайдың революциялық қозғалысының ерекшеліктерінің бірі — осы таптардың өкілдері коммунистермен Гоминдан деп аталатын буржуазиялық-революциялық бір ұйымның құрамында бірігіп жұмыс істеді.

Бұл одақтастардың бәрі бірдей сенімді болған жоқ және бола да алмады. Бұлардың біреулері азды-көпті сенімді одақтастар болды (шаруалар, қала кедейлері), екінші біреулері — онша сенімді емес, солқылдақ болды (ұсақбуржуазиялық интеллигенция), үшінші біреулері — тіпті де сенімсіз болды (ұлттық буржуазия).

Сөз жоқ ол кезде Гоминдан азды-көпті бұқаралық ұйым болды. Коммунистердің Гоминдан ішіндегі саясаты ұлттық буржуазия өкілдерін (оңшылдар) шеттетіп, оларды революция мүдделеріне пайдалану, ұсақбуржуазиялық интеллигенцияны (солшылдар) солға қарай итермелеу, шаруалар мен қала кедейлерін пролетариаттың төңірегіне топтастыру болды.

Ол кезде Кантон Қытай революциялық қозғалысының орталығы болды ма? Сөз жоқ, болды. Қазірде мұны тек ақылынан адасқандар ғана бекер деуі мүмкін.

Бұл дәуірдің ішінде коммунистер қандай табыстарға жетті? Кантон әскерлері Янцзыға шыққаннан соң революцияның территориясы кеңейді; пролетариаттың ашықтан-ашық ұйымдасуына (кәсіпшілер одактары, стачкалық комитеттер) мүмкіншілік туды; коммунистік ұйымдар партияға қалыптасты; шаруа

ұйымдарының бірінші ұялары (шаруа одақтары) құрылды; армияға коммунистер тарады.

Коминтерннің бұл дәуір ішіндегі басшылығы өте дұрыс болып шығып отыр.

Революцияның екінші кезеңі дәуірінде, Чан Кай-ши мен ұлттық буржуазия контрреволюцияның лагеріне өтіп, ал революциялық козғалыстың орталығы Кантоннан Уханға ауысқан кезде, пролетариаттың одақтастары шаруалар, қала кедейлері, ұсақбуржуазиялық интеллигенция болды.

Ұлттық буржуазияның контрреволюция лагеріне кетіп қалу себебін немен түсіндіруге болады? Біріншіден, ұлттық буржуазияның жұмысшылардың революциялық қозғалысының қаркынынан зәресі ұшқандығымен, екіншіден, Шанхайдағы империалистердің ұлттық буржуазияға қысым көрсетуімен түсіндіруге болады.

Сонымен, революция ұлттық буржуазиядан айрылды. Мұның өзі революция үшін біраз шығын болды. Бірақ ол мұның есесіне шаруалардың қалың бұқарасын өзіне жақынырақ тартып, өз дамуының жоғарғы кезеңіне, аграрлық революция кезеңіне кірді. Мұның өзі революция үшін тиімді болды.

Ол кезде, революцияның екінші кезеңі дәуірінде, Гоминдан бұқаралық ұйым болды ма? Сөз жоқ, болды. Кантон дәуіріндегі Гоминданға қарағанда ол анағұрлым талассыз бұқаралық ұйым болды.

Ол кезде ухан революциялық козғалыстың орталығы болды ма? Сөз жоқ, болды. Кәзірде мұны тек сокыр адамдар ғана бекер деуі мүмкін. Бұлай болмаған күнде Уханның территориясы (Хубэй, Хунань) ком-

мунистік партия басқарып отырған аграрлық революцияның барынша даму базасы болмаған болар еді.

Ол кезде коммунистердің Гоминдан жөніндегі саясаты оны солға қарай итермелеу және оны пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасының ұйтқысына айналдыру болды.

Ол кезде осылай етуге мүмкіншілік бар ма еді? Я, бар еді. Қалай дегенмен де мұндай мүмкіншіліктің бар екенін естен шығару орынсыз еді. Біз ол кезде былай деп тіке айтқанбыз: Ухан Гоминданын пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасының ұйтқысына айналдыру үшін тым болмағанда мынадай екі жағдайдың болуы қажет: Гоминданды негізінен демократияландыру және Гоминданның аграрлық революцияға тікелей көмектесуін қамтамасыз ету қажет. Коммунистердің Гоминданды осылай етуге тырысудан бастартуы ақымақтық болған болар еді.

Осы дәуірдің ішінде коммунистер қандай табыстарға жетті?

Компартия бұл дәуірдің ішінде 5 — 6 мың адамы бар кішкентай партиядан 50 — 60 мың мүшесі бар бүкаралық үлкен партия болып өсті.

Жұмысшылардың кәсіпшілік одақтары 3 миллионға жуық мүшесі бар бүкілқытайлық орасан зор ұйым болып өсті.

Шаруалардың бастауыш ұйымдары бірнеше ондаған миллион адамды қамтыйтын орасан зор ұйым болып өсті. Шаруалардың аграрлық қозғалысы қытайдың революциялық қозғалысында орталық орын алып, орасан зор мөлшерде өсіп отыр. Компартия революцияны ашықтан-ашық ұйымдастыруға мүмкіншілік

алды. Компартия аграрлық революцияның басқарушысы болып келеді. Пролетариат гегемониясы тілектен фактыға айналып келеді.

Рас, қытай компартиясы бұл дәуірдің барлық мүмкіншіліктерін пайдалана білмеді. Рас, қытай компартиясының Орталық Комитеті бұл дәуірдің ішінде бірсыпыра ірі қателер жіберді. Бірақ қытай компартиясы Коминтерн директиваларының негізінде, айталық, бірден, нағыз большевиктік партияға айнала алады деп ойлау адам күлерлік іс болар еді. Нағыз большевиктік партияның бірден шыға коймайтындығын түсіну үшін жікке бөлінулерді, бөлініп шығып кетулерді, опасыздықтарды, саткындықтарды, тағы басқаларды басынан кешірген біздің партиянын тарихын еске түсірсе болғаны.

Сонымен, Коминтерннің берген басшылығы бұл дәуірде де өте дұрыс болып шығып отыр.

Қәзірде қытай пролетариатының одақтастары бар ма?

Я, бар.

Мұндай одақтастар шаруалар мен кала кедейлері болып табылады.

Кәзіргі дәуір Гоминданның Ухан басшыларының контрреволюция лагеріне кетуімен, ұсақбуржуазиялық интеллигенциянын революциядан кетуімен сыйпатталады.

Бұл сыяқты кетушілікті, біріншіден, ұсақбуржуазиялық интеллигенцияның қаулап өсіп келе жатқан аграрлық революциядан зәресі ұшқандығымен және феодалдардың Ухан басшыларына қысым көрсетуімен түсіндіруге болады, екіншіден, солтүстікке өткізгені үшін ақы ретінде Гоминданнын коммунистерден қол

үзуін талап етіп отырған Тяньцзин ауданындағы империалистердің қысым көрсетуімен түсіндіруге болады.

Оппозиция Қытайда феодалдық қалдықтардың бар екендігіне күмәнданады. Феодалдық қалдықтардың Қытайда өмір сүріп отырғандығы былай тұрсын, кәзіргі кездегі революция тегеуірінінен гөрі олардың тіпті күшті болып шыққандығы кәзірде кімге болса да түсінікті. Нақ сондықтан да, империалистер мен феодалдардың Қытайда әзірше күштірек болып шығуы себепті, революция уақытша жеңіліп қалды.

Революция бұл жолы ұсақбуржуазиялық интеллигенциядан айрылды.

Мұның өзі революцияның уақытша жеңілгендігінің белгісі болып табылады.

Бірақ мұның есесіне революция шаруалар мен қала кедейлерінің қалың бұқарасын пролетариаттың төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтастырып, сонымен пролетариат гегемониясына негіз жасады.

Революция үшін пайдалы жағы осы болды.

Оппозиция революцияның уақытша жеңілуін Коминтерннің саясатынан болды деп түсіндіреді. Бірақ бұлай деп марксизмнен байланысын үзген адамдар ғана айта алады. Дұрыс саясат қашан да және міндетті түрде дұшпанды **тікелей** жеңуге жеткізетін болсын деп тек марксизмнен байланысын үзген адамдар ғана талап ете алады.

Большевиктердің 1905 жылғы революцияда ұстаған саясаты дұрыс болды ма? Я, дұрыс болды. Советтердің өмір сүріп тұрғандығына қарамастан, большевиктердің дұрыс саясатына қарамастан 1905 жылғы революция неліктен жеңіліп қалды? Оның жеңілген

себебі феодалдық калдықтар мен самодержавие жұмысшылардың революциялық қозғалысынан гөрі ол кезде күштірек болып шықты.

Большевиктердің 1917 жылы июльде ұстаған саясаты дұрыс болды ма? Я, дұрыс болды. Мұнда да Советтердің өмір сүріп тұрғандығына карамастан, ол кезде Советтер большевиктерге опасыздық жасады, большевиктердің дұрыс саясатына қарамастан ол кезде большевиктер неліктен жеңіліп қалды? Себебі ол кезде жұмысшылардың революциялық қозғалысына қарағанда орыс империализмі күштірек болып шықты.

Дұрыс саясат әрқашан және міндетті түрде дұшпанды тікелей жеңуге әкелуге тіпті де тиіс емес. Дұшпанды тікелей жеңу тек дұрыс саясат арқылы ғана шешілмейді, сонымен катар және ең алдымен таптық күштердің арасалмағы арқылы, революция жағындағы күштердің мейлінше басым болуы арқылы, дұшпанның лагерінде ыдыраушылықтың болуы арқылы, халықаралық колайлы жағдай арқылы шешіледі.

Пролетариаттың дұрыс саясаты тек осындай жағдайларда ғана тікелей жеңіске жеткізе алады.

Алайда міндетті түрде қойылатын бір талап бар, дұрыс саясат қашан да және қандай жағдайларда болса да бұл талапқа сай келіп отыруға тиіс. Бұл талап — партия саясаты пролетариаттың жауынгерлігін көтеретін болсын, оның еңбекші бұқарамен байланыстарын көбейтіп, бұл бұқараның арасында пролетариаттың беделін көтеріп, пролетариатты революция гегемонына айналдыратын болсын дейтін талап.

Қытайдағы революцияның тікелей жеңіп шығуы үшін осы өткен дәуір барынша колайлы жағдай болды деуге бола ма? Әрине, болмайды.

Қытайдағы коммунистік саясат пролетариаттың жауынгерлігін көтермеді, оның қалың бұқарамен байланыстарын көбейтпеді және бұл бұқараның арасында пролетариаттың беделін көтермеді деуге бола ма? Әрине, болмайды.

Осы уақыттың ішінде қытай пролетариаты шаруалардың қалың бұқарасын өз туының төңірегіне топтастыру үшін оларды ұлттық буржуазиядан да, ұсақ-буржуазиялық интеллигенциядан да ажыратып алғандығын тек соқыр адамдар ғана көрмеуі мүмкін.

Компартия революциясының территориясын кеңейту үшін, бұқаралық партия болып қалыптасу үшін, өзінің пролетариатты ашықтан-ашық ұйымдастыруына мүмкіншілік жасау үшін және шаруаларға қарай өзіне жол салу үшін Кантонда, революцияның бірінші кезеңінде ұлттық буржуазиямен одақ жасау ісін басынан кешірді.

Компартия өзінің күштерін көбейту үшін, пролетариаттың ұйымдастыру ісін кеңейту үшін, Гоминдан басшылығынан шаруалардың қалың бұқарасын бөліп әкету үшін және пролетариат гегемониясына жағдай жасау үшін, Уханда революцияның екінші кезеңінде Гоминданның ұсақбуржуазиялық интеллигенциясымен одақ жасау ісін басынан кешірді.

Ұлттық буржуазия халықтың қалың бұқарасынан байланысын жоғалтып, контрреволюцияның лагеріне кетіп қалды.

Ұлттық буржуазияның соңынан Гоминданның Ухандағы ұсақбуржуазиялық интеллигенциясы сүйретіліп кете бастады, ол аграрлық революциядан қорқып, шаруалардың миллиондаған бұқарасының алдында өзінің беделін кетірді.

Оның есесіне шаруалардың миллиондаған бұқарасы өзінің бірден-бір сенімді көсемі және басшысы деп танып, пролетариаттың төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасты.

Мұндай нәтижелерге тек дұрыс саясат қана жеткізе алатындығы анық емес пе?

Пролетариаттың жауынгерлігін тек осындай саясат қана күшейте алатындығы анық емес пе?

Мұндай саясаттың дұрыс және революциялық саясат екендігін біздің оппозициядағы бишара басшылардан басқа кім бекер дей алады?

Оппозиция былай дейді: Гоминданның Ухандағы басшыларының контрреволюция жағына бет бұруы революцияның екінші кезеңінде Ухан Гоминданымен одақ жасау саясатының теріс екендігін көрсетеді.

Бірақ бұлай деп большевизмнің тарихын ұмытқан адамдар ғана және ленинизмнен мүлде айрылған адамдар ғана айта алады.

Большевиктердің Октябрьде және Октябрьден соң 1918 жылдың жазғытұрымына дейін солшыл эсерлермен революциялық одақ жасау саясаты дұрыс болды ма? Менің ойымша, бұл одақтың дұрыс екендігін бекер деуге әлі ешкімнің батылы барған жоқ. Бұл одақ немен аяқталды? Солшыл эсерлердің Совет өкіметіне қарсы көтеріліс жасауымен аяқталды. **Осыған сүйеніп** эсерлермен одақ жасау саясаты теріс саясат болды деуге бола ма? Әрине, болмайды.

Қытай революциясының екінші кезеңінде Ухан Гоминданымен революциялық одақ жасау саясаты дұрыс саясат болды ма? Менің ойымша, революцияның екінші кезеңі кезінде мұндай одақтың дұрыс болғандығын бекер деуге әлі ешкімнің батылы барған жоқ.

Ол кезде (1927 жылғы апрель) оппозицияның өзі мұндай одақты дұрыс деген болатын-ды. Қазірде, Гоминданның Ухандағы басшылары революциядан кеткеннен кейін, осы кетіп қалушылықты негізге алып, Ухан Гоминданымен жасалған революциялық одақ теріс болды деп қалай айтуға болады.

Мұндай «дәлелдерге» тек жеңіл мінезді адамдардың ғана сүйене алатындығы анық емес пе?

Ухан Гоминданымен жасалған одақты мәңгі және сарқылмайтын одақ деп кім айтты? Мәңгі және таусылмайтын одақтар дүние жүзінде бола ма? Пролетариаттың пролетарлық емес таптармен, топтармен революциялық одақ жасауы туралы ленинизмнің тактикалық екінші принципінен оппозицияның ешнәрсе, мүлде ешнәрсе түсінбегендігі анық емес пе?

Ленин бұл тактикалық принципті былайша тұжырымдайды:

«Анағұрлым күшті дұшпанды тек күштерді мейлінше жұмылдырғанда ғана және жаулардың арасындағы «жарықшақтың» қандайын болса да, тіпті ең кішкентайын да, түрлі елдердің буржуазиясының арасындағы, жеке елдердің ішіндегі буржуазияның түрлі топтарының немесе түрлерінің арасындағы мүдделеріндегі қайшылықтардың қандайын болса да, — **сондай-ақ өзімізге тіпті уақытша, солқылдақ, берік емес, сенімді емес, шартты болса да, бұқаралық одақтасты тауып алу мүмкіншілігінің қандайын болса да, тіпті ең кішкентайын да, міндетті түрде,** ойдағыдай, абайлап, сақтықпен, шеберлікпен пайдаланғанда ғана жеңуге болады. **Кімде-кім мұны түсінбесе, ол адам марксизмнен және жалпы осы замандағы, ғылыми социализмнен түк түсінбеген адам***. Бірсыпыра ұзақ уақыттың бойында және әртүрлі саяси жағдайларда бұл шындықты іс жүзінде қолдана білетіндігін **практика** жүзінде дәлелдемеген адам, революциялық тапқа

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

оның бүкіл еңбекші адам баласын қанаудан азат ету жолында жүргізген күресінде жәрдем көрсетуге әлі үйрене алмаған адам болады. Бұл айтылған сөз пролетариаттың саяси өкіметті қолына қаратып алғанға дейінгі дәуірге де, онан кейінгі дәуірге де бірдей жатады» (қараңыз: «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы», XXV том, 210—211-беттер).

Оппозицияның ұстаған жолының ленинизмнің осы тактикалық принципінен қол үзу жолы екендігі анық емес пе?

Коминтерннің ұстаған жолының, мұның керісінше, осы тактикалық принципті міндетті түрде есепке алу жолы екендігі анық емес пе?

* * *

Ленинизмнің тактикалық үшінші принципіне көшейік.

Бұл тактикалық принцип ұрандарды ауыстыру туралы, мұндай ауыстырудың тәртібі мен тәсілдері туралы мәселені қамтыйды. Ол партия үшін қойылған ұрандарды бұқара үшін қойылған ұрандарға қалай айналдыру керек екендігі туралы мәселені, партия ұрандарының дұрыс екендігіне бұқараның көздерін олардың өз саяси тәжрибесінде жеткізу үшін бұқараны революциялық позицияға қайтіп және қалайша әкелу керек екендігі туралы мәселені қамтыйды.

Ал бұқараны бір ғана насихат пен үгіт арқылы сендіруге болмайды. Бұл үшін бұқараның өз саяси тәжрибесі болу қажет. Бұл үшін, айталық, сол құрылысты құлатудың қажет екендігін, саяси және әлеуметтік жаңа тәртіптердің орнамай қоймайтындығын қалың бұқара өздері мойнымен көтеріп барып көруі қажет.

Алдыңғы топ, партия, айталық, Милюков — Керенскийдің Уақытша үкіметінің сөзсіз құлатылатындығына 1917 жылы апрельде көзі жеткен болса, онда онысы жақсы-ақ. Бірақ бұл үкіметті құлатуды жақтап шығу үшін, Уақытша үкімет құлатылып, Совет өкіметі орнатылсын деген ұранды **күн тәртібіндегі** ұран ретінде қою үшін бұл жеткілікті болмайды. «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген формуланы таяудағы уақыттың болашағынан **күн тәртібіндегі ұранға** қолма-қол әрекет жасау ұранына айналдыру үшін, бұл үшін тағыда бір шешуші жағдай қажет болды, атап айтқанда бұл ұранның дұрыс екендігіне бұқараның өздерінің көздері жетіп, оны іске асыру жөнінде партияға белгілібір көмек көрсетуі қажет болды.

Таяудағы уақыттың болашағы ретіндегі формула мен **күн тәртібіндегі ұран** ретіндегі формуланың арасын барынша айырып қарау керек. «Уақытша үкімет жойылсын, бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұранды **мезгілінен бұрын** қойып, 1917 жылы апрельде Питердегі Богдатьев басқарған большевиктер тобының сүрінген жері нақ осы болған болатын. Ленин ол кезде Богдатьев тобының бұл әрекетін қатерлі авантюризм деп бағалап, жұрт алдында масқаралаған болатын[69].

Неге?

Неге десеңіз еңбекшілердің тыл мен майдандағы қалың бұқарасы бұл ұранды қабылдауға әлі де дайын емес еді. Неге десеңіз бұл топ болашақ ретіндегі «бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген формуланы күн тәртібіндегі «бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұранмен шатастырды. Неге десеңіз ол тым алға **кетіп қалды**, партияны, ол кезде Уақытша үкіметтің рево-

люцияшылдығына әлі де сенген қалың бұқарадан, Советтерден мүлде қол үзу қаупіне ұшыратты.

Қытай коммунистері, айталық, бұдан жарты жыл бұрын «Ухандағы Гоминдан басшылығы жойылсын» деген ұран қоюға тиіс пе еді? Жоқ, тиіс емес еді.

Олай етуге тиіс емес еді, өйткені мұның өзі қауіпті түрде тым алға кетіп қалу болар еді, мұның өзі әлі де Гоминдан басшылығына сенген еңбекшілердің қалың бұқарасына коммунистердің араласуын қыйындатқан болар еді, мұның өзі компартияны шаруалардың қалың бұқарасынан шеттеткен болар еді.

Олай етуге тиіс емес еді, өйткені Уханның Гоминдан басшылығы, Гоминданның Ухандағы Орталық Комитеті, буржуазиялық-революциялық үкімет ретінде әлі де әбден саркылмаған болатын, өзінің аграрлық революцияға карсы күресі арқылы, өзінің жұмысшы табына қарсы күресі арқылы, өзінің контрреволюция жағына қарай бұрылуы арқылы еңбекшілердің қалың бұқарасының көз алдында масқара болып, беделін түсіріп үлгірмеген болатын.

Біз барлық уақытта да: Ухандағы Гоминдан басшылығы буржуазиялық-революциялық үкімет ретінде әбден сарқылмай тұрып, оның беделін түсіруге, оны ауыстыруға қарай бағыт алуға болмайды, кейін оны ауыстыру туралы практика жүзінде мәселе қою үшін, әуелі оның өзін әбден сарқуына мүмкіншілік беру керек деп айтқан болатынбыз.

Қытай коммунистері «Ухандағы Гоминдан басшылығы жойылсын» деген ұранды кәзір қоюға тиіс пе? Я, тиіс, міндетті түрде қоюға тиіс.

Кәзірде, гоминдан басшылығы революцияға қарсы күресемін деп масқара болып отырғанда, жұмысшы-

шаруа қалың бұқарасы жөнінде өзін өшпенділік жағдайға қойып отырған кезде, бұл ұранды халық бұқарасы барынша жақтайтын болады.

Коммунистердің Ухан үкіметінен және Гоминдannың Ухандағы Орталық Комитетінен шығуы және «Ухандағы Гоминдан басшылығы жойылсын» деген ұран қоюы дұрыс екендігін кәзірде әрбір жұмысшы және әрбір шаруа түсінеді.

Өйткені кәзірде мәселе шаруалар мен жұмысшылар бұқарасының алдында былайша үзілді-кесілді қойылып отыр: не Гоминдannың кәзіргі басшылығы қала береді, ал онда — бұл бұқаралардың ең ділгер тілектерінің өзін қанағаттандырудан бастартуға, аграрлық революциядан бастартуға тура келеді; не аграрлық революцияны және жұмысшы табының халжағдайын мүлде жақсартуды таңдау керек, ал онда — Ухандағы Гоминдан басшылығын ауыстыру бұқара үшін күн тәртібінде тұрған ұран болып шығады.

Ленинизмнің тактикалық үшінші принципінің ұрандарды ауыстыру туралы мәселе жөніндегі, қалың бұқараны революциялық жаңа позицияларға әкелудің әдістері мен жолдары туралы мәселе жөніндегі, өзінің саясаты арқылы, өзінің әрекеттері арқылы, бір ұрандарды екінші ұрандармен дер **кезінде** ауыстыру арқылы еңбекшілердің қалың бұқарасына партия жолының дұрыс екендігін өз тәжрибесінде көріп-білуге көмектесу туралы мәселе жөніндегі талаптары осындай.

Тактикалық принципті Ленин былай деп тұжырымдайды:

«Жалғыз авангардпен ғана жеңуге болмайды. Бүкіл тап, қалың бұқара не авангардты тұп-тура қолдау позициясына не-

месе, ең болмағанда, авангардқа ниеттес битараптық позициясына және оның дұшпанын қолдауға ешбір қабілетсіз болатын позицияға түспей тұрған кезде, тек жалғыз авангардты ғана шешуші ұрысқа түсіру ақымақтық болатыны былай тұрсын, тіпті қылмыс болар еді: **Ал, шын мәнісінде бүкіл таптың, шын мәнісінде еңбекшілердің және капиталдан езгі көргендердің қалың бұқарасының мұндай позицияға жетуі үшін, жалғыз ғана нәсихат, жалғыз ғана үгіт жүргізу аз болады. Бұл үшін сол бұқараның өзінің саяси тәжрибесі болу керек***. Барлық ұлы революциялардың негізгі заңы міне осындай; бұл заңды енді тек Россия ғана емес, Германия да соншама күшті, соншама айқын ыспаттап отыр. Коммунизмге үзілді-кесілді бет бұру үшін, Россияның мәдениетсіз, көбінесе сауатсыз бұқарасы түгіл, Германияның жоғарғы мәдениетті, жаппай сауатты бұқарасына да, II Интернационал сабаздары үкіметінің бүкіл әлсіздігін, бүкіл тұрлаусыздығын, бүкіл дәрменсіздігін, буржуазия алдындағы бүкіл малайлығын, бүкіл арсыздығын, пролетариат диктатурасы жөніндегі бірден-бір альтернатива ретінде шектен шыққан реакционерлер (Россияда Корнилов, Германияда Капп және оның серіктері) диктатурасының болмай қалмайтынын өз тәжрибесінен білуге тура келді. Халықаралық жұмысшы қозғалысындағы саналы авангардының, яғни коммунистік партиялардың, топтардың, ағымдардың кезектегі міндеті — қалың бұқараны (кәзірде көбіне әлі ұйықтап жатқан, апатия халіндегі, енжар, икемсіз, оянбаған бұқараны), олардың осы жаңа халіне **жақындата** білу, немесе, дұрысырақ айтқанда, бұқараның жаңа позицияға жақындап, соған көшіп келе жатқан кезінде, өзінің партиясына **ғана емес,** сол бұқараға да басшылық ете білу» (қараңыз: «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы», XXV том, 228-бет).

Оппозицияның негізгі қатесі — ленинизмнің осы тактикалық принципінің мәні мен маңызын түсінбейді, ол мұны мойындамайды, ол мұны ұдайы бұзады.

Ол (троцкистер) осы тактикалық принципті 1917 жылдың бас кезінде, аяқталып бітпеген аграрлық

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

қозғалысты аттап өтуге тырысқан кезде бұзды (Ленинді қараңыз).

Ол (Троцкий — Зиновьев) мұны коммунистердің реакцияшыл кәсіпшілер одақтарында жұмыс істеуінің тиімді екендігін мойындамай, олармен уақытша одақ жасау қажет екендігін мойындамай, кәсіпшілер одақтарының реакцияшылдығынан «аттап өтуге» әрекет жасаған кезде бұзды.

Ол (Троцкий — Зиновьев — Радек) мұны 1926 жылы апрельде коммунистердің Гоминданнан дереу шығуын талап етіп, 1927 жылы апрельде дамудың әлі аяқталмаған, жойылмаған гоминдандық кезеңі жағдайында дереу Советтер ұйымдастырылсын деген ұран көтеріп, қытай революциялық қозғалысының ұлттық ерекшеліктерінен, (Гоминдан) Қытай халық бұқарасының артта қалғандығынан «аттап өтуге» әрекет жасаған кезде бұзды.

Оппозиция былай деп ойлайды: егер ол гоминдан басшылығының жартыкештігін, солқылдақтығын, сенімсіз екендігін түсініп, білсе болғаны, егер ол Гоминданмен жасалған одақтың уақытша және шартты сыйпаты бар екендігін білсе (ал мұны білу маман саяси қызметкердің қай-қайсысына болса да қыйын емес) болғаны, — сонда мұның өзі Гоминданға қарсы, Гоминдан өкіметіне қарсы «үзілді-кесілді әрекеттер» жасау үшін толық жеткілікті болады, «бізді» және «біздің» «үзілді-кесілді әрекеттерімізді» бұқараның, жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқарасының «бірден» жақтап шығуы үшін толық жеткілікті болады деп ойлайды.

Қытай коммунистері бұқараны өз соңынан ертіп әкету үшін бұл арада «біздің» түсінуіміз тіпті де жет-

кілікті емес екендігін оппозиция ұмытып отыр. Бұлай болу үшін мұның үстіне гоминдан басшылығының сенімсіз екендігін, реакцияшылдығын, контрреволцияшылдығын, бұқараның өз тәжрибесіне көріп-білуі қажет екендігін оппозиция ұмытып отыр.

Революцияны алдыңғы қатардағы топ қана, партия ғана, «жоғарғы дәрежедегі» болса да, жеке «адамдар» ғана «жасап» қоймай, ең алдымен, басқаның бәрінен де бұрын, миллиондаған халық бұқарасы жасайтындығын оппозиция ұмытып отыр.

Оппозицияның миллиондаған халық бұқарасының жағдайы туралы, түсінуі туралы, үзілді-кесілді қимыл жасауға дайын екендігі туралы ұмытуы ғажап нәрсе.

Милюков — Керенскийдің Уақытша үкіметін құлатуға тура келетіндігін, Уақытша үкіметтің өмір сүруі Советтердің қызмет етуімен сыйыса алмайтындығын, өкіметтің Советтердің қолына көшуге тиіс екендігін біз, партия, Ленин, 1917 жылы апрельде білдік пе? Я, білдік.

Олай болса 1917 жылы апрельде большевиктердің Питердегі Богдатьев бастаған белгілі тобы «Уақытша үкімет жойылсын, бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұран көтеріп, Уақытша үкіметті құлатуға тырысқан кезде Ленин оны авантюрист деп не себепті масқаралады.

Неге десеңіз, еңбекшілердің қалың бұқарасы, жұмысшылардың белгілі бөлегі, миллиондаған шаруалар, армияның қалың бұқарасы, ақыр аяғында, Советтердің өзі бұл ұранды күн тәртібіндегі ұран ретінде қабылдауға әлі дайын емес еді.

Неге десеңіз, Уақытша үкімет және эсерлер мен

меньшевиктердің ұсақбуржуазиялық партиялары өздерін әлі де сарқып үлгірмеген еді, еңбекшілердің миллиондаған бұқарасының көз алдында өздерінің әлі де беделін түсіріп үлгірмеген еді.

Неге десеңіз, Уақытша үкіметті құлатып, Совет өкіметін орнату үшін пролетариаттың алдыңғы қатардағы тобының, пролетариат партиясының бір ғана түсінігі, санасы жеткіліксіз болатындығын, — бұл үшін оның үстіне мұндай жолдың дұрыс екендігіне бұқараның өз тәжрибесінде көзі жетуі қажет екендігін Ленин білді.

Неге десеңіз, Уақытша үкіметтің құлатылмай қоймайтындығына және Совет өкіметінің сөзсіз орнайтындығына еңбекшілердің миллиондаған бұқарасының көзі жету үшін бүкіл коалициялық былықтан, ұсақбуржуазиялық партиялардың 1917 жылы июньде, июльде, августа болған опасыздықтары мен сатқындықтарынан өту қажет болды, 1917 жылғы июньде майданда болған масқара шабуылдан, ұсақбуржуазиялық партиялардың Корниловтер және Милюковтермен жасаған «адал» коалициясынан, Корнилов көтерілісінен, тағы басқалардан өту қажет болды.

Неге десеңіз, Совет өкіметінің **болашақ** ретіндегі ұранын Совет өкіметінің **күн тәртібіндегі ұранына** тек осындай жағдайларда ғана айналдыруға болатын еді.

Оппозицияның соры мынада болып отыр: ол бір кезде нақ Богдатьев тобының жасаған қатесін барлық жерде де жасап отыр, ол Ленниннің жолынан кетіп, Богдатьевтің жолымен «жүруді» артық көреді.

Құрылтай жыйналысының сайлауларына қатысқан кезде және Питерде Құрылтай жыйналысын шақырған кезде біз, партия, Ленин Құрылтай жыйналысы-

ның Совет өкіметі системасымен сыйыса алмайтындығын білдік пе? Я, білдік.

Олай болса біз Құрылтай жиналысын неге шақырдық? Большевиктердің, буржуазиялық парламентаризм жауларының, Совет өкіметін орнатқаннан кейін, сайлауларға қатысып қана қоймай, сонымен қатар Құрылтай жиналысын өздері шақырған себебі не? Мұның өзі «құйыршықтық», оқыйғалардан кейін қалушылық, «бұқараны тежегендік», «алысты көздеу» тактикасын бұзғандық болған жоқ па? Әрине, олай болған жоқ.

Большевиктер бұл адымды жасауға барғанда Құрылтай жиналысының жарамсыз екендігіне, оның реакциялық екендігіне, оның контрреволюциялық екендігіне халықтың артта қалған бұқарасының көзін жеткізуді жеңілдету үшін барды. Шаруалардың көп миллиондаған бұқарасын тек осындай жол арқылы ғана өзімізге тартып, Құрылтай жиналысын таратуды тек осындай жол арқылы ғана жеңілдетуге болатын болды.

Бұл туралы Ленин былай деп жазады:

«Біз 1917 жылы сентябрь — ноябрьде Россияның буржуазиялық парламентінің, Құрылтай жиылысының, сайлауына катнастық. Біздің ол тактикамыз дұрыс болды ма, жоқ па?.. 1917 жылы сентябрь — ноябрьде, Россиядағы парламентаризм саяси жағынан біткен нәрсе деп санауға, батыс коммунистерінің қайсысынан да гөрі, біздің, орыс большевиктерінің правосы көбірек болмады ма? Әрине, правосы болды, өйткені істің мәні — буржуазиялық парламенттердің өмір сүріп келгеніне көп уақыт немесе аз уақыт болғандығында емес қой, істің мәні — еңбекшілердің қалың бұқарасының совет құрылысын қабыл алуға және буржуазиялық-демократиялық парламентті қууға (немесе қууды жөн көруге) қаншалық дайын (идея жағынан да, саясат жағы-

нан да, практика жүзінде де) екендігінде ғой. 1917 жылы сентябрь — ноябрьде Россияда, бірқатар ерекше жағдайлардың арқасында, қалалардағы жұмысшы табы, солдаттар мен шаруалар совет құрылысын қабыл алуға және буржуазияның ең демократияшыл деген парламентін қуып жіберуге айта қалғандай дайын тұрғаны мүлде даусыз және толық анықталған тарихи факт еді. Ал сонда да большевиктер Құрылтай жыйылысына бойкот жасамады, қайта пролетариаттың саяси өкіметті қолға алуынан бұрын да, соң да Құрылтай жыйылысының сайлауына қатнасты...

Бұдан мынадай талассыз қортынды шығады: Совет Республикасының жеңуінен тіпті бірнеше жеті бұрын да, тіпті ол жеңуден соң да буржуазиялық-демократиялық парламентке қатнасу революцияшыл пролетариатқа зиян келтірмейтіндігі былай тұрсын, қайта мұндай парламенттерді қуып жіберу керектігінің неліктен екендігін пролетариаттың артта қалған бұқараға дәлелдеп көрсету мүмкіншілігін жеңілдетеді, парламенттерді қуып жіберудің ойдағыдай болып шығуын жеңілдетеді, буржуазиялық парламентаризмді «саяси құртуды» жеңілдетеді» (қараңыз: «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы», XXV том, 201—202-беттер).

Ленинизмнің тактикалық үшінші принципін большевиктер іс жүзінде осылай қолданды.

Большевизмнің тактикасын Қытайда осылай қолдану керек, әңгіме аграрлық революция туралы, Гоминдан туралы немесе Советтер жөніндегі ұран туралы болса да бәрібір осылай қолдану керек.

Оппозиция, сірә, Қытайдағы революция кәзірдің өзінде толық апатқа ұшырады деп ойлауға бейім болар. Бұл, әрине, дұрыс емес. Қытайдағы революцияның уақытша жеңіліп отырғандығына ешбір шүбәлануға болмайды. Бірақ кәзірде мәселе — бұл жеңілістің қандай екендігінде және оның қаншалықты терең екендігінде болып отыр.

Бәлкім, бұл мөлшермен айтқанда 1905 жылы Россияда болған жеңіліс сыяқты ұзақ жеңіліс шығар, ол

кезде революция 1917 жылы февральда жаңа күшпен қайтадан көтеріліп, самодержавиені жұлып тастау үшін, сөйтіп жаңа, совет революциясына жол ашу үшін бүтін бір он екі жылға үзілген болатын.

Мұндай болашақты болмайды деп есептеу мүмкін емес. 1905 жылғы жеңілісті де түпкілікті жеңіліс деп есептеуге болмайтыны сияқты, бұл да әлі революцияның толық жеңілгендігі емес. Бұл толық жеңілгендік емес, өйткені қытай революциясының дамудың кәзіргі кезеңіндегі негізгі міндеттері — аграрлық революция, Қытайды революциялық жолмен біріктіру, империализм езгісінен азат ету — әлі де шешілуді керек етеді. Ал егер бұл болашақ шын бар нәрсеге айналатын болса, онда Қытайда жұмысшы және шаруа депутаттары Советтерін дереу құру туралы, әрине, сөз болуы да мүмкін емес, өйткені Советтер революциялық өрлеу жағдайында ғана құрылып, гүлдене алады.

Бірақ бұл болашақты мүмкін нәрсе деп есептеуге бола қояр ма екен. Ең болмағанда оны мүмкін нәрсе деп есептеуге әзірше негіз жоқ. Негіз жоқ болатын себебі контрреволюция әлі біріккен жоқ және, егер ол бір кезде бірігуге тиіс бола қалғанның өзінде, таяу арада біріге қоймайды.

Өйткені ескі милитаристер мен жаңа милитаристердің өзара күресі тағыда күшейіп қаулап өсіп келеді және ол контрреволюцияның күшін әлсіретпей қоймайды, сонымен қатар шаруаларды да күйзелтіп, өшіктіреді.

Өйткені, баскарушы топтарды құтқарарлықтай Столыпин реформасы сияқты бірдемеге бара алатын топ яки үкімет Қытайда әлі жоқ.

Өйткені помещиктің жеріне қолы жеткен миллиондаған шаруаларды ауыздықтап, жермен жексен ету оңай емес.

Өйткені пролетариаттың беделі еңбекші бұқараның көз алдында күннен күнге өсіп келеді, ал оның күші әлі онша жеңілген жоқ.

Қытай революциясының жеңілуі өзінің дәрежесі бойынша большевиктердің 1917 жылғы июльдегі жеңілуіне ұқсайды, ол кезде меньшевик-эсер Советтері большевиктерге сатқындық жасап, большевиктер подпольеге кетуге мәжбүр болды, бұдан бірнеше ай өткеннен кейін революция Россияның империалистік үкіметін құлату үшін қайтадан көшеге шықты.

Әрине бұл арадағы ұқсастық — шартты ұқсастық. Осы күнгі Қытайдың жағдайы мен 1917 жылғы Россия жағдайының өзгешелігін еске алғанда қажет болып шығатын ескертулерді айта отырып қана мен бұл ұқсастық бар дей аламын. Мен қытай революциясының жеңілу дәрежесін шамалап суреттеу үшін ғана мұндай ұқсастықты алып отырмын.

Менің ойымша, бұл болашақ баскадан да гөрі болуы ықтыймал нәрсе. Ал егер бұл болашақтың өзі шын бар нәрсе болып шықса, егер таяу уақыттың ішінде,— екі айдан соң болуы міндетті емес, жарты жылдан соң, бір жылдан соң,— **революцияның жаңадан өрлеуі факт болып шықса,** онда жұмысшы, шаруа депутаттары Советтерін құру мәселесі күн тәртібіндегі

ұран ретінде, буржуазия үкіметіне қарама-қарсы күш ретінде алға қойылуы мүмкін.

Неге?

Неге десеңіз, **революцияның жаңадан өрлеу** жағдайларында оның дамуының осы кезеңінде Советтерді құру мәселесі әбден пісіп жеткен мәселе болады.

Кеше, бұдан бірнеше ай бұрын, Қытай коммунистері Советтер құру ұранын қоюға тиіс емес еді, өйткені бұл біздің оппозицияға тән авантюризм болған болар еді, өйткені гоминдан басшылығы өзін революцияның дұшпаны ретінде әшкерелеп әлі үлгірмеген еді.

Кәзірде, мұның керісінше, **егер** (егер!) таяу уақыттың ішінде жаңадан, күшті революциялық өрлеу бола қалатын болса, Советтерді құру ұраны шын революциялық ұран болып шығуы мүмкін.

Сондықтан кәзірдің өзінде-ақ, өрлеу басталмай тұрып-ақ, кәзіргі Гоминдан басшылығын революциялық басшылықпен алмастыру жолында күрес жүргізумен қатар еңбекшілердің қалың бұқарасында Советтер идеясын жақтап барынша кең нәсихат жүргізу керек, бұл арада алға озып кетпеу керек және Советтерді қолма-қол құра бастамау керек, Советтердің тек революциялық күшті өрлеу жағдайларында ғана гүлдене алатындығын ұмытпау керек.

Оппозиция: мұны біз «бірінші болып» айттық, мұның өзі біздегі «алысты көздеу» тактиқасы деген нәрсенің дәл өзі болып табылады деуі мүмкін.

Құрметтілер, бұл дұрыс емес! Мүлде дұрыс емес. Бұл «алысты көздеу» тактикасы емес, адасу тактикасы, мәңгі асып түсу және жетпей қалу тактикасы болып табылады.

Оппозицияның 1926 жылы апрельде коммунистердің Гоминданнан дереу шығуын талап етуі — **асып түсу** тактикасы болды, өйткені коммунистердің Гоминданда қалуға тиіс екендігін кейіннен оппозицияның өзі мойындауға мәжбүр болды.

Оппозицияның қытай революциясын таможнялық автономия үшін болған революция деп жариялауы — **жетпей қалу** тактикасы болды, өйткені өз ережесінен еңбектеп қашуға кейіннен оппозицияның өзі мәжбүр болды.

Оппозицияның, аграрлық бұқара қозғалысы бар екендігін ұмытып, 1927 жылы апрельде Қытайдағы феодализм қалдықтарын асырып айтылған нәрсе деп жариялауы — **жетпей қалу** тактикасы болды, өйткені өз қатесін үн-түн жоқ мойындауға кейіннен оппозицияның өзі мәжбүр болды.

Оппозицияның 1927 жылы апрельде дереу Советтерді ұйымдастыру ұранын қоюы — **асып түсу** тактикасы болды, өйткені ол кезде өз лагерінде қайшылық бар екендігін мойындауға оппозиционерлердің өздері мәжбүр болған болатын, олардың біреуі (Троцкий) Ухан үкіметін құлатуға қарай бағыт алуды талап етіп, ал екінші біреуі (Зиновьев), мұның керісінше, нақ сол Ухан үкіметіне «барынша көмек беруді» талап еткен болатын.

Бізде адасу тактикасын, мәңгі асып түсу, жетпей қалу тактикасын қашаннан бері «алысты көздеу» тактикасы деп жарыялайтын болды?

Советтерге келетін болсақ, онда мынаны айту қажет: Қытайдағы **болашақ** ретінде тұрған Советтер туралы Коминтерн өзінің документтерінде оппозициядан көп бұрын айтқан болатын. Оппозицияның осы үсті-

міздегі жылдың жазғытұрмында қойған **күн тәртібіндегі ұран** ретіндегі, революциялық Гоминданға (Гоминдан ол кезде революцияшыл болды, өйтпесе Зиновьевтің Гоминданға «барынша **көмек беру**» туралы айғайламауына болатын еді) қарсы қойылған күш ретіндегі Советтерге келетін болсақ, онда бұл авантюра болды, даурығып алға озғандық болды, бұл 1917 жылы апрельде дәл Богдатьев жасаған авантюра мен алға озғандық сыяқты болды.

Советтер жөніндегі ұранның Қытайда **таяу уақыттың ішінде** күн тәртібіндегі ұран болуының мүмкін екендігінен оппозицияның **осы үстіміздегі жылдың жазғытұрымында** Советтер туралы ұран қоюы қауіпті және зиянды авантюра болмады деген қортынды тіпті де шықпайды.

Сондай-ақ, «бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұранды Лениннің 1917 жылы **сентябрьде** қажетті және дер кезінде болған нәрсе деп тануынан (Орталық Комитеттің көтеріліс туралы белгілі қарары)[70] бұл ұранды Богдатьевтің 1917 жылы **апрельде** қоюы зиянды және қатерлі авантюра болмады деген қортынды шықпайды.

Советтер өкіметі туралы 1917 жылы апрельде-ақ «бірінші» болып айтқанмын деп 1917 жылы сентябрьде Богдатьевтің де айтуына болатын еді. Бұдан — Богдатьевтікі дұрыс, ал 1917 жылы апрельде Богдатьевтің айтқанын авантюризм деп бағалаған Ленин-дікі теріс деген қортынды шыға ма?

Сірә, Богдатьевтің «даңқы» біздің оппозицияға ұйқы бермейтін болу керек.

Істің мәнісі тіпті де — алға озып кетіп, революция ісін бұлдіріп, «бірінші» болып айтуда емес, істің

мәнісі — **дер кезінде** айтуда, айтқанда да бұл айтылған нәрсені бұқара іліп әкетіп, **іске асатындай етіп** айтуда екенін оппозиция түсінбейді.

Фактылар осындай.

Қортынды мынау — оппозиция лениндік тактикадан кетіп отыр, оның саясаты «әсіресолшыл» авантюризм болып отыр.

«Правда» № 169.
28 июль, 1927 ж.
Қол қойған: И. Сталин

ЕСКЕРТУЛЕР

1 **Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумы** 1926 жылғы 22 ноябрьден 16 декабрьге дейін Москвада болды. Пленум мына баяндамаларды талқылады: халықаралық жағдай және Коммунистік Интернационалдың міндеттері туралы; Қытай мен ағылшын мәселелері туралы; трестендіру, рационалдандыру және кәсіпшілер одақтарындағы коммунистердің міндеттері туралы; БК(б)П-дағы партияның ішкі мәселелері туралы; герман және голланд мәселелері туралы баяндамаларды талқылады, сонымен қатар Маслов — Рут Фишердің ісін, Брандлер мен Тальгеймердің ісін, Суварининің ісін қарады. Пленумда: саяси, қытай, ағылшын, герман комиссиялары және басқа комиссиялар құрылған болатын. И. В. Сталин пленумның саяси, қытай және герман комиссияларының құрамына сайланды. Пленум И. В. Сталиннің «БК(б)П-дағы партияның ішкі мәселелері» деген баяндамасын талқылап, БК(б)П ішіндегі троцкистік-зиновьевтік оппозицияшыл одақты өз платформасында меньшевиктік позицияға тайып кеткен жікшілдердің одағы деп әшкерелеп, оның айыбын бетіне басты. Пленум Коминтерн секциясын мынаған міндеттеді: БК(б)П ішіндегі оппозицияның және өзге коммунистік партиялардағы оны жақтаушылардың Коминтерн қатары мен дүние жүзіндегі тұңғыш пролетарлық мемлекеттің жетекшісі болған лениндік партия қатарының идеялық, ұйымдық бірлігін бұзбақ-

шы болған әрекеттерінің қандайына болса да қарсы батыл күрес жүргізіп отыруға міндеттеді. Пленум БК(б)П XV конференциясының «БК(б)П-дағы оппозициялық одақ туралы» қарарын бекітіп, оны өз қарары ретінде пленум қаулыларына қосуға қаулы етті. И. В. Сталиннің «БК(б)П-дағы партияның ішкі мәселелері» деген баяндамасы және баяндама бойынша сөйлеген қортынды сөзі «Тағы да біздің партиядағы социал-демократиялық уклон туралы» деген атпен 1926 жылдың декабрінде жеке кітапша болып басылып шықты. — *1.*

[2] Социалистерге қарсы ерекше заңды Германияда 1878 жылы Бисмарк үкіметі енгізген болатын. Бұл заң социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, жұмысшылардың бұқаралық ұйымдарына және жұмысшы баспасөзіне тыйым салған болатын. Осы заң бойынша социалистік әдебиет конфискацияланып, социал-демократтар жазаланған болатын. Герман социал-демократиялық партиясы күпыя күйге көшуге мәжбүр болды. Жұмысшылардың жаппай бұқаралық қозғалысы қысымының арқасында бұл заң 1890 жылы бұзылған болатын. — *9.*

[3] «Социал-Демократ» («Der Sozialdemokrat») — күпыя газет, герман социал-демократиясының органы; 1879 жылғы сентябрьден 1890 жылғы сентябрьге дейін, алғашында Цюрихте (Швейцария), ал 1888 жылғы октябрьден бастап Лондонда шығарылып тұрды. — *9.*

[4] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Таңдамалы хаттар» 1947, 358—359-беттер. — *10.*

[5] Бұл арада РК(б)П ішіндегі өздерін «демократиялық централизм» тобы деп атаған антипартиялық топ айтылып отыр. Бұл топ соғыс коммунизмі дәуірінде құрылған болатын, оны Сапронов пен Осинский басқарды. «Демократияшыл централистер» партияның Советтердегі басшылық ролін керексіз деп тапты; өнеркәсіпте директорлардың дара басшылығы мен жеке басының жауапкершілігі болуына қарсы шықты, ұйымдық мәселелердегі лениндік жолға қарсы шықты; партия ішінде фракциялар мен жіктерге еркіндік берілуін талап етті. Партияның IX және X съездері де-

мократияшыл централистерді батыл мінеді. 1927 жылы БК(б)П-ның XV съезі «демократияшыл централистер» тобын троцкистік оппозицияның белсенді қайраткерлерімен бірге партиядан шығарған болатын. — *14.*

6 «Жұмысшы оппозициясы — РК(б)П-ішінде болған антипартиялық анархо-синдикалистік топ; бұл топты Шляпников, Медведев және басқалары басқарды. Бұл топ 1920 жылдың екінші жартысында құрылып, партияның лениндік жолына қарсы күрес жүргізді. РК(б)П-ның X съезі «жұмысшы оппозициясын» қатты мінеп, анархо-синдикалистік уклонның идеясын насихаттау коммунистік партияның қатарында болумен сыйыспайды деп тапты. Талқандалған «жұмысшы оппозициясының» қалдықтары кейіннен контрреволюциялық троцкизммен қосылып кетті де, партия мен Совет өкіметінің жаулары ретінде қыйратылды. — *14.*

7 Коммунистік Интернационалдың 1924 жылғы 17 июньнен 8 июльге дейін Москвада болып өткен Бүкіл дүниежүзілік V конгресі «ССР Одағының экономикалық жағдайы туралы және РК(б)П ішіндегі айтыс туралы» мәселені талқылап, большевиктер партиясының троцкизмге қарсы жүргізген күресінде партияны бірауыздан қолдады. Конгресс РК(б)П XIII конференциясының «Айтыстың қортындылары мен партия ішіндегі ұсақбуржуазиялық уклон туралы» қарарын, РК(б)П XIII съезі нығытқан қарарын, бекітіп, оны өзінің қарары ретінде жариялау туралы қаулы алды. — *16.*

8 БК(б)П-ның XV конференциясы 1926 жылғы 26 октябрьден 3 ноябрьге дейін болып өтті. «БК(б)П-дағы оппозициялық одақ туралы» тезистерді БК(б)П Орталық Комитеті Саяси бюросының тапсыруы бойынша И. В. Сталин жазды. Конференция 3 ноябрь күні тезистерді конференцияның қарары ретінде бірауыздан қабылдады. Дәл сол күні бұл қарарды БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы бекітті (қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 8-том, қазақша 239—260-беттер).— *18.*

9 Бас Совет — ағылшын тред-юниондары конгресінің атқарушы органы; тұңғыш рет 1921 жылы сайланған болатын. —*21.*

[10] Бұл арада РК(б)П XIV конференциясының «Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумына байланысты Коминтерн мен РК(б)П-ның міндеттері туралы» деген қарары айтылып отыр (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы қарарлары», II бөлім, 1941, 25—31-беттер). —*27*.

[11] «Социал-Демократ» — күпия газет, РСДЖП-ның Орталық Органы. 1908 жылғы февральдан бастап 1917 жылғы январьға дейін шығарылып келді, 58 номері шықты. Бірінші номері Россияда шықты, кейіннен газет шет елде шығарылатын болды, алғашында Парижде, онан кейін Женевада шығып тұрды. «Социал-Демократтың» редакциясы, РСДЖП Орталық Комитетінің қарары бойынша, большевиктердің, меньшевиктердің және поляк социал-демократтарының өкілдерінен құрылған болатын. Дәйекті большевиктік жол үшін «Социал-Демократ» редакциясының ішінде Лениннің бітіспес күрес жүргізуі меньшевиктер мен поляк социал-демократтарының өкілдерін редакцияның құрамынан кетірді. 1911 жылдың декабрь айынан бастап «Социал-Демократты» В. И. Ленин редакциялап отырды. Газетте И. В. Сталиннің бірсыпыра мақалалары басылды. В. И. Лениннің «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген мақаласы «Социал-Демократтың» 1915 жылғы 23 августағы 44-номерінде басылды (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы, XVIII том, 230—233-беттер). —*33*.

[12] **«Наше Слово»** — меньшевиктік троцкистік газет; 1915 жылғы январьдан 1916 жылғы сентябрьге дейін Парижде шығып тұрды. —*34*.

[13] Қараңыз: В. И. Ленин. «Азық-түлік салығы туралы» (Шығармалар, 3-ші басылуы, XXVI том, 317—352-беттер). —*36*

[14] Қараңыз: И. В. Сталин. «Біздің партиядағы социал-демократиялық уклон туралы» (Шығармалар, 8-том, қазақша 261—330-беттер) —*42*.

15 Бұл арада ағылшын жұмысшыларының 1926 жылы 3 майдан 12 майға дейін болып өткен жаппай ереуілі айтылып отыр. Ереуілге өнеркәсіп пен транспорттың барлық маңызды тарауларында істейтін бес миллионнан аса ұйымдасқан жұмысшылар қатысты. Ереуілдің басталып, жеңіліске ұшырау себептерін қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 8-том, қазақша 172—186-беттер. — *51.*

16 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы, XXVI том, 312-бет. — *52.*

17 Веддингшілдер — герман компартиясындағы «әсіресолшыл» топтардың бірі; бұл топ ішкі Берлиннің солтүстік-батыс округіндегі — Веддингідегі — партия ұйымында болған. «Веддингшіл оппозицияның» басшылары БК(б)П ішіндегі троцкистік-зиновьевшілдік оппозициялық одақпен ынтымақтас болды. Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумы «веддингшіл оппозицияны» батыл мінеп, оның фракциялық әрекетін толық тоқтатуын, герман компартиясынан шығарылған және оған дұшпан адамдармен барлық байланыстарын үзісіп, Герман Коммунист Партиясы мен Коминтерн қарарларына сөзсіз бағынып отыруын талап етті. — *57.*

18 **«Последние Новости»** — күнделік газет, Милюковтың контрреволюцияшыл буржуазиялық партиясының орталық органы; 1920 жылғы апрельден бастап 1940 жылғы июльге дейін Парижде шығарылып келді. — *61.*

19 Қараңыз: В. И. Ленин «Пролетариаттың кәзіргі революциядағы міндеттері туралы» (Шығармалар, 3-ші басылуы, XX том, 87—90-беттер). — *72.*

20 Солшыл Циммервальд — солшыл интернационалистер тобы; бұл топты интернационалистердің халықаралық бірінші конференциясында В. И. Ленин ұйымдастырған болатын; конференция 1915 жылы 23—26 августа (5—8 сентябрьде) Циммервальдта (Швейцария) болды. В. И. Ленин бастаған большевиктер партиясы Циммервальд солшыл тобында соғысқа қарсы бірден-бір дұрыс, ақырына дейін дәйекті ба-

ғыт ұстады. Циммервальдтің солшыл тобы туралы қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», қаз. 169-беті. — *72.*

21 Сменовехшіл — буржуазиялық саяси ағымның жақтаушысы; бұл ағым 1921 жылы орыстың буржуазиялық эмиграциясы арасында шетелде пайда болып, «Смена Вех» журналының атымен аталып кеткен. Сменовехшілдік Советтік Россияның жаңа буржуазиясы мен буржуазиялық интеллигенциясының көзқарастарының бейнеленуі болды; жаңа экономикалық саясаттың енгізілуіне байланысты бұл жаңа буржуазия мен буржуазиялық интеллигенция Совет өкіметіне қарсы ашықтан-ашық қарулы күрес жүргізуден бас тартып, совет құрылысы бірте-бірте кәдімгі буржуазиялық республикаға айналады деп сенді. Сменовехшілдердің идеологі Устрялов еді. — *77.*

22 Нечаевшілдік — заговоршылдық пен терроршылдық тактикасы; орыс анархисі — бакуниншіл С. Г. Нечаевтің атымен аталып кеткен. XIX ғасырдың 60-шы жылдарының аяқ кезінде Нечаев Россияда бұқарадан қол үзген тар өрісті заговоршыл ұйым құрды, бұл ұйымның ішінде оның мүшелерінің еркі мен ой-пікірлері мүлде жаныштанып отырды. — *89.*

23 Аракчеевшілдік — халыққа тежеусіз полицейлік деспотизм, әскери озбырлық, зорлық жүргізу тәртібі; бұл тәртіп Россияда XIX ғасырдың алғашқы ширегінде болды: реакцияшыл қайраткер граф Аракчеевтің атымен аталып кеткен.— *89.*

24 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, VIII том, 1931, 71-бет. — *96.*

25 Мұны да мынадан қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXII том, 1931, 362-бет. — *96.*

26 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік Партияның Манифесі». Қосымшалар, 1939, 75—97-беттер. — *99.*

27 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, VII том, 1930, 103-бет. — *108.*

28 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы, III том, 1—477-беттер және 4-ші басылуы, 3-том, қазақша 1—672-беттер. — *117*.

29 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы, XXI том, 365—455-беттер. — *125*.

30 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлімі, 1941, 25—31-беттер. — *137*.

31 Бұл арада ««Азық-түлік салығы туралы» кітапшаның жоспары мен конспектісі» айтылып отыр (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы XXVI том, 310—316-беттер). — *141*.

32 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлімі, 1941, 281—295-беттер. — *144*.

33 Бұл арада И. В. Сталиннің «Партия құрылысының кезекті міндеттері туралы» баяндамасы бойынша РК(б)П XIII конференциясы қабылдаған «Айтыстың қортындылары мен партия ішіндегі ұсақ буржуазиялық уклон туралы» қарар айтылып отыр (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлімі, 1941, 540—545-беттер). — *160*.

34 И. В. Сталиннің «Ленин және ленинизм туралы» деген кітабы 1924 жылы май айында жарыққа шықты. Кітапқа мына екі еңбек енгізілген болатын: «Ленин туралы. Кремль курсанттарының мәжілісінде сөйленген сөз, 28 январь, 1924 ж.» және «Ленинизм негіздері туралы. Свердлов университетінде оқылған лекциялар» (қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 6-том, қазақша 62—74, 80—209-беттер). — *168*.

35 БК(б)П Москва губерниялық XV конференциясы 1927 жылы 8—15 январьда болды. Конференция ССРО-ның халықаралық және ішкі жағдайы мәселелерін, Орталық Бақылау Комиссиясының — Жұмысшы Шаруа Инспекциясының — ке-

зекті міндеттері туралы баяндаманы, БК(б)П Москва Комитетінің есепті баяндамасын және басқа мәселелерді талқылады. И. В. Сталин 14 январь күні конференцияның кешкі мәжілісінде сөз сөйледі. Конференция БК(б)П-ның лениндік Орталық Комитетінің саясатын дұрыс деп тапты. — *171.*

36 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы, XXVII том, 255—259-беттер. — *174.*

37 «Борьба» («Күрес») — газет, 1917 жылғы май айынан бастап РСДЖ(б)П Царицын комитетінің органы ретінде, 1917 жылдың аяқ кезінен бастап Жұмысшы, солдат, шаруа және казак депутаттары Царицын Советінің органы ретінде шығып тұрды. Царицын Сталинград болып аталғаннан кейін газет Сталинград губерниялық, қалалық партия және совет ұйымдарының органы болды. «Борьба» газетінің ең соңғы 58 (4670) номері 1933 жылы 14 мартта шықты. — *187.*

38 Бұл арада РК(б)П X съезінде 1921 жылы 10 мартта И. В. Сталиннің «Партияның ұлт мәселесіндегі кезекті міндеттері туралы» жасаған баяндамасы айтылып отыр (қараңыз: Шығармалар, 5-том, қазақша 35—52-беттер). — *195.*

39 Бұл арада И. В. Сталиннің РК(б)П X съезіне арнап жазған «Партияның ұлт мәселесіндегі кезекті міндеттері туралы» деген тезистері айтылып отыр (қараңыз: Шығармалар, 5-том, 16—31-беттер). — *195.*

40 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 5-том, 36-бет. — *196.*

41 Қараңыз: И. В. Сталин, Шығармалар, 5-том, 16—17-беттер. — *196.*

42 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 7-том, 166—225-беттер. — *199.*

43 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы, XXVI том, 405-бет және XXVII том, 262-бет. — *211.*

44 Генуядағы (Италия) халықаралық экономикалық конференция 1922 жылы 10 апрельден 19 майға дейінгі арада болып

өтті. Конференцияға, бір жағынан, Англия, Франция, Италия, Жапония және басқа капиталистік мемлекеттер, екінші жағынан — Советтік Россия қатысты. Капиталистік елдердің өкілдері Совет делегациясына мынадай талаптар қойды, бұл талаптарды орындау Совет елін батысевропалық капиталдың отарына айналдырған болар еді (барлық соғыс борыштары мен соғыстан бұрынғы борыштарды төлеу талабы, шетел меншік иелеріне олардың национализацияланып жіберілген меншіктерін қайтарып беру талабы, т. с.). Совет делегациясы шетел капиталистерінің талаптарын қабыл алмады. Генуя конференциясы туралы қараңыз: В. И. Ленин Шығармалар, 3-ші басылуы, XXVII том, 168—179 және 225—227-беттер. — *211.*

45 БЛКЖО-ның Бүкілодақтық V конференциясы 1927 жылы 24—31 мартта Москвада болды. Конференция мына баяндамаларды талқылады: БЛКЖО Орталық Комитетінің жұмысы туралы, кәзіргі момент және партияның саясаты туралы, жастардың өндірістік өмірге қатысуы және БЛКЖО-ның экономикалық жұмыстағы міндеттері туралы, ауыл шаруашылығын көтеруге және деревняны кооперацияға тартуға комсомолдың қатысуы туралы баяндамаларды және басқа баяндамаларды талқылады. И. В. Сталин 29 март күні конференцияның кешкі мәжілісінде сөз сөйледі. Конференция өзінің қарарларында: лениндік комсомол ССРО-да социализм орнату жұмысында бұдан былай да партияның адал жәрдемшісі бола бермек деп партияға сенім берді. — *214.*

46 Қытайды біріктіру жолында Қытайдың солтүстіктегі соғыскұмарларына қарсы жүргізілген жеңісті ұрыстардың барысында ұлт революциялық армияның әскер бөлімдері 1927 жылы 23 мартта Нанкин қаласын алды. Империалистік державалар революцияны тұншықтыруға ұмтылып, Қытай соғысқұмарларына жәрдем беруден Қытайда ашықтан-ашық интервенция жүргізуге көшті: 24 март күні ағылшын, американ соғыс кемелері Нанкинге артиллериядан оқ атты. — *214.*

47 БК(б)П Орталық Комитетінің 1927 жылғы 24 марттағы «Өндірісті рационализациялау мәселелері» жөнінде алған

қаулысы «Правда» газетінің 1927 жылғы 25 марттағы 68-номерінде жарыяланды. — *218.*

48 Гоминдан — Қытайдағы саяси партия; мұны республика жолында және елдің ұлттық тәуелсіздік алуы жолында күрес жүргізу үшін 1912 жылы Сун Ят-сен негіздеген болатын. Қытай коммунист партиясының Гоминданға кіруі (1924 ж.) оның бұқаралық халықтық-революциялық партияға айналуына жағдай жасады. 1925—1927 жылдардағы Қытай революциясы дамуының алғашқы кезеңінде, бұл революция біріккен жалпыұлттық майданының антиимпериалистік революциясы болып тұрған кезде, Гоминдан пролетариаттың, қала мен деревня ұсақ буржуазиясының және ұлттық ірі буржуазияның бір бөлегінің жасаған одағының партиясы болды. Революцияның екінші кезеңінде, аграрлық, буржуазиялық-демократиялық революция дәуірінде, ұлт буржуазиясы контрреволюция лагеріне шығып кеткеннен кейін, Гоминдан, пролетариаттың, шаруалардың және қаланың ұсақ буржуазиясының жасасқан одағының өкілі бола отырып антиимпериалистік революциялық саясат жүргізді. Бір жағынан аграрлық революцияның етек алып өрістеуі және феодалдардың Гоминданға қысым жүргізуі, екінші жағынан, Гоминданның Қытай коммунистерімен ажырасуын талап еткен империалистердің қысымы ұсақбуржуазиялық интеллигенцияның (Гоминдандағы солшылдардың) үрейін алды, сөйтіп ұсақбуржуазиялық интеллигенция контрреволюция жағына ауып кетті. Солшыл гоминданшылдар революция жолынан кете бастаған кезде (1927 жылдың жазында), коммунистер Гоминданнан шығып, ал Гоминдан революцияға қарсы күрес орталығына айналып кетті. — *223.*

49 Қараңыз: В. И. Ленин. «Қытайдағы демократия мен халықшылдық» (Шығармалар, 3-ші басылуы, XVI том 26—31-беттер және 4-ші басылуы, 18-том, 143—149-беттер). — *224.*

50 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 7-том қазақша 313—315-беттер. — *225.*

51 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Таңдамалы шығармалардың екі томдығы», II том, 1948, 434-бет. — *233*

52 Бұл арада «солшыл» эсерлердің 1918 жылы 6—7 июльде Москвада жасаған контрреволюциялық бүлігі айтылып отыр. Бүлік бірнеше сағаттың ішінде жанышталған болатын. —*237*.

53 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы, XXV том, 266—278-беттер. —*242*.

54 Қараңыз: И. В. Сталин, Шығармалар, 7-том, қазақша 347—357-беттер. —*244*.

55 Компрадорлар — шетел капиталы мен жергілікті рынокгің арасында жүруші делдалдар; бұлар отар және тәуелді елдердегі байырғы ірі сауда буржуазиясының бір бөлегі еді. Қытайдағы компрадорлық буржуазия өзін шетел империализмінің тыңшысы және 1925—1927 жылдардағы Қытай революциясының барып тұрған жауы етіп көрсетті. — *247*.

56 Бұл арада БК(б)П Орталық Комитетінің 1927 жылы 13—16 апрельде болып өткен пленумы айтылып отыр. Пленум ССРО мен РСФСР Советтерінің съездеріне байланысты бірсыпыра мәселелерді талқылады, БК(б)П-ның XV съезін шақыру мерзімдері туралы мәселені шешті. 13 апрель күні И. В. Сталин пленумның күн тәртібі туралы мәселе жөнінде және М. И. Калининнің «ССРО мен РСФСР Советтері съездерінің мәселелері» туралы жасаған баяндамасы бойынша жарыссөзде шығып сөз сөйледі. БК(б)П Орталық Комитеті Саяси бюросының халықаралық оқыйғаларға байланысты (Қытайдағы оқыйғалар, т. б.) қабылдаған қарарлары туралы Саяси бюроның жасаған хабарын талқылап, пленум Орталық Комитет Саяси бюросының халықаралық мәселе жөніндегі саясатын дұрыс деп тауып, троцкистік-зиновьевшіл оппозицияның антипартиялық платформасын үзілді-кесілді теріске шығарды. —*255*.

57 «Деревенский Коммунист» — деревня партия активіне арналған екі апталық журнал, БК(б)П Орталық Комитетінің органы. Журнал 1924 жылғы декабрьден 1930 жылғы августке дейін шығып келді. 1927 жылғы февраль айына дейін журналдың жауапты редакторы В. М. Молотов болды. — *257*.

58 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы, XXV том, 285—290, 351—355-беттер. — *257.*

59 Бұл арада Кельндегі демократиялық қоғам айтылып отыр; бұл қоғам Германияда 1848 жылғы буржуазиялық революцияның дәуірінде туған болатын. Бұл қоғамға буржуазиялық-демократиялық элементтермен қатар жұмысшылар да кірген еді. К. Маркс Рейн облысы мен Вестфалияның демократиялық қоғамдарының округтік комитетінің құрамына сайланып, оның басшыларының бірі болды. — *269.*

60 **«Жаңа Рейн Газеті»** «Neue Rheinische Zeitung» 1848 жылғы 1 июньнен бастап 1849 жылғы 19 майға дейін Кельнде шығарылып тұрды. Газеттің басқарушылары К. Маркс пен Ф. Энгельс болды, оның бас редакторы — К. Маркс болды. «Жаңа Рейн Газеті» туралы қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, I бөлімі, 1937, 165—173-беттер. — *269.*

61 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 7-том, қазақша 156-беті. — *273.*

62 Бұл арада Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумының Қытайдағы жағдай туралы мәселе жөнінде 1926 жылы 16 декабрьде қабылданған қарары айтылып отыр. Пленумның қарарын мына кітаптан қараңыз: «Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген жетінші пленумының тезистері мен қарары», М.—Л., 1927—*274.*

63 «Қызыл найзалылар» — Қытай деревнясындағы халықтың өзін-өзі қорғайтын, помещиктер мен соғысқұмарлардың езгісіне қарсы күрес жүргізген қарулы отрядтар. 1925—1927 жылдардағы Қытай революциясының дәуірінде «қызыл найзалылар» мен сол сияқты шаруа ұйымдары («сары найзалылар», «қара найзалылар», «үлкен қанжарлар», «ашыққандар» ұйымдары, т. б.) Қытайдың тәуелсіздігі жолында жүргізілген күресте ұлттық-революцияшыл армияға едәуір көмек көрсетіп отырды. — *291.*

64 **«Новая Жизнь»** («Жаңа Тұрмыс») — меньшевиктік газет, 1917 жылғы апрельден бастап 1918 жылғы июльге дейін Петроградта шығып тұрды. —*304*.

65 Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің VIII пленумы 1927 жылы 18—30 майда Москвада болып өтті. Пленум Коминтерннің соғыс пен соғыс қаупіне қарсы күрестегі міндеттерін, Англия компартиясының міндеттерін, Қытай революциясының мәселелерін, тағы басқа мәселелерді талқылады. И. В. Сталин 24 май күні пленумның оныншы мәжілісінде «Қытай революциясы және Коминтерннің міндеттері» жөнінде сөз сөйледі. Пленум халықаралық жағдайға баға берді, соғыс қаупіне қарсы күресудің программасын белгілеп берді және Англияның ССРО-мен дипломатия, сауда қарым-қатнастарын үзісуіне байланысты, «Бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары мен шаруаларына. Барлық езілген халықтарға. Солдаттар мен матростарға» арналған үндеу қабылдады. Антипартиялық троцкистік-зиновьевшіл одақтың басшылары ССРО-ның халықаралық жағдайының шиеленісуімен пайдаланып, пленумда сөйлеген сөздерінде Коминтерн мен БК(б)П-ның басшылығына жала жапты. Пленум айырықша қаулы алып, бұл қаулыда оппозиция басшыларының жікшілдік қылығын қатты мінен, бұдан былайғы жерде фракциялық күрес жүргізетін болса, олардың Коминтерн Атқару Комитетінен шығарылатындығын оларға қатты ескертті. — *313*.

66 Бұл арада Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің 1927 жылғы 14 апрельдегі «Бүкіл дүние жүзінің пролетарлары мен шаруаларына. Барлық езілген халықтарға» арналған үндеуі айтылып отыр. Үндеу «Правда» газетінің 1927 жылғы 15 апрельдегі 85-номерінде жарыяланды. — *316*.

67 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935, 105—124-беттер. —*341*.

68 Қараңыз: И. В. Сталин. «Шығыс халықтары Университетінің саяси міндеттері туралы». Шығармалар, 7-том, 142—161-беттер. —*347*.

69 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы, XX том, 224—225-беттер. —*388*.

70 В. И. Ленин астыртын күйде жұмыс істеп жүрген кезінде 1917 жылғы сентябрьде жазған мақалаларында және Орталық Комитет пен большевиктік ұйымдарға жазған хаттарында қарулы көтеріліс ұйымдастырудың тікелей міндеті ретінде «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін» деген ұранды көтерді (қараңыз: Шығармалар, 3-ші басылуы, XXI том, 137—148, 193—199-беттер). В. И. Лениннің хаттарын 15 сентябрьде партияның Орталық Комитетінің мәжілісінде талқылаған кезде И. В. Сталин бұл документтерді жойып жіберуді талап еткен капитулянт Каменевке батыл соққы беріп, В. И. Лениннің хаттарын талқылау үшін бұл хаттарды неғұрлым ірі партия ұйымдарына жіберу жөнінде ұсыныс жасады. 1917 жылғы 10 октябрьде В. И. Лениннің, И. В. Сталиннің, Я. М. Свердловтың, Ф. Э. Дзержинскийдің, М. С Урицкийдің қатысуымен большевиктер партиясы Орталық Комитетінің тарихи мәжілісі болды, бұл мәжілісте қарулы көтеріліс туралы В. И. Ленин жазған қарар қабылданды (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы, XXI том, 330-бет). — *401*.

ӨМІРБАЯН ХРОНИКАСЫ

(декадрь 1926—июль 1927)

1926

22 ноябрь — 16 декабрь. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің (КИАК) кеңейтілген VII пленумының жұмыстарына қатысады.

2 декабрь. И. В. Сталин КИАК-тың кеңейтілген VII пленумының мәжілісінде пленумның герман Комиссиясының мүшесі болып сайланады.

4 декабрь. И. В. Сталин Индия коммунистік партиясының өкілдерімен әңгімелеседі.

7 декабрь. И. В. Сталин КИАК-тың кеңейтілген VII пленумының мәжілісінде БК(б)П-дағы партияның ішкі мәселелері туралы баяндама жасайды.

13 декабрь. И. В. Сталин КИАК-тың кеңейтілген VII пленумының мәжілісінде БК(б)П-дағы партияның ішкі мәселелері туралы баяндама бойынша қортынды сөз сөйлейді.

17 декабрь. И. В. Сталин Болгария коммунист партиясының өкілдері Димитровпен, Коларовпен және басқаларымен әңгімелеседі.

18 декабрь. И. В. Сталин Коминтерн Атқару Комитетінің мәжілісінде КИАК Президиумының мүшесі болып сайланады.

22 декабрь. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумының жұмысына қатысқан БК(б)П және Герман коммунист партиясы делегацияларының басқосқан мәжілісінде Германиядағы «әсіресолшылдарға» қарсы күресу мәселесін талқылауға қатысты.

23 декабрь. Москвадағы Краснопреснен ауданының VII партия конференциясы И. В. Сталинді БК(б)П Москва губерниялық XV конференциясының бірінші делегаты етіп сайлайды.

24 декабрь. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумының жұмысына қатысқан БК(б)П және АҚШ коммунист партиясы делегациялары өкілдерінің басқосқан мәжілісінде АҚШ коммунист партиясындағы жағдай туралы сөз сөйлейді.

И. В. Сталиннің «Тағы да біздің партиядағы социал-демократиялық уклон туралы» деген кітапшасы — Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумында жасаған баяндамасы мен баяндама бойынша қортынды сөзі — басылып шықты.

29 декабрь. И. В. Сталин Москвадағы арматур заводы жұмысшыларының делегациясымен әңгімелеседі.

30 декабрь. И. В. Сталин Ксенофонтовқа хат жазады.

1927

7 январь. И. В. Сталин Жетісу облысы Юрьевка селосы шаруаларының делегатымен жер мәселесі жөнінде әңгімелеседі.

8 январь. И. В. Сталин Москвадағы Сокольничий ауданы жұмысшыларының делегациясымен әңгімелеседі.

14 январь. И. В. Сталин Москва губерниялық XV партия конференциясының мәжілісінде сөз сөйлейді.

И. В. Сталин Польша коммунист партиясының өкілдерімен әңгімелеседі.

21 январь. И. В. Сталин Москвадағы Үлкен театрда болған, В. И. Лениннің қайтыс болуының үш жылға толуына арналған қайғылы мәжіліске қатысады.

28 январь. И. В. Сталин Зайцев жолдасқа хат жазады.

29 январь. Ленинград губерниялық XXIV партия конференциясы И. В. Сталинді БК(б)П Ленинград губерниялық комитетінің мүшесі етіп сайлайды.

7—12 февраль. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысын басқарады.

22 февраль. И. В. Сталин Лена қырғынына он бес жыл толуына байланысты Лена алтын кендерінің жұмысшыларына хат жазады.

И. В. Сталин сталинградтың «Борьба» газетінің он жылға толу мерекесіне байланысты оған құттықтау жазады.

23 февраль. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті Президиумының француз комиссиясының мәжілісінде Франция компартиясының тактика мәселелері жөнінде сөз сөйлейді.

И. В. Сталин Москвадағы Үлкен театрда болған, Қызыл Армияның тоғыз жылға толуына арналған салтанатты мәжіліске қатысады.

25 февраль. И. В. Сталин тоқыма өнеркәсібі жұмысшыларының БК(б)П Орталық Комитеті шақырған кеңесінде большевиктік басшылықтың әдістері туралы және Совет Одағы тоқыма өнеркәсібін бұдан былай да өркендете берудің жолдары туралы сөз сөйлейді.

28 февраль. И. В. Сталин Октябрь жолының Сталин темір-жол мастерскойлары жұмысшыларының делегациясымен әңгімелеседі.

1 март. И. В. Сталин Октябрь жолының Сталин темір-жол мастерскойлары жұмысшыларының жыйналысында сөз сөйлейді.

Октябрь жолының Сталин теміржол мастерскойлары жұмысшыларының жыйналысында И. В. Сталин Москва Советінің депутаты болып сайланады.

7 март. И. В. Сталин Цветков пен Алыпов жолдастарға хат жазады.

9 март. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті Президиумының француз комиссиясының мәжілісінде сөз сөйлейді.

15 март. И. В. Сталиннің «Жұмысшы-шаруа үкіметі туралы мәселе жөнінде. Дмитриевке жауап» деген мақаласы «Большевик» журналының 1927 жылғы 6-номерінде жарияланды.

20 март. И. В. Сталин Шинкевичке хат жазады.

29 март. И. В. Сталин Москвада БЛКЖО-ның Бүкілодақтық V конференциясында сөз сөйлейді.

2 апрель. Советтердің Москва губерниялық VIII съезі И. В. Сталинді Советтердің Бүкілроссиялық XIII съезіне делегат етіп сайлайды.

5 апрель. И. В. Сталин Москва партия ұйымы активінің жыйналысында Қытай революциясының сыйпаты мен болашақтары туралы сөз сөйлейді.

8 апрель. Советтердің Ленинград губерниялық XVI съезі И. В. Сталинді Советтердің Бүкілроссиялық XIII съезіне делегат етіп сайлайды.

9 апрель. И. В. Сталин Чугуновқа хат жазады.

10—16 апрель. И. В. Сталин Советтердің Бүкілроссиялық XIII съезінің жұмысына қатысады.

13 — 16 апрель. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысын басқарады.

13 апрель. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының мәжілісінде пленумның күн тәртібі туралы мәселе жөнінде және М. И. Калининнің «ССРО мен РСФСР Советтері съездерінің мәселелері» туралы жасаған баяндамасы бойынша жарыс сөзде шығып сөз сөйлейді.

15 апрель. И. В. Сталиннің «Шаруа мәселесі жөнінде партияның негізгі үш ұраны туралы. Ян—скийге жауап» деген мақаласы «Большевик» журналында жарияланды, № 7—8, 1927 ж.

16 апрель. Советтердің Бүкілроссиялық XIII съезі И. В. Сталинді Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі етіп сайлайды.

18 — 26 апрель. И. В. Сталин ССРО Советтерінің IV съезінің жұмысына қатысады.

19 — 20 апрель. И. В. Сталин насихатшыларға арнап «Қытай революциясының мәселелері» деген тезистерді жазады. БК(б)П Орталық Комитеті ұнатқан тезистер «Правда» газетінде жарияланды. № 90, 21 апрель, 1927 ж.

26 апрель. ССР Одағы Советтерінің IV съезі И. В. Сталинді ССР Одағы Орталық Атқару Комитетінің мүшесі етіп сайлайды.

1 май. И. В. Сталин Қызыл алаңдағы Москва гарнизоны әскерлерінің бірінші май парады мен астана еңбекшілерінің демонстрациясында болады.

5 май. «Правда» газеті он бес жылға толған күні И. В. Сталиннің оған жазған құттықтауы «Правда» газетінің 99-номерінде жарияланды.

9 май. И. В. Сталин «Қытай революциясының мәселелері жөнінде. Марчулин жолдасқа жауап» деген мақаланы жазады. Мақала «Деревенский Коммунист» журналында жарияланды, № 10, 15 май, 1927 ж.

13 май. И. В. Сталин Қытай революциясының мәселелері жөнінде Сун Ят-сеннің атындағы Университеттің студенттерімен әңгімелеседі.

20 май. И. В. Сталин «Октябрьді дайындау дәуіріндегі пролетариат пен аса кедей шаруалардың диктатурасы деген ұран туралы. С. Покровскийге жауап» деген мақаланы жазады. Мақала бірінші рет 1928 жылы: И. Сталин. Ленинизм мәселелері, деген кітапта жарияланды.

24 май. И. В. Сталин Коминтерн Атқару Комитетінің VIII пленумының мәжілісінде «Қытайдағы революция және Коминтерннің міндеттері» жөнінде сөз сөйлейді.

30 май. И. В. Сталин Шығыс еңбекшілері Коммунистік университетінің төртінші кезегін бітіріп шыққан студенттеріне құттықтау жазады.

23 июнь. И. В. Сталин С. Покровскийге жауап жазады.

24 — 27 июль. И. В. Сталин «Қәзіргі тақырыптарға арналған мақалалар» деген мақаланы жазады. Мақала «Правда» газетінде жарияланды, № 169, 28 июль, 1927 ж.

МАЗМҰНЫ

Беті

Алғысөз VII

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН VII ПЛЕНУМЫ *22 ноябрь — 16 декабрь, 1926 ж.* 1

Тағы да біздің партиядағы социал-демократиялық уклон туралы. *7 декабрьде жасалған баяндама* 3—167

I. Алдын ала ескертулер 3

1. Партияның ішкі дамуындағы қайшылықтар . . . —

2 Партия ішіндегі қайшылықтардың шығатын жерлері 10

II. БК(б)П ішіндегі оппозицияның өзгешеліктері 13

III. БК(б)П ішіндегі алауыздықтар 22

1. Социалистік құрылыс мәселелері 23

2. «Тыныс» факторлары 28

3. Революцияның «ұлттық» және интернационалдық міндеттерінің бірлігі мен бөлінбестігі 30

4. Социализм орнату туралы мәселенің тарихы жөнінде. 32

5. ССРО-да социализм орнату туралы мәселенің кәзіргі кезеңде ерекше зор маңыз алуы. 39

6. Революцияның перспективалары туралы 43

7. Іс жүзінде мәселе қалай қойылып отыр 45

8. Жеңу мүмкіндіктері туралы 48

9. Практикалық-саяси алауыздықтар 50

IV. Оппозицияның әрекеті 53
V. Пролетариат диктатурасының жаулары оппозицияны не үшін мақтап отыр 58
VI. Оппозициялық одақтың жеңілуі 63
VII. БК(б)П XV конференциясының практикалық мағнасы мен маңызы 67
Қортынды сөз *13 декабрь*. . . . . 69—167
I. Жеке пікірлер 69
1. Бізге өтіріктер мен өсектер емес, фактылар керек . —
2. Пролетариат диктатурасының жаулары оппозицияны не үшін мақтап отыр 77
3. Қатенің де қатесі бар 82
4. Пролетариат диктатурасы Зиновьевше қандай . . 87
5. Троцкийдің сәуегейлік сөздері 92
6. Зиновьев Маркстен, Энгельстен, Лениннен цитаталар келтіруші мектеп шәкірті ретінде 95
7. Ревизионизм Зиновьевше қандай 106
II. Жеке капиталистік елдерде социализмнің жеңуі туралы мәселе 111
1. Империализм дәуірінде жеке елдердегі пролетарлық революциялардың алғышарттары . . . . . —
2. Зиновьев Ленинның пікірін қалай «өңдеп отыр» . . 123
III. ССР Одағында социализм құрылысы туралы мәселе 128
1. Оппозицияның «маневрлері» және Ленин партиясының «ұлтшылдық-реформизмі» . . . . . —
2. Біз ССР Одағында социализмнің экономикалық базасын орнатып жатырмыз және орната аламыз . . 139
3. Біз дүниежүзілік пролетариатпен одақтаса отырып, социализм орнатып жатырмыз 153
4. Азғындау туралы мәселе 158
IV. Оппозиция және партияның бірлігі туралы мәселе 159
V. Қортынды 165
КСЕНОФОНТОВҚА ХАТ 168
МОСКВА ГУБЕРНИЯЛЫҚ XV ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ *14 январь, 1927 ж* 171
ЗАЙЦЕВ ЖОЛДАСҚА ХАТ 180
ЛЕНА ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА 185

СТАЛИНГРАДТЫҢ «БОРЬБА» ГАЗЕТІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ . . . 187

ОКТЯБРЬ ЖОЛЫНЫҢ СТАЛИН АТЫНДАҒЫ ТЕМІР ЖОЛ МАСТЕРСКОЙЛАРЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЖЫЙНАЛЫСЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 1 март, 1927 ж. *(қысқаша баяндау)*. 188

ЦВЕТКОВ ПЕН АЛЫПОВ ЖОЛДАСТАРҒА ХАТ 195

ЖҰМЫСШЫ-ШАРУА ҮКІМЕТІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ *Дмитриевке жауап* 198

ШИНКЕВИЧКЕ ХАТ 211

БЛКЖО-НЫҢ БҮКІЛОДАҚТЫҚ V КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ *29 март, 1927 ж.* 214

ЧУГУНОВҚА ХАТ 224

ПАРТИЯНЫҢ ШАРУА МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ҮШ ҰРАНЫ ТУРАЛЫ. *Ян — скийге жауап* 227

ҚЫТАЙ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ. *Насихатшыларға арналған, БК(б)П Орталық Комитеті ұнатқан тезистер* . . . . . 245—255

I. Қытай революциясының перспективалары. . 245

II. Қытай революциясының бірінші кезеңі . . . 247

III. Қытай революциясының екінші кезеңі . . . 250

IV. Оппозицияның қателері 252

«ПРАВДА» ГАЗЕТІНЕ *(15 жылдық мерекесі күніне)* 256

ҚЫТАЙ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ. *Марчулин жолдасқа жауап* 257

СУН ЯТ-СЕН АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТТІҢ СТУДЕНТТЕРІМЕН ӘҢГІМЕ *13 май, 1927 ж.* 265

ОКТЯБРЬДІ ДАЙЫНДАУ ДӘУІРІНДЕГІ ПРОЛЕТАРИАТ ПЕН АСА КЕДЕЙ ШАРУАЛАРДЫҢ ДИКТАТУРАСЫ ДЕГЕН ҰРАН ТУРАЛЫ. *С. Покровскийге жауап* 298

ҚЫТАЙДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ КОМИНТЕРННІҢ МІНДЕТТЕРІ. *Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті VIII пленумының X мәжілісінде сөйленген сөз 24 май 1927 ж.* . . . . . 313 - 346

I. Кейбір ұсақ мәселелер 313

II. Аграрлық-шаруалық революция—буржуазиялық-демократиялық революцияның негізі . 316

III. Коммунистерді қырғынға ұшыратып жатқан Нанкиндегі оңшылдар Гоминданы және коммунистермен одақты қолдап отырған Ухандағы солшылдар Гоминданы . . . 326
IV. Қытайда жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін құру туралы 329
V. Екі бағыт 341
ШЫҒЫС ЕҢБЕКШІЛЕРІ КОММУНИСТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ 347
С. ПОКРОВСКИЙГЕ ЖАУАП 349
ҚАЗІРГІ ТАҚЫРЫПТАРҒА АРНАЛҒАН МАҚАЛАЛАР . . . . 357—402
I. Соғыс қаупы туралы 357
II. Қытай туралы 367
Ескертулер 403
Өмірбаян хроникасы (декабрь 1926 — июль 1927) 417

Тираж 38 тысяч экз.
Сдано в набор 17/IX — 1951 г.
Подписано к печати
14/XI — 21/XII 1951 г.
Бум. 82 × 110 1/32 = 6,875 б. л. — 22,55 п. л.
Зак. № 889.
Цена 6 руб.

✲

Гостипография № 2
Управления по делам полиграфической промышленности, издательств и книжной торговли при Совете Министров КазССР.

АЛМА-АТА